Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

УДК 316.3 (574) (043)

Қолжазба ретінде

ТЛЕНЧИЕВА ШЫРЫН МУРАТКЫЗЫ

Қазақстандағы бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшемі (қалалық және ауылдық елді мекендер мысалында)

8D03101 – Әлеуметтану

Философия ғылымдарының докторы дәрежесіне диссертация (PhD)

Ғылыми кеңесшілер:
Әлеуметтану ғылымдарының
докторы, профессор
Джаманбалаева Ш.Е.

Ruut Veenhoven, PhD, professor,
Erasmus University Rotterdam,
EHERO, Netherlands

Белянин Алексей Владимирович,
PhD, Professor
ҰЗУ ЖЭМ аға ғылыми қызметкері,
Мәскеу, Ресей Федерациясы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР
АНЫҚТАМАЛАР
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КІРІСПЕ 5

1 «БАҚЫТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРДАН ПӘНАРАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРҒА ДЕЙІН 19
1.1 «Бақыт» ұғымы жөніндегі философиялық және әлеуметтік түсініктердің ретроспективасы: генезисі мен дамуы 19
1.2 «Бақыт» ұғымы туралы ұжымдық және академиялық түсініктер: пәнаралық және мәдениетаралық контекст 24
1.3 Субъективті әл-ауқатты когнитивтік және аффективтік аспектілер тұрғыдан анықтау 30
2 ӘЛЕУМЕТТАНУ ИДЕЯЛАРЫНДАҒЫ «БАҚЫТ» ҰҒЫМЫ: ПАРАДИГМАЛАР МЕН КОНЦЕПЦИЯЛАР 32
2.1 «Бақыт» ұғымын әлеуметтану тұрғысынан зерделеу: позитивизмнен қақтығыс теориясына дейін 32
2.2 Жекеден жаһандыққа дейін: XXI ғасыр әлеуметтануындағы бақыт ұғымын талдаудың теориялық тәсілдері 40
3 ЗАМАНУИ ҒЫЛЫМИ ДИСКУРСТЕГІ БАҚЫТ: УНИВЕРСАЛДЫ КОНЦЕПЦИЯЛАР, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮРДІСТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПЕРСПЕКТИВА 49
3.1 Бақыт жөніндегі ғылыми пікірталас: библиометриялық талдау 49
3.2 Бақытты прогресс өлшемі ретінде қарастыру: мемлекеттік тәсілдер мен индекстік әдістер 58
3.3 Бақыттың өмір сапасының өзге қырларынан айырмашылығы 66
3.3.1 Қоршаған ортаның өмір сүруге қолайлығы
3.3.2 Адамның өмір сүру қабілеті
3.3.3 Өмір құндылығы мен пайдалығын сезіну
3.3.4 Өмірге қанағаттану
3.4 Субъективті әл-ауқаттың мәдени және әлеуметтік негіздері: универсалдық және адаптивтік теорияларды тоғыстыру 74
3.4.1 Объективті жағдайлардағы өзгерістерге бейімделу механизмі
3.4.2 Бақытты қабылдаудағы салыстырмалы стандарттардың рөлі
3.4.3 Әлеуметтік байланыстар теориясы: бақыт үшін әлеуметтік қатынастардың маңызы
3.4.4 Мәдени теориялар: бақытқа ұжымшылдық пен дәстүрлердің ықпалы
3.5 Бақыт жөніндегі жаһандық зерттеу кеңістігіндегі Қазақстан 79
4 БАҚЫТТЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ НЕГІЗДЕЛУІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ 85

4.1 Субъективті әл-ауқаттың объективті және субъективті детерминанттары 85
4.2 Қазақстандағы бақытты кешенді өлшеу үшін субъективті өзін-өзі бағалау мен объективті көрсеткіштерді үйлестіру 86
4.3 Бақытты өлшеу әдістемесі: құралдар, мәселелер және шектеулер 87
4.4 Қазақстандағы бақытты зерттеудің құралы ретінде Бақыт жөніндегі әлемдік деректер қоры (World Database of Happiness) 89
4.5 Қазақстандағы бақыт детерминанттарын зерттеу үшін корреляциялық және регрессиялық талдауды қолдану 90
5 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАҚЫТ ДЕҢГЕЙІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНТЕКСТ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ 92
5.1 Қазақстандағы орташа бақыт деңгейі (2000–2019 жылдары) 92
5.2 Қазақстандағы бақыттың құрамдас бөліктері мен корреляттары 97
5.3 Қазақстан мен посткеңестік елдердегі бақыт деңгейі: макроәлеуметтік және макроэкономикалық көрсеткіштер тұрғысынан талдау 102
5.3.1 Посткеңестік кеңістіктегі бақыттың макроәлеуметтік-экономикалық детерминанттары
5.3.2 Бақытты бағалауда мәдени және ұлттық ерекшеліктердің рөлі
5.3.3 Құндылықтар жүйесі мен дүниетанымның бақыт деңгейіне ықпалы
5.3.4 Қазақстан халқының бақытының басқа елдермен салыстырмалы талдауы
6 ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ БАҚЫТЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУЫ 111
6.1 Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер және бақыт деңгейі 111
6.1.1 Бөлімге түсіндірме
6.1.2 Зерттеу әдіснамасы
6.1.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы
6.1.4 Бөлімге тұжырымдама
6.2 Қазақстандық қоғамдағы бақытты қабылдаудың аймақтық ерекшеліктері 117
6.2.1 Бөлімге түсіндірме
6.2.2 Зерттеу әдіснамасы
6.2.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы
6.2.4 Бөлімге тұжырымдама
6.3 Қазақстан халқының бақытының детерминанттары құрылымындағы әлеуметтік жағдай мен материалдық қамтамасыз етілу 125
6.3.1 Бөлімге түсіндірме
6.3.2 Зерттеу әдіснамасы
6.3.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы
6.3.4 Бөлімге тұжырымдама

6.4 Қазақстан халқының бақытты қабылдауының мәдени негіздері 134
6.4.1 Бөлімге түсіндірме
6.4.2 Зерттеу әдіснамасы
6.4.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы
6.4.4 Бөлімге тұжырымдама
6.5 Тұлғаның ішкі ұстанымдары және тұлға аралық қарым-қатынастар қазақстандықтардың бақыт ресурсы ретінде 142
6.5.1 Бөлімге түсіндірме
6.5.2 Зерттеу әдіснамасы
6.5.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы
6.5.4 Бөлімге тұжырымдама
6.6 Әлеуметтік капитал мен сенім Қазақстан халқы субъективті әл-ауқатының өлшемдері ретінде 147
6.6.1 Бөлімге түсіндірме
6.6.2 Зерттеу әдіснамасы
6.6.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы
6.6.4 Бөлімге тұжырымдама
6.7 Діни бірегейліктің бақыт пен әл-ауқатты қабылдаумен байланысы: қазақстандық контекст 155
6.7.1 Бөлімге түсіндірме
6.7.2 Зерттеу әдіснамасы
6.7.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы
6.7.4 Бөлімге тұжырымдама
6.8 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚЫТ МОДЕЛІ: ФАКТОРЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 164

ҚОРЫТЫНДЫ 177
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 182
ҚОСЫМША А 203
ҚОСЫМША Б 207
ҚОСЫМША В 209
ҚОСЫМША С 211
ҚОСЫМША Д 213
ҚОСЫМША Е 215

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу Қазақстан халқының субъективті әл-ауқатын кешенді әлеуметтанулық тұрғыдан талдауға, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі бақыт деңгейінің динамикасын және қазақстандықтардың бақытты қабылдауын айқындайтын негізгі факторларды зерттеуге арналған. Автор әртүрлі детерминанттар топтарын (әлеуметтік-экономикалық, мәдени-құндылықтық, институционалдық және әлеуметтік-демографиялық) жүйелеп, оларды эмпирикалық тұрғыда тексерді, олардың құрылымдық және өңірлік ерекшеліктерін, сондай-ақ тұрғылықты мекені бойынша (қала, ауыл) айырмашылықтарын анықтады. Зерттеудің эмпирикалық негізін халықаралық және ұлттық репрезентативтік деректер массивтері құрап, олар корреляциялық, факторлық, регрессиялық және кластерлік талдау әдістері арқылы өңделді. Алынған нәтижелер субъективті бақытты түсінудің теориялық тәсілдерін нақтылауға және дамытуға, сондай-ақ Қазақстан халқының өмірге қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған тәжірибелік ұсынымдарды өңірлік ерекшеліктер мен қоныстық айырмашылықтарды ескере отырып тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. Қазіргі кезеңде шетелдік те, қазақстандық та әлеуметтік ғылымдарда халықтың субъективті әл-ауқатын зерттеуге деген қызығушылық едәуір артып келеді. Соңғы онжылдықтарда әлемдік әлеуметтану мен әлеуметтік саясатта халықтың әл-ауқатын тек табыс деңгейі, ЖІӨ және материалдық жағдай сияқты объективті экономикалық көрсеткіштер арқылы бағалаудан адамдардың өмір сапасының субъективті қырларын, яғни бақыт деңгейін және өз өміріне қанағаттану сезімін ескеруге көшу үрдісі айқын байқалады. Субъективті әл-ауқатты зерттеу халықаралық әлеуметтік және ғылыми бастамаларға бірігіп, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD), БҰҰ және Дүниежүзілік банк сияқты беделді халықаралық ұйымдардың басымдықтарын бөлісіп отырған Қазақстан Республикасы үшін де маңызды міндетке айналды. Ұлттық деңгейде субъективті әл-ауқатты зерделеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басымдықтарымен тікелей байланысты. Бұл басымдықтар ұлттық даму стратегияларында және ел Президентінің жыл сайынғы жолдауларында айқын көрініс табады, онда халықтың өмір сапасын арттырудың, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің және азаматтардың қанағаттану деңгейін жоғарылатудың маңыздылығы ерекше атап өтіледі.

Сонымен қатар, ұлттық және әлемдік басымдықтардың бар екеніне қарамастан, отандық әлеуметтануда зерттеу бағытында қарастырылмаған тұстардың бар екендігі байқалады: субъективті бақытты қабылдауға әсер ететін әртүрлі факторлар топтарын (экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, мәдени және аумақтық) кешенді және жүйелі түрде қамтитын,

әсіресе аймақтық және тұрғылықты мекені тарапынан қарастыратын еңбектер жеткіліксіз.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі Қазақстанның тарихи ерекшелігімен де айқындалады. Соңғы онжылдықтарда ел ауқымды экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер кезеңін бастан өткерді. Бұл үдерістер белсенді урбанизациямен, халықтың өмір салтының өзгеруімен, отбасылық және мәдени құндылықтардың трансформациясымен, сондай-ақ әлеуметтік институттарға және тұлғааралық қатынастарға деген сенім деңгейінің өзгеруімен қатар жүріп келеді. Аталған трансформациялар субъективті бақыт пен әл-ауқат деңгейін зерттеуге жаңа алғышарттар қалыптастырып, осы үдерістерді эмпирикалық тұрғыда талдаудың өзектілігі мен уақтылылығын айқындайды.

Соңында, диссертацияның өзектілігі оның тәжірибелік маңыздылығымен де айқындалады. Қоғам мен экономиканың қарқынды өзгерістері жағдайында субъективті әл-ауқат факторларының құрылымы мен ерекшелігін сипаттау үшін алынған нәтижелер негізделген әлеуметтік саясатты әзірлеу мен басқарушылық шешімдер қабылдау үшін маңызды база бола алады. Отбасылық құндылықтар, сенім деңгейі, дінге сенім және өмір сүру жағдайларына қанағаттану дәрежесі сияқты негізгі әлеуметтік және мәдени факторларды айқындау халықтың өмір сапасы мен қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған, қалалық және ауылдық аумақтардың ерекшеліктерін, сондай-ақ өңірлік айырмашылықтарды ескеретін тиімді әрі сараланған бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Осы айтылғандарды ескере отырып, диссертациялық зерттеу қолда бар ғылыми олқылықтың орнын толтыруға, қазақстандықтардың бақыт деңгейін зерттеуде ғылыми тұрғыдан негізделген және тәжірибеге бағытталған тәсілді қамтамасыз етуге бағытталған.

Тақырыптың зерттелу деңгейі (әдебиеттерге шолу). Бақыт туралы әлеуметтік түсініктердің эволюциясын қарастыру олардың дамуы мәдени, философиялық, діни және ғылыми өзгерістердің ықпалымен түрленіп отырғанын көрсетеді.

Субъективті әл-ауқатты зерттеу когнитивтік және аффективтік модельдерден бастап әлеуметтік және мәдени детерминанттарға дейінгі кең ауқымды қамтиды, бұл аталған құбылысты талдауда интегративтік тәсілді қолдануды қажет етеді. Е. Диенердің пікірінше, субъективті әл-ауқат екі негізгі аспектіні қамтиды: когнитивтік – өмірді рационалды бағалау және аффективтік – күнделікті тәжірибені эмоционалды қабылдау [1].

Субъективті әл-ауқаттың когнитивтік аспектісі индивидтің өз өмірін жалпы бағалауымен сипатталады. Бұл бағалау адамның ағымдағы жағдайын өзінің жеке стандарттары мен күтулерімен салыстыруына негізделеді. Veenhoven когнитивтік субъективті әл-ауқатты «өмірге қанағаттану деңгейі» ретінде анықтап, оны адамның өз өмірін талдау нәтижесінде сезінетін қанағат сезімі деп түсіндіреді [2]. Мысалы, адам өз табыс деңгейін, денсаулығын, әлеуметтік қатынастарын және осы факторлардың өз үміттеріне сәйкестігін

бағалауы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, когнитивтік субъективті әл-ауқат салыстырмалы түрде тұрақты көрсеткіш болып табылады, себебі ол адамның терең сенімдері мен ұзақ мерзімді мақсаттарына негізделеді. Дегенмен, «отбасылық жағдайдың немесе кәсіби мәртебенің өзгеруі сияқты сыртқы оқиғалар өмірге қанағаттану деңгейіне уақытша әсер етуі мүмкін» [1, с. 445]

Субъективті әл-ауқаттың аффективтік аспектісі индивидтің күнделікті өмірінде сезінетін жағымды және жағымсыз эмоцияларды қамтиды. «Қуаныш, қанағаттану және шабыт сияқты жағымды эмоциялар жалпы әл-ауқат деңгейін арттырса, ал алаңдаушылық немесе мұң сияқты жағымсыз эмоциялар оны төмендетеді» [3, с. 51] Эмпирикалық зерттеулер аффективтік субъективті әл-ауқаттың когнитивтікке қарағанда өзгеріске бейім екенін көрсетеді. Мысалы, адамның көңіл күйі жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін, ал өмірге жалпы баға салыстырмалы түрде тұрақты болып қалады [4] Бұл аспект субъективті әл-ауқаттың қалыптасуында күнделікті эмоционалдық тәжірибенің маңыздылығын айқындайды.

Субъективті әл-ауқаттың қалыптасына ықпал ететін құрылымдарды қарастырған жұмыстарға тоқталатын болсақ, П. Оберой, Ш. Чопра, Ю. Сет сияқты шетелдік ғалымдар Бақыт индексіне әсер ететін факторларды зерттеді [5], Г. Гянджер, К. Гянджер еңбектерінде COVID-19 пандемиясынан кейін бақытқа әсер ететін факторларды талдайтын салыстырмалы зерттеу жүргізілді [6], В.Р Лопез-Руис, Н. Уэте-Алькосер, Х.Л Альфаро-Наварро, Д. Невадо-Пенья өз еңбектерінде бақыт пен өмір сапасы арасындағы байланысты испан қоғамының үлгісі бойынша зерттесе [7], Сеул мысалында жеке және әлеуметтік бағдарланған бақытқа әсер ететін факторлар туралы Мирух Чон, Минхён Шин және Сеун Джонг Ли [8] зерттеулерінен көруге болады,

Nguyen, Phuc Van and Nguyen, Phong Thanh and Huynh, Vy Dang Bich and Nguyen, Quyen Le Hoang Thuy To Вьетнам халқының бақытына әсер ететін ең маңызды факторларды анықтау үшін концептуалды модель жасауға бағытталған зерттеулер жүргізді [9]

Somayeh Koohborfardhaghighi, Christopher R. Summers, Almas Heshmati, Jörn Altmann зерттеулері бақыт, әдетте, белгілі бір елдердегі жалпы қарым-қатынастар аясындағы тұлғааралық байланыстар мен адамдардың тәжірибесімен тығыз байланысты екенін анықтады [10]

Әлеуметтік қатынастар мен құрылымдардың елдер халқының бақыты мен бақытсыздығына әсері Max Haller мен Markus Hadler [11] еңбектерінде қарастырылып, жеке қарым-қатынастар бақытқа жақсы әсер етеді деген қорытындыға келді.

Е. Диенер еңбектері болса, адамның менталды денсаулығының субъективті әл-ауқатқа әсер еткені туралы зерттеу нәтижелерін береді [12].

Сондай-ақ, посткеңестік кеңістікте бақытқа әсер ететін факторларды анықтау бойынша ғылыми зерттеулер барынша белсенді жүргізілуде. Д.Г. Ягафарова ғалымдардың зерттеулері диссертациялық зерттеулер ретінде ұсынылған[13] .

Қазақстандық зерттеушілер өмірді бағалауда субъективті факторлар призмасы арқылы қарастырылатын өмір сапасын эмпирикалық зерттеулерді жүргізуде біршама тәжірибе жинақтады. Елімізде өмірге қанағаттану, жеке бақыт, субъективті әл-ауқат, өмір деңгейі мен сапасын субъективті қабылдау, әлеуметтік әл-ауқат және жеке адамның әлеуметтік көңіл-күйі мәселелері бойынша зерттеулер дамып келеді. Бұл зерттеулерде бұл ұғымдар адамның бағалау және эмоционалдық реакциялары, әлеуметтік өмірдің жайлылық дәрежесі, әлеуметтік игіліктердің жеткіліктілігі туралы эмоционалды және рационалды қабылдауы ретінде түсінілетін жеке сана элементтерін белгілеу үшін жиі метафора ретінде, сондай-ақ өмірлік стратегияны жүзеге асырудың нәтижесі ретінде қолданылады [14]

Арнайы зерттеулер субъективті әл-ауқат параметрлері мен этникалық мәдениет пен дәстүрге деген қатынастың арақатынасын зерттеуге арналған [15]

2000 жылдардың басынан бастап шетелдік ғалымдардың қазақстандықтардың бақытын зерттеуге деген қызығушылығы арта түсті [16]. Зерттеу деректері Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстанда жалпы өмірге қанағаттану деңгейі төмендегенімен, 2000 жылдан бастап экономиканың жандануымен бірге өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Бірқатар зерттеулерде Қазақстандағы бақыт ТМД елдері мен Еуразия кеңістігіндегі әлеуметтік әл-ауқат көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы контекстінде қарастырылады, оның нәтижелері бойынша Қазақстанға осындай елдер кластерінде бақыттың жоғары деңгейінде орын берілген [17]

Сонымен қатар, өңірлердегі өмір сүру сапасын зерттеуге А. Бейсебаева [18], Е. Будешов [19], және Жетписова Ш.Х. [20] жұмыстары бағытталған

Ал, Мұқаев А.Н., Доскеева Г.Ж. өз жұмыстарында еліміздің аймақтарында халықтың тұрмыс деңгейі сапасының айырмашылығы үлкен арақатынасты көрсететіндігін атап өтеді және бұл мәселе ары қарай тереңірек зерттеуді қажет ететіндігін көрсетті [21].

Жаңа еңбектерде, атап айтқанда А. Кенжакимова, Г. Омарованың зерттеулерінде макроәлеуметтік және институционалдық факторларға басымдық берілген [22]. Авторлар 2017–2021 жылдардағы бақыт индексінің корреляциялық талдауы негізінде Қазақстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің салыстырмалы түрде жоғары болуына қарамастан, қабылданатын жемқорлық деңгейінің жоғарылығы және демократия көрсеткіштерінің төмендігі субъективті әл-ауқатқа кедергі болатынын атап өтеді.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы бақыт мәселесіне қатысты әдебиеттер философиялық-теориялық тұжырымдардан бастап әлеуметтанулық және психологиялық эмпирикалық зерттеулерге дейінгі кең ауқымды қамтиды. Бұл жағдай ел халқының бақыт деңгейін әлеуметтанулық тұрғыдан кешенді талдауға мықты негіз қалайды.

Қорытындылай келе, әдебиеттерге шолу бақытты көпөлшемді құбылыс ретінде сипаттайды. Ол жеке тұлғаның субъективті қанағаттануы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік институттардың тиімділігінің көрсеткіші. Қазақстан

жағдайында халықаралық тәжірибені ұлттық ерекшеліктермен байланыстыра отырып зерттеу аса маңызды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты: Қазақстан Республикасы халқының субъективті әл-ауқатының құрылымын және оның негізгі жеке, әлеуметтік-экономикалық, институционалдық және мәдени-құндылықтық детерминанттарын халықаралық және ұлттық дереккөздер мен репрезентативті сауалнамалардың эмпирикалық мәліметтері негізінде салыстырмалы талдау арқылы анықтау және әлеуметтанулық тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ олардың қала мен ауылдық жерлердегі көрініс ерекшеліктері мен бақыт пен өмірге қанағаттануды қабылдаудағы өңірлік айырмашылықтарды айқындау.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты келесі **міндеттерді** *шешу арқылы қарастырылады:*

1. Субъективті әл-ауқатты зерттеудің негізгі теориялық-әдіснамалық тәсілдерін талдап, бақыт пен өмірге қанағаттану деңгейін өлшеуге арналған негізгі тұжырымдамаларды, компоненттерді және қолдануға болатын әдістемелерді анықтау.
2. Халықаралық деректер мен ұлттық мәліметтерге салыстырмалы талдау жүргізу негізінде Қазақстандағы субъективті әл-ауқаттың ерекшеліктері мен өзіндік сипаттарын анықтау, сондай-ақ елдің посткеңестік мемлекеттер арасындағы орнын айқындау.
3. Қазақстандықтардың субъективті әл-ауқаты деңгейінің әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштермен өзара байланысын сипаттап, анықталған тәуелділіктердің тұрақтылығын бағалау және субъективті әл-ауқат деңгейіне материалдық жағдайды, өмір сүру жағдайларын және әлеуметтік мәртебені субъективті бағалаудың әсер ету дәрежесі мен сипатын анықтап, олардың ықпалын объективті экономикалық көрсеткіштермен салыстыру.
4. Қазақстан халқының субъективті әл-ауқатына мәдени-құндылықтық факторлардың (отбасылық құндылықтар, дінге сенім, этникалық өзін-өзі сәйкестендіру, әлеуметтік күтулер мен бағдарлар) әсерін зерттеп, олардың экономикалық факторлармен салыстырғандағы үлесін анықтау.
5. Субъективті әл-ауқаттың қалыптасуында әлеуметтік капиталдың (тұлғааралық және институционалдық сенім, әлеуметтік қолдау және әлеуметтік байланыстардың сапасы) рөлін зерделеу және оның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және демографиялық детерминанттары арасындағы өзара байланыстарды анықтау үшін корреляциялық талдау жүргізу.
6. Субъективті әл-ауқаттың құрылымын анықтап, Қазақстанның қалалық және ауылдық халқы арасындағы айырмашылықтарды сипаттайтын негізгі факторларды айқындау үшін факторлық талдау жүргізу.
7. Қазақстан халқының субъективті әл-ауқатының өңірлік ерекшеліктерін анықтап, халықтың бақыт деңгейі мен өмір сапасын арттыруға бағытталған сараланған әлеуметтік саясат бойынша ұсыныстарды негіздеу.

Зерттеу нысаны: Қазақстан Республикасы халқының субъективті әл-ауқаты.

Зерттеу пәні: Қазақстандықтардың субъективті әл-ауқатының әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және социо-мәдени детерминанттары мен аймақтық ерекшеліктері, сондай-ақ оның қала және ауыл халқы арасындағы қабылдануындағы айырмашылықтар.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты, міндеттері мен пәнінен туындайтын **зерттеу сұрақтары:**

- Қазақстан халқының субъективті бақыт деңгейін айқындайтын негізгі әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және социомәдени факторлар қандай және олардың маңыздылық дәрежесі қандай?
- Қазақстан халқының бақыт деңгейі тәуелсіздік алғаннан кейін қалай өзгерді және субъективті бақыттың динамикасы мен ерекшеліктері тұрғысынан елдің посткеңестік мемлекеттер арасындағы орны қандай?
- Тұрғылықты мекені (қалалық немесе ауылдық) мен аймақтық айырмашылықтар қазақстандықтардың субъективті әл-ауқатының құрылымы мен факторларына қалай және қай деңгейде әсер етеді?
- Қазақстандықтардың бақыт деңгейі үшін материалдық жағдайды, өмір сүру шарттарын және әлеуметтік мәртебені субъективті бағалауы объективті экономикалық көрсеткіштермен (табысы, өмір сүру деңгейі, экономикалық теңсіздік) салыстырғанда қаншалықты маңызды?
- Отбасылық құндылықтар, діни және этникалық тұрғыда өзін-өзі айқындауы, әлеуметтік күтулер мен бағдарлар сияқты мәдени және құндылықтық факторлар қазақстандықтардың субъективті әл-ауқатына қалай әсер етеді?
- Әлеуметтік капиталдың (адамдарға және институттарға деген сенім, әлеуметтік қолдау және әлеуметтік байланыстар сапасы) қазақстандықтардың субъективті әл-ауқатының қалыптасуындағы рөлі қандай?
- Қазақстандағы субъективті әл-ауқаттың қандай аймақтық ерекшеліктерін айқындауға болады?
- Қалалық және ауылдық айырмашылықтар мен өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан халқының бақыт деңгейін арттыру үшін қандай нақты тәжірибелік ұсыныстар әзірлеуге болады?

Зерттеу болжамдары

1. Қазақстан халқының субъективті әл-ауқаты өзара байланысты әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени-құндылықтық факторлардың кешені арқылы қалыптасады, сонымен қатар бұл факторлардың құрылымы мен маңыздылық дәрежесі қалалық және ауылдық тұрғындар арасында ерекшеленіп, аймақтық сипатқа ие.
2. Қазақстан халқының субъективті әл-ауқаты деңгейі тәуелсіздік алғаннан кейін оң динамикамен сипатталады және басқа посткеңестік елдермен салыстырғанда тұрақты көрсеткіштерді сақтап келеді, сонымен бірге әлеуметтік және мәдени факторлар қазақстандықтардың бақыт деңгейіне экономикалық көрсеткіштерге қарағанда көбірек ықпал етеді.

3. Діни және этникалық өзін-өзі сәйкестендіру қазақстандықтардың субъективті әл-ауқаты деңгейіне тікелей статистикалық тұрғыдан маңызды әсер етпейді, олардың ықпалы көбіне мәдени-құндылықтық және әлеуметтік факторлар арқылы жанама түрде көрінеді.

4. Қазақстанның қалалық және ауылдық халқының субъективті әл-ауқатын айқындайтын факторлардың құрылымы өмір сүрудің материалдық жағдайлары, әлеуметтік капитал, мәдени-құндылықтық факторлар мен әлеуметтік-статустық күтулердің басымдықтары бойынша ерекшеленеді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі. Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін субъективті әл-ауқатты зерттеудің іргелі тәсілдерімен қатар қазіргі эмпирикалық тұжырымдамалар мен әдістемелер құрайды. Зерттеудің әлеуметтанулық негізі Эмиль Дюркгеймнің классикалық теориясына, әсіресе оның әлеуметтік интеграция мен нормативтік реттеуді зерттеу тәсіліне сүйенеді. Дюркгейм идеялары бақыттың әлеуметтік табиғатын, тұлғааралық байланыстардың, сенім мен әлеуметтік қолдаудың маңыздылығын ашу және олардың қазақстандық қоғамдағы субъективті әл-ауқат деңгейін айқындайтын факторлар ретіндегі рөлін түсіндіру үшін қолданылды.

Қосымша әлеуметтанулық негіз ретінде Роберт Патнэмнің әлеуметтік капитал теориясы пайдаланылды. Бұл теорияға сәйкес, тұлғааралық байланыстар, сенім және өзара көмек нормалары субъективті әл-ауқатқа елеулі үлес қосады. Аталған қағидалар қазақстандықтардың субъективті бақытының қалыптасуындағы әлеуметтік сенім мен қолдаудың рөлін талдау үшін қолданылды.

Мәдени-құндылықтық тәсіл Г. Хофстеде жүргізген салыстырмалы зерттеулермен ұсынылған. Бұл зерттеулер қазақстандықтардың бақытты қабылдауына мәдени ерекшеліктердің, дәстүрлердің және әлеуметтік күтулердің ықпалын талдау тұрғысынан ерекше маңызды.

Зерттеудің негізгі эмпирикалық және әдістемелік негіздерін Эд Динер мен Руут Винховеннің субъективті әл-ауқат туралы қазіргі тұжырымдамалары құрайды. Динердің субъективті әл-ауқатты когнитивті-аффективті құбылыс ретінде (өмірге қанағаттану, жағымды және жағымсыз эмоциялар) қарастыру тәсілі және Винховеннің төрт өлшемді кешенді бақыт моделі (өмірдің объективті және субъективті жағдайлары мен оны қабылдау) талдаудың теориялық-әдіснамалық тұтастығын қамтамасыз етіп, тиісті зерттеу құралдарын таңдауға негіз болды.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық аппараты Қазақстан халқы арасында репрезентативті іріктемеге негізделген әлеуметтанулық сауалнаманы, сондай-ақ корреляциялық, факторлық және регрессиялық талдау әдістерін қамтиды. Бұл әдістер қазақстандықтардың субъективті әл-ауқаты деңгейі мен әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, социо-мәдени және институционалдық детерминанттар арасындағы байланыстарды кешенді түрде айқындауға және эмпирикалық тұрғыда тексеруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің эмпирикалық негізін Дүниежүзілік құндылықтар зерттеуі (World Values Survey), Gallup World Poll сауалнамасы, Бақыт жөніндегі дүниежүзілік деректер базасы (World Database of Happiness) сияқты халықаралық деректер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің (Ұлттық статистика бюросы) ұлттық дереккөздері құрады.

Мұндай деректерді пайдалану алынған нәтижелердің валидтілігі мен репрезентативтілігін қамтамасыз етіп, халықаралық және өңірлік салыстырмалы талдау жүргізуге, сондай-ақ қазақстандықтардың субъективті әл-ауқатының ұлттық және аумақтық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Ұсынылған теориялық және әдіснамалық негіз диссертациялық зерттеудің қойылған міндеттерін толық әрі жан-жақты ашуға мүмкіндік береді, қазіргі ғылыми стандарттарға сай келеді және қала мен ауыл халқы арасындағы айырмашылықтарды, өңірлік ерекшеліктер мен социо-мәдени контексті ескере отырып, Қазақстандағы субъективті әл-ауқатты эмпирикалық тұрғыда талдауға қажетті әдістемелік құралдарды қамтамасыз етеді.

Зерттеудің эмпирикалық негізі. Диссертацияның эмпирикалық бөлігі беделді халықаралық дереккөздер мен репрезентативті ұлттық сауалнамалардың үйлесіміне негізделген.

Халықаралық деректер массивтері: Зерттеу барысында Дүниежүзілік құндылықтар зерттеуінің (World Values Survey), Gallup World Poll сауалнамасының және Бақыт жөніндегі дүниежүзілік деректер базасының (World Database of Happiness) мәліметтері пайдаланылды. Соңғы дерекқорда 2006–2020 жылдар аралығында Қазақстандағы бақыт тақырыбы бойынша 18 ғылыми жарияланымның библиографиясы, елдегі орташа бақыт деңгейін сипаттайтын 69 көрсеткіш және 480 корреляциялық нәтиже қамтылған. Бұл деректер халықаралық контекстте салыстырмалы-тарихи және корреляциялық талдау жүргізу үшін ауқымды негіз береді.

Аталған халықаралық дереккөздер Қазақстандағы субъективті әл-ауқат деңгейі мен құрылымын халықаралық және посткеңестік үрдістермен (елдер арасындағы салыстырмалы контекст) салыстыруға мүмкіндік берді.

Диссертациялық жұмыста пайдаланылған негізгі ұлттық эмпирикалық дереккөздер:

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне қарасты Ұлттық статистика бюросының «Халықтың өмір сапасы» атты сауалнамасының бастапқы статистикалық деректері (2017–2023 жж., N = 11 951). Бұл деректер динамиканы және өңірлік стратификацияны бағалау үшін пайдаланылды;

№BR10965263 ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыру аясында 2021–2023 жылдары жүзеге асқан «Қазақстан қоғамының әлеуметтік жаңғыруы: идеялық-дүниетанымдық негіздер, тұжырымдамалық үлгілер, әлеуметтік-мәдени үдерістер, әлеуметтік-саяси технологиялар» атты жобасы (N = 1 500);

2021–2023 жылдар аралығында жүзеге асырылған «Қазақстандағы дінтану үдерістері: ерекшеліктері, үрдістері және қоғам мен адам капиталының дамуына әсері (пәнаралық талдау)» атты гранттық қаржыландыру аясындағы жоба (N = 1 500);

2024–2026 жылдарға арналған «Жас ғалым» байқауы бойынша №AP22686408 «Қазақстан халқының бақытына әсер ететін факторлардың аймақтық тұрғыдан салыстырмалы талдауы» атты жобасы (N = 500).

Аталған тақырыптық сауалнамалардың эмпирикалық деректері құндылықтық, діни және социо-мәдени детерминанттардың әсерін іріктемелік қосалқы топтар деңгейінде талдау үшін қолданылды.

Автордың жеке үлесі:

Автор тақырыптық сауалнамалардың тұжырымдамалық негізін қалыптастыруға тікелей қатысып, оларды диссертациялық зерттеудің міндеттерімен сәйкестендірді; сұрақтар құрылымын, блоктардың ретін және өлшеу шкалаларын (субъективті әл-ауқат шкалалары, әлеуметтік капитал, діни тәжірибе және құндылықтық бағдарлар индикаторлары) әзірледі.

Автор деректерді келесі әдістерді қолдана отырып өз бетінше талдады:

- негізгі айнымалылардың үлестірімдері мен іріктемелер сипаттамасын көрсету үшін сипаттамалық статистикалық талдау және кестелеу;
- субъективті әл-ауқат пен детерминанттар жиынтығы арасындағы өзара байланыстарды бастапқы бағалау үшін корреляциялық талдау;
- субъективті әл-ауқаттың латенттік құрылымдарын және құндылықтық бағдарлар жүйесін анықтау үшін факторлық талдау;
- бақыт деңгейіне факторлардың әсер ету бағыты мен күшін бағалау үшін реттік регрессиялық модельдер.

Сонымен қатар, автор эмпирикалық нәтижелердің интерпретациясын зерттеудің теориялық негіздері мен бар ғылыми әдебиеттерді ескере отырып тұжырымдады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы келесі тұстарда көрініс табады:

- Қазақстандағы субъективті әл-ауқат деңгейіндегі негізгі үрдістерді анықтау, елдің салыстырмалы мемлекеттер арасындағы орнын талдау және интерпретацияны контекстілендіру мақсатында халықаралық деректер базалары (World Database of Happiness, World Values Survey, Gallup World Poll) жүйелі түрде зерттелді. Бұл тәсіл Қазақстанның жаһандық «бақыт картасындағы» орнын айқындап, ұлттық динамиканың әлемдік үрдістер аясындағы ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берді. Субъективті әл-ауқаттың ұзақ мерзімді динамикасын және оның өңірлік стратификациясын бағалау үшін ауқымды ұлттық деректер массивтеріне кешенді талдау жүргізілді. Нәтижесінде, ел аймақтары арасындағы өмірге қанағаттану деңгейіндегі тұрақты айырмашылықтар мен кеңістіктік заңдылықтар анықталды.
- Факторлық талдау әдісі негізінде Қазақстанның қалалық және ауылдық халқы арасындағы субъективті әл-ауқат детерминанттарының құрылымдық

айырмашылықтары нақтыланды. Зерттеу нәтижесінде қалалық ортада мәдени және құндылықтық бағдарлар маңыздырақ рөл атқарса, ауылдық ортада әлеуметтік-экономикалық және тұлғааралық факторлардың ықпалы басым екені дәлелденді. Экономикалық факторлардың субъективті әл-ауқатқа әсері адамның өз материалдық жағдайы мен өмір сүру шарттарын субъективті бағалауы арқылы жанама түрде жүзеге асатыны эмпирикалық тұрғыда негізделді. Бұл қорытынды субъективті әл-ауқатты анықтайтын классикалық модельдерді нақтылап, әлеуметтік-экономикалық шындықты қабылдаудың психологиялық қырларын айқындайды.

- Регрессиялық талдау көмегімен қазақстандықтардың субъективті әл-ауқатындағы вариацияларды түсіндірудегі әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлардың салыстырмалы үлесі айқындалды. Бұл түрлі детерминанттардың ықпалын сандық тұрғыда бағалауға және субъективті әл-ауқаттың құрылымын түсіндіретін эмпирикалық модель жасауға мүмкіндік берді. Кластерлік талдау негізінде субъективті әл-ауқаттың өңірлік бейіндері (профильдері) анықталып, эмпирикалық тұрғыда дәлелденді. Осы нәтижелер өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктерін ескеретін аймақтық сараланған әлеуметтік саясат қалыптастыруға ғылыми негіз береді.

- Қазақстан контекстін ескере отырып, зерттеу құрылымдары (әлеуметтік мәртебені бағалау, мәдени құндылықтар, күтулердегі өзгерістер, әлеуметтік байланыстар сапасы, әлеуметтік күтулер мен оптимизм нормасын қабылдау) операционализацияланып, валидтелді. Бұл қазақстандық қоғамның ерекшеліктеріне сәйкес келетін субъективті әл-ауқатты өлшеудің сенімді және жарамды құралдарын әзірлеуге мүмкіндік берді.

Қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің маңызды нәтижелері:

1. Талдау нәтижелері көрсеткендей, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Қазақстан халқының бақыт деңгейі оң динамикамен сипатталып, посткеңестік елдер қатарында салыстырмалы түрде тұрақты позицияны сақтап отыр. Бұл ретте әлеуметтік-мәдени факторлар (әсіресе отбасылық бағдарлар мен құндылықтар) субъективті әл-ауқаттағы вариацияларға жекелеген макроэкономикалық көрсеткіштерге қарағанда едәуір күшті ықпал етеді.

2. Өмір сүру жағдайларын, материалдық жағдайды және әлеуметтік мойындауды субъективті бағалау бақыт деңгейімен неғұрлым тұрақты және күшті байланыс көрсетеді, ал табыстың объективті деңгейінің әсері, негізінен, осы субъективті бағалар арқылы жанама түрде байқалады. Субъективті әл-ауқат пен тұлғааралық сенім мен әлеуметтік қолдау арасында оң байланыс орнатылған; институционалдық сеніммен байланыс статистикалық тұрғыда мәнді болғанымен, әлсіз.

3. Діни өзін-өзі сәйкестендіру деңгейі бақытпен рухани өмірге қанағаттану және әлеуметтік байланыстар арқылы жанама түрде корреляцияланады. Этникалық тиістілік бұл тәуелділіктің модераторы ретінде көрінеді (орта есеппен алғанда, қазақ мұсылмандардың көрсеткіштері кейбір өзге этникалық топтармен салыстырғанда жоғарырақ). Діни тиістілік пен

конфессиялық айырмашылықтар субъективті әл-ауқатқа статистикалық тұрғыда мәнді ықпал етсе де, негізгі детерминант болып табылмайды. Сонымен қатар, этникалық тиістілік бұл тәуелділікті өзгертеді: орташа есеппен қазақ мұсылмандар орыстар-православтар және өзге кейбір этникалық топтармен салыстырғанда субъективті әл-ауқаттың неғұрлым жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл мәдени-конфессиялық контексттің бақытты қабылдаудағы рөлін айқындайды.

4. Бақыт пен позитивті эмоцияларды көрсетуге қатысты әлеуметтік күтулерді субъективті қабылдау, сондай-ақ отбасылық бірлік пен әлеуметтік қолдау субъективті әл-ауқатқа жас, жыныс сияқты әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар мен табыстың объективті деңгейінен гөрі көбірек ықпал етеді. Бұл ретте қалалық тұрғындар үшін негізгі фактор – айналасындағыларға позитивті көңіл күйді көрсетуге бағытталған әлеуметтік қысым мен күтулер болса, отбасылық қолдау мен тұлғааралық байланыстар жеке, бірақ салыстырмалы түрде әлсізірек фактор ретінде көрінеді. Керісінше, ауыл тұрғындары үшін басты фактор – отбасылық қолдау, жақын қатынастар және дәстүрлерге беріктік болып табылады, ал позитивті эмоцияларды сыртқа көрсетуге қатысты әлеуметтік қысым екінші деңгейде қалады.

5. Қазақстан халқының субъективті әл-ауқаты ең алдымен үш тұрақты факторға байланысты: денсаулыққа қанағаттану деңгейі, бос уақыттың болуы және үй шаруашылығының әлеуметтік маңызы бар рәсімдерді қарызсыз өткізе алу мүмкіндігі. Сонымен қатар, тұратын орта белгілі бір детерминанттардың әсерін күшейтеді: ауылдық жерлерде денсаулық негізгі рөл атқарса, қалалық жерде бос уақыттың маңызы артады, ал демографиялық сипаттамалар өмірге қанағаттану деңгейіне елеулі ықпал етпейді.

6. Кластерлік талдау субъективті әл-ауқаттың тұрақты аймақтық бейіндерін айқындады. Олар материалдық жағдайға қанағаттану, әлеуметтік мәртебені қабылдау, әлеуметтік байланыстар сапасы және отбасылық құндылықтардың маңыздылығы сияқты компоненттердің айқындылық дәрежесі бойынша ерекшеленеді. Бұл аймақтық айырмашылықтар ұсыныстар мен әлеуметтік саясатты әзірлеу кезінде аумақтық ерекшеліктерді ескерудің қажеттілігін көрсетеді.

Теориялық және практикалық маңыздылығы. Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы қазіргі қазақстандық қоғам контексінде субъективті әл-ауқат туралы әлеуметтанулық білімді кешенді түрде кеңейту мен нақтылаудан көрінеді. Алынған нәтижелер субъективті бақытты зерттеудің қолданыстағы теориялық және әдіснамалық тәсілдерін толықтыра отырып, терең экономикалық, әлеуметтік және мәдени трансформацияларды бастан кешіп жатқан өтпелі посткеңестік қоғамдарға бейімделген жаңа түсініктер ұсынады.

Зерттеу барысында әлеуметтік капитал теориясы мен бақытты мәдени-құндылықтық тұрғыдан зерттеу тәсілдерінің концептуалдық қағидалары нақтыланып, эмпирикалық тұрғыда тексерілді. Диссертация бақыт пен

субъективті әл-ауқат әлеуметтануының дамуына үлес қосып, бақыт факторларының құрылымын нақтылайды және әлеуметтік күтулер, тұлғааралық сенім мен отбасылық құндылықтар сияқты айнымалыларды өңірлік және қоныстық ерекшеліктерді ескере отырып, операционализациялаудың ғылыми негізін ұсынады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы оның нәтижелерін Қазақстан халқының өмір сапасы мен өмірге қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген әлеуметтік саясатты әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Қалалық және ауылдық тұрғындардың бақытты қабылдауындағы және оны қалыптастыру шарттарындағы айырмашылықтар жөніндегі алынған деректер әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруда сараланған тәсілді қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, қалалық аймақтарда әлеуметтік күтулер мен кәсіби өзін-өзі іске асыру факторларын ескеру маңызды болса, ауылдық жерлерде басты назарды отбасылық қолдауды дамыту мен материалдық-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға аудару қажет.

Отбасылық құндылықтар, діни және этникалық өзін-өзі сәйкестендіру, тұлғааралық сенім рөлдері туралы эмпирикалық негізделген қорытындылар әлеуметтік бірлікті және тұлғааралық байланыстарды нығайтуға бағытталған әлеуметтік-мәдени бастамалар мен бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Диссертация материалдары бақыт және субъективті әл-ауқат әлеуметтануы, әлеуметтік саясат сияқты оқу курстарын дайындау барысында, сондай-ақ әлеуметтік қорғау органдары мен қоғамдық басқару саласының мамандарын кәсіби даярлау процесінде пайдаланылуы мүмкін.

Осылайша, диссертациялық зерттеу теориялық білім мен әдістемелік тәсілдерді байытып, Қазақстанда және ұқсас әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы басқа елдерде субъективті әл-ауқатты әрі қарай зерттеу үшін ғылыми негіз қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және жариялау

Web of Science және Scopus деректер базасындағы журналдардағы жарияланымдар:

1. Jamanbalayeva, S., Burova, E., & Tlenchiyeva, S. (2024). The Impact of Religious Self-Identification on Happiness and Well-Being: A Case Study of Kazakhstan. Changing Societies & Personalities, 8(3), 592–610. https://doi.org/10.15826/csp.2024.8.3.290 (Процентиль 57, Q4).
2. Jamanbalayeva, S. and Tlenchiyeva, S. (2024) «Happiness in Kazakhstan», Int. J. Happiness and Development, Vol. 8, No. 4, pp.376–393. https://doi.org/10.1504/ijhd.2023.10061101 (Q3).

ҚР БҒМ ҒКК ұсынған журналдардағы мақалалар:

1. Джаманбалаева Ш.Е., Сағиқызы А., Тленчиева Ш.М., Счастье в парадигме модернизации общества: концептуализация, методы измерения и

опыт использования международных баз данных (на каз.). // Адам әлемі. – 2024. – № 1 (99). –Б. 33-49. https://doi.org/10.48010/aa.v99i1.512

2. Джаманбалаева Ш.Е., Тленчиева Ш.М., Молдагалиева А.Е. Субъективное благополучие и отношение к Интернету среди подростков Казахстана (на каз.). «Қоғам және дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы. №4 (84) /2024, 102-114 бб. https://doi.org/10.52536/2788-5860.2024.84.4.009

3. Джаманбалаева Ш.Е., Тленчиева Ш.М., Мұқаев Д.Т., Балықбаева А.Ш., Молдагалиева А.Е., Динамика субъективного благополучия в Казахстане: социально-демографические особенности (на каз.). «Education. Quality Assurance» журналы. №4 /2024, 56-67 бб. DOI 10.58319/26170493_2024_4_77

4. Джаманбалаева Ш.Е., Тленчиева Ш.М. Социальная модернизация Казахстана и динамика уровня счастья населения (на каз.) // Вестник КазНУ, Серия психологии и социологии. №2 (81). 2022, 165-175 беттер. DOI: https://doi.org/10.26577/JPsS.2022.v81.i2.016.

Ғылыми монографияларда жарық көрген мақалалар:

1. Джаманбалаева Ш., Тленчиева Ш. Религиозность и счастье в Казахстане: опыт социологического анализа // Религиолизация в Казахстане: тренды и перспективы. Коллективная монография / Бурова Е.Е., Джаманбалаева Ш.Е. и др., – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, 2023. – 348 с. ISBN – 978-601-304-132-2. http://iph.kz/izdaniya/knigi/111/2108/ С. 146-162.

2. Джаманбалаева Ш.Е., Тленчиева Ш.М., Динамика счастья в модернизированном Казахстане: опыт сравнительного анализа (на каз.) // Қазақстандағы әлеуметтік жаңару: идеядан шындыққа. Ұжымдық монография. – Социальная модернизация в Казахстане: от идеи к реальности. Коллективная монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2023. – 367 б. ISBN – 978-601-304-130-8 http://iph.kz/izdaniya/knigi/111/2112/ С.301-318

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған басылымдар тізімі:

1. Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасындағы Қазақстан көрінісі // Модернизацияның посткеңестік әлеуметтік-саяси модельдері: 30-жылдық тәжірибе. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары бойынша мақалалар жинағы. – Қарағанды: ЖК Марченко Идилия баспасы, 2021. – 250 б.

2. Бақыт және мұң: гендерлік және тұрғылықты мекені бойынша айырмашылықтар. Философияның өзекті мәселелері: өткені, бүгіні және болашағы = Актуальные проблемы философии: прошлое, настоящее и будущее = Actual Problems of Philosophy: Past, Present and Future: Көрнекті қазақстандық ғалым және философ Т.Ы. Әбжановтың туғанына 90 жыл толуына арналған Халық. ғыл.-тәжір. конф. материалдары (10 қазан 2025 ж). Акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ун-ті ; [ұйымд. комитеті: Н.О.

Дулатбеков т.б.]. — Қарағанды: Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2025. — 224 б.

Жұмыстың көлемі мен құрылымы. Диссертацияның құрылымы қойылған мақсат пен негізгі міндеттерден туындайтын зерттеу логикасына сәйкес анықталған. Жұмыс кіріспеден, 6 тараудан (26 бөлімнен тұратын), қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1«БАҚЫТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРДАН ПӘНАРАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРҒА ДЕЙІН

1.1 «Бақыт» ұғымы жөніндегі философиялық және әлеуметтік түсініктердің ретроспективасы: генезисі мен дамуы

Бақыт туралы әлеуметтік түсініктердің эволюциясын талдау мәдени, философиялық, діни және ғылыми өзгерістердің ықпалымен олардың даму бағыты үздіксіз өзгеріп отырғанын көрсетеді. Ежелгі Грекияда бақыт материалдық әл-ауқат немесе табыс ретінде емес, ақыл-ойдың дұрыс күйі, заттарға парасатты көзқарас, өзін-өзі толық қабылдау және тілек-ниеттердің ұстамдылығы ретінде түсіндірілген [23, с. 120–122]. Ал Г. Стрикердің айтуынша, эллинистік дәуірде философиялық жүйенің пайдалы болуының негізгі көрсеткіші оның зерттеушілерін бақыт жолына бағыттай алу қабілеті болды [24, с. 97–110]. Антикалық философиялық жүйеде бақыт өмірдің маңызды мақсаты ретінде қабылданды. Платон бақыт туралы ерекше түсінік қалыптастырып, оны «әдемі өмір» идеясымен байланыстырады. Платонның айтуынша, бақыт тек адам ізгілікпен және ақылмен үйлесімде өмір сүргенде ғана мүмкін болады. Ол жанның әр бөлігі өз қызметін дұрыс атқарғанда ғана, яғни ақыл басқарып, рух қолдап, ал құмарлық пен тілек оған бағынғанда ғана бақытқа жетуге болатынын атап өтеді. Платон бақыт байлық және билік сияқты сыртқы игіліктермен емес, жанның ішкі күйімен байланысты деп санады. **Ол, сондай-ақ, шынайы бақыт Игілік идеясын танып-білген адамдарға ғана қолжетімді деп санаған. Платон «Игілік – барлық нәрсенің бастауы әрі ең жоғарғы құндылық. Бақыт – ізгілікті түсіну және соған сай өмір сүру»,** – деп түйіндеген [25, с. 123]. Сондай-ақ, Платон бақытқа жету жолында қоғамдық құрылым маңызды рөл атқарады деп есептейді. Ол идеал мемлекет моделін (үлгісін) ұсынды. Ол әрбір адам өзінің қабілетіне сәйкес қызмет атқаратын мінсіз мемлекеттің үлгісін ұсынды. Мұндай құрылым жеке адамның да, тұтас қоғамның да үйлесімділігі мен бақытына ықпал етеді. Дегенмен, Платонның пікірінше, шынайы бақытқа тек философиялық ойлау қабілеті бар және ақиқатты тануға ұмтылатын адамдар ғана жете алады.

Бақыт теориясының алғаш негізін қалаушылардың бірі – Аристотель. Ол бақытты (эвдемония) адам өмірінің жоғарғы мақсаты және ізгі өмір сүру арқылы жүзеге асатын игілік ретінде таныды. Оның ілімі негізінде бақыт адам өмірінің түпкі мақсаты және ақыл мен эмоция арасындағы үйлесімділікке жету және адамның әлеуетін тыныту арқылы өлшенеді. Аристотель саналы өмір сүрудің маңызына ерекше назар аударған, мұнда ақыл-ой шешуші рөл атқарады. Оның түсінігінде, «бақыт – бұл тек ләззат не байлық емес, ең алдымен, адамның өзін барынша жүзеге асыруына мүмкіндік беретін ізгілікке сай қызмет» [26, с. 750]. Сондай-ақ, Аристотель денсаулық, достық пен молшылық сияқты сыртқы жағдайлардың маңызын мойындағанымен, нағыз бақыт адамның ішкі өзін-өзі жүзеге асыруында және моральдық тұрғыдан дұрыс әрекеттерден ләззат таба алу қабілетінде деп санаған. Ол өзінің ілімінде игіліктер иерархиясын жасап, оның ең жоғарғы сатысына интеллектуалдық пайымдауды (теорияны) қойған.

Эпикурдің бақыт туралы пайымы Аристотельдің көзқарасынан біршама өзгеше. Ол бақытты азаптың болмауы және ләззат алу сезімімен байланыстырып, бұл жағдайды ол толық рухани тыныштық күйі «атараксия»

ретінде сипаттаған [27]. Ол тілектердің жіктемесін жасап, байлық пен даңққа деген құмарлықты адамды бақытсыз ететін, орынсыз тілектер қатарына жатқызды. Эпикурдың пікірінше, бақыттың кілті – адам азапты барынша азайтып, қорқыныштан (өлім қорқынышын қоса алғанда) аулақ болып, қарапайым нәрселерге сүйсініп, парасатты өмір сүруде. Оның ілімі ішкі күйдің және қажетсіз уайымдардан ада болудың маңызын атап көрсетеді. Аристотель мен Эпикур ұсынған бұл көзқарастар назар аударатын тұстары әртүрлі болғанымен, философияның ішкі және сыртқы факторлар арасындағы тепе-теңдік арқылы бақытқа жету жолдарын іздеуге деген әмбебап ұмтылысты көрсетеді.

Шығыс философиясының ерте дәстүрлері, атап айтқанда буддизм мен даосизм, бақытты жан тыныштығымен байланыстырып, заттарға тәуелділіктен арылу деп түсінген. Буддизмде орталық ұғым – «нирвана», яғни тілектерден бас тартып, сегіз тармақты жолды ұстану арқылы жететін азаптардан толық арылу күйі. Ал, «даосизм» бақытты табиғат жолымен «Даомен» және ғаламдық заңмен үйлесім табудан туындайтын табиғи күй ретінде қарастырады. Бұл екі ілімде де адамның ішкі дүниесі, өзін-өзі толық сезінуі мен сыртқы жағдайларға тәуелділіктен арылу басты назарда болады. Конфуций мен оның ізбасарлары бақыт түсінігін «Жэнь» ұғымымен – адамсүйгіштікпен байланыстырылады. Бұл – адамдар арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты білдіретін басты ізгілік. Конфуций философиясында бақытқа жету адамның әлеуметтік міндеттерін орындауы, үлкендерді құрметтеуі және моральдық қағидаларды ұстануы арқылы мүмкін болады [28]. Қоғамдағы үйлесім мен рәсімдерді сақтау да бақытқа ықпал ететін негізгі факторлар ретінде қарастырылады.

Шығыс Ренессансы дәуірінде бақыт антикалық ой-пікірдің ықпалында қалыптасқан ортағасырлық араб-мұсылман философиясының басты категорияларының біріне айналды. Бұл ұғым әсіресе әл-Фарабидің ілімінде айқын көрініс тапқан. Оның философиясындағы негізгі идея – кемел білім мен жоғары адамгершілік қағидаттарына жету. Әл-Фарабидің пікірінше, бұл құндылықтар жеке адамның өмірінен кейін де өз мәнін жоғалтпай, адамзатқа қызмет ете береді. Философ әрбір адам бақытқа тек өз күшімен қоғамға пайдалы ізгі істер арқылы жете алатынын айтқан. Ол қалаларды ізгілікті және ізгілікке қарсы деп екіге бөліп, соңғыларын тұрғындарының жалған игіліктерге – байлыққа, билікке, атаққа және көңіл көтеруге ұмтылуымен сипаттаған. Ал ізгілікті қалалардың тұрғындары шынайы бақытқа жетелейтін істерде бір-біріне көмектесу үшін бірігеді. Мұндай қалаларда тыныштық, өзара қолдау мен үйлесім үстемдік етеді, бұл қоғам мүшелеріне жоғары мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. «Егер халықтар бір-біріне бақытқа жету жолында көмектесетін болса, бүкіл жер беті ізгілікті мекенге айналады» [29, с. 36]. Философ нағыз бақытқа тек қоғамдық келісім мен ізгілікті өмір жағдайында, яғни адамдар ортақ игілікті жеке мүддеден жоғары қойған кезде ғана қол жеткізуге болатынын атап көрсеткен. Әл-Фарабидің идеялары қазіргі

әлеуметтік әділеттілік пен қоғам құрудағы этикалық тәсілдер жөніндегі пікірталастарда өзектілігін сақтап келеді.

Ортағасырлық христиан дәстүрінде бақыт рухани құндылықтармен, жан байлығымен және Құдайға жақын болумен байланыстырылған. Бақыт Құдай орнатқан тәртіппен үйлесімділік күйі ретінде түсінілген, бұл көзқарас сол дәуірдегі діни дүниетанымның үстемдігімен тығыз байланысты болды. Алайда Фома Аквинский рухани және тәндік бастаулар арасындағы үйлесімділік тұжырымдамасын дамыта отырып, адам табиғатының екіжақты мәнін мойындаудың маңыздылығын атап өткен. Ол жердегі игілікке ұмтылу жоғарғы діни мақсаттарға қайшы келмейтінін, керісінше, ол көктегі мұраттармен үйлесімді болғанда ғана мағыналы болатынын көрсеткен. Бұл көзқарас бақыт ұғымына неғұрлым кешенді, жан-жақты көзқарастың қалыптаса бастағанын білдіреді [30].

Ренессанс дәуірі бақытты философиялық тұрғыдан ұғынуда түбегейлі өзгерістерге жол ашып, адам тұлғасына, еркіндікке және өзін-өзі жүзеге асыруға баса назар аударды. Бұл идеялар ағартушылық кезеңінде одан әрі дамып, бақыт ақыл-ой мен жеке құқық призмасы арқылы қарастырыла бастады. Осы дәуірдің философтары бақытқа қоғамдық үдерістерді рационалды басқару арқылы қол жеткізуге болады деп есептеді. Жан-Жак Руссо және басқа да ойшылдардың еңбектерінде көрініс тапқан қоғамдық келісім идеясы әлеуметтік үйлесімділіктің жаңа түсінігінің негізіне айналды, мұнда бақыт «ортақ игілікке жету ретінде түсінілді» [31, с. 125]. Мұндай көзқарас жалпыға ортақ бақыт тұжырымдамасын іске асыруда институционалдық өзгерістердің маңызын айқын көрсетеді. Ал екінші бір ғалымдар тобы, Джереми Бентам мен Джон Стюарт Милль утилитаризм әдісін дамыта отырып, бақытты мүмкіндігінше көп адам үшін ләззаттың артуы мен азаптың азаюы ретінде жүйелендірді [32], [33]. Бұл тәсіл бақытты эмпирикалық тұрғыдан өлшеуге және нақты қолдануға болатын концепция ретінде қарастыруға жол ашты. Бентам ұсынған Felicific calculus (бақыт есебі) бақытты сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретін әдіс ретінде философия мен әлеуметтік басқару арасындағы байланыстың жаңа кезеңіне жол ашты [34].

Эразм Роттердамдский мен Мишель де Монтень бақытты түсінуге тұлғалық және моральдық өлшем қосты. Олар бақыттың достық, философиялық пайым және ішкі үйлесім түсініктерімен тығыз байланыста екенін атап өтті. Бұл идеялар гуманистік ой-пікір желісін жалғастырып, бақыттың жеке тұлға деңгейіндегі көріністеріне назар аударды[35] . Юсти бақыт ұғымын зерттей отырып, оны әл-ауқат, қауіпсіздік пен еркіндіктің үйлесімі ретінде сипаттап, бұл құндылықтардың мемлекеттік институттар арқылы реттелетінін атап өтті. Бұл көзқарас жеке және әлеуметтік аспектілерді біртұтас жүйеге біріктіру әрекетін көрсетіп, оны жалпы игілікке бағыттауға ұмтылыс ретінде танылады [36].

О. Конттың позитивистік теориясында бақыт қоғам дамуының ең жоғарғы сатысының критерийі ретінде қарастырылып, социология әлеуметтік

үдерістерді талдау мен басқарудың құралына айналады [3]. Адам Смит бақытты ізгілік пен азаматтық борыш сезіміне негізделген жеке мүдделердің өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастырды. Оның көзқарасы қоғамдық тәртіпті сақтау ісінде адамгершілік негіздердің маңызды рөл атқаратынын айқындайды [37]. Герберт Спенсер бақытты әлеуметтік эволюция процесімен байланыстырды, ал ләззатты прогрестің қозғаушы күші ретінде қарастырды. Оның пікірінше, бақыттың болмауы мемлекеттік саясаттың тиімсіздігін көрсететін маңызды көрсеткіш [38]. Георг Зиммель бақытты әлеуметтік өзара әрекеттесу нәтижесінде туындайтын феномен ретінде түсіндіріп, оны тек жеке субъективті тәжірибе емес, сонымен бірге әлеуметтік талдаудың маңызды компоненті ретінде сипаттады. Бұл көзқарас бақытты зерттеуде пәнаралық тәсілдің қажеттігін дәлелдейді [39]. Эмиль Дюркгейм бақыт деңгейін қоғамның моральдық жағдайымен байланыстырды және «орташа бақыт» ұғымын енгізді, оны әлеуметтік үйлесімнің индикаторы ретінде қарастырды. Ол еңбектерінде бақытты әлеуметтік факторлармен байланыстыра отырып, оның төмендеуі мен әлеуметтік аномия арасындағы байланыс көрсетеді. Бұл әсіресе аномиялық суицид феноменінде айқын көрінеді [40]. Питирим Сорокин бақытты әлеуметтік прогрестің өлшемдерінің қатарына қосу қажеттілігін атап өтті, бірақ сонымен қатар бұл ұғымды абсолюттенуге қарсы болды. Ол бақыт ұғымының қоғамның эволюциясы мен оның орнықты дамуын түсінуде орталық рөл атқаратынын айтты [41]

XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың бірінші жартысындағы саяси факторлар мен тарихи оқиғалардың әсерінен позитивистік бақыт идеологиясына бағытталған сындар, субъективті әл-ауқат біраз уақыт бойы әлеуметтік білімнің өзекті нысанасы болудан қалды. Алайда XX ғасырдың екінші жартысында ауқымды әскери қақтығыстардың болмауы, экономикалық өсім және ғылыми-техникалық прогресспен сипатталатын қолайлы әлеуметтік-саяси жағдайлар аясында әлеуметтік ғылымдардың бақыт феноменіне деген қызығушылығы, әсіресе, дамыған Батыс елдерінде қайта жанданды. Бұл кезеңде өмір мағынасы мен қоғамдық бақытқа жету мәселелерімен байланысты классикалық идеяларға деген сұраныс та артты. Қазіргі кезеңдегі бақытты зерттеулер дәстүрлі теорияларды жаһандық сын-қатерлер, атап айтқанда, экологиялық мәселелер мен тұрақты даму тұжырымдамасы аясында қайта қарастырылумен сипатталады. XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған «буддистік экономика» тұжырымдамасы бақыт пен қоғамдық игілікке қанағатшылдық пен тұтынуды азайту арқылы жетуге болатынын негіздейді. Бұл тәсіл табиғи ресурстарға түсетін қысымды азайтуға мүмкіндік береді [42]. Қоғам мен табиғаттың үйлесімді қатар өмір сүру идеяларын ілгерілетуге бағытталған тұтыну мен өндірістің тұрақты үлгілерін құруды көздейтін экологиялық қозғалыстар да осы бағытта маңызды рөл атқарады.

Үйлесімді қоғам қалыптастыруда Конфуций және басқа да ойшылдар ұсынған адамсүйгіштік (жэнь) қағидаты маңызды рөл атқарады. Бұл қағидат мемлекеттік басқару мен тәрбиенің іргетасы ретінде қызмет етіп, қоғамдағы

сенім мен әл-ауқат деңгейін арттырады. Қазіргі мемлекеттік басқару теориялары, соның ішінде «бақыт экономикасы», утилитаризм этикасына сүйене отырып дамып келеді. Олар ләззат пен азап арасындағы тепе-теңдікті анықтау, пайдалылықты жинақтау және оны сандық түрде өлшеу әдістерін қамтиды [43].

Ренессанс дәуірінде қалыптасқан өмірдің мәні мен бақыт туралы идеяларға қазіргі кезеңде де қызығушылық жоғары. П. Весарат бастаған ғалымдардың зерттеулері жұмыс орнындағы достық пен бақыт ұйымдардың ұзақ мерзімді тиімділігін арттыру маңызды рөл атқаратынын анықтады, себебі қарым-қатынаста артық эмоционалдық жүктеме болмаған жағдайда әріптестер арасындағы сенім нығайтып, тапсырмаларға деген оң көзқарасты қалыптасады [44]. Ал эмпирикалық зерттеулер қалалардағы бақыт деңгейі көбіне экономикалық жағдаймен емес, тұрғындар арасындағы сенім мен достық деңгейімен тығыз байланысты екенін көрсетті [45].

Өткен дәуірлерде ұсынылған бақыт теориялары қазіргі ғылыми зерттеулер мен күнделікті тәжірибеде өзектілігін сақтағанымен, заманауи зерттеулер бақытты түсінудегі жаңа үрдістерді де анықтауда. Бірінші тәсілде бақыт адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыратын объективті жағдайлар арқылы сипатталады [46]. Екінші тәсіл нақты жағдайды эталондық стандарттармен салыстыруға негізделеді, бұл стандарттар адамның үмітіне, тәжірибесіне және ұмтылыстарына байланысты өзгеруі мүмкін [47]. Истерлин парадоксы мен Э. Динердің еңбектері табыстың субъективті әл-ауқатқа әсерінің салыстырмалы сипатын көрсетеді, табыс пен адамның ұмтылыстары арасындағы тепе-теңдіктің маңызын алға тартады [48]. Үшінші тәсіл ұжымдық нормалар мен дәстүрлерге негізделіп, бақытты анықтауда мәдени контексттің маңызды рөлін айқын көрсетеді [49].

Заманауи зерттеулер, атап айтқанда, Лэйард пен Селигман еңбектері, мемлекеттік саясатты азаматтардың бақытына бағдарлау қажеттігін, бұл көрсеткішті тиімділіктің негізгі өлшемі ретінде қарастыру керек екенін көрсетеді [50]. «Бақытты архитектура» мен «бақытты қалалар» тұжырымдамаларының белсенді дамуы қалалық ортаны жақсартудың бақыт деңгейін арттырудағы практикалық маңызын айқын көрсетеді [51, с. 123]. Зерттеулер ауыл тұрғындары мен шағын қалаларда тұратын адамдар мегаполис тұрғындарына қарағанда бақыттырақ екенін көрсетеді, бұл табиғатқа жақындықпен және өмір ырғағының баяулығымен түсіндіріледі [52].

Жалпы алғанда бақыт ұғымының тарихи және заманауи әлеуметтік теориялар контексіндегі эволюциясын талдау бұл құбылыстың көпқырлы, динамикалық және пәнаралық сипатын көрсетеді. Әр түрлі тарихи кезеңдерде бақыт рухани, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторлар арқылы түсіндірілді, бұл оның қоғамның өзгермелі жағдайларына бейімділігін көрсетеді. Орта ғасырларда бақыт Құдаймен үйлесімде болу ретінде түсіндірілсе, Ренессанс дәуірінде ол тұлғалық даралық пен өзін-өзі іске асыруға байланысты қарастырылды. Ағартушылық дәуірінде бақыт қоғамдық келісімнің ажырамас бөлігі ретінде, ақыл мен құқық негізінде құрылған

қоғамның мақсаты ретінде қабылданды. Джереми Бентам мен Джон Стюарт Милльдің утилитаристік көзқарастары бақытты өлшенетін көрсеткішке айналдырып, оны мемлекеттік және әлеуметтік басқару жүйелеріне енгізді.

Қазіргі зерттеулер, мысалы, «буддистік экономика», «бақытты архитектура» және утилитаристік «бақыт экономикасы» концепциялары, әл-ауқатты арттыруда әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлардың өзара байланысына негізделген кешенді көзқарастың қажеттілігін көрсетеді. Бақытты зерттеудегі үш заманауи тәсіл (объективті, салыстырмалы және мәдени) бір-бірін толықтырып, субъективті әл-ауқаттың детерминанттарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бақыт – жеке және ұжымдық өлшемдерді біріктіретін құбылыс, мұнда субъективті әл-ауқат әлеуметтік нормалармен, экономикалық жағдайлармен және мәдени дәстүрлермен тығыз байланысты.

Қорытындылай келе, «Өмірге қанағаттану экономикасы» және жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) балама ретінде қарастырылатын субъективті әл-ауқат секілді заманауи тұжырымдамалар бақыттың саясат, экономика және басқарудағы маңызын арттыра түседі. Олар бақытқа жетуді әлеуметтік жүйелердің табысы мен мемлекеттік саясаттың тиімділігінің негізгі көрсеткішіне айналдырды. Осылайша, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда бақыт ұғымының эволюциясы мен институционализациясы бұл құбылыстың әлеуметтік процестерді зерттеу мен басқарудағы маңызды аналитикалық құрал екенін дәлелдеді. Бақытты тек жеке мақсат емес, сонымен бірге ұжымдық құндылық ретінде мойындау қоғамның тұрақты даму үлгілерін қалыптастыруға мүмкіндік береді, онда адам әл-ауқаты басты құндылыққа айналады. Болашақта бақытты жаңа концептуализациялау үлгілерінің қажеттігі туындайды, олар қазіргі заманның сын-қатерлері мен мүмкіндіктерін, сондай-ақ саясат пен медиада бақыт рөлінің артуын ескеретін болады. Субъективті әл-ауқат көрсеткішінің ЖІӨ-ге балама ретінде белсенді талқылануы бұл саладағы зерттеулерді одан әрі жалғастыру қажеттігін көрсетеді.

1.2 «Бақыт» ұғымы туралы ұжымдық және академиялық түсініктер: пәнаралық және мәдениетаралық контекст

Бақыт ұғымы – әлеуметтану, психология, философия және экономика сияқты бірнеше бағыттар зерттейтін күрделі және көп қырлы құбылыс. Соңғы ғылыми әдебиеттерде бақыт көбінесе субъективті әл-ауқат (SWB) призмасы арқылы зерттеледі, бұл терминді ғалымдар субъективті түрде қабылданатын бақыт сезімін және өмірге қанағаттануды сипаттау үшін қолданады [53]. Әрбір ғылыми сала осы құбылыстың әртүрлі аспектілеріне баса назар аудара отырып, бақыттың өзіндік анықтамаларын жасайды. Бұл бөлімде біз осы бағыттардағы бақыт пен субъективті әл-ауқатты анықтаудың академиялық тәсілдерін ұсынып, салыстырамыз және осы анықтамалардың Қазақстандағы

бақыт зерттеулеріне қолданылуын қарастырамыз. Сондай-ақ бақыттың академиялық анықтамаларына тоқталып, әр елдегі мәдени тұрғыдан қалыптасқан ұғымдарға қысқаша шолу жасаймыз.

Әлеуметтану ғылымында бақыт адамның өмірге қанағаттану дәрежесін және өмір сүру жағдайларын көрсететін ерекше адам күйі ретінде түсініледі. Классикалық анықтамалардың бірінде бақыт адамның өмір сүру жағдайына, өмірінің толыққанды болып, мақсатының орындалуына ең жоғары ішкі қанағаттанумен сипатталатын күй ретінде беріледі. Басқаша айтқанда, әлеуметтанулық мағынада бақыт әл-ауқат сезімімен және өмірге қанағаттанумен тығыз байланысты [54]. Әлеуметтанушылар бұл құбылыстың әлеуметтік сипатын атап көрсетеді: бақыт адамдардың өмірге қанағаттануының критерийі және сонымен бірге қоғам жағдайы мен оның прогресінің көрсеткіші деп қарастырады [55]. «Бақытты – прогрестің маңызды шарты» деп танып, бақыттың деңгейін қоғамның жалпы өмір сапасымен байланыстыратын көзқарастар да кездеседі [56]. Әлеуметтану тұрғысынан бақыт – бұл жеке тәжірибе ғана емес, сонымен қатар әртүрлі халық топтарының, аймақтардың немесе елдердің әл-ауқатын бағалауға мүмкіндік беретін әлеуметтік көрсеткіш.

Психологияда «субъективті әл-ауқат» (SW) термині адамның бақыты мен өміріне қанағаттануының ғылыми белгісі ретінде танылады [57]. Субъективті әл-ауқат адамның өз өмірін қаншалықты сезінетіні және өз өмірін табысты, жағымды және әл-ауқаты жоғары деп санайтынын субъективті бағалауы ретінде анықталады [58]. Атап айтсақ, бұл адамның жеке көзқарасы бойынша «өмірдің қаншалықты жақсы өтіп жатқанының» ажырамас көрсеткіші [59, с. 140].

Психологтар субъективті әл-ауқат шеңберінде бақыттың бірнеше құрамдасын анықтайды. Бұл саланың негізін салушылардың бірі Э.Диенердің айтуынша бақыт үш негізгі құрамдас бөлікті қамтиды: жоғары өмірге қанағаттану, жиі жағымды эмоциялар және сирек кездесетін жағымсыз эмоциялар [60]. Субъективті әл-ауқаттың жоғары деңгейі адамның өз өміріне көңілі толып, жиі қуаныш, қызығушылық, ләззат және басқа да жағымды сезімдерді бастан кешіретінін, ал мұңдану, ашулану, алаңдау және т.б. сезімдерін салыстырмалы түрде сирек бастан кешіретінін білдіреді. Өмірді когнитивті бағалау (қанағаттану) мен эмоциялық тепе-теңдіктің (позитивті эмоциялардың жағымсыз сезімдерді жеңуі) үйлесімі бізге тұлғаның «бақытты» күйі туралы айтуға мүмкіндік береді [53, с. 123]. Психологияда бақыт өткінші эмоция ретінде емес, ұзақ мерзімді әрі тұрақты күй немесе тұлғаның қасиеті ретінде түсіндірілетінін атап өту маңызды. Қазіргі ғылыми психологияда бақыт ұғымы әдетте «бақытты өмір» деп қарастырылады, яғни өзіне, бар нәрсесіне және басынан өтіп жатқан жағдайларға адамның көңілінің толуы [61]. Осы тұрғыдан алғанда, субъективті әл-ауқат қысқа мерзімді эйфориялық күй емес, адамның өмірінің маңызды кезеңдері бойына тән фондық көрсеткіш болып саналады. Демек, бақыт өткінші шаттық емес, тұрақты ішкі тепе-теңдік пен қанағаттанушылық ретінде қарастырылады.

Философия дәстүрлі түрде бақытты екі негізгі қырынан қарастырады: біріншіден, этикалық категория ретіндегі әл-ауқат (ең жоғарғы игілік), екіншіден, жанның психологиялық күйі ретінде. Бірінші мағынада адамның мінсіз өмірінің идеалы, оған тән ең жоғары құндылық деп қарастырып, көне дәуір философиясы мұны эвдемония (εὐδαιμονία) деп атаған. Екінші мағынада бақыт белгілі бір субъективті қуаныш немесе қанағаттану сезімі ретінде түсіндіріледі. Философтар осы мағыналарды ажыратып қарастырудың қажеттілігін атап өтеді, өйткені «жақсы (игілікті) өмір деген не?» деген сұрақты «адам өзін бақытты сезінгенде не түйсінеді?» деген сұрақпен шатастыруға болмайды [62]. Осылайша, ежелгі ойшылдар бақытқа әртүрлі анықтамалар беріп, кейінгі пікірталастардың негізін қалады.

Жаңа дәуірде И. Кант «бақыт – бұл барлық қалауымыздың қанағаттандырылуы» деп жазғанымен, толыққанды әрі тұрақты күй ретіндегі абсолютті бақытқа жетудің мүмкін емесін атап көрсеткен [63]. Бұл айырмашылықтар бақыттың жалпыға бірдей және біржақты анықтамасы жоқ екенін көрсетеді – ол көбіне дүниетанымдық ұстанымға байланысты.

Экономикалық ғылымда бақытқа деген қызығушылық салыстырмалы түрде жақында ғана «бақыт экономикасы» деп аталатын бағыт ретінде қалыптасты. Дәстүрлі түрде экономистер «бақыт» терминін тікелей қолданбай, оны «пайдалылық» ұғымымен алмастырып, әл-ауқатты негізінен объективті көрсеткіштер – ең алдымен табыс, тұтыну, ЖІӨ арқылы қарастырады. Материалдық әл-ауқат неғұрлым жоғары болса, қанағаттану да, сәйкесінше, бақыт та соғұрлым артады деп есептелді. Бүгінде экономистер әлеуметтік ғылымдардан субъективті әл-ауқат ұғымын бақыттың синонимі ретінде іс жүзінде қабылдады. Экономикалық контексте бақыт адамның өміріне көңілі толуы, бақыт пен әл-ауқат сезімін өзінің субъективті бағалауы және қабылдауы ретінде анықталады [64].

Дегенмен, экономистер дәстүрлі табыс сияқты көрсеткіштерді толықтыра отырып, бақытты тікелей өлшеудің жолдарын әзірлеуде. «Бақыт экономикасы» аясында субъективті және объективті индикаторлардың үйлесімі қолданылады. Экономистер пайдаланатын негізгі субъективті көрсеткіш – елдегі немесе белгілі бір топтағы өмірге қанағаттанудың орташа деңгейі (life satisfaction). Субъективті әл-ауқат көрсеткіштерінің экономикалық талдау құралдарына енуі үкіметтің адамға бағдарланған саясат жүргізуге мүмкіндік береді. Елдегі бақыт деңгейін өлшеу мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Ол азаматтардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыруды шешуге көмектеседі, мұнда тек экономикалық өсім ғана емес, адамдардың нақты өмір сапасы да ескеріледі [65].

Тиімді сипаттау үшін төменде бақытты анықтаудағы төрт ғылыми бағыттың басымдықтарын жинақтайтын қысқаша кесте берілген:

1.2.1 кесте – Бағыттар бойынша «бақыт» ұғымының анықтамасы
1.2.2

Бағыт	Бақыт (субъективті әл-ауқат) анықтамасы	Бағыттың ерекшеліктері
Әлеуметтану	Өмір сүру жағдайларына барынша ішкі қанағаттанушылық, өмірдің толыққандылығы және өзінің өмірлік мақсатын жүзеге асыру күйі	Бақытты әлеуметтік индикатор ретінде қарастырады: өмір сүру сапасының көрсеткіші және қоғамның дамуы
Психология	Адамның өз өмірін субъективті бағалауы – оған қанағаттанушылығы, бақытты сезінуі және эмоционалдық әл-ауқаты	Бақытты тұлғалық күй/қасиет ретінде қарастырады: ішкі құрамдастарын (эмоциялар, когнитивтік бағалаулар, мән-мағыналар) зерттейді
Философия	Бақытты екі қырынан түсіндіреді: 1) ең жоғары игілік, адамның бақуатты өмірі (сәтті, ізгілікті өмір); 2) қанағаттану немесе қуаныш психологиялық күйі ретінде.	Бақытты философиялық категория ретінде қарастырады: оның мәнін, құндылықтар құрылымындағы орнын, нормативтік қырларын зерттейді
Экономика	Субъективті әл-ауқат – өмірге қанағаттанушылықтың субъективті бағасы, бақытты сезіну.	Бақытты әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш ретінде қарастырады: субъективті бағалауларды даму статистикасына енгізеді. Экономикалық факторлар (табыстар, теңсіздік) мен азаматтардың бақыт деңгейі арасындағы өзара байланысты зерттейді.

Барлық бағыттарға ортақ түсінік – бақыттың аса күрделі, субъективті әрі көпмағыналы ұғым екендігі. Ғалымдардың бәрі бақытты бір ғана қарапайым факторға сыйғызуға болмайтынына келіседі. Зерттеулер бақыттың көптеген құрамдас бөлігі мен детерминанты бар екенін көрсетеді. Сондықтан пәнаралық кеңістікте когнитивті және эмоциялық құрамдастарды, сондай-ақ «тереңірек» қырларды (мағына, қадір-қасиет, даму) қамтитын субъективті әл-ауқаттың интегралды тұжырымдамасы барған сайын танымал болып келеді. Әртүрлі ғылым салаларында ұқсас терминология қолданылады: мысалы, өмірге қанағаттанушылық, эмоциялық әл-ауқат, оптимизм – бұл ұғымдар психологияда да, социологияда да, бақыттың экономикалық зерттеулерінде де кездеседі. Осындай ұғымдардың біріздендірілуі әртүрлі салалар ғалымдарына адам бақыты жөнінде «бір тілде» сөйлесуге мүмкіндік береді.

Академиялық бақыт анықтамаларынан бөлек, әлемдік гуманитарлық және әлеуметтік-мәдени ойда әртүрлі қоғамдардағы бақытты түсінудің өзіндік ерекшеліктерін бейнелейтін жергілікті мәдени тұжырымдамалар кеңінен таралған. Тілдер мен күнделікті тәжірибеде орныққан бұл ұғымдар бақытты әмбебап психологиялық немесе әлеуметтік күй ретінде ғана емес, сонымен бірге мәдени тұрғыдан делдалданған құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Солтүстік Еуропа елдерінде (Дания, Швеция, Норвегия, Финляндия) бақыт көбіне қарапайымдылық, үйлесім және әлеуметтік теңдікке байланысты терминдер арқылы сипатталады. Мәселен, дат және норвег мәдениетінде hygge (хюгге) қарапайым ләззат пен отбасылық жақындық арқасында пайда болатын жайлылық, жылылық пен қорғаныш атмосферасын білдіреді. Тағы бір скандинавиялық ұғым – lykke (люкке) – бақыттың әлеуметтік өлшеміне: әділеттілікке, сенімге және теңдікке назар аударады. Швед қоғамында lagom (лагом) түсінігі кең таралған, ол «шамалы», «жеткілікті» дегенді білдіреді және үйлесім мен шектен тыс кетуден аулақ болуды бейнелейді. Ал фин мәдениеті өз кезегінде sisu (сису) ұғымын қалыптастырған – қиындықтарды

еңсеруге және төзімділіктен бақыт табуға мүмкіндік беретін ішкі табандылық пен рух қуаты.

Жапон мәдениетінде ерекше орын алатын ұғым – ikigai (икигай), оны «өмірдің мәні» немесе «таңертең оянуға тұрарлық нәрсе» деп аударуға болады. Ол жеке қызығушылықтар, әлеуметтік рөлдер және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру арасындағы тепе-теңдікті табуды білдіреді. Тағы бір жапондық мәдени код – wabi-sabi (ваби-саби) – болмыстың кемшіліктері мен өткіншілігін қабылдауға негізделген; мұнда бақыт қарапайымдық пен өткінші сұлулықты көруден туындайды. Сонымен қатар, жапон мәдениетінде shinrinyoku (шинрин-йоку) («ормандық ванналар») тәжірибесі де кең таралған, ол табиғатпен етене байланыс арқылы ішкі тыныштық пен әл-ауқатқа жету тәсілі ретінде қарастырылады.

Африкада кеңінен танымал философия – ubuntu (убунту), ол «мен бармын, өйткені біз бармыз» деп аударылады. Бұл түсінік өзара қолдауға, қауымдастыққа және адамгершілікке негізделген бақыттың ұжымдық өлшемін айқындайды. Латын Америкасында (әсіресе Эквадор мен Боливияда) Buen Vivir (бун вивир) концепциясы кең таралған, ол «қадірлі өмір» дегенді білдіреді. Жеке-дара бақыт түсінігінен айырмашылығы, мұнда қоғам мен табиғаттың үйлесіміне ерекше көңіл бөлінеді, бұл жергілікті үндіс халықтарының дәстүрлерін бейнелейді.

Ақырында, басқа еуропалық мәдениеттерде де ұқсас түсініктер кездеседі. Мәселен, Нидерланд пен Фландрияда haselig/heimelig (хэсселиг/хаймелиг) ұғымы бар, ол «отбасылық жайлылық» идеясына жақын – жылылық пен жақындық арқылы келетін бақыт. Француз дәстүрінде joie de vivre («өмір қуанышы») түсінігі орныққан, ол жеңілдікке, сәттен ләззат ала білуге және өмір сүрудің өзінен рахат табуға меңзейді.

Осы ақпараттарға сүйеніп, бақыттың негізгі мәдени тұжырымдамаларын салыстырмалы кесте түрінде ұсынуға болады:

1.2.2 кесте – Елдер бойынша «бақыт» ұғымының анықтамасы

Ел/Аймақ	**Термин**	**Маңызды идея**
Дания/Норвегия	Hygge (хюгге)	Жайлылық, қорғаныш, қарапайым ләззаттар, отбасылық жақындық
Дания	Lykke (люкке)	Әлеуметтік бақыт: сенім, теңдік, ынтымақ
Швеция	Lagom (лагом)	Тепе-теңдік, «шамасы», шектен тыс кетпеген үйлесім
Финляндия	Sisu (сису)	Рух қуаты, төзімділік пен еңсеру – бақытқа жетудің жолы
Япония	Ikigai (икигай)	Өмірдің мәні, құштарлық, миссия, кәсіп пен өмірлік мақсаттың үйлесімі
Япония	Wabi-sabi	Кемшіліктерді қабылдау, қарапайымдық пен өткіншіліктің құндылығы
Япония	Shinrinyoku	Табиғатпен үйлесім, ішкі тыныштық көзі ретінде «ормандық ванналар»
Африка (ЮАР и др.)	Ubuntu	Ұжымшылдық, адамгершілік, «мен бармын, өйткені біз бармыз»
Латын Америка	Buen Vivir	Қадірлі өмір, қоғам мен табиғаттың үйлесімі
Нидерланды/Фландрия	Haselig/Heimelig	Отбасылық жайлылық, жылылық және әлеуметтік жақындық

Франция	Joie de vivre	Өмір қуанышы, әр сәттен ләззат ала білу

Осылайша, мәдени бақыт тұжырымдамалары академиялық анықтамалар емес, ұжымдық тәжірибенің халықтық және философиялық бейнелері ретінде қарастыралады. Олар әртүрлі елдерде бақыттың жергілікті құндылықтар мен өмір салты арқылы түсіндірілетінін көрсетеді. Зерттеуші үшін мәдени айырмашылықтарды ескеру маңызды, себебі олар адамдардың әл-ауқат туралы субъективті түсініктерін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді және кросс-мәдени салыстыруда пайдалы бола алады.


Қорытындылай келе, қазіргі ғылыми анықтамалар бақыт пен субъективті әл-ауқатты сипаттап, Қазақстанды қоса алғанда кез келген ел халқын зерттеуге қолайлы әмбебап үлгі қалыптастырды. Олар пәнаралық талдау үшін бірыңғай ұғымдық аппарат ұсынады. Сонымен қатар, әрбір ғылым саласы бақытты әртүрлі тұрғыдан қарастарады: психологияның тереңдігі, әлеуметтанудың ауқымы және экономиканың тәжірибелік қырын философиялық рефлексия толықтыра отырып түседі. Мұндай кешенді тәсіл нақты қоғам контексінде бақыт феноменін зерттеу үшін айрықша маңызды. Қазақстан үшін әлеуметтанулық, психологиялық, философиялық және экономикалық перспективаларды біріктіру азаматтардың субъективті әл-ауқатын жан-жақты зерттеуге және оны соңғы онжылдықтағы үздік ғылыми жетістіктерге сүйене отырып мақсатты түрде жақсартуға мүмкіндік береді.

1.3 Субъективті әл-ауқатты когнитивтік және аффективтік аспектілер тұрғыдан анықтау

Субъективті әл-ауқатты зерттеу когнитивтік және аффективтік үлгілерден бастап, әлеуметтік және мәдени детерминанттарға дейінгі кең ауқымды қамтиды, бұл құбылысты талдау интегративті тәсілді қажет етеді. Е. Диенер [66] және Р. Винховен [2] пікірінше, субъективті әл-ауқат екі негізгі аспектіден тұрады: когнитивтік – өмірге рационалды баға беру және аффективтік – күнделікті тәжірибені эмоционалды қабылдау (1.3.1 сурет).

Когнитивтік аспект индивидтің өз өмірін жалпы бағалауымен сипатталады. Бұл баға ағымдағы жағдайларды жеке стандарттар мен күтулермен салыстыру негізінде қалыптасады. Р. Винховен когнитивтік субъективті әл-ауқатты «адамның өз өмірін талдау нәтижесінде сезінетін өмірге қанағаттану деңгейі» ретінде анықтайды [2, с. 37]. Мысалы, адам табыс деңгейін, денсаулығын, әлеуметтік қатынастарын және осы факторлардың өзінің үмітіне сәйкестігін бағалауы мүмкін. Зерттеулер когнитивтік субъективті әл-ауқат салыстырмалы түрде тұрақты көрсеткіш екенін көрсетеді, себебі ол терең нанымдар мен ұзақ мерзімді мақсаттарға негізделеді. Дегенмен, отбасылық мәртебенің немесе кәсіби жағдайдың өзгеруі сияқты сыртқы оқиғалар өміріне уақытша көңілі толуына әсер етуі мүмкін [67].

Аффективтік аспект адамның күнделікті өмірде бастан өткеретін оң және теріс эмоцияларын қамтиды. Қуаныш, қанағаттану және шабыт сияқты жағымды эмоциялар жалпы әл-ауқат деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді, ал алаңдаушылық немесе мұң сияқты теріс эмоциялар оны төмендетеді [3]. Эмпирикалық зерттеулер аффективтік субъективті әл-ауқаттың когнитивтік аспектіден гөрі әлдеқайда өзгермелі болатынын көрсетеді. Мысалы, көңіл күй жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін, ал өмірге жалпы баға салыстырмалы түрде тұрақты болып қалады [68]. Бұл аспект субъективті әл-ауқатты қалыптастыруда күнделікті эмоционалды тәжірибенің маңызын көрсетеді.



1.3.1 сурет. Жалпы бақыт

Дереккөз: Винховен (2009)

Когнитивтік және аффективтік аспектілер субъективті әл-ауқат құрылымында тығыз байланысты. Винховеннің пайымдауынша, жағымды эмоциялар өмірге когнитивтік бағаның жоғарылауына ықпал етеді, ал өмірге қанағаттану сезезімінің жоғарылығы жиі жағымды эмоциялар туғызады [2]. Осылайша, бұл аспектілер субъективті әл-ауқаттың өзара тәуелді құрылымын қалыптастырады. Көптеген зерттеулер когнитивтік және аффективтік компоненттердің субъективті әл-ауқат үшін маңызды екенін дәлелдеді. Мысалы, Diener мен оның әріптестері өмірге жоғары қанағаттану деңгейі жағымды эмоциялар жиілігімен өзара байланысты екенін көрсетті [1]. Ал Щиммацк бастаған ғалымдар аффективтік әл-ауқат өмірдегі қысқа мерзімді өзгерістерге көбірек сезімтал екенін, ал когнитивтік әл-ауқат ұзақ мерзімді үрдістерді көрсететінін анықтаған [68]. Осылайша, когнитивтік және аффективтік аспектілерді біріктіретін субъективті әл-ауқат тұжырымдамасы бақыт пен өмір сапасын кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдаманың маңыздылығын өмірге рационалды баға мен эмоциялық тәжірибелер арасындағы өзара байланысты көрсететін эмпирикалық

зерттеулер растады. Бұл саладағы әрі қарайғы зерттеулер субъективті әл-ауқатқа әсер ететін факторларды тереңірек түсінуге және өмір сапасын арттыруға арналған практикалық ұсынымдар әзірлеуге ықпал етеді.

Бөлімді қорытындылай келе, философиялық, әлеуметтік және пәнаралық тәсілдерді қарастыру бақыт категориясының терең тарихи-философиялық тамырлары бар екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Бастапқыда философия аясында адам өмірінің әмбебап құндылығы мен мақсаты ретінде қалыптасқан бұл ұғым уақыт өте келе әлеуметтік ғылымдарда, психологияда, экономикада және басқа да пәндерде зерттеу нысанына айналды. Философия бақыт ұғымының теориялық негізін қалап қана қоймай, оның кейінгі зерттелуінің моральдық-этикалық өлшемдеріне басымдық беруден бастап, субъективті игілікті когнитивтік және аффективтік жақтан талдауға дейінгі негізгі бағыттарын айқындады. Пәнаралық және мәдениетаралық контексте бақыт жеке тәжірибелер мен ұжымдық түсініктерді ұштастыратын күрделі әрі көпқырлы құбылыс ретінде көрінеді. Осылайша, бақыт категориясының философиялық бастаулары оны түсіну мен зерттеудегі қазіргі ғылыми тәсілдердің сан алуандығын айқындап, субъективті игілікті зерделеу саласындағы болашақ теориялық және эмпирикалық ізденістерге берік негіз қалады.

2 ӘЛЕУМЕТТАНУ ИДЕЯЛАРЫНДАҒЫ «БАҚЫТ» ҰҒЫМЫ: ПАРАДИГМАЛАР МЕН КОНЦЕПЦИЯЛАР

2.1 «Бақыт» ұғымын әлеуметтану тұрғысынан зерделеу: позитивизмнен қақтығыс теориясына дейін

Бақыт ұғымы әлеуметтік құбылыс ретінде әлеуметтанудың назарына бірден іліккен жоқ, алайда оны түсіндіруге негіз болатын тұжырымдамалық шеңберді көне ойшылдар қалыптастырды. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы классикалық социологияда «бақыт» эмпириялық зерттеулердің дербес нысаны ретінде арнайы қарастырылмағанымен, сол дәуірдің теорияларында бақытқа қатысты маңызды түсіндірмелер бар.

Огюст Конт әлеуметтік дамудың түпкі мақсатын қоғамды жалпы игілікке жеткізетін үйлесім мен тәртіп орнатудан көрді. «Бақыт» ұғымы оның позитивті философиясы үшін негізгі термин болмағанымен, Конт бақытты қоғам мен адамның үйлесімді күйімен тікелей байланыстырды. Конттың позитивистік жүйесінде бақыт үш құрамдас бөліктің тоғысу нәтижесі ретінде қарастырылады: «ғылыми дүниетаным, альтруистік сезімдер (сүйіспеншілік пен құрмет) және ақылға негізделген ұйымдасқан әрекет» [69, с. 425]. Конттың пікірінше, бақытқа ұмтылу – жаңа азаматтық діннің позитивизм қағидаттарымен негізделген Адамзат дінінің сипатына ие болуы. Ол ақыл мен сезім үйлесіп, өмір салты табиғат пен қоғамның объективті заңдарына сәйкес болғанда ғана шынайы бақытқа қол жеткізуге болады деп есептеді. Осылайша, Конттың позитивистік утопиясында бақыт – ғылыми және моральдық тұрғыдан реттелген қоғамның нәтижесі ретінде көрінеді: әлеуметтік организмнің әрбір элементі өзара үйлесімде болып, жеке мүдделер ортақ игілікке бағытталған кезде ғана бақытқа қол жетеді [69].

Маркс «бақыт» ұғымын саяси-идеологиялық контексте де қолданды. Ол «Халықтың иллюзорлық бақыты болған дінді жою – оның шынайы бақытының талабы» деп мәлімделген [70]. Маркстің пікірінше, дін адамдарға шынайы жердегі игіліктердің орнына жалған жұбаныш береді; сондықтан елестерден (соның ішінде діни елестерден) бастарту – адамдардың материалдық дүниеде нағыз бақытқа қол жеткізуіне қажетті қадам болады [71]. Осылайша, марксистік теорияға сәйкес, адамдардың бақыты тек әлеуметтік жағдайларды түбегейлі өзгерту арқылы ғана мүмкін болады.

Эмиль Дюркгейм – бақыт деңгейін қоғамның жай-күйімен тікелей байланыстырған алғашқы ғалымдардың бірі, ол әл-ауқатқа әлеуметтік өлшем енгізді. Э. Дюркгейм «Өзін-өзі өлтіру» еңбегінде әлеуметтік интеграция мен реттеудің адамдардың рухани күйіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Ол аномия құбылысын – нормативтік вакуум мен әлеуметтік байланыстардың үзілу жағдайын қанағаттанбаушылық пен суицидтің өсуін тудыратын фактор ретінде сипаттады (аномиялық суицид түрі). Аномия жағдайында адамдарға әдетте «бақыт пен қанағаттану өлшемдері» қызметін атқаратын ұжымдық нормалар мен құндылықтар бұзылады [72, с. 512]. Бұдан келесідей маңызды қорытынды шығаруға болады: қоғамның моральдық жағдайы оның мүшелерінің бақыт деңгейіне тікелей әсер етеді. Э. Дюркгейм «Қоғамдағы еңбек бөлінісінде» адамды шексіз бақытқа ұмтылыс алға жетелейді деп санаған утилитарлық теориялармен пікірталас жүргізді. Э. Дюркгейм егер адамдар барынша көбірек бақытқа қол жеткізу үшін ғана әрекет етсе, онда негізгі қажеттіліктер белгілі бір деңгейде қанағаттандырылғаннан кейін даму баяғыда-ақ тоқтап қалар еді деп атап өтті [73]. Ол әр дәуірдегі адамның табиғи болмысына байланысты шектелетін «бақыттың максимумы» идеясын енгізді: әр қоғамның өзіндік әл-ауқат шегі болады және ол жағдайлар сапалы өзгермейінше бақыт деңгейі көтерілмейді деп пайымдады [74].

Ал Георг Зиммель өмірдің мағынасы мен жеке адамдық тәжірибеге назар аударып, оны тікелей бақыт мәселесімен байланыстырды. Зиммель

бақытты сыртқы игіліктерге немесе жай ғана ләззат жиынтығына теңеуге болмайды деп санады; ол бақытты әрекеттердің ең жоғарғы мақсаты ретінде түсіндіруге сын көзбен қарады. Кант этикасына арналған алғашқы еңбектерінің бірінде Зиммель мораль мен бақытқа ұмтылыстың айырмашылығын атап көрсетіп, бақытты мақсат ретінде қоюды этикалық тұрғыдан алғанда түйткілді болады есептеді. [71]. Оның орнына Зиммель «әрекеттердің сапасы мен ақыл-ой күйі ретінде түсінілетін бақыттың өзге перспективаларын ашады», бұл адамға өзінің ішкі әлеміне қатысты белгілі бір қатынас қалыптастыруға мүмкіндік береді. [75, с. 469]. Зиммельдің пікірінше, адам өзінің шынайы ұмтылыстарына сай әрекет етіп, ішкі «дауысымен» үйлесім тапқанда бақыт тұлғаның үйлесімді дамуының жанама нәтижесі ретінде пайда болады. [76]. Осылайша, Зиммельдің үлесі – бақыт талқысын индивидтің субъективті өмірі деңгейіне ауыстырып, оны «мен» мәселесімен және шынайылықпен байланыстыруында. Қазіргі терминологиямен айтқанда, оның көзқарасы эвдемонистік дәстүрге жақын: бақыт – ләззат жиынтығы емес, өмірдегі тұтастықты сезіну мен өзін-өзі жүзеге асыру.

Халықтың бақыт деңгейін теориялық талдау негізгі әлеуметттік парадигмаларға жүгінуді талап етеді. Структуралық функционализм қоғамды өзара байланысты элементтерден (институттар, нормалар, рөлдер) тұратын тұтас жүйе ретінде қарастырады, ол тепе-теңдік пен тұрақтылыққа ұмтылады. Әрбір әлеуметтік институт қоғамдағы тәртіпті сақтау және мүшелердің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін белгілі бір функция атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, азаматтардың жоғары бақыт деңгейін әлеуметтік құрылымдардың тиімді жұмыс істеуінің көрсеткіші ретінде түсіндіруге болады: институттар өз функцияларын (тәрбие, экономика, білім беру және т.б.) сәтті орындағанда, қоғам үйлесімде болады және адамдар өміріне қанағаттану сезімін бастан кешіреді.

Т. Парсонс кез келген қоғамның өміршеңдігі үшін бірқатар функционалдық талаптарды – бейімделу, мақсатқа жету, интеграция және латенттілікті (құндылық үлгісін) қолдау – қамтамасыз етуі керек деген идеяны дамытты. Соңғы функция құндылықтарды жеткізу және кернеуді төмендетуге байланысты, бұл индивидтердің эмоционалды әл-ауқатына тікелей қатысы бар. Т. Парсонстың пікірінше, отбасы сияқты базалық әлеуметтік институт адамның психикасын тұрақтандыру және эмоциялық жеңілдеу механизмі ретінде қызмет етеді. Ол мұны бейнелі түрде «жылы ванна» деп атаған – үй мен отбасы адамға жұмыс күнінен кейін тынығып, шиеленіс сезімін басуға мүмкіндік береді. [77] Қазақстан жағдайында бұл әсіресе өзекті, өйткені мұнда отбасының дәстүрлі түрде берік байланыстары сақталған: отбасы мен туыстық қатынгастар қолдау мен әл-ауқаттың негізгі көзі болып табылады.

Бақыт зерттеу нысаны ретінде көпқырлы құбылыс: ол индивидтің субъективті сезімдерін, әлеуметтік қатынастар мен мәдени құндылықтарын, сондай-ақ өмірдің объективті жағдайларын қамтиды. Осы контексте орта деңгейдегі теориялық дискурсқа жүгіну ерекше маңызды, себебі ол микро деңгей (жеке эмоциялар, әл-ауқаттың психологиялық аспектілері) мен макро

деңгей (экономика, мәдениет, әлеуметтік орта сияқты құрылымдық факторлар) арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мертонның пікірінше, ірі масштабты «жаһандық» теориялар нақты әлеуметтік жағдайларда бақыланатын мінез-құлықтан шамадан тыс алшақ болады [78]. Керісінше, талдаудың орта деңгейі жалпы заңдылықтармен байланысты жоғалтпай, бақыттың нақты әлеуметтік факторларын ескеруге мүмкіндік береді. Бақыт ұғымын зерттеуде орта деңгей теориясын қолданғанда субъективті әл-ауқатты сауалнамалар, индекстер және т.б. арқылы социологиялық әдістермен өлшеуге және талдауға болады. Ұғымның субъективтілігіне қарамастан, оны операционализациялауға болады (мысалы, бақыттың өзіндік бағасы, өмірге қанағаттану деңгейі арқылы). Орта буын теорияларына жүгіну осындай өлшемдер сәйкес келетін теориялық шеңберді қалыптастырады [79].

Қақтығыс теориясы бұл мәселені басқа қырынан қарауды ұсынады: ол кез келген қоғамда орын алатын әлеуметтік теңсіздікке, ресурстар мен билік үшін топтар арасындағы күреске назар аударады. Қақтығыстық көзқарас тұрғысынан алғанда, қоғамдағы бақыттың бөлінісі тең емес және ол мүдделер арасындағы бар қайшылықтарды бейнелейді. Ральф Дарендорф Маркстың қақтығыс идеясын қайта пайымдап, қазіргі қоғамдағы қақтығыстардың көзі тек экономикада емес, билік қатынастарында және әлеуметтік рөлдердің жіктелуінде жатыр деп санады. Әрбір ұйым мен институтта үстемдік ету және бағыну позициялары болады, бұл биліктегі адамдар мен оған бағынатындар арасындағы мүдделер қақтығысына алып келеді. Р. Дарендорф қоғамның бақытын скептикалық тұрғыдан қарастырды: ол әлеуметтік келіспеушіліктер жағдайында жалпыға ортақ бақытқа қол жеткізу мақсаты орындалмайтын утопия екенін атап өтті. Қақтығыс теориясы бақыттың баршаға қол жетімді мақсат бола алмайтынын алғышарт ретінде көрсетеді [80]

Қақтығыс теориясының өкілдері әлеуметтік-экономикалық теңсіздігі жоғары қоғамдарда түрлі топтар арасындағы бақыт деңгейінде де айтарлықтай алшақтық болады деп болжайды. Қазақстан бойынша эмпирикалық деректер бұл үрдісті растайды. Атап айтқанда, 2010-жылдары елдің әл-ауқаты артқанымен, бұл игіліктер біркелкі бөлінбеді, оның салдары әртүрлі әлеуметтік мүдделі топтардың субъективті әл-ауқатынан көрінді. Д. Шарипова мен А. Кудебаеваның зерттеуінде 2011–2018 жылдар аралығында Қазақстандағы өмірге қанағаттану деңгейі өзінің материалдық жағдайына риза болғандар арасында өскені, ал экономикалық тұрғыдан қанағаттанбаған халық топтарында төмендегені анықталды [81]. Қақтығыс теориясының өкілдері мұндай деректерді құрылымдық теңсіздіктің салдары ретінде түсіндіреді: қоғам стратификацияланған кезде жоғарғы эшелондар тек материалдық ресурстарды көбірек иеленіп қана қоймай, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру және өзін-өзі жүзеге асыруға да көбірек мүмкіндік алады, ал төменгі страттар фрустрацияны бастан кешіреді. Мұнда субъективті бақыт жасырын әлеуметтік кернеуді анықтайтын индикатор қызметін атқарады. Айта кету керек, қақтығыстық парадигма тек негативті құбылыстарды сипаттаумен

шектелмейді. Оның кейбір теоретиктері (мысалы, Г. Зиммельдің идеяларына сүйенген Льюис Козер) әлеуметтік қақтығыстың қоғам үшін конструктивті функциялар да атқара алатынын көрсетеді. Козердің пікірінше, ешбір топ ішкі қайшылықтарсыз өмір сүре алмайды – қақтығыстың толық болмауы – тоқырауды білдірер еді. Керісінше, басқарылатын қақтығыс әлеуметтік қатынастардың жаңаруына ықпал етуі мүмкін. Льюис Козер «Әлеуметтік қақтығыстың функциялары» еңбегінде ол қақтығыс барысында наразылық пен өшпенділіктің ашық көрінісі жиналған кернеуді босататын өзіндік «қауіпсіздік клапаны» қызметін атқаратынын атап өтеді [81, с. 1241]

Осылайша, қақтығыстық көзқарас халықтың бақытын әлеуметтік әртектілік призмасы арқылы зерттеуді негіздейді. Қазақстанда бақыттың социологиялық өлшемін толық түсіну үшін орташа қанағаттану көрсеткішін білу жеткіліксіз – оның таптық, аймақтық, ұрпақтық және басқа да бөлініс сызықтары бойынша қалай өзгеретінін талдау қажет. Қақтығыс теориясы зерттеушіні «орташа бақыт» көрсеткіштерінің артында тұрған әлеуметтік қақтығыстар мен теңсіздіктерді анықтауға бағыттайды.

Әлеуметтану ғылымының классиктерінің бақыт жөніндегі идеялары өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, олар қазіргі қоғамдағы, соның ішінде Қазақстандағы субъективті әл-ауқатты талдауға құнды теориялық негіз береді. Нарықтық экономикаға көшу, урбанизация және мәдени жаһандану сияқты ауқымды әлеуметтік-экономикалық трансформацияларды бастан кешіп жатқан Қазақстанда классиктер сипаттаған заңдылықтардың көрінісін байқауға болады.

Қорытындылай келе, классикалық социологиялық теориялар бақытты зерттеуге кешенді көзқарас ұсынады. Олар бақытты қоғамнан бөлек жеке адамның сезімі емес, моральдық ахуалмен, еңбек сипаты, құндылықтар құрылымы және тұлғаның еркіндік деңгейімен байланысты әлеуметтік шартталған күй ретінде түсінуді үйретеді. Қазіргі Қазақстан контекстінде Бентам, Конт, Маркс, Дюркгейм және Зиммель идеяларының синтезі әлеуметтік бірлік пен сенім деңгейінен бастап, әр адамның қоғам шеңберінде «өзі болу» мүмкіндігіне дейінгі әл-ауқаттың көпқырлы факторларын ашуға көмектеседі. Бұл классикалық идеялар субъективті әл-ауқатты талдау мен арттыру үшін әлі де теориялық іргетас бола алады. Өйткені классиктер берген бақыт табиғатын түсіну адамдардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған практикалық міндеттерді шешудің кілті болып қала береді.

2.2 Жекеден жаһандыққа дейін: XXI ғасыр әлеуметтануындағы бақыт ұғымын талдаудың теориялық тәсілдері

Американдық социолог Джордж Хоманс әлеуметтік мінез-құлықты адамдар өзара пайда алу мақсатында «марапаттар» мен «шығындарды» айырбастай отырып әрекеттесетін алмасу жүйесі ретінде қарастырады [82]. Оның әлеуметтік алмасу теориясында индивидтің бақытын осы алмасулардағы табысты тепе-теңдіктің нәтижесі ретінде түсіндіруге болады.

Хоманс мінез-құлықтың психологиялық қағидаттарына сүйеніп, адамдар өздеріне бұрын марапат әкелген әрекеттерді қайталауға ұмтылады («сәттілік пропозициясы» деп аталатын қағида) және өзара әрекеттесулерді пайда тұрғысынан бағалайды деп пайымдады [83]. Бақыт ұғымын зерттеу барысында бұл қоғамдағы (соның ішінде Қазақстандағы) жоғары бақыт деңгейі отбасылық қатынастардан бастап экономикалық және еңбек саласындағы өзара әрекеттесулерге дейінгі әділ әлеуметтік алмасулардың басым болуымен байланысты екенін көрсетеді. Дәстүрлі түрде туыстық және достық қолдау желілері мықты Қазақстан контекстінде қауымдастық ішіндегі өзара көмектесу мен ресурстар алмасуы халықтың жалпы бақыт сезіміне қалай ықпал ететінін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Джордж Герберт Мид – символдық интеракционизмнің негізін қалаушылардың бірі. Ол өз еңбектерінде әлеуметтік ортаның тұлға қалыптасуы мен нәтижесінде бақытты сезінуге ықпал етуі туралы маңызды түсінік берген. Мидтің пікірінше, тұлға (Self) басқа адамдармен өзара әрекеттесу және ұжымдық құндылықтар мен ұстанымдарды меңгеру арқылы қалыптасады; ол бұл үдерісті «жалпыланған басқа» рөлін қабылдау деп атаған. Қазіргі зерттеушілер Мидтің идеялары бақыттың гедонистік (жеке ләззат ретінде) және эвдемонистік (өзін-өзі жүзеге асыру мен мән-мағына ретінде) түсіндірмелерін қарама-қарсы қоюды жеңуге көмектесетінін атап өтеді: қоғаммен коммуникацияда адамның жеке қажеттіліктері мен қоғамдағы бақыт идеалдары арасында тепе-теңдік орын алады. Осылайша, Мид бойынша, жеке тұлғаның даралығы мен әл-ауқат сезімі адам ұйымдасқан әлеуметтік топқа қатысу арқылы біртұтас тұлға ретінде қалыптасатын қарым-қатынас үдерісінде орнығады [84].

Чарльз Хортон Кули біздің өз-өзімізді қабылдауымыз бен оған байланысты эмоциялар көбіне айналамыздағы адамдардың бізді қалай қабылдайды деп ойлауымызға тәуелді екенін дамыта түсті. Ол «айнадағы Мен» метафорасын енгізді, оған сәйкес индивид алдымен өз бейнесін басқа адамның көзімен елестетеді, кейін сол адамның бұл әсерді қалай бағалайтынын ойша пайымдайды. Содан соң осының негізінде белгілі бір сезімге, мысалы, мақтаныш не ұят сезіміне бөленеді[85]. Кули үшін үшінші элемент – «өзін-өзі сезіну» (self-feeling) орталық болып саналды: біз айналамыздағы адамдардың пікірін қалай елестететінімізге байланысты қанағаттану мен мақтаныш не қанағаттанбау мен ұят сезімін бастан кешіреміз. Осылайша, Кулидің түсіндіруінде мақтаныш сияқты жағымды эмоцияларды бақыттың әлеуметтік контексте пайда болатын баламалары ретінде қарастыруға болады. Аадам өзгелерге жақсы әсер қалдырып жатырмын немесе олардың мақұлдауына ие болып жатырмын деп сенген кезде мұндай сезімдер туындайды.

Гарольд Гарфинкель адамдардың күн сайынғы тәжірибелер арқылы күнделікті өмірде тәртіп пен «қалыптылық» сезімін қалай қалыптастыратынын зерттеген. Гарфинкельдің бақыт жөніндегі дискурсқа қосқан үлесі – біздің әл-ауқат туралы түсініктеріміздің күнделікті өзара

әрекеттесу арқылы сақталып, көрінетінін түсіндіруінде. Этнометодология адамдардың эмоцияларды жай ғана пассивті түрде сезініп қоймай, оларды әлеуметтік қабылданған ережелерге сәйкес белсенді түрде көрсетіп, түсіндіретінін айқындайды. Мысалы, қоғамда жымию қуаныш немесе қанағаттану белгісі ретінде түсініледі; тұрмыстық санада қарапайым байланыс бар: егер адам жымиса, демек, ол бақытты. П. Хутчинсон ғылыми алғышарттарды шетке ысырып, феноменологиялық қырынан қарасақ, «жымию бақытты адамның болмысының ажырамас бөлігі ретінде көрінеді» деген пікір білдіреді[86, с. 67] Басқаша айтқанда, күнделікті қарым-қатынастағы жымиюдың мағынасы бақыт ұғымымен ішкі байланыста: «жымию» нені білдіретінін білу – қалыпты тілдік қолданыс аясында «бақыттың» не екенін білу деген сөз[87, с. 147]

Жеке тұлғаны қарастырған әлеуметтану классиктерінің тұжырымдамалары бақыттың көпқырлы әлеуметтік құбылыс екенін көрсетеді. Дж. Хоманс қанағаттану сезіміне жетуде алмасулар мен өзара марапаттардың тепе-теңдігінің маңызын атап өтті. Дж. Г. Мид пен Ч. Кули әлеуметтік өзара әрекеттесу мен адамның өз бейнесін өзгелердің көзқарасы арқылы пайымдауы бақытпен байланысты сезімдерді (сенімділік, мақтаныш немесе керісінше қанағаттанбаушылық) қалай қалыптастыратынын көрсетті. Г. Гарфинкель тіпті күнделікті сөйлеу мен ым-ишараның өзінде «қалыптылық» пен әл-ауқат туралы түсініктерді қолдаудың әдістері бар екенін анықтады [88].

Бұл теориялардың Қазақстандағы бақыт ұғымын зерттеуге қолданылуы мынада: олар объективті, субъективті және мәдени-ерекше қырларды ескеретін кешенді тәсілді әзірлеуге мүмкіндік береді. Халықтың бақыт деңгейін әлеуметтік өлшеу алмасу қатынастарын (қауымдастықтағы қолдау мен әділдік деңгейін), ұжымдық құндылықтар мен бірегейлікті (жеке жетістіктердің қоғамдық идеалдарға сай болуын), әртүрлі топтар үшін бақыттың күнделікті мағыналарын, эмоцияларды білдірудің жазылмаған нормаларын, сондай-ақ әл-ауқатқа ықпал ететін әлеуметтік рөлдер мен күтулерді есепке алған кезде ғана толыққанды болады.

Осылайша, әлеуметтанудағы тұлға жөніндегі классикалық теориялар Қазақстан халқының бақытын талдау мен өлшеуге берік теориялық негіз жасайды, эмпирикалық деректерді терең социологиялық перспективада түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы бөлімде XX–XXI ғасырлардағы көрнекті социологиялық және философиялық ойшылдар – Ю. Хабермас, П. Блау, З. Бауман, М. Фуко әзірлеген бақытты талдаудың негізгі теориялық тәсілдері қарастырылады.

Юрген Хабермас «адам бақыты» ұғымын рационалдылық, еркіндік және автономиямен қатар қоғамдық дамудың орталық мақсаттарының бірі деп санады. Оның коммуникативтік әрекет теориясында тұлға мен қоғамның эмансипациясы – шынайы әл-ауқатқа қол жеткізудің шарты деген ой жатыр. Хабермас модерн дәуірі инструменталдық ақылдың және жүйелердің (нарық, бюрократия) өсуіне әкеліп, олардың өмірлік дүниені отарлап, адамдар арасындағы коммуникацияны бұрмалауы мүмкін екенін дамытады. Мұндай

коммуникативтік бұрмалаулар өмір сапасының төмендеуіне алып келеді, өйткені тіпті «адамның тілектері мен құмарлықтары әлеуметтік жүйенің өзімен құрылымдалады» және бұл адамдарды өздері үшін бақыттың не екенін дербес анықтау мүмкіндігінен айырады [58]

Хабермастың пікіріне сәйкес, бақыт және жалпы адами әл-ауқат адамның бұрмаланбайтын диалогқа қатысу және өз өміріне қатысты негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігімен байланысты. Ол Маркспен пікірталасқа түсіп, бейнелеп айтқанда, эмансипацияның басқа жобасын ұсынады: егер Маркс үшін мақсат коммунистік қоғамда жаттанған еңбекті жою болса, Хабермас үшін мақсат – еркін талқылау мен өзара түсінісуге кедергі келтіретін тосқауылдар жойылған, коммуникациясы бұрмаланбаған қоғам құру [89] Мұндай қоғамда шешімдер мәжбүрлеу мен идеологиялық елестерден азат ашық дискурс арқылы қабылданады – бұл сенімнің, ынтымақтастықтың және соның нәтижесінде өмірге қанағаттанудың артуына ықпал етеді.

Питер М. Блау көзқарастарында бақыт әлеуметтік өзара әрекеттесулерге қанағаттану призмасы арқылы қарастырылады. Алмасу теориясы бойынша, адамдар қарым-қатынастарда сыйақыларды (символикалық, эмоциялық, материалдық) барынша арттыруға және шығындарды азайтуға тырысады. П.М.Блау атап өткендей, дәл осы алмасудағы әділдік – жұмсалған күш-жігердің лайықты түрде өтеліп жатқанын сезіну – қанағаттануға, демек, тұлғаның субъективті әл-ауқатына алып келеді. Оның теориясына жасалған жинақтамада: «Әлеуметтік алмасу адамдар өз салымдары үшін әділ қайтарым алған кезде қанағаттану әкеледі» деп көрсетілген. [90, с. 720]. Керісінше, егер индивид қарым-қатынаста өзін пайдаланылып жатыр деп сезінсе немесе қайтарым жұмсалған күшке тең келмейді деп ойласа, бұл әділетсіздік сезімін, көңілдің қалуын және бақыттың төмендеуін тудырады.

Қазақстан жағдайына қолданғанда, әлеуметтік алмасу тәсілі қоғамдағы қолдау мен алмасу желілерін талдауға жетелейді: отбасылық-туыстық байланыстардың, қауымдық өзара көмектің (асар және т.б.) дәстүрлі түрде мықты болуы. Мұндай бейресми алмасулар ресми институттардың жетіспеушіліктерін өтей отырып, әл-ауқатқа үлкен үлес қосады.

Зигмунт Бауманның «заманауи сұйықтық» пен тұтыну қоғамы туралы еңбектері қазіргі капитализм контекстіндегі бақыт мәселесін өзекті етеді. З.Бауман тұтыну қоғамы адамдарды шынымен бақытты етті ме? деген тікелей сұрақ қояды. Оның қорытындылары парадоксалды болып келеді. Бір жағынан, тұтыну қоғамы бақыт сезімін уәде етеді – тарихта алғаш рет әр адам дәл осы жерде және қазір, жер бетіндегі өмірінде, әрі үнемі бақытты бола алады және болуы тиіс деген идея жарияланады. Жарнама мен бұқаралық мәдениет бақытты тауарлар мен қызметтерді сатып алу арқылы қол жеткізуге болады деген бейнені үнемі таратумен айналысады. Бақыт міндетті әлеуметтік нормаға айналады – «енді бақытсыздықты заңдастырмайтын жалғыз қоғам», – деп Бауман мысқылмен атап өтеді [91]. Екінші жағынан, эмпирикалық деректер мен Бауманның талдауы тұтынушылық революция өмірге тұрақты

қанағаттанудың артуына әкелмегенін көрсетеді. Керісінше: «тұтынушылар қоғамы… өз өлшемдері бойынша бақыт деңгейін арттыруда сәтсіздікке тап болды» [92].

Бауман әсіресе экономистердің зерттеулеріне сүйенеді: белгілі бір жеткіліктілік шегіне (адам басына шамамен 20 мың доллар) жеткеннен кейін тұтынудың әрі қарай өсуі өзін бақытты санайтын адамдардың үлесін іс жүзінде арттырмайды [93] Қазақстанда, мысалы, орташа бақыт деңгейі 10 балдың ішінде шамамен 6,6 балл деп бағаланады (бұл әлемдік көрсеткіштер бойынша орта деңгей), және ЖІӨ-нің өсуі өмірге қанағаттанудың дәл сондай өсімімен әрдайым қатар жүрмеген [94].

Мишель Фуконы қоғамда бақыттың қалай анықталатынын және өлшенетінін сыни тұрғыдан талдау үшін қарастыруға болады. М. Фуко әртүрлі тарихи дәуірлерде дискурстар (медициналық, педагогикалық, діни және т.б.) арқылы «қалыпты» немесе «идеал» адам деген түсініктің қалай қалыптасқанын көрсетті. Әлеуметтік идеал ретіндегі бақыт та дискурсивті түрде құрылады. Қазіргі дәуірде «бақыт дискурсы» деп аталатын құбылыстың пайда болғанын байқауға болады – психология, менеджмент, әл-ауқат саясаты арқылы. Фуконың көзқарасы бойынша, бұл нарративтердің қатар өмір сүруі индивидуализация үдерістерінің (жауапкершілікті индивидке жүктеу) және әлеуметтік байланыстардың қажеттілігінің әлі де сезілуінің нәтижесі. Бақыт туралы дискурс – бейтарап шындық емес, «мәселені ойлау мен айту тәсілі», әрі ол әрдайым билік матрицасына кіріктірілген [95].

Фуко бақыт ұғымының өзіне сыни көзқараспен қарауды ұсынады: оны кім және қалай анықтайды, «бақыт режимдері» кімге және қандай мақсат үшін тиімді. Қазақстандағы зерттеулер үшін оның тәсілі «бақыт деңгейі» терминін өздігінен берілген нәрсе ретінде қабылдамай, оны өлшеу мен арттырудың артында қандай билік–білім практикалары тұрғанын талдауға, сондай-ақ қазақстандықтардың өз бақыт нарративтерін қалыптастыра отырып, үстем дискурстарға қалай қарсылық білдіре алатынын немесе оларды қалай қолдайтынын зерттеуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, теориялық бөлімге жинақтап айтсақ: халықтың бақыты – әлеуметтік көңіл-күйдің маңызды көрсеткіші, бірақ ол вакуумда өмір сүрмейді. Ол қоғамның жай-күйін бейнелейді. Бұл теориялық негіз жұмыстың эмпирикалық бөліміне арқау болып, онда ұсынылған гипотезаларды тексеруге және Қазақстан қоғамының бақыт деңгейі мен өмір сапасын арттыруға бағытталған негізделген шараларды әзірлеуге үлес қосатын сауалнама мен сұхбат деректері талданады.

3 ЗАМАНУИ ҒЫЛЫМИ ДИСКУРСТЕГІ БАҚЫТ: УНИВЕРСАЛДЫ КОНЦЕПЦИЯЛАР, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮРДІСТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПЕРСПЕКТИВА

3.1 Бақыт жөніндегі ғылыми пікірталас: библиометриялық талдау

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық және мәдени трансформациялар жеке тұлғаның субъективті әл-ауқаты мәселесіне ғылыми қызығушылықтың артуына алып келді. Жаһандану, цифрландыру және әлеуметтік теңсіздіктің күшею жағдайында өмір сапасы, психологиялық әл-ауқат және әлеуметтік қанағаттанушылық мәселелері жеке адам үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де ерекше маңызға ие болып отыр. Субъективті әл-ауқат бүгінгі күні жеке қанағаттанушылық пен психикалық денсаулықтың көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар тұрақты даму, әлеуметтік капитал және мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылады.


Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), БҰҰ сияқты халықаралық

ұйымдар субъективті әл-ауқат көрсеткіштерін өмір сапасын бақылау жүйелеріне белсенді түрде енгізіп отыр. Бұл зерттеу бағытының стратегиялық маңыздылығын дәлелдейді. Алайда ғылыми әдебиеттерде көзқарастардың бытыраңқылығы, бірыңғай концептуалды модельдің жоқтығы және өлшеу әдістемелеріндегі айырмашылықтар сақталуда, бұл субъективті әл-ауқаттың динамикасы мен құрылымы туралы тұтас түсінік қалыптастыруды қиындатады.

Осындай жағдайда ғылыми жарияланымдарға кешенді библиометриялық талдау жүргізу негізгі зерттеу бағыттарын анықтауға, ең өнімді журналдар мен авторлардың өзегін белгілеуге, сондай-ақ тақырыптық эволюция мен пәнаралық байланыстарды қадағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл жинақталған білімді жүйелеумен қатар, зерттеу олқылықтарын айқындауға да жағдай жасайды. Бұл зерттеуді теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да өзекті етеді. Сондықтан, диссертациялық зерттеу шеңберінде субъективті әл-ауқат және бақыт деңгейі тақырыбында жарияланған ғылыми мақалаларға библиометрикалық талдау жүргізілді. Талдау жұмысы Scopus базасында арнайы кілт сөздерді пайдалана отырып индекстелген жарияланымдарды іздеу арқылы жүргізілді. Аталған әдісті Aria және Cuccurullo [96] 2017 жылы ғылыми талдауға енгізген болатын. Іріктелген мақалалар Bibliometrix пакетінде R Studio құралын пайдалану арқылы талданды және визуализация жасалды. Бұл әдіс ғылыми кеңістіктің құрылымын, өнімділігі жоғары авторлар мен басылымдарды, басты қылыми тақырыптар мен зерттеу мәселелсінің даму тенденциясын анықтауға мүмкіндік береді. Талдау барысында келесі қадамдар жүзеге асырылды: а) дәйектелу және өнімділікті талдау; ә) ғылыми байланыс; б) қосарлы дәйектеуді талдау; в) зерттеу тақырыбын кластерлік топтарға бөлу.

Нақты іріктеу алгоритмі келесі формула бойынша жүзеге асырылды: «(TITLE-ABS-KEY (happiness AND level) AND TITLE-ABS-KEY (subjective AND well-being)) AND PUBYEAR > 2001 AND PUBYEAR < 2024 AND (LIMIT-TO (SUBJAREA , "SOCI") OR LIMIT-TO (SUBJAREA , "PSYC")) AND (LIMIT-TO (DOCTYPE , "ar")) AND (LIMIT-TO (EXACTKEYWORD , "Happiness") OR LIMIT-TO (EXACTKEYWORD , "Subjective Well-being")) AND (LIMIT-TO (LANGUAGE , "English")) AND (LIMIT-TO (PUBSTAGE , "final")) .

Нәтижесінде 2001-2024 жылдар аралығындағы ағылшын тілінде жарияланған мақалаларға фильтр қою барысында барлығы 545 жарияланым іріктелді (толығырақ 3.1.1 суретте көрсетілген). Зерттеу валидтілігін қамтамасыз ету үшін монографиялар, кітап тараулары, есептер мен конференция мақалалары алынып тасталды. Кілттік сөз есебінде «happiness level» және «subjective well-being» термині таңдалды. Жалпы ғылыми салалардан «әлеуметтік ғылымдар» мен «Психология» салалары іріктелді.






3.1.1-сурет. **«PRISMA protocol-ға» сай ғылыми мақалаларды іріктеу және талдау сызбасы**

Дерекқорды іздеу және мәліметтерді іріктеудің бастапқы кезеңінде зерттеу тақырыбы аясында 1469 мақала анықталды, оның ішінде 927 мақала Scopus базасының автоматтандырылған фильтрлерін қолдану арқылы тізімнен алынып тасталды. Зерттеудің келесі кезеңінде 49 мақала талдау базасынан жойылып, нәтижесінде 496 мақала іріктеліп алынды.

Талдау нәтижелері соңғы жиырма төрт жыл ішінде жарияланымдар санының да, олардың дәйексөзделуінің де өсуі байқалатын тұрақты оң үрдістің бар екенін көрсетеді. Бұл зерттеліп отырған мәселеге ғылыми қызығушылықтың артып келе жатқанын айқындайды. 2001–2024 жж. деректер жарияланым динамикасының айқын өскен, демек жылдық шығарылым 2001 жылғы 2 мақаладан 2024 жылы 49 мақалаға дейін тұрақты түрде артқан, яғни сала институционалдану мен кеңею кезеңінен өткен. Алайда бір мақалаға шаққанда орташа дәйексөз (MeanTCperArt) зерттеу кезеңінің бастапқы жылдарында өте жоғары болған, ал 2018 жылдан бері жүйелі төмендеп, 2022–2024 жж. ең төмен көрсеткішті көрсеткен (3.1.2-сурет).



3.1.2-сурет. 2001-2024 ж.ж. аралығында жарияланған мақалалар саны мен орташа дәйексөз.

Талдаудың келесі кезеңінде «бақыт деңгей» не «субъективті әл-ауқатты» (SWB) зерттеудегі ең көп дәйектелген танымал мақалалар тізімі анықталды (1-кесте). Тізімнің басым бөлігін Diener Ef, Tay L, Oishi S, Lucas Re авторлығымен жазылған мақалалар құрайды (13 мақаланың 10-ын осы авторлар жазған), демек бұл соңғы жиырма жылдықтағы субъективті әл-ауқатты зерттеудің теориялық-эмпирикалық өзегін осы авторлар тобы жасағанын аңғартады. Әлемдік бақыт деңгейін бағалауда қазіргі таңдағы ең ықпалды жұмыс Diener, Tay, Oishi (2018, *Nature Human Behaviour*) жазған «Advances in subjective well-being research» мақаласы екен. Мақаланың жалпы дәйексөз саны =1115-ті құраса, жыл сайынғы орташа дәйексөз қарқыны да ≈139-ға тең. Сонымен бірге, зерттеу кезеңі аралығында тақырыптық фокус екі шоғырды қамтыған: (1) бейімделу және set-point теориясы (Lucas, 2006–2007; некеге тұру, ұзақмерзімді мүгедектік, өмірге деген қанағаттанудың тұрақтылығы), (2) қоғамдық-экономикалық детерминанттар (табыс, теңсіздік, қарыз, прогрессивті салық, ұлттық қанағаттану).


№	Авторлар	Жылы	Мақала тақырыбы	Басылым	Дәйексөз саны (ТС)	Жылдық дәйексөз саны (ТСрҮ)
1	Diener Ef, Tay L & Oishi S	2018	Advances in subjective well-being research	Nature Human Behaviour	1115	139,375
2	Lucas Re	2007	Adaptation and the set-point model of Subjective Well-Being: does happiness change after major life events?	Current Directions in Psychological Science	593	31,21052632
3	Diener Ef, Tay L	2011	The religion paradox: if religion makes people happy, why are so many dropping out?	Journal of Personality and Social Psychology	453	30,2

№	Авторлар	Жылы	Мақала тақырыбы	Басылым	Дәйексөз саны (ТС)	Жылдық дәйексөз саны (ТСрУ)
4	Lucas Re	2007	Long-term disability is associated with lasting changes in subjective well-being: evidence from two nationally representative longitudinal studies	Journal of Personality and Social Psychology	320	16,84210526
5	Diener Ef, Tay L & Oishi S	2013	Rising income and the subjective well-being of nations	Journal of Personality and Social Psychology	307	23,61538462
6	Lucas Re	2007	How stable is happiness? Using the starts model to estimate the stability of life satisfaction	Journal of Research in Personality	224	11,78947368
7	Diener Ef, Tay L	2015	Subjective well-being and human welfare around the world as reflected in the Gallup world poll	International Journal of Psychology	148	13,45454545
8	Evans Mdr, Kelley J	2014	Does national income inequality affect individuals' quality of life in Europe? Inequality, happiness, finances, and health	Social Indicators Research	134	11,16666667
9	Tay L	2017	Debt and subjective well-being: the other side of the income-happiness coin	Journal of Happiness Studies	118	13,11111111
10	Diener Ef, Oishi S	2012	Progressive taxation and the subjective well-being of nations	Psychological Science	113	8,071428571
11	Kelley J, Evans Mdr	2017	Societal inequality and individual subjective well-being: results from 68 societies and over 200,000 individuals, 1981–2008	Social Science Research	105	11,66666667
12	Diener Ef, Tay L	2011	Subjective well-being and national satisfaction: findings from a worldwide survey	Psychological Science	102	6,8
13	Lucas Re	2006	Do people really adapt to marriage?	Journal Of Happiness Studies	102	5,1

3.1.1-кесте. Ең көп дәйексөз жасалған мақалалар тізімі

Biblioshiny бағдарламасы бойынша жасақталған есепте авторлардың өнімділігі субъективті әл-ауқат бойынша жазылған жарияланымдар жиілігі «Lotka's law» заңдылығы бойынша есептелініп, жалпы 1208 автордың 90%-ы (1089) кем дегенде бір мақала жариялағаны анықталған. Ал, 0,07%-ы (85) екі мақала жазса, 0,01% барлығы 3 еңбек (17) және 1 автор максималды көрсеткіш 11 мақаладан жариялаған екен.

Зерттеу тақырыбы бойынша жазылған мақалалардың жинақталған жарияланым саны 3-суретте берілген. Талдау барысында айтқанымыздай 2001–2024 аралығында бақыт деңгейін зерттеуде ғылыми өндіріс үздіксіз өсіп, Journal of Happiness Studies сала үздігі ретінде анықталды. Одан кейін жоғары деңгейдегі өнімді басылымдар қатарына Social Indicators Research, Applied Research in Quality of Life, Frontiers in Psychology Personality and Individual Differences деген журналдар енген.




3.1.3-сурет. Ғылыми басылымдардың өнімділігінің динамикасы

Субъективті әл-ауқат тақырыбында ғылыми ықпалы ерекше басылымдардың бірі – «*Journal of Personality and Social Psychology*», себебі журналда жарияланған 6 мақала орта есеппен 218 дәйексөзден жарияласа, ал *Nature Human Behaviour* журналындағы жалғыз шолу мақала 1115 дәйексөзге ие болған. Мақала саны бойынша көшбасшы журналдар ретінде Journal of Happiness Studies және Social Indicators Research басылымдарын атауға болады (2-кесте).

Ғылыми басылым	Дәйексөз саны (TC)	Мақала саны (NP)	Орташа дәйексөздер саны
JOURNAL OF HAPPINESS STUDIES	3807	83	46
SOCIAL INDICATORS RESEARCH	3597	61	59
JOURNAL OF PERSONALITY AND SOCIAL PSYCHOLOGY	1310	6	218
NATURE HUMAN BEHAVIOUR	1115	1	1115
JOURNAL OF POSITIVE PSYCHOLOGY	684	9	76
CURRENT DIRECTIONS IN PSYCHOLOGICAL SCIENCE	593	1	593
SOCIAL SCIENCE AND MEDICINE	524	8	65,5
PERSONALITY AND INDIVIDUAL DIFFERENCES	522	12	43,5
ANNALS OF TOURISM RESEARCH	471	1	471
JOURNAL OF ECONOMIC PSYCHOLOGY	450	6	75

3.1.2-кесте. Ғылыми басылымдардың өнімділігі

Библиометрикалық талдау барысында субъективті әл-ауқатты көп зерттеген елдер картасын анықтауға болады. 4-суретте көрсетілгендей, бақыт деңгейін талдаған ғалымдар мен ғылми институттардың ең көп шоғырланған елі – АҚШ (301) болса, одан кейінгі орында Қытай мен Батыс Еуропа елдерін атауға болады, ал Орталық Азия елдері ішінде осы бағытта тек Қазақстандық (4) авторлар ғана индекстелген ғылыми журналдарда мақала жазған. Картадағы түстер қарқындылығы бойынша жарияланым жиілігі (жиынтық есеп)анықталады, сұр түсте белгіленген елдер бойынша дерек/жарияланым жоқ.



3.1.4-сурет. Авторлардың аффилициясы бойынша ғылыми өнімділікті мемлекет аралық талдау


Жарияланым өндірісі мен ықпалдың географиясы талдауда асимметриялы мәліметтер анықталды. Мысалы, АҚШ екі метрикада да көшбасшы (NP=99, TC=8280, орташа дәйектеу - 83,6) болса, ал ҚХР ғылыми мақалалар саны бойынша 2-орында (NP=59) болғанымен, орташа дәйексөз деңгейі бойынша төменгі (19,5) орынға жайғасқан. Германия, Ұлыбритания, Нидерланды, Австралия, Испанияның ғылыми институттарының жұмыстары орта дәйектеу бойынша орта есеппен -55–80 көлемінде дәйектелген және өнімділіктері де үздік ондыққа кіреді.

Дәйектеу деңгейін талдау					Мақалаларды талдау		
№	Мемлекет	Дәйексөз саны (TC)	Мақала саны (NP)	Мақаланы орташа дәйектеу	№	Мемлекет	Мақала саны (NP)
1	USA	8280	99	83,6	1	USA	99
2	Germany	2237	31	69,9	2	China	59
3	United Kingdom	2236	28	79,9	3	Germany	32
4	Canada	1520	31	49	4	Canada	31
5	Netherlands	1337	19	70,4	5	United Kingdom	28
6	Australia	1231	18	68,4	6	Spain	21
7	Spain	1167	21	55,6	7	Korea	19
8	China	1151	59	19,5	8	Netherlands	19
9	Korea	412	19	21,7	9	Australia	18
10	HONG KONG	365	10	36,5	10	Italy	17

3.1.3-кесте. Ғылыми өнімділіктің мемлекетаралық үлесі

Елдер арасындағы ғылыми ынтымақтастық картасы көрсеткендей, зерттеу бағыты бойынша халықаралық жарияланымдық белсенділіктің негізгі орталығы АҚШ болып табылады. Бұл ел Ұлыбритания, Германия, Қытай, Корея және Австралия сияқты жетекші ғылыми орталықтармен кең көлемде тақырыптық ынтымақтастық орнатқан. Батыс Еуропа мемлекеттері

(Ұлыбритания, Германия, Франция, Нидерланды) өзара тығыз байланыста болып, АҚШ-пен бірге жаһандық ғылыми желінің басты ядросын қалыптастырады. Азия мемлекеттері (Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан) де халықаралық ғылыми әріптестікке белсенді қатысып, әсіресе АҚШ пен Еуропамен бірлескен зерттеулер жүргізуде. Картада көрсетілгендей Қазақстандық ғылыми институттардың басқа мемлекеттермен байланысы жоқ екені анықталып, өңірдің халықаралық ғылыми интеграциясының жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетеді.



3.1.5-сурет. Мемлекетаралық ғылыми ынтымақтастық картасы

Іріктелген деректер негізінде жүргізілген концептуалды құрылымдық талдау нәтижесінде төрт ірі тақырыптық кластер айқындалды. Әр кластер белгілі бір зерттеу бағытын сипаттап, ғылыми өрістің құрылымдық ерекшеліктерін көрсетеді:

(1) Көк кластер **(Socioeconomic and health factors).** Бұл кластерде *socioeconomic factors, health, health status, psychometry, questionnaires, very elderly, 80 and over* сияқты ұғымдар шоғырланған. Ол субъективті әл-ауқаттың әлеуметтік-экономикалық және денсаулық аспектілерін зерттеуге бағытталған еңбектерді қамтиды. Бұл жерде басты ғылыми мақала ретінде Lucas-тың (*Lucas, 2007. Long-term disability…*) еңбегін атай аламыз, автор ұзақ мерзімді мүгедектік/денсаулық күйінің субъективті әл-ауқатқа әсерін талдап, денсаулық пен бақыт деңгейінің жоғары байланысын анықтайды. Кластердегі негізгі ғылыми бағдар халықтың әртүрлі жас топтарының денсаулық жағдайына, психометриялық әдістер арқылы өмір сапасын өлшеуге, сондай-ақ сауалнамалық әдістерді қолдануға аударылады.


(2) Жасыл кластер **(Psychological and social aspects).** Кластер субъективті әл-ауқатты қалыптастырудың жеке және әлеуметтік-психологиялық процестерін көрсететін негізгі сөздерге шоғырланған, мысалы *personal satisfaction, cross-sectional study, longitudinal study, social support,*

emotions, aging, adolescent, stress, social psychology сияқты терминдер. Мұндағы орталық жұмыстар ретінде Р.Лукастың «орналастыру нүктесі» моделі бойынша зерттеуін және негізгі өмірлік оқиғаларға бейімделудә талдауын (Lucas, 2007. Adaptation and the set-point model…) және бақыттың тұрақтылығын дәлелдеуге арналған (Lucas, 2007. How stable is happiness?) еңбектерін қарастыра аламыз. Сонымен бірге, осы кластерге некені өмірлік оқиға ретінде талдау мен оған бейімделу динамикасы туралы мақаланы (Lucas, 2006. Do people really adapt to marriage?) енгізуге болады. Сонымен қатар, Diener & Tay «дін парадоксын» талдай келе діндарлықтың субъективті әл-ауқатпен байланыс анықтаған (Diener & Tay, 2011. The religion paradox…). Жалпы алғанда, бұл кластер субъективті әл-ауқаттың вариациялары тек сыртқы жағдайлармен ғана емес, сонымен қатар тұлға ішіндегі бейімделу механизмдерімен, құндылық бағдарларымен және әлеуметтік рөлдермен түсіндірілетінін көрсетеді.

(3) Қызыл кластер **(Macroeconomic and structural factors).** Бұл кластерде *gross domestic product, economic growth, income distribution, unemployment, poverty, socioeconomic indicator, employment, quality of life* сияқты ұғымдар топтасқан. Демек кластер субъективті әл-ауқатты макродеңгейдегі жағдайлардың функциясы ретінде қарастыратын зерттеулерді біріктірген. Ел деңгейінде табыстың өсуі мен әл-ауқат арасындағы байланыс расталды (Diener, Tay, & Oishi, 2013. Rising кіріс…), прогрессивті салық салудың рөлі нақтыланады (Diener & Oishi, 2012. Прогрессивті салық салу…) және ұлттық теңсіздіктің өмір сүру сапасына әсері тіркелді (Evans & Kelley, 2014. Income inequality…). Ауқымды іріктеулер бойынша жүргізілген ұлттық зерттеулер әлеуметтік теңсіздіктің жеке адамның әл-ауқатын жүйелі түрде төмендететінін көрсетеді (Kelley & Evans, 2017. Societal inequality…) және жаһандық сауалнамалар (Gallup) әртүрлі институционалдық контексттердегі әл-ауқат пен әл-ауқаттың салыстырмалы көрінісін береді (*Diener & Tay, 2015. Human welfare…*; *Diener & Tay, 2011. National satisfaction…*). Осылайша, кластер алдыңғы кластерлердің психологиялық механизмдері «жұмыс істейтін» құрылымдық шеңберді сипаттайды.

(4) Күлгін кластер **(Psychological well-being and demographics).** Бұл кластер *psychological well-being, emotional well-being, anxiety, depression, sadness, happiness, life satisfaction, gender, household income, education, demography* сияқты ұғымдарды қамтиды. Ол жеке тұлғалық және демографиялық факторларға негізделген зерттеулерді сипаттайды. Негізгі тақырыптар – психологиялық әл-ауқат, эмоционалды жағдай, гендерлік айырмашылықтар, білім және табыс деңгейінің қанағаттанушылыққа ықпалы. Қарыз ауыртпалығын зерттеу «табыс-бақыт» қарым-қатынасының «басқа жағын» көрсетеді, бұл қарыздың созылмалы стрессоры ретінде салыстырмалы табыспен де әл-ауқатын төмендететінін көрсетеді (Tay, 2017. Debt and subjective well-being…). Осы нәтижелер аясында демографиялық ауысулардың психологиялық жағдайды қалай өзгертетінін, экономикалық факторлардың

әсерін күшейтетінін немесе әлсіретететінін көрсететін отбасылық мәртебенің өзгеруімен бақытты болу динамикасы – некеге тұру және оған бейімделу (Lucas, 2006. Do people really adapt to marriage?) бойынша жұмыстардың маңызы зор. Бұл кластер әл-ауқаттағы өзгерістердің «микродеңгейдегі» сипатына баса назар аударады: күнделікті өмірдің қаржылық және отбасылық контурлары эмоционалды және когнитивтік бағалауға тікелей аударылады.



3.1.6-сурет. Ғылыми мақалаларды кластерлік талдау

Кластерлік талдау нәтижесі концептуалды құрылым картасы субъективті әл-ауқаттың көп деңгейлі сипатын көрсетеді. Психологиялық және әлеуметтік механизмдер (жасыл кластер) өмірлік оқиғаларға, құндылықтарға және рөлдерге бейімделу арқылы бақытты бағалаудың негізгі динамикасын белгілесе, олардың әрекеті мүмкін бейімделудің «жоғары» және «төмен» деңгейін анықтайтын адамның денсаулық жағдайы және күнделікті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар (көк кластер) арқылы өзгертіледі. Бұл микродеңгейдегі процестер макроэкономикалық және институционалдық құрылымдар (қызыл кластер) – даму деңгейі, теңсіздік, салық және әлеуметтік саясат топтар мен елдер арасындағы әл-ауқаттың орташа деңгейлері мен бөліністерін белгілейтін шеңберде жүреді. нәтижесінде, тұрмыстық және демографиялық өмір сипаты (күлгін кластер) - отбасылық жағдай, білім, табыс және қарыз ауыртпалығы секілді құрылымдық жағдайлар мен психологиялық механизмдерді қанағаттану мен эмоционалдық жағдайдың нақты күнделікті бағалауына айналдырады. Осылайша, субъективті әл-ауқат микро-, мезо- және макрофакторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады және

анықталған кластерлер жеке бағалауды денсаулық жағдайымен, тұрмыстық ресурстармен және ұлттық контексттердің институционалдық ерекшеліктерімен байланыстыруға мүмкіндік беретін біртұтас аналитикалық құрылымды құрайды.

Библиометрикалық талдау нәтижелері субъективті әл-ауқаттың бір факторға тәуелді емес, өзара байланысқан факторлардың (жеке психологиялық механизмдер, денсаулық/үй шаруашылығы ресурстары, институционал-экономикалық орта) қиылысында қалыптасатынын көрсетті. Кластерлік картада да осы деңгейлердің бір-бірін толықтыратыны айқындалды, яғни психологиялық бейімделу процестері ресурс шектеулеріне тіреледі, ал макроқұрылымдық контекст жеке бағаларды жүйелі түрде ығыстырады. Осыдан шығатын практикалық түйін ретінде әл-ауқатты арттыруға бағытталған саясат кешенді болуы тиіс және табыс пен жұмыспен қамтудан бөлек, теңсіздікті азайту, қарыз жүктемесін басқару, психикалық денсаулық пен әлеуметтік қолдауды күшейту бір уақытта жүруі керек деген қорытындыға келеміз. Академиялық ортада бақыт пен субъективтік әл-ауқатты зерттеуде микро және макро айнымалыларды бір модельде тоғыстыратын көпдеңгейлі, лонгитюдтік дизайндар маңызды және халықаралық ко-авторлықты кеңейту арқылы Қазақстандық деректерді жаһандық деңгейде салыстыру қажет.

3.2 Бақытты прогресс өлшемі ретінде қарастыру: мемлекеттік тәсілдер мен индекстік әдістер

Бақытты өлшеу әрдайым күрделі әрі субъективті құбылыс болып келгенімен, соңғы онжылдықтарда оны қоғам дамуының ресми индикаторы ретінде пайдалану тәжірибесі кең тарала бастады. Бұл бағыттағы алғашқы қадамды шағын Бутан мемлекеті жасады. Мұнда дәстүрлі жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көрсеткіші «жалпы ұлттық бақыт» (ЖҰБ) ұғымымен алмастырылып, өмір сапасы тек материалдық емес, рухани өлшемдер арқылы да бағалана бастады. Жаңа концепцияны 1972 жылы Бутан королі Джигме Сингье Вангчук енгізді.

Мемлекет әрбір азаматтың бақытына ұмтылуды басты мақсат деп жариялап, бұл ұстанымды Конституция деңгейінде бекітті: «Мемлекет бүкіл ұлттың бақытына қол жеткізуге ықпал ететін жағдайларды жасау және қолдау үшін бар күшін салады» (Бутан Патшалығының Конституциясы, 9-б. [Электронды ресурс]. –//http://constitutions.ru/archives/4121 қолжетімді). ЖҰБ әдістемесін әзірлеуде Бутан билігі халықаралық экономистерді тартты.

1998 жылы қабылданған стратегиялық бағдарлама «бақыттың төрт тірегі» тұжырымдамасына негізделді: тұрақты экономикалық даму, экологиялық тепе-теңдікті сақтау, ұлттық мәдениетті қолдау және тиімді мемлекеттік басқару. Бұл тіректер кейін тоғыз салаға жіктелді: психологиялық әл-ауқат, экология, денсаулық, білім, мәдениет, тұрмыс деңгейі, уақытты пайдалану,

қоғамдық белсенділік және басқару сапасы. Бұл көрсеткіштер әр екі жыл сайын бүкілхалықтық сауалнама арқылы қайта қаралады (Gross national happiness commission. Royal Government of Bhutan. ресми сайты:http://www.gnhc.gov.bt/).

Бутан бастамасы халықаралық деңгейде қолдау тапты. 2011 жылдың 19 шілдесінде осы елдің ұсынысымен және Франция, Ұлыбритания, Жапония және тағы елуге жуық мемлекеттің қолдауымен БҰҰ Бас Ассамблеясы «Бақыт: дамуға кешенді көзқарас» атты қарар қабылдады. Құжатта бақытты елдердің даму көрсеткіші ретінде қолдану ұсынылды, сондай-ақ мемлекеттерге оны өлшеудің ұлттық әдістемелерін жасау және тәжірибе алмасу ұсынылды [97]

ЖІӨ-нің орнына балама іздеудің тағы бір мысалы 2008 жылы Францияда байқалды. Ел президенті Николя Саркози экономикалық жетістіктерді және әлеуметтік прогресті өлшеуге арналған арнайы комиссия құрды. Оны Нобель сыйлығының лауреаттары Амартия Сен мен Джозеф Стиглиц басқарды. Комиссия дәстүрлі экономикалық көрсеткіштерге сын көзбен қарап, орнықты даму, қауіпсіздік, саяси құқықтар, экологиялық жағдай секілді өмір сапасын сипаттайтын индикаторларды ескеруді ұсынды.

2009 жылы Джозеф Стиглиц пен Амартия Сен жариялаған еңбекте авторлар ЖІӨ динамикасына тым көп назар аудару әлемдік қаржы дағдарысының себептерінің бірі болғанын атап өтті. Олардың пікірінше, үкіметтер мен экономистер жұмыссыздықтың әлеуметтік салдарын немесе қысқа мерзімді өсімге жету мақсатында артық несиелендірудің ұзақ мерзімді зардаптарын елемей келген. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша президент Николя Саркози елдің дамуын бағалауда бақыт деңгейі мен денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігі сияқты параметрлерді енгізу қажеттігін айтты және басқа мемлекеттерді Франция тәжірибесіне назар аударуға шақырды.

Қазіргі таңда әр ел өз әдістемесіне сүйене отырып ұлттық индекстерді есептейді [98]. 2010 жылдың соңында Ұлыбритания үкіметі бақыт индексін өлшеуге екі миллион фунт стерлинг бөлді. Дэвид Кэмеронның айтуынша, бұл көрсеткіш дәстүрлі статистикалық деректерді толықтыруы тиіс еді [99].

Қытай да бұл бастамадан қалыс қалмады. 2011 жылы ел билігі 16 көрсеткіш негізінде бақыт индексін енгізді. Мұнда дәстүрлі экономикалық айнымалылармен қатар ерекше өлшемдер де ескеріледі [100].

Жалпы алғанда, бақыт феноменін өлшеу тек академиялық қауымдастықты ғана емес, мемлекеттік басқару тәжірибесін де қызықтырып отыр. Әртүрлі елдердің үкіметтері халық бақытына негізделген әмбебап әдістеме құруға және оны мемлекеттік саясат тиімділігін бағалауда пайдалануға тырысады. Қазіргі таңда бұл үрдіс әлеуметтік дамудың күрделенуі мен қоғамдық құрылымдардың эволюциясына байланысты ескерусіз қалдыруға болмайтын дербес зерттеу бағытына айналды. Бақытты өлшеудің бірыңғай әдісі әлі жоқ, тіпті болуы да шарт емес. Дегенмен, мұндай

ізденістер қоғам мен мемлекеттің өзара әрекеттесуін жақсартудың, әлеуметтік саясатты жетілдірудің маңызды тетігі болып табылады.

Бақытты зерттеу аясында ұзақ мерзімді жүргізілген жұмыстардың бірегейі Гарвардтың ересек даму жөніндегі зерттеуі (Harvard Study of Adult Development) – адамның өмір бойындағы бақытына, денсаулығына және жалпы әл-ауқатына әсер ететін факторларды зерттеуге бағытталған ерекше әрі әлемдегі ең ұзақ мерзімді ғылыми жоба. 1938 жылы АҚШ-та басталған бұл зерттеу әлі күнге дейін жалғасып келеді және 85 жылдан астам уақытты қамтиды [101].

Зерттеу басынан бастап екі негізгі топтан тұрды. Бірінші топ – Гарвард университетінің студенттері: физикалық және психикалық тұрғыдан дені сау, негізінен жоғары әлеуметтік жағдайдағы отбасылардан шыққан жас ер адамдар. Бұл қатысушылар АҚШ элитасының өкілдері ретінде қарастырылды.

Екінші топ – Бостон қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен аудандарында өскен балалар. Олар көбінесе кедейлікпен, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен немесе алкогольге тәуелділікпен бетпе-бет келген отбасылардан шыққан. Осылайша, зерттеу қоғамның екі әлеуметтік қабатын қамтып, адамның өмір жолына балалық шақтағы жағдайлардың әсерін ұзақ мерзімде бақылауға мүмкіндік берді.

Жоба барысында қатысушылармен үнемі сұхбаттар жүргізіліп, медициналық тексерулер жасалды, психологиялық тесттер алынды, биологиялық көрсеткіштер (қан талдауы, гормон деңгейі және т.б.) өлшенді, олардың өмірбаяны (отбасылық жағдайы, кәсіби мансабы, әлеуметтік қарым-қатынастары) жан-жақты зерттелді. Кейінгі кезеңдерде зерттеуге қатысушылардың жұбайлары мен балалары да тартылды, бұл жобаның ауқымын ұрпақаралық деңгейге дейін кеңейтті.

Әлемдік тәжірибеде бақытты өлшеу үшін түрлі индекстер қолданылады. Олар халықаралық ұйымдар мен ғылыми орталықтардың әртүрлі әдістемелеріне сүйене отырып есептеледі. ЖІӨ-нің ең танымал әрі мойындалған баламаларының бірі – Адам даму индексі (АДИ). Бұл индекс жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемін ғана емес, сонымен қатар білім алуға қолжетімділікті, өмір сүру ұзақтығын және басқа да маңызды көрсеткіштерді қамтиды.

АДИ Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) сарапшылары мен тәуелсіз халықаралық мамандардың бірлескен еңбегі нәтижесінде жыл сайын жарияланып отырады. Индекс ұлттық статистика органдары мен халықаралық ұйымдардың ресми деректеріне сүйеніп есептеледі. Мұндай есептер 1990 жылдан бері үздіксіз жарияланып келеді (Official Website of the Center for Humanitarian Technologies. Ресми сайты: http://gtmarket.ru/ratings/happy-planet-index). Көптеген көрсеткіштерді қамтитын кешенді тәсілге қарамастан, АДИ-ді есептеуде қолданылатын әдістемені жетілдіру және бақытты өлшеудің оңтайлы әрі әмбебап тәсілін іздеу бойынша талпыныстар жасалуда.

Солардың бірі – 2006 жылы британдық New Economic Foundation зерттеу орталығы ұсынған Дүниежүзілік бақыт индексі (The Happy Planet Index). Бұл көрсеткіш елдер мен аймақтардың тұрғындарына бақытты өмір сүруге жағдай жасай алу қабілетін бағалауға бағытталған. Индекс үш негізгі компонентке негізделеді: субъективті өмірге қанағаттану, күтілетін өмір ұзақтығы және қоршаған ортаның жағдайы. Соңғысы бір адамға шаққандағы биологиялық өнімді аумақ көлемімен өлшенеді. Яғни, «индекс мемлекет саясатының халық әл-ауқатын қамтамасыз ету тиімділігін, сонымен қатар табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғау дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді» [102, с. 47]

Дүниежүзілік бақыт индексін жасаушылар көздеген басты мақсат – елдердің экономикалық өсім мен табиғи ресурстарды өз азаматтарына бақытты өмір қамтамасыз ету үшін қаншалықты тиімді пайдаланатынын айқындау болды (Official Website of the UN Information Center in Kazakhstan. Ресми сайты: https://kazakhstan.un.org/ru). Дегенмен, авторлар индекстің шектеулері бар екенін атап өтті. Мәселен, рейтинг белгілі бір елдің адам құқықтарын сақтау деңгейін есепке алмайды. Бұл әсіресе «азшылық топтардың жағдайына қатысты, олардың құқықтарының шектелуі орташа көрсеткіштерде байқалмайды» [102, с. 37]

2011 жылдан бастап Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) өмір сапасын кешенді өлшеу құралы ретінде «Өмірді жақсарту индексін» жариялай бастады. Бұл индекс ресми статистикалық деректер мен Gallup институтының сауалнамаларына сүйеніп, 11 өлшем бойынша есептеледі: табыс, тұрғын үй, еңбек, қоршаған орта, білім, жұмыс пен демалыс арасындағы тепе-теңдік, қауіпсіздік, өмірге қанағаттану, азаматтық белсенділік, денсаулық және қоғамдастық. Әдепкі модельде барлық көрсеткіштерге тең салмақ беріледі.

Көптеген елдердің «ең бақытты мемлекеттер» рейтингтері тұрғындар арасында жүргізілген сауалнамаларға негізделеді және әртүрлі әдістемелермен есептеледі. Солардың ішінде ең танымалы – «өмір сапасы индексі» немесе «өмірге қанағаттану индексі» (Well-Being Index). Бұл әдістемені Нобель сыйлығының лауреаты, белгілі психолог әрі әлеуметтанушы Даниэль Канеман ұсынған. Зерттеудің деректер көзі – Gallup World Poll [103]

Әлемде бақыт деңгейін бағалайтын жүздеген әртүрлі зерттеулер бар. Олардың ешқайсысы толық сенімді деп есептелмесе де, әрқайсысының өзіндік артықшылығы мен кемшілігі бар. Бір рейтингте көшбасшы Парагвай болса, басқа бірінде – Норвегия. Бұл әдістемелердің көптүрлілігін көрсетеді [104]

Бұдан бөлек, бақыт деңгейін есептеудің индекстік тәсілінің тағы екі маңызды кемшілігі бар. Біріншіден, ол елдердің өзіндік ерекшеліктерін, мәдени және этникалық айырмашылықтарын ескермейді. Ал мұндай факторлар қоғамдық санаға да, адамдардың субъективті бақыт сезіміне де айтарлықтай ықпал етеді. Көптеген универсалды сипаттамалар әр түрлі қоғамда бірдей түсінілмейді, өйткені олар тарихи тәжірибеге, мәдени дәстүрлерге және қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға тәуелді.

Екінші мәселе – баламалы индекстердің есептелуі ЖІӨ сияқты жедел әрі тұрақты сипатқа ие емес. Бақытты өлшеудің біріздендірілген және жалпы мойындалған әдіснамасы әлі қалыптаспаған. «Бақыт деген не және оны қалай өлшеуге болады?» деген сауалдың жауабы әлі де ашық күйінде. «Наука и жизнь» журналының «Бақыт экономикасы» айдарындағы шолуларда әлемдік ғылыми басылымдар – «New Scientist» (Ұлыбритания), «Geo», «Natur + Kosmos», «VDI-Nachrichten» (Германия), «American Scientist», «Discover», «Popular Science» (АҚШ), «Recherche», «Science et Vie», «Sciences et Avenir» (Франция) материалдары негізінде «бақыт» ұғымының кем дегенде 15 ғылыми анықтамасы бар екені көрсетілген (Бақыт экономикасы [Happiness Economics]. Өмір туралы ғылым [Science and Life], 2006, no. 4: http://www.nkj.ru/archive/articles/5242/ сайтында қолжетімді).

Тағы бір айтарлықтай кемшілік индекстерді бірнеше құрамдас бөліктен жинақтау идеясының өзінде жатыр. Белгілі бір компонентке зерттеушілердің қандай салмақ беруі керектігін негіздейтін сенімді дәлелдер жоқ. Бұл салмақтардың арақатынасы мен пропорциялары да әрдайым дәлелді бола бермейді. Мұндай жағдай алынған нәтижелердің нақты сапасын төмендетіп, тек сандармен сипаттауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, бір ғана деректер жиынтығында индексті есептеудің бастапқы параметрлері өзгерсе, түпкілікті қорытынды мүлдем басқа болуы ықтимал. Осыған байланысты, біздің көзқарасымызша, индекстік әдістердің жоғарыда аталған әлсіз жақтары бақытты өлшеуде социологиялық сауалнамалардың маңызын арттырады. Өмір сапасына қанағаттануды зерттеуде дәл осы сауалнамалар ресейлік және халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады және ең сенімді әдістердің бірі ретінде өзін ақтауда.

3.3 Бақыттың өмір сапасының өзге қырларынан айырмашылығы

Алдыңғы бөлімде көрсетілгендей, ғасырлар бойы философтар мен ғалымдар бақыттың мәнін және оның өмір сапасымен байланысын анықтауға тырысты. Философиялық дәстүрде бақыт көбінесе моральдық ізгіліктер мен рухани үйлесімге толы «жақсы өмір» ретінде қарастырылды. Бұл ұғым сонымен қатар материалдық әл-ауқатпен, физикалық қауіпсіздікпен және негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігімен байланыстырылады. Заманауи әлеуметтануда бақыт көбіне адамның өз өміріне ішкі қанағаттанушылығы негізінде субъективті әл-ауқат (subjective well-being) призмасы арқылы қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда «бақыт» сөзі күнделікті тілдегі жалпы мағынасына сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмысымда мен Руут Винховеннің [105] берген анықтамасына сүйенемін, оған сәйкес, бақыт – бұл адамның өз өмірінің жалпы сапасына берген субъективті бағасы. Бұл анықтама бақытты өмірге қанағаттанушылық және субъективті әл-ауқат (SWB) сияқты ұғымдармен бір қатарға қояды. Автор осы диссертациялық зерттеуде Р. Винховеннің берген анықтамасын қолдана отырып, «бақытты жалпы өмір сапасына берілген

субъективті баға» ретінде қарастырады [105, с. 23]. Бұл көзқарас өмірдің жақсы өтуіне қатысты басқа тұжырымдардан ерекшеленеді, олар кейде «бақыт» ретінде қолданылғанымен мағынасы жағынан өзгеше болуы мүмкін.

Р. Винховеннің «Төрт түрлі өмір сапасы» жіктемесі осы айырмашылықтарды айқын көрсетеді[106].

Оның тұжырымдамалық сызбасы екі негізгі дихотомияға негізделген:

1) Жақсы өмірдің мүмкіндіктері мен нәтижелері арасындағы айырмашылық;

2) Өмір сапасының сыртқы және ішкі сипаттары арасындағы айырмашылық.

Осы екі дихотомияның үйлесімі төрт категориядан тұратын матрица құрайды (3.3.1 сурет), ол өмір сапасының әртүрлі аспектілерін жүйелеуге және «бақыт» ұғымын осы жүйе ішіндегі нақты орынға орналастыруға мүмкіндік береді.

3.3.1 сурет – Төрт түрлі өмір сапасы

	External	Internal
Chances	Livability of environment *Қоршаған ортаның өмір сүруге қолайлығы*	Life ability of person *Адамның өмір сүру қабілеті*
Outcomes	Utility of life *Өмірдің құндылығы мен пайдалығын сезіну*	Long and happy life Appreciation of life *Өмірге қанағаттану*

3.3.1 Қоршаған ортаның өмір сүруге қолайлығы

3.3.1 суреттегі сол жақ жоғарғы квадрант өмір сүру жағдайларының сапасын білдіреді. «Өмір сапасы» мен «әл-ауқат» терминдері көбіне дәл осы мағынада, әсіресе экологтардың зерттеулерінде, қолданылады. Экономистер кейде бұл мағынада «әл-ауқат» (welfare) ұғымын қолданады. Алайда «өміршеңдік» (vitality, viability) термині анағұрлым дәл, себебі ол нақты түрде қоршаған ортаның сипаттамасына қатысты. Саясаткерлер мен әлеуметтік реформаторлар бұл өмір сапасының аспектісін жиі атап өтеді, оған экология, экономика және әлеуметтік инфрақұрылым жатады. Мысалы, таза ауызсудың болуы, тұрақты энергетика жүйесі мен дамыған инфрақұрылым ортаның өміршеңдігін қамтамасыз етеді. Алайда бұл көрсеткіш бақытпен теңестірілмейді, себебі сыртқы жағдайлар қаншалықты қолайлы болғанымен, ішкі факторлар әсерінен субъективті әл-ауқат төмен болуы мүмкін.

Соңғы зерттеулер субъективті әл-ауқат пен бақыт әлеуметтік-экономикалық және қоршаған ортаның өмір сүру жағдайларымен тығыз байланысты екенін растайды. Бұл екі фактор жиынтығы – материалдық жағдайлар мен өмір сүру ортасы – жеке адамдар арасындағы және елдер арасындағы бақыт деңгейлеріндегі тұрақты айырмашылықтарды қалыптастыратын кешенді құрайды.

Зерттеулер бақыт пен өмір сүру жағдайлары арасындағы күрделі өзара байланысты көрсетеді, бұл ретте субъективті әл-ауқатқа көптеген өлшемдер әсер етеді. Экономикалық факторлар да бірмәнді емес байланыстарды байқатады: табыс өмірге қанағаттанушылықпен күшті корреляцияға ие болғанымен, оның бақытпен байланысы әлдеқайда әлсіз [107]. Халықаралық зерттеулер «елдер арасындағы бақыт деңгейіндегі айырмашылықтардың негізгі бөлігін экономикалық өркендеу, әлеуметтік қорғалуы, саяси еркіндік және әлеуметтік теңдік арқылы түсіндіретінін көрсетеді» [108, с. 355] Тұрғын үйдің сапасы бақыттың маңызды предикторы болып табылады, әрі оның «әсері мигранттарға қарағанда жергілікті тұрғындар арасында күштірек байқалады» [109, с. 1235]. Қызығы, көршілік деңгейіндегі табыс әсерлері географиялық ауқымға қарай өзгеріп отырады — американдықтар кедейлеу округтер ішіндегі байлау аудандарда өмір сүргенде өзін анағұрлым бақытты сезінеді. [110]. Өмір сүру деңгейі мен бақыт арасындағы байланыс сызықты емес, яғни адамдар тікелей байланыстарды аңғармайтын болса да, табысына қанағаттану мен бақыт көрсеткіштері арасында корреляция бар [111] Дамушы елдердегі «кәсіпкерлер үшін бақыт өмір сүру деңгейіне оң әсер етеді, әсіресе бұл әсер жас пен білім деңгейі арқылы ықпалы азайған жағдайда күшейе түседі» [112, с. 245] Жалпы алғанда, Винховен өмір сапасы бір ғана синдром емес, көптеген жеке өлшемдерден тұратынын атап көрсетеді [113]

Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық екі зерттеу кешенін салыстыру маңызды қорытындыға әкеледі: бақыт адамның ресурстарымен ғана емес, сонымен бірге олар өмір сүретін ортаның сапасымен де анықталады. Материалдық жағдайлар мүмкіндіктер мен қауіпсіздікті қалыптастырады, ал қоршаған орта жағдайлары (экологиялық) күнделікті өмірдің физикалық және психологиялық жайлылығын қалыптастырады.

Дүниежүзілік бақыт туралы баяндама (WHR, 2024) сияқты заманауи елдер арасындағы жобалар экономиканы, әлеуметтік капиталды және қоршаған орта факторларын бір аналитикалық шеңберде зерттей отырып, осы өлшемдерді көбірек біріктіреді. Осылайша, XXI ғасырда әлеуметтік және қоршаған орта жағдайлары арасындағы тепе-теңдікке негізделген көп өлшемді құбылыс ретінде бақыт туралы тұтас түсінік пайда болады.

3.3.2 Адамның өмір сүру қабілеті

3.3.1 суреттегі оң жақ жоғарғы квадрант адам өмірінің қиындықтарымен күресуге қабілеттілігін сипаттайды. Яғни, біз өмір сынақтарына қаншалықты дайынбыз деген сауал туындайды. Бұл өмір сапасының аспектісі жеке тұлғалық сипаттамалармен (денсаулық, психологиялық тұрақтылық, білім деңгейі) тығыз байланысты. Дәрігерлер мен психологтар «өмір сапасы» және «әл-ауқат» ұғымдарын дәл осы мағынада жиі қолданады. Биологияда бұл құбылыс «бейімделгіштік» (fitness) деп аталады, және бұл термин адамның қабілеттері мен ортаның талаптары арасындағы үйлесімділікті сипаттауға өте қолайлы. Мысалы, жоғары бейімделгіштікке ие және эмоционалды тұрақты

адам күйзеліске оңай төтеп беріп, өз бақытын сақтай алады. Бұл өмір сапасы аспектісі терапевтер мен педагогтардың негізгі назарындағы мәселе. Позитивті психологияда бұл эвдемониялық бақыт тұжырымдамасымен байланыстырылады және гедониялық бақытпен салыстырылады. Өміршеңдік бақыттың алғышарты болуы мүмкін, бірақ ол бақыттың өзі емес.

Зерттеулер бақыт пен тұлғалық қасиеттер арасындағы күшті байланысты, әсіресе Үлкен бестіктің факторларымен байланысын үнемі көрсетеді. Көптеген зерттеулерге сәйкес, «бақыт экстраверсиямен, ұқыптылықпен, қайырымдылықпен және тәжірибеге ашық болумен оң корреляцияға ие, ал нейротизммен теріс корреляция байқалады» [114, с. 61] Бұл тұлғалық қасиеттер бақыттың тұрақты әрі сенімді предикторлары болып табылады, әрі кейбір зерттеулер олар бақыт деңгейін бағалаудағы дисперсияның 48,2%-ына дейін түсіндіретінін көрсетеді [115]. Үлкен бестіктен бөлек, бақыт эмоционалдық интеллектпен [116], оптимизммен, өмірге қанағаттанушылықпен және үмітпен де оң байланысқа ие, сондай-ақ депрессия және мазасыздықпен теріс корреляциялар көрсетеді [117]. Зерттеулер тұлғалық қасиеттердің сыртқы жағдайлармен салыстырғанда бақытқа әсер ететін ең қуатты факторлардың бірі екенін көрсетеді [118] Сонымен қатар, зерттеулер бұл байланыстың екіжақты болуы мүмкін екенін көрсетеді: уақыт өте келе тұлға да, бақыт та бір-біріне өзара ықпал етеді. Бұл байланыс мінездің күшті жақтарына, саналы болуға және эмоционалдық интеллектке де таралады [119]

Заманауи ғылыми дәлелдердің біріккен әсерлері денсаулық, психологиялық тұрақтылық және білім субъективті әл-ауқаттың маңызды факторлары екенін көрсетеді. Алайда олардың әсер ету сипаты әртүрлі. Денсаулық бақыттың негізгі шарты болып табылады және әл-ауқатқа өзара әсер етеді. Психологиялық тұрақтылық стресстің жағымсыз әсерін жеңілдететін және өмірге оң көзқарасты арттыратын ішкі ресурс қызметін атқарады. Ал, білім беру, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық арналар арқылы әрекет етеді, бұл адамдарға өзін-өзі жүзеге асыруға және материалдық әл-ауқатқа көбірек мүмкіндіктер береді.

3.3.3 Өмір құндылығы мен пайдалығын сезіну

3.3.1 суреттегі сол жақ төменгі квадрант өмірдің мағынасы мен оның қоғам үшін құндылығын сипаттайды. Бұл өлшем көбіне альтруистік әрекеттермен, мәдениетке қосқан үлеспен немесе қоршаған ортаны сақтауға бағытталған әрекеттермен байланыстырылады. Алайда, өмірдің пайдалығы субъективті бақытқа тікелей ықпал етпеуі мүмкін, себебі мұндай қызмет жиі күш салуды, тіпті құрбандықты қажет етеді. Яғни, мағыналы өмір әрқашан бақытты бола бермейді, кейде өмірдің мәні бақыттың есебінен жүзеге асады.

Заманауи зерттеулер бақыттың эвдемониялық өлшеміне көбірек назар аударып, оны жеке ләззат пен қанағаттанумен ғана емес, сонымен қатар басқалар үшін мағына, үлес және пайда сезімімен байланыстырады. Ғылыми

әдебиеттерде «өмірлік пайдалылық» таза жеке мүдделерден тыс қызметтің әртүрлі нысандарын білдіреді: альтруистік әрекеттер мен еріктілік, мәдени тәжірибеге қатысу және қоршаған ортаға қарсы мінез-құлық. Біріктірілген бұл көріністер өмірдегі мағына сезімін арттыратын және субъективті әл-ауқаттың артуына ықпал ететін факторлар болып саналады.

Зерттеулер бақыт пен альтруистік мінез-құлық арасындағы оң байланысты тұрақты түрде көрсетеді, алайда бұл байланыс контекст пен мәдениетке қарай өзгеріп отырады. Көптеген зерттеулер альтруист адамдардың өздерін анағұрлым бақытты әрі әл-ауқаты жоғары сезінетінін көрсетеді [119]. Алайда мәдени бағдар бұл әсерді жұмсартады: жеке-тұлғалық мәдениеттерде бақыт пен альтруизм арасындағы байланыс күштірек байқалса, ұжымдық мәдениеттерде альтруизм көбірек өзгелерге бағытталғандықтан, бұл байланыс әлсіздеу көрінеді [120]. Альтруистік әрекеттерді қамтитын тұрақты мінез-құлықта субъективті әл-ауқаттың жоғарылауымен корреляция байқалады [121], ал альтруистік әрекеттерді бақылау көңіл күйді көтеріп, кейіннен жәрдемдесу мінез-құлқының күшеюіне ықпал етуі мүмкін [122]. Бұл байланыс екіжақты әрі күрделі болып көрінеді: психологиялық әл-ауқат бақытқа да, жомарттыққа да ықтимал негіз бола алады [123]. Жас пен әлеуметтену де бұл динамикаға әсер етеді: жасы үлкен, әлеуметтену деңгейі жоғары адамдарда көмектесуге деген ұмтылысқа неғұрлым айқын теріс реакция байқалады [124]. Бұл нәтижелер әлеуметтікке бағытталған саясаттың жеке әл-ауқатқа да, қоғамның әл-ауқатына да ықпал ете алатынын көрсетеді [125].

Осылайша, өмірдегі пайдалылықты сыртқы бағытталған әрекеттер ішкі бақытты күшейтетін орталық эвдемоникалық механизмдердің бірі ретінде қарастыруға болады.

3.3.4 Өмірге қанағаттану

3.3.1 суреттің төменгі оң жағындағы квадрант адамның өз өміріне қатысты ішкі бағасын сипаттайды. Бұл өлшем қазіргі заманғы бақыт ұғымын мейлінше жуық шамада бейнелейді. Аталған көрсеткіш адамның жеке басының үміті мен шынайы өмірлік жағдайларын салыстыру арқылы туындайтын ішкі қанағат сезімі негізінде көрініс табады. Бұл өмір сапасы – тұлғаның өз көзқарасы арқылы бағамдалатын өмір бейнесі. Мұнда «субъективті әл-ауқат», «өмірге қанағаттану» және «бақыт» ұғымдары жиі қолданылады. Алайда «қанағаттану» термині нақтылай түсуді қажет етеді. Ол үшін екі маңызды ерекшелікке айрықша назар аудару қажет: 1) уақытша және ұзақ мерзімді қанағаттану; 2) өмірдің жекелеген аспектілеріне қанағаттану және өмірдің жалпы бағасы ретінде қанағаттану. Осы айырмашылықтарды біріктіру арқылы төрт бөліктен тұратын жаңа матрица жасалады және ол 3.3.2 суретте көрсетілген.

3.3.2 сурет – Өмірге қанағаттанудағы айырмашылық

	External	Internal
Chances	*Сәттік қанағаттану*	*Өмірдің жекелеген қырларына қанағаттану*
Outcomes	*Үздік тәжірибе*	*Өмірге қанағаттану*

Сәттік қанағаттану. 3.3.2-суреттің жоғарғы сол жағындағы квадрант сәттік ләззатты бейнелейді, мысалы, тағамнан рахаттану немесе өнерге сүйсіну. Канеман [126] бұл құбылысты «сәттік игілік» деп атап, оны көпмезеттік бағалау әдістері арқылы өлшеуді ұсынады. Мұндай қысқа мерзімді ләззаттар жалпы өмірге деген ұзақ мерзімді қанағатты арттыруға ықпал еткенімен, оларды бақытпен теңестіруге болмайды.

Үздік тәжірибе. 3.3.2-суреттің төменгі сол жағындағы квадрант өткінші тәжірибелер мен өмірді жалпы бағалаудың өзара үйлесімін білдіреді. Мұндай тәжірибелерге қысқа мерзімді, бірақ айтарлықтай қуатты сезімдер, сондай-ақ өзін әлдеқайда ауқымды тұтастықтың бір бөлігі ретінде сезіну жатады. Діни контексте адам өзін Құдайға жақын сезінуі мүмкін. Осындай өткінші тәжірибелер бақытқа ықпал етуі ықтимал, бірақ олар кейбір жағдайларда өмірге жалпы қанағат сезімін төмендетуі мүмкін. Бұған жүйесіз әсерлердің салдары мысал бола алады.

Өмірдің жекелеген қырларына қанағаттану. 3.3.2-суреттің жоғарғы оң жағындағы квадрант өмірдің жекелеген қырларына берілген тұрақты бағаны қамтиды. Бұл адам өмірінің қызықтылығы сынды жалпы аспектілерге немесе некелік өмір секілді нақты салаларға байланысты болуы мүмкін. Өмірдің жекелеген қырларына қанағаттану сәттік ләззаттардың үздіксіз ағымына тәуелді болғанымен, белгілі бір тұрақтылыққа ие. Мысалы, адам кей жанжалдардың болуына қарамастан, некесіне ризашылықпен қарай алады немесе өткінші қиындықтарға қарамастан, кәсіби жетістіктеріне көңілі толуы мүмкін. Өмірдің жекелеген аспектілеріне қанағаттану өмірге жалпы қанағаттануға ықпал етеді. Алайда ол толық мәнде бақыт ұғымына балама бола алмайды.

Өмірге қанағаттану. 3.3.2-суреттің төменгі оң жағындағы квадрант ұзақ мерзімді қанағаттану мен өмірді жалпы бағалаудың үйлесімін білдіреді. Бұл тұжырымдама Джереми Бентамның [127] «ләззат пен азаптың жиынтығы» ретінде берген бақыт анықтамасына сәйкес келеді. Дж. Бентам – бақыт ұғымын мемлекеттіңк мұраттардың бірі ретінде қарастырған алғашқы ойшылдардың бірі. Өмірге деген жалпы баға, яғни субъективті әл-ауқат – бақыттың ең күрделі өлшемі. Себебі ол когнитивтік және эмоциялық аспектілерді қамтиды.

Қазіргі зерттеулер бақыттың әртүрлі аспектілерін ажырата саралаудың маңызды екендігін айғақтайды. Мысалы, Э. Диенер мен оның әріптестері [1] жүргізген зерттеулер субъективті әл-ауқаттың қысқа мерзімді эмоциялармен қоса, ұзақ мерзімді өмірлік мақсаттармен де айқындалатынын көрсетеді. Бақыттың орнықтылық теориясына (Set Point Theory) сәйкес адам бақытының

деңгейінде қайсыбір жағымды не жағымсыз оқиғадан кейін қайтып оралатын бастапқы бір нүктесі болады.

Р. Винховеннің тұжырымдамалық схемасын Қазақстанның әлеуметтік жағдайларына қолдану арқылы субъективті әл-ауқаттың ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге болады. Мысалы, инфрақұрылым мен сапалы қызметтерге қол жеткізудің қиындықтарына байланысты, ауылда өмір сүру ортасының мүмкіндіктері шектеулі. Дегенмен, мықты отбасылық дәстүрлер мен қауымдастық сезімі қазақстандықтардың өмірге қанағаттану деңгейін арттыруы мүмкін. Ал қалаларда білім алу мен кәсіптегі мүмкіндіктердің молдығы адамның өміршеңдігін жақсартады. Алайда урбандалуға байланысты жоғары бәсекелестік пен күйзеліс жағдайлары субъективті әл-ауқатқа кері әсер етуі де мүмкін.

Осылайша, бақыт өмір сапасының субъективті бағасы ретінде басқа аспектілерден өзгешеленетін өзіндік ерекшеліктерге ие. Бақыт адамның ішкі өмірінің нәтижелерімен тығыз байланысты бола отырып, субъективті әл-ауқат пен жалпы өмірге қанағаттануды бейнелейді. Сонымен қатар, ол сыртқы жағдайлармен, өміршеңдікпен немесе өмірдің игілігімен теңестірілмеуі тиіс. Дегенмен бұл факторлар жалпы өмір сапасы үшін аса маңызды. Р. Винховенның анықтамасы бақыттың табиғатын және оның өмірдің басқа қырларындағы орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, қоршаған ортаның жасампаздығы, жеке тұлғаның бейімделуі немесе өмірдің мағыналылығы және т.б. Мұндай жіктеме зерттеушілер үшін бақытты субъективті құбылыс ретінде өлшеуге және талдауға септігін тигізе отырып, оны объективті әл-ауқат көрсеткіштері мен моральдық санаттардан бөлек қарастыруға негіз болады. Өмірге субъективті қанағаттану мәселесіне деген ғылыми назар қазіргі әлеуметтанулық зерттеу ыңғайларымен өзектес болуы әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында жеке тұлғалардың өз өмірін қабылдау ерекшелігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

3.4 Субъективті әл-ауқаттың мәдени және әлеуметтік негіздері: әмбебеп және бейімдік теорияларды тоғыстыру

3.4.1 Объективті жағдайлардағы өзгерістерге бейімделу механизмі

Бейімделу теориясы – алғаш Брикман мен Кэмпбелл [128] ұсынған субъективті әл-ауқатты зерттеудегі негізгі тұжырымдамалардың бірі. Бұл идея сыртқы оқиғалардың субъективті әл-ауқатқа уақытша әсер ететінін және бақытты қабылдауда ішкі механизмдердің маңызды роль атқаратынын айқындайды [128] Аталған теорияға сәйкес, адамдарда өмір сүру жағдайының өзгеруіне бейімделуге көмектесетін психологиялық механизмдер бар. Жағымды не жағымсыз оқиға салдарынан әл-ауқаттың жаңа деңгейі орныққанда, субъективті қабылдау бастапқы (базалық) деңгейге қайта оралады.

Бейімделу үдерісінде бұрынғы жағдайлармен салыстыру әрекеті де орын алады. Өмірге қанағаттану деңгейі бұрынғы тәжірибеге негізделген

эталондарға сүйене отырып қалыптасады. Бұл эталондар бейімделу барысында өзгереді, соның нәтижесінде жағымды оқиғалардың субъективті әл-ауқатқа ұзақ мерзімді әсері шектеледі [129] Бейімделу теориясы табыс немесе әлеуметтік мәртебе сияқты объективті факторлардың ұзақ мерзімді субъективті әл-ауқаттағы рөлінің шектеулі екенін көрсетеді. Мысалы, зерттеулер табыстың артуы бақыт деңгейін тек қысқа уақытқа ғана арттыратынын, ал ұзақ мерзімді әсер табысқа бой үйрету барысында әлсірейтінін көрсетеді [130].

Бейімделу теориясының негізгі қағидалары бірқатар зерттеулерде тұжырымдалған. Мысалы, Brickman және әріптестері (1978) жүргізген классикалық зерттеуде лотерея ұтып алған адамдардың бақыт деңгейі уақытша артқанымен, бір жылдан кейін олардың субъективті әл-ауқат деңгейі бастапқы күйіне оралғаны анықталған [131] Сол сияқты, ауыр жарақат алған адамдарды зерттеу нәтижелері де ұқсас: бастапқыда бақыт деңгейі күрт төмендегенімен, уақыт өте келе олар жаңа жағдайға бейімделіп, субъективті әл-ауқаттың қалпына келгені байқалған.

Алайда бейімделу теориясының шектеулері де бар. Барлық адамдар бейімделу әсеріне бірдей ұшырай бермейді. Экстраверсия мен эмоционалдық тұрақтылық сияқты тұлғалық қасиеттер бейімделу жылдамдығы мен деңгейіне ықпал етеді. Мысалы, эмоционалды тұрақтылығы жоғары адамдар жағымсыз оқиғаларға тезірек бейімделеді [132] Сонымен қатар, жақын адамынан айырылу немесе мүгедектік сияқты кейбір оқиғалар субъективті әл-ауқатқа ұзақ мерзімді әсер етіп, бейімделу процесі толық жүзеге аспауы мүмкін [130].

Мәдени ерекшеліктер де бейімделу мен өзгерістерді қабылдауға әсер етеді. Мысалы, ұжымшыл (коллективистік) мәдениеттерде материалдық өзгерістерге бейімделу деңгейі төмен болуы мүмкін, себебі бақыт әлеуметтік қарым-қатынастармен тығыз байланысты [133]

Бейімделу теориясы басқа да теориялармен толықтырылған. Мысалы, бақыттың орнықтылық теориясы (Set Point Theory) бойынша бақыттың базалық деңгейі генетикалық факторлар мен тұлғалық ерекшеліктерге байланысты [134]. Дегенмен, бұл екі теория да субъективті әл-ауқаттың қалыптасуындағы ішкі факторлардың маңыздылығын атап көрсетеді.

Осылайша, Брикман мен Кэмпбелдің бейімделу теориясы объективті жағдайлардың өзгеруіне бейімделу механизмін түсіндіруге айтарлықтай үлес қосты. Ол сыртқы оқиғалардың субъективті әл-ауқатқа әсері шектеулі болатынын және бақыт деңгейін сақтаудағы ішкі факторлардың рөлін айқындайды. Дегенмен, бейімделуді және оның субъективті әл-ауқатқа әсерін кеңінен түсіну үшін болашақ зерттеулерде жеке ерекшеліктер, мәдени контекст және өмірдегі маңызды оқиғалардың рөлі ескерілуі тиіс.

3.4.2 Бақытты қабылдаудағы салыстырмалы стандарттардың рөлі

Субъективті әл-ауқат – бұл адамның өмірін өз үміттері, құндылықтары және әлеуметтік салыстырулар контекстінде қабылдауы. Бақытты

бағалаудағы салыстырмалы стандарттардың рөлі көптеген зерттеулерде атап өтіледі. Адамдар өз өмір сүру жағдайларын тек бағалап қана қоймай, оларды белгілі бір эталондармен, әлеуметтік нормалармен, өткен тәжірибемен немесе айналасындағы адамдардың жетістіктерімен салыстырады. Бұл салыстырулар субъективті бақыттың қалыптасуында маңызды рөл атқарады [1].

Әлеуметтік әділеттілік теориясына сәйкес, өмірге қанағаттану деңгейі көп жағдайда адамның ресурстарды бөлудегі әділеттілікті бағалау сипатына байланысты. Егер адам өзінің жағдайын басқалармен салыстырғанда әділетсіз деп қабылдаса, оның субъективті әл-ауқат деңгейі төмендейді [135]. Мысалы, бірдей міндеттері бар, бірақ жалақы мөлшері әртүрлі әріптестердің өмірге қанағаттану деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Себебі оларда өзара салыстыру жағдайы орын алады.

Салыстырмалы депривация теориясы бойынша адам өзін өзгелерге қарағанда нашар жағдайда деп есептеген кезде субъективті әл-ауқат төмендейді. Мысалы, жоғары табысты адам айналасындағылар одан да ауқатты болса, өзін бақытсыз сезінуі мүмкін [136]. Зерттеулер субъективті әл-ауқат абсолютті табыс деңгейімен ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы салыстырмалы жағдаймен де байланысты екенін көрсетеді. Мысалы, Clark пен оның әріптестері (2008) табысы жоғары адамдардың әріптестері немесе достары одан көп табыс тапса, өмірге қанағаттануы төмен болатынын анықтаған [137].

Қазіргі зерттеулерде әлеуметтік желілердің субъективті әл-ауқатқа теріс әсері жиі айтылады. Адамдар өз өмірін әлеуметтік медиада көрсетілген идеалдандырылған бейнелермен салыстыруға бейім, ал бұндай әуестік олардың өмірге қанағаттану деңгейінің төмендеуіне әкеледі [138].

Салыстырмалы стандарттардың рөлі мәдени контекске байланысты өзгереді. Мысалы, индивидуалистік мәдениеттерде бақыт көбіне жеке жетістіктер мен жеке стандарттармен салыстыруға тәуелді болса, «ұжымшыл (коллективистік) қоғамдарда әлеуметтік қарым-қатынастар мен топтық нормаларға сәйкестік шешуші рөл атқарады» [133, с. 345]

Салыстыру субъективті әл-ауқатқа жағымды да, жағымсыз да әсер етуі мүмкін. Позитивті салыстыру (мысалы, өткен кезеңмен салыстырғанда жақсаруды аңғару) өмірге қанағат сезімінің артуына әкелуі мүмкін. Алайда, өзіңді табысты адамдармен салыстыру керісінше, өзін-өзі бағалауды төмендетіп, бақыт деңгейін азайтады.

Салыстырмалы стандарттар тұрақты емес. Олар уақыт өте келе жеке тәжірибе, әлеуметтік өзгерістер және жетістіктер деңгейіне қарай өзгеріп отырады. Мысалы, мансап жолында табысқа жеткен адам жаңа, жоғары стандарттарды қалыптастырып, бұл өз кезегінде оның субъективті әл-ауқатын төмендетуі мүмкін [139].

Жалпы алғанда, бақытты қабылдауда салыстырмалы стандарттардың рөлі субъективті әл-ауқаттың қалыптасуындағы әлеуметтік және жеке контекстің маңыздылығын көрсетеді. Салыстырмалы стандарттар объективті жағдайлар мен өмірді субъективті бағалаудың арасындағы медиатор ретінде әрекет етеді,

сондықтан олар – бақыт механизмін түсінудің негізгі факторы. Болашақ зерттеулерде стандарттарды қабылдаудағы мәдени және әлеуметтік айырмашылықтар, сондай-ақ заманауи технологиялардың салыстыру процесіне ықпалы ескерілуі тиіс.

3.4.3 Әлеуметтік байланыстар теориясы: бақыт үшін әлеуметтік қатынастардың маңызы

Әлеуметтік байланыстар мен олардың субъективті әл-ауқатқа әсері социология мен психологиядағы басты тақырыптардың бірі болып қала береді. Э. Дюркгейм мен Р. Патнем әлеуметтік қатынастарды талдаудың түрлі тәсілдерін ұсынып, олардың жеке адам мен қоғам үшін шешуші маңызын айқындады.

Белгілі әлеуметтанушы Эмиль Дюркгейм өзінің «Өзін-өзі өлтіру туралы» (1897) еңбегінде адамның эмоционалды күйі үшін әлеуметтік интеграция мен реттеудің маңызы ерекше екенін көрсетті. Дюркгеймнің айтуынша, әлеуметтік топтармен байланыстың аздығы аномияға, яғни әлеуметтік нормалар мен қолдаудың болмауымен сипатталатын жағдайға әкелуі мүмкін. Осы орайда ғалым әлеуметтік байланыстары аз адамдардың көп жағдайда өзін жалғыз сезінетіндігін және бұл депрессия мен суицид қаупін арттыратынын анықтаған [140].

Роберт Патнем өз кезегінде «Жалғыз ойнау: Американдық қауымдастықтың құлдырауы мен қайта өркендеуі» (2000) атты еңбегінде әлеуметтік капитал ұғымын өрбітті. Бұл ұғым әлеуметтік байланыстар желісін, сенім мен өзара көмекке негізделген қатынастарды қамтиды. Патнемнің пікірінше, жоғары деңгейдегі әлеуметтік капитал өмірге қанағаттануды арттырады, физикалық және психикалық денсаулықты жақсартады, сондай-ақ қоғамдағы сенім деңгейінің жоғары болуына ықпал етеді [141].

Әлеуметтік қатынастар адамдардың бақыт деңгейін анықтауда іргелі рөл атқарады. Қазіргі зерттеулер Дюркгейм мен Патнемнің негізгі тұжырымдарын растайды. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік байланыстары мықты адамдар өздерін жиі бақытты сезінеді және депрессияға азырақ бейім болады [142]. Мысалы, отбасылық, достық немесе діни қауымдастықтар сияқты әлеуметтік топтармен белсенді араласу адамның олармен байланысын нығайта отырып, субъективті әл-ауқатқа оң әсер етеді.

Хелливелл мен Хуанг (2008) жүргізген метаталдау нәтижелеріне сәйкес, әлеуметтік капиталы жоғары елдерде халықтың бақыт деңгейі де жоғары болады. Осы орайда мәдени факторлар да маңызды рөл атқарады [143] Ұжымшылдық (коллективистік) мәдениеттерде әлеуметтік байланыстар өзара көмек пен қолдау дәстүрлеріне негізделеді, бұл Дюркгейм мен Патнемнің әлеуметтік интеграцияның бақыт үшін маңыздылығы туралы теорияларымен үндеседі [144].

Дюркгейм мен Патнемнің теориялары қазіргі қоғамды талдауға маңызды әдіснамалық негіз бола алады. Дегенмен, оларды цифрлық дәуірдің

ерекшеліктеріне бейімдеу қажет. Қазіргі уақытта әлеуметтік байланыстар көбінесе виртуалды кеңістікте қалыптасады. Зерттеулер онлайн қарым-қатынастар субъективті әл-ауқатқа жағымды да, жағымсыз да әсер етуі мүмкін: ол өзара әрекеттестіктің сипаты мен сапасына байланысты [145].

Соған қарамастан, Дюркгейм мен Патнемнің әлеуметтік байланыстар теориялары бақыт механизмдерін түсіну үшін әлі де өзекті. Бұл теорияларды қазіргі жағдайларға бейімдеу әлеуметтік капиталды нығайту мен субъективті әл-ауқатты арттыру стратегияларын әзірлеуге негіз бола алады.

3.4.4 Мәдени теориялар: ұжымшылдық пен дәстүрлердің бақытқа ықпалы

Мәдени айырмашылықтар субъективті әл-ауқат пен бақыттың қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Кеңінен танымал мәдени өлшемдер моделінің авторы Геерт Хофстеде мәдени құндылықтар мен бақыт деңгейінің өзара байланысын зерттеуге арналған теориялық шеңберлерді ұсынып, алты негізгі мәдени өлшемді бөліп көрсетті. Солардың бірі индивидуализм/коллективизм әлеуметтік интеграциямен және әл-ауқатпен тікелей байланысты [146]

Хофстеденің зерттеулеріне сәйкес, ұжымшыл мәдениеттер мықты әлеуметтік байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді, ал бұл психологиялық денсаулықты сақтауда маңызды рөл атқарады. Ұжымшылдық құндылықтары басым қоғамдарда адамдар отбасы мен қауым тарапынан қолдау сезімін жиі сезінеді де бұл күйзеліс деңгейін төмендетіп, бақыт сезімін арттырады [147] Мұндай мәдениеттердегі дәстүрлер – құндылықтарды, нормалар мен салт-жоралғыларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін құрал. Зерттеулер діни рәсімдер немесе отбасылық мерекелер сияқты ұжымдық ғұрыптарға қатысу әлеуметтік байланыстарды нығайтып, эмоционалды қолдауды арттыру арқылы субъективті әл-ауқатты жақсартатынын көрсетеді [148]. Ұжымшылдық пен дәстүрлердің субъективті әл-ауқатқа оң әсер ететіні эмпирикалық деректер арқылы расталады. Мысалы, Diener мен Suh (2000) [149] зерттеуі Қытай мен Үндістан сияқты жоғары ұжымшылдық деңгейі бар елдерде бақыт деңгейі көбінесе әлеуметтік өзара әрекеттесудің сапасымен және қатыстылық сезімімен анықталатынын көрсетті. Алайда, кейбір шектеулер де бар. Ұжымшылдық жеке тұлғаны топтың үмітін ақтауға итермелеп, қысым тудыруы мүмкін. Бұл, әсіресе қарқынды жаңғыру жағдайында, ішкі қайшылықтарға және өмірге қанағаттанудың төмендеуіне әкелуі мүмкін [150].

Хофстеде тәсілін Қазақстандағы бақыт мәселесін зерттеуге қолдану бастамасы бірқатар кедергілерге тап болады. Біріншіден, бұл модель бастапқыда корпоративтік деректер негізінде жасалған, сондықтан оның әлеуметтік-мәдени контекске бейімділігі шектеулі болуы мүмкін. Екіншіден, Қазақстан – мәдени тұрғыда әралуан және синкретті ел. Мұнда дәстүрлі құндылықтар қазіргі индивидуалистік үрдістермен өзара әрекеттеседі. Бұл әсіресе Батысқа бағытталған мінез-құлық үлгілерін жиі қабылдайтын жастар

арасында қайшылықты нәтижелерге әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, Қазақстандағы көпэтносты қоғам мен діни әртүрлілік Хофстеде теорияларын біркелкі қолдануды қиындатады. Сондықтан өңірлік айырмашылықтар мен урбандалу сияқты оқшау факторларды ескеру қажет. Олар бақыт пен субъективті әл-ауқатты қабылдауға айтарлықтай әсер етеді.

Хофстеденің мәдени теориялары – ұжымшылдық, дәстүрлер және бақыт арасындағы байланысты талдау үшін маңызды құрал. Қазіргі заманның күрделі жағдайларына бейімделу қиындықтарына қарамастан, дәстүрлер мен ұжымшыл құндылықтар (әсіресе тарихи тұрғыдан ұжымшыл нормалар орныққан қоғамдарда) субъективті әл-ауқатты сақтауда әлі де маңызды рөл атқарады. Бұл бағыттағы зерттеулер бақыттың мәдени айқындаушы факторларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және әл-ауқатты жақсарту стратегияларын жасауға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, субъективті әл-ауқатты зерттеуде әмбебап және оқшау тәсілдерді біріктіру әртүрлі әлеуметтік және мәдени контекстердегі бақыт ұғымын тереңірек түсінуге жол ашады. Қазақстан өзіндік мәдени динамикасы бар ел ретінде дәстүрлер мен қазіргі үрдістердің өзара әрекетін зерттеу үшін кең алаң ұсынады. Қазақстандағы бақытты зерттеуде интегративті тәсілді қолдануға мынадай аспектілер кіруі мүмкін:

- Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі мәдени, әлеуметтік және экономикалық ерекшеліктерді ескеру. Бұл, мысалы, урбандалу деңгейінің әлеуметтік байланыстар мен субъективті әл-ауқатқа әсерін талдауға жол ашады;
- отбасылық және ұлттық дәстүрлердің аффективті әл-ауқат қалыптастырудағы рөлін зерттеу. Бұл дәстүрлердің әлеуметтік капиталды нығайту механизмдерін түсінуге көмектеседі;
- субъективті әл-ауқатты бағалауға арналған оқшауланған шкалаларды әзірлеу. Мысалы, отбасылық қатынастар, ұжымшылдық және діни тәжірибе туралы мәселелерді қамту;
- әлеуметтік желілер мен цифрлық коммуникациялардың бақытты қалыптастырудағы рөлін әсіресе жастар арасында зерттеу. Цифрлық технологиялардың әлеуметтік байланыстарды нығайтуға да, әлсіретуге де қабілеттілігін талдау.

Осындай зерттеу нәтижелері ұлттық әл-ауқат стратегияларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін. Оған отбасылық құндылықтарды нығайту, қауымдастықтарды қолдау, әлеуметтік теңсіздікті азайту бағдарламалары, сондай-ақ мәдени контекст ерекшеліктерін ескеретін психологиялық көмек жүйесін әзірлеу кіреді.

Осылайша, әмбебап теориялар мен мәдени ерекшеліктерді ұштастыратын интегративті тәсіл академиялық білімді тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар Қазақстан халқының өмір сапасын арттыру бойынша нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Қазақстандағы бақытты зерттеу әлеуметтану, психология, экономика және мәдениеттанудың өзара әрекеттесуіне негізделген тұрақты даму перспективаларына жол ашады.


3.5 Бақыт жөніндегі жаһандық зерттеу кеңістігіндегі Қазақстан

Өмірге қанағаттану, өмір сүру сапасы және әлеуметтік әл-ауқат туралы зерттеулер Қазақстанда 1990-жылдардан жүзеге аса бастады. Зерттеулердің басым бөлігі жеке көрсеткіштерді (табыс деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, кедейлік деңгейі, қылмыс деңгейі, қаржылық жағдай, әлеуметтік жағдай, денсаулық, жалғыздық деңгейі және т.б.) нақты өлшеуге бағытталған [151] 2000-жылдардың басынан бері қазақстандықтардың өміріне қанағаттану деңгейі шетелдік ғалымдардың да зерттеу нысанына айналды.

Елімізде 20 жылдан астам уақыт бойы Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы халықтың өмір сүру стандарттарына зерттеу жүргізіп келеді. Бұл зерттеулердің аясында халықтың өмірге қанағаттану деңгейін анықтау үшін 10 балдық шкала бойынша «Жалпы, Сіз өз өміріңізге қаншалықты қанағаттанасыз?» сұрағы қойылады. 2018 жылдан бастап сауалнамада 10 балдық шкала бойынша «Сіз Өзіңізді қаншалықты бақыттымын деп санайсыз?» деген сұрақ қойылып келеді.

Қазақстан өмір сүру сапасына қатысты бірқатар мерзімді халықаралық зерттеулерге қатысады, соның ішінде Happy Planet Index (2006 жылдан бастап), World Happiness Report (2013 жылдан бастап), Gallup International Association World Polls (2016 жылдан бастап).

Our World in Data деректеріне сәйкес, 2011 жылы Қазақстанда өмірге қанағаттану деңгейі он балдық шкала бойынша 5,6 балды құраса, 2021 жылға қарай ол 6,23-ке көтерілген. Бұл 2000 және 2010 жылдардағы экономиканы қалпына келтіру аясында халықтың бақыт деңгейінің артқанын көрсетеді. Дегенмен, 2022-2023 жылдары біршама төмендеу көрсеткіштер байқалды. 2022 жылғы бақыттың орташа көрсеткіші шамамен 6,14 балға бағаланып, Қазақстан өмірге қанағаттану деңгейі бойынша 165 елдің арасында 49-шы позицияны иеленді. Жаһандық рейтингтегі қалыпты жағдайына қарамастан, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша басқа посткеңестік елдердің алдында тұрды. Салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, 2023 жылы Ресей 66-шы орынды иеленсе, көршілес Орталық Азия елдері төменірек (Өзбекстан – 53-ші, Қырғызстан – 75-ші). 2025 жылы ел 10-нан 6,38 орташа ұпай жинап, әлемдегі ең бақытты 50 елдің қатарына кірді. Қазақстан халықтың субъективті әл-ауқатының деңгейі бойынша көршілес мемлекеттерді басып озып, Орталық Азия аймағындағы «ең бақытты» ел болып шықты (https://www.zakon.kz/obshestvo/6471043-kazakhstan-zanyal-pervoe-mesto-v-reytinge-po-indeksu-schastya-sredi-stran-sng.html).



37	El Salvador	6.492	0.683	98	100	86	-	11	133	20	16	76
38	Spain	6.466	0.144	9	16	22	-	88	32	33	78	89
39	Estonia	6.417	0.991	30	23	35	-	52	39	13	32	25
40	Italy	6.415	0.394	19	52	19	-	103	89	112	103	62
41	Panama	6.407	−0.736	93	38	41	-	44	124	116	3	48
42	Argentina	6.397	−0.165	38	21	52	-	47	112	75	28	59
43	Kazakhstan	6.378	0.707	25	18	42	-	57	49	64	119	3
44	Guatemala	6.362	0.397	131	94	84	-	22	106	74	2	85
45	Chile	6.361	−0.226	53	43	47	-	63	75	85	21	73
46	Viet Nam	6.352	0.819	20	49	78	-	2	129	39	48	2

3.5.1-сурет. 2025 жылғы бақыт рейтингіндегі Қазақстанның орны

Соңғы жылдары Қазақстан тұрақты түрде Дүниежүзілік бақыт туралы баяндаманың (World Happiness Report) тізімінде бірінші жартысы қатарынан орын алып келеді. 2023 жылы ел 44-ші орында, ал 2025 жылы шамамен 150 елдің ішінде 43-ші орынға ие болды [152]. Қазақстандықтардың бақытының орташа индексі 10 балдық шкала бойынша шамамен 6,3-6,4 деңгейінде бағаланады, бұл Батыс Еуропаның ең гүлденген елдерімен салыстырғанда (7,4–7,8) біршама төмен, бірақ ТМД бойынша көрші елдердің көпшілігінен жоғары. Шын мәнінде, Қазақстан аймақтық контексте салыстырмалы түрде жоғары өмір сапасын көрсете отырып, Орталық Азиядағы ең бақытты ел ретінде танылды. Дегенмен, Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан, бақытты қабылдауға ұлттық мәдени факторлар әсер еткенімен, Дүниежүзілік бақыт туралы баяндаманың алты негізгі көрсеткіші бойынша Скандинавия елдерінен айтарлықтай артта қалды [153].

Қазақстан бойынша жүргізілген сауалнамалардың нәтижесінде 1991 жылдан бергі өзгерістер респонденттердің өмір сүру деңгейіне 43% әсер теріс болды, ал 23,4% әсер етпеді деп түсіндіреді [154].

1996 жылғы Қазақстан халқының өмір сүру деңгейі бойынша арнайы бақылаудың нәтижесінде еліміздің барлық өңірлерінде жынысы және тұрғылықты мекені бойынша өмір сүру сапасына қанағаттанатындардың деңгейі төмен екендігі байқалады. Басқа өңірлермен салыстырғанда өз өмірлеріне толығымен қанағаттанатындардың көрсеткіші батыс өңірлерінің тұрғындарында жоғары (4,2% ерлер, 4,5% әйелдер). Өмір сүру сапасына мүлдем қанағаттанбайтындардың көрсеткіші солтүстік өңірдің тұрғындарында басымырақ (20,0% ерлер, 23,5% әйелдер). Бұл жылдары әйелдер қауымының ерлерге қарағанда өз өмірлеріне толығымен қанағаттану деңгейі төмен («Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейі» статистикалық жинағы, 1998. – 219 с. https://stat.gov.kz/official/industry/64/publication).

2001 жылы Қазақстанда жалпы қанағаттанудың орта деңгейі төрт балдық шкала бойынша 2,57 (10 балдық шкала бойынша 5,71) болды (P. Abbott және т.б., 2012: 110) [154].

Қазақстандағы жеке бақыттың детерминанттары туралы Калюжнова мен Камбхампати (2008) зерттеуі өтпелі кезеңдегі бірқатар қызықты заңдылықтарды анықтады [155]. 1996, 2001 және 2006 жылдардағы сауалнама деректерін пайдалана отырып, авторлар зерттелген барлық жылдарда тұрғын үй жағдайлары (тұрғын үй көлемі) қанағаттану деңгейіне айтарлықтай әсер еткенін анықтады. Тағы бір қорытынды, этникалық топтар арасындағы бақыт деңгейінің айырмашылығы уақыт өте өсті. 2000-жылдардың ортасына қарай этникалық қазақтар Қазақстандағы ресейлік тұрғындарға қарағанда орта есеппен бақыттырақ болды, бұл әлеуметтік өзгерістерді әртүрлі қабылдаумен түсіндіріледі.

Жұмыссыздық деңгейі жоғары аймақта өмір сүру бақыттың айтарлықтай төмендеуіне әкелмегендігі туралы күтпеген нәтиже анықталған. Жұмыссыздық мәселесі тек бір тұлғаға ғана емес, айналасындағыларға да қатысты болған кезде жұмыссыздар өздерін оқшау сезінбеуі мүмкін. Ал жұмыс істейтіндер өз жағдайын көбірек бағалайды. Жұмыссыздық айналаңыздағы көптеген адамдарға әсер еткенде, жұмыссыздар оқшаулануды аз сезінеді, ал жұмыс істейтіндер өз жағдайын көбірек бағалайды. Бұл мысал субъективті әл-ауқатқа стандартты факторлардың (табыс, жұмыспен қамту) әсерінен экономикалық және әлеуметтік контекстердің өзгеру сипатын көрсетеді.

Салыстырмалы зерттеулер Қазақстанның ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Мысалы, Д.Шарипова мен А.Кудебаева (2023) Journal of Happiness Studies журналында 2011-2018 жылдар аралығында Қазақстан мен Қырғызстандағы субъективті әл-ауқаттың динамикасына талдау жасады. Бұл зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, таңдау еркіндігі және адамның материалдық жағдайына қанағаттану – өмірге қанағаттанудың негізгі болжамы [81].

Сонымен қатар, бақыт деңгейінің өзгеруі топтарда әр түрлі болып көрініс тапқан. Қазақстанда көрсетілген кезеңде қаржылық жағдайына қанағаттанған азаматтардың қанағаттану деңгейі айтарлықтай өсті, ал қаржылық жағынан қанағаттанбағандар арасында керісінше төмендеді [81]. Осылайша, әлеуметтанулық деректер тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстандағы субъективті әл-ауқаттың өсуін растайды, сонымен қатар елдегі әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарды да көрсетеді.

Қазақстандағы бақытты зерттеу халықтың әртүрлі топтарындағы әл-ауқаттың күрделі сипатын айқындайды. Этнопсихологиялық зерттеулер ресейліктерге қарағанда қазақтардың біршама жоғары субъективті әл-ауқатқа ие екендігін хабарлайды. Осы орайда бұл айырмашылықтар әлеуметтік-экономикалық емес, психологиялық факторлармен түсіндіріледі [15]. Жұмыссыз жастар арасында өмір сүру сапасына экономикалық теңсіздік айтарлықтай әсер етеді. Соның ішінде қаржылық әл-ауқат, отбасылық жағдай және қабылданған мемлекеттік қолдау – негізгі факторлар [156].

Соңғы уақыттағы бірқатар зерттеулер Орталық Азия елдеріндегі бақыт деңгейіне макроәлеуметтік факторлар мен мәдени сипаттамалардың әсеріне назар аударды. Кенжәкімова мен Омарованың 2017-2021 жылдарға арналған бақыт индекстерінің корреляциялық талдауына негізделген зерттеуі субъективті әл-ауқаттағы айырмашылықтар негізінен әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен де, ұлттық және мәдени ерекшеліктермен де анықталатынын көрсетті. Авторлар Қазақстанда жан басына шаққандағы ЖІӨ салыстырмалы түрде жоғары болғанына қарамастан, сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейімен және салыстырмалы түрде төмен демократиялық даму көрсеткіштерімен байланысты қиындықтарға тап болғандығын атап өтеді [153]. Бұл жағдайлар субъективті әл-ауқатты жақсарту үшін экономикалық өсудің әлеуетін шектейді және бақыттың институционалдық және мәдени детерминанттарының маңыздылығын айқындайды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда өмір сапасы мен өмір салты, субъективті әл-ауқат және бақыт мәселелеріне арналған диссертациялар қоры қалыптасты. Әлеуметтану, психология, философия, экономика және урбанистика сияқты әртүрлі пәндік салаларда жүргізілген зерттеулер аталған мәселенің пәнаралық сипатын аңғартады.

Зерттеушілер қазақстандық қоғамның жаңа жағдайындағы өмір салты мен өмір сапасын өзгертуге ерекше назар аударды. Мысалы, Ю.В. Кучинская «Елорда тұрғындарының өмір салтын өзгерту (Астана мысалында)» (2008) диссертациясында елорданың әлеуметтік-экономикалық өзгерістері мен қала динамикасы тұрғындардың күнделікті тәжірибесі мен әл-ауқатына әсерін талдады. Зерттеу мегаполистің өсуі құндылық бағдарларының, әлеуметтік стратегиялардың және әл-ауқатты қабылдаудың өзгеруімен қатар жүретінін көрсетті [157]

Дәл осындай тақырып Д.Е.Әшімхановаңың астана тұрғындарының өмір сүру сапасын жан-жақты бағалауға бағытталған «Астана тұрғындары: сапасы мен өмір салты» (2008) атты зерттеуінде де көрініс тапқан. Автор объективті параметрлерді де (өмір сүру жағдайлары, қызметтердің қолжетімділігі) және субъективті (өмірге қанағаттануды бағалау, бақыт сезімін) қамтитын көрсеткіштер жүйесін ұсынды. Д.Е. Әшімхановаңың жұмысы өмір сүру сапасын зерттеуде батыстық көзқарастар мен жергілікті қазақстандық контексті біріктіруімен ерекшеленеді [158]

Бұған дейін сонау 1990-жылдардың аяғында Ж. А. Абзалиева «Қазақстан халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын статистикалық бағалау және талдау әдістемесі» (1998 ж.) атты кандидаттық диссертация қорғады, онда өмір сүру сапасын статистикалық өлшеу құралдары ұсынылған болатын [159]. 2000-жылдары М.В. Ахмедьярова өмір сапасының экономикалық және әлеуметтанулық аспектілерін дамытуды жалғастырды [160].

А.Р. Ризулланың «Субъективті әл-ауқат пен мимикрия арасындағы байланыс: Алматы студент жастарының жағдайы» (2019) атты диссертациясында жастардың субъективті әл-ауқатының психологиялық механизмдері зерттелген [161]. Н.Ж. Сұлтаниязова («Ресей мен Қазақстанда

тұратын орыстар мен қазақтардың субъективті әл-ауқатының әлеуметтік-психологиялық болжаушылары», 2022) қазақстандық қоғамдағы әл-ауқат туралы нақты түсініктерді аша отырып, бақыт детерминанттарындағы этномәдени айырмашылықтарды талдайды [15]

Диссертациялардың жеке бір шоғырында бақыт пен субъективті әл-ауқат қалалық ортаның сапасы арқылы қарастырылады. Осы ретте Л.Б.Кеңеспаева («Алматы қаласының қала ортасының сапасының аумақтық сараланuын бағалау», 2025 ж.) өмір сапасына әсер ететін факторлар ретінде қалалық ортаның көрсеткіштерін ұсынды [218].

Осылайша, Қазақстандағы қорғалған диссертациялар бақыт, субъективті әл-ауқат және өмір сапасы тақырыптарына көп қырлы қызығушылықты көрсетеді. Әлеуметтанулық деңгейде әлеуметтік трансформацияларға, урбандалуға және теңсіздікке баса назар аударылады. Психологияда бақыттың дербес және этномәдени предикторларына көңіл бөлінеді. Философия құндылық пен дүниетаным шеңберін қалыптастырады, ал экономика мен урбанистика әл-ауқатты өмір деңгейімен және сапасымен байланыстырады. Осының барлығы – Қазақстандағы бақыт мәселесін әлеуметтанулық тұрғыда одан ары қарай зерттеудің берік негізі.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда тәуелсіздік алған жылдар ішінде бақыт пен өмір сапасы мәселесі негізінен зерттелмеген тың тақырыптан әртүрлі пәндер бойынша белсенді түрде зерттелетін тақырыпқа айналды. Қазақстандағы бақытты зерттеу деңгейі айтарлықтай өсті деген қорытынды жасауға болады. Бүгінгі таңда теориялық талдаулар (монографиялар, философиялық және әлеуметтанулық еңбектер) және эмпирикалық деректер (сауалнама статистикасы, бақыт индексі) қол жетімді бола түсті. Сонымен қатар, ғылыми еңбектер қатары әлемдік тәжірибені қарастыруға мүмкіндік беретін отандық және халықаралық авторлардың жұмыстарымен толықты.

4 «БАҚЫТ» ҰҒЫМЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ НЕГІЗДЕЛУІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

4.1 Субъективті әл-ауқаттың объективті және субъективті детерминанттары

Субъективті әл-ауқаттың детерминанттары объективті және субъективті факторларды қамтиды. Объективті факторлар – индивидтің әл-ауқатқа көзқарасына әсерін бағалайтын сипаттамалар. Атап айтқанда, адамның экономикалық жағдайы – субъективті әл-ауқаттың негізгі детерминанттарының бірі. Зерттеулер табыс деңгейінің төмендігі мен өміріне қанағаттану сезімінің байланысын көрсетеді [162]. Алайда табыс артқан сайын бұл байланыс әлсірейді, бұл құбылыс «Истерлин парадоксы» деп аталады. Денсаулық жағдайы да маңызды объективті факторлардың бірі. Диенер бастаған ғалымдар жүргізген зерттеулер созылмалы аурулар мен физикалық жағдайдың нашарлауы субъективті әл-ауқатты айтарлықтай төмендететінін көрсетті [1]. Физикалық денсаулықтың жақсы болуы адамдарға өмір сынақтарына икемді бейімделуге және өмірден көбірек рахат алуға мүмкіндік береді. Винховеннің пайымдауынша, «денсаулық – субъективті әл-ауқат әлеуетін жүзеге асырудың қажетті шарты» [2, с. 34]

Субъективті әл-ауқатқа әлеуметтік интеграция, қауіпсіздік деңгейі және білімге қолжетімділік те әсер етеді. Мысалы, Дж. Хеллищелл және Р. Путнам зерттеулері әлеуметтік капитал мен қоғамдағы сенім деңгейі өмірге қанағаттанумен тығыз байланысты екенін көрсетті [163]. Әсіресе институционалдық тұрақтылық пен әділеттілік субъективті әл-ауқаттың қалыптасуына қолайлы жағдай жасайтын маңызды факторлар ретінде танылады. [3]

Субъективті факторларға тұлғалық сипаттар, қабылдаулар мен қатынастар жатады, олар жеке дара ерекшеліктерге байланысты өзгеріп

отырады және объективті аспектілерді толықтырады. Экстраверсия мен нейротизм сияқты тұлғалық қасиеттер субъективті әл-ауқатқа айтарлықтай әсер етеді. Ю.Счиммацк жіне т.б. ғалымдардың пайымдауынша, экстраверсия жағымды эмоциялардың жиі болуына ықпал ететінін, ал нейротизм теріс эмоциялардың артуына алып келетінін көрсетті [68]. Өмірді когнитивтік бағалау, эталондармен салыстыру, үміт ету секілді факторлар да маңызды рөл атқарады. Мысалы, бейімделу теориясы адамның сыртқы мақсаттарға жеткеннен кейін субъективті әл-ауқаты бастапқы деңгейіне қайтып оралатынын көрсетеді [164]. Эмоциялық реттеу мен жағымсыз оқиғалармен күресу қабілеті әл-ауқат деңгейіне әсер етеді. Диенер және басқалар жоғары эмоционалды тұрақтылыққа ие адамдар жағымсыз жағдайларда да жоғары субъективті әл-ауқат деңгейін көрсететінін айтады [1]. Винховеннің пікірінше, мұндай тұлғалық ерекшеліктер өмірлік оқиғаларды жағымды қабылдауға ықпал етеді [165].

Субъективті әл-ауқат объективті жағдайлар мен субъективті қабылдаулардың тоғысқан тұсында қалыптасады. Мысалы, табысы төмен, бірақ эмоциялық тұрақтылығы жоғары адам табысы жоғары, бірақ эмоциялық тұрақтылығы төмен адам сияқты бақытты болуы мүмкін [66]. Қолайлы объективті жағдайлар әрдайым жоғары субъективті әл-ауқатты қамтамасыз ете бермейді. Өз қабылдаулары мен үміті объективті шындыққа сай келетін индивидтер өміріне көбірек көңілі толады. Осылайша, «субъективті факторлар –объективті жағдайлар мен субъективті әл-ауқат деңгейінің арасындағы медиатор рөлін атқарады» [3, с. 49]. Бұл факторлар арасындағы өзара әрекет субъективті әл-ауқатты зерттеуде кешенді тәсіл қажет екенін көрсетеді. Объективті жағдайлар өмір сапасын қабылдауға негіз болса, ал субъективті сипаттар бұл жағдайлардың қалай қабылданатынын анықтайды. Аталған факторлардың өзара байланысын түсіну – өмірдің материалдық және материалдық емес қырларын ескере отырып, әл-ауқатты арттыру стратегияларын әзірлеуде тиімдірек тәсілдер ұсынуға мүмкіндік береді.

4.2 Қазақстандағы «бақыт» ұғымын кешенді өлшеу үшін субъективті өзін-өзі бағалау мен объективті көрсеткіштерді біріктіру

Дәстүрлі түрде бақыт деңгейін немесе субъективті өзіндік бағалауда объективті экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер қолданылады. Алайда, бұл екі тәсілді біріктіру халық бақытты болуына әсер ететін факторлар туралы толық әрі жан-жақты түсінік береді. Сонымен қатар, «бақыт» ұғымы мен қоғам мәдениеті арасындағы байланыс күрделі және өлшеуге көне бермейді: тұлға әлеуметтену мен әлеуметтік оқыту үдерісінен өтеді, ал мәдениет субъективті әл-ауқаттың орташа/типтік деңгейлерін қалыптастырып, оларды анықтайтын факторларды төмендетеді немесе күшейтеді. Демек, «бақыт» ұғымен түсініп, эмпирикалық бағалауда тұлғалық және социомәдени талдау деңгейлері де маңызды рөл атқарады.

Бақыт ұғымының анықтамасына қатысты тәсілдердің көптүрлілігі оның күрделілігімен түсіндіріледі, яғни ол бір мезгілде объективті және субъективті деңгейлерде өмір сүреді. Сондықтан оны бағалауда әлеуметтік, экономикалық және психологиялық элементтер мен факторларды үйлестіріп қолдану қажет.

Субъективті өзіндік бағалау индивидтің өз өміріне көңілі толуын және жалпы әл-ауқат сезімін білдіреді. Бұл бағалау көбінесе сауалнамалар мен арнайы шкалалар арқылы өлшенеді. Атап айтсақ, Өмірге қанағаттану шкаласы (SWLS) және Субъективті бақыт шкаласы (SHS) [166], [167]. Қазақстан жағдайына осындай құралдарды бейімдеп қолдану – халықтың мәдени және тілдік ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді, бұл алынған мәліметтердің сенімділігі мен валидтілігін қамтамасыз етеді.

Объективті көрсеткіштер, мысалы, жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім (ЖІӨ), жұмыссыздық деңгейі, инфляция және басқа да әлеуметтік-экономикалық деректер елдің материалдық жағдайын сипаттайды. Экономикалық және статистикалық көрсеткіштер (ЖІӨ, қылмыс деңгейі, туу мен өлім көрсеткіштері, табыс мөлшері т.б.) кез келген адам өмірінің объективті контексі ретінде қарастырылады. Ал сауалнамалар жүргізу арқылы табыс, тұрғын үй жағдайы немесе отбасы құрамы сияқты деректер жинайтын социологтардың зерттеуі жалпыұлттық емес, жекелеген немесе әлеуметтік топтар деңгейінен ары аспайды (яғни, субъективті әл-ауқаттың әлеуметтік-демографиялық айырмашылықтары бар) [168]. Бұл объективті индикаторлар халықтың өмір сүру жағдайын сипаттайды, бірақ олар әрқашан субъективті бақыт сезімімен толық сәйкес келе бермейді. Сондықтан бұл көрсеткіштерді субъективті бағалаулармен бірге талдау қажет [169]. Субъективті және объективті деректерді үйлестіріп қолдану тұлғалық қабылдау мен нақты экономикалық жағдайларды бір мезгілде ескеруге мүмкіндік береді. Мұндай кешенді тәсіл экономикалық өзгерістердің бақытқа қалай әсер ететінін, сондай-ақ субъективті бағалаулардың макроэкономикалық көрсеткіштерде көрінбейтін мәселелерді қалай көрсете алатынын анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл тәсіл азаматтардың өмір сапасы мен бақыт деңгейін арттыруға бағытталған неғұрлым тиімді әлеуметтік-экономикалық саясатты әзірлеуге мүмкіндік береді [168]

Қазақстандағы бақыт деңгейін зерттеу үшін диссертациялық жұмыста келесі әдістемелер қолданылды:

- өмір сүру сапасы мен бақыт деңгейін бағалау мақсатында бейімделген SWLS және SHS шкалаларын пайдалана отырып, халық арасында репрезентативті сауалнамалар жүргізуге негізделген субъективті деректерді жинау;
- жан басына шаққандағы ЖІӨ, жұмыссыздық деңгейі, адам дамуының индексі (АДИ) және басқа да негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша ресми статистикалық деректерді талдау;
- субъективті өзіндік бағалар мен объективті көрсеткіштер арасындағы байланыстарды анықтау үшін корреляциялық және регрессиялық талдау әдістерін қолдану;

- экономикалық, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктері әртүрлі Қазақстан өңірлеріндегі айырмашылықтарды ескеру.

4.3 «Бақыт» ұғымын өлшеу әдістемесі: құралдар, мәселелер және шектеулер

«Бақыт» ұғымын сандық тұрғыдан бағалауға арналған түрлі әдістемелер жасалған, олардың ішіндегі ең кең таралғандары:

- Диенер бастаған ғалымдар әзірлеген *Өмірге қанағаттану шкаласы (Satisfaction with Life Scale, SWLS)* – өмірге жалпы қанағаттануды бағалауға арналған бес тұжырымнан тұрады [170];
- Любомирски мен Леппер ұсынған *Субъективті бақыт шкаласы (Subjective Happiness Scale, SHS)* төрт пункттен тұрады және бақыттың жалпы субъективті бағасын өлшейді [171]
- Уотсон және әріптестері әзірлеген *Позитивті және негативті аффект шкаласы (Positive and Negative Affect Schedule, PANAS)* жағымды және жағымсыз эмоцияларды сезіну жиілігін бағалайды [172].

Аталған шкалалардың бейімделуі Д. Леонтьев пен Е. Осиннің еңбектерінде ұсынылған, онда олардың сенімділігі мен валидтілігі ресейлік контексте расталған [173].

Бұдан бөлек, субъективті әл-ауқатты зерттеуде бақыт пен өмірге қанағаттану деңгейін тікелей бағалайтын сұрақтар қолданылады. Мысалы: «0 — мүлде бақытсызбын, 10 – өте бақыттымын» шкаласы бойынша өзіңіздің қаншалықты бақытты екеніңізді бағалаңыз» немесе «Сіз қазіргі уақытта өміріңізге қаншалықты қанағаттанасыз немесе қанағаттанбайсыз?». Мұндай сұрақтар субъективті әл-ауқаттың жиынтық бағасын алуға мүмкіндік береді және халықаралық зерттеулерде мәдениетаралық салыстыруда жиі қолданылады [167].

Әдістемелік әдістердің әртүрлілігіне қарамастан, «бақыт» ұғымын өлшеу бірқатар қиындықтарға тап болады. Біріншіден, тұлғалық және мәдени айырмашылықтар респонденттердің жауабына әсер етуі мүмкін, бұл мәдениетаралық салыстыруларды күрделендіреді. Екіншіден, бақыт – уақытша факторларға тәуелді өзгермелі күй, сондықтан деректерді жинау кезінде уақыттық перспективаны ескеру қажет. Үшіншіден, респонденттер әлеуметтік жағынан мақұлданатын жауаптарды беруге бейім болуы мүмкін, бұл деректердің шынайылығын төмендетеді.

Соңғы жылдары объективті және субъективті әл-ауқат көрсеткіштерін біріктіретін кешенді индекстерге қызығушылық артып келеді. Мұндай индекстерге мысал ретінде Бутанда жасалған Жалпы ұлттық бақыт индексін (Gross National Happiness Index) келтіруге болады, ол психологиялық әл-ауқат, денсаулық, білім және экология сияқты өмірдің түрлі қырларын қамтиды.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әлеуметтанулық сауалнамаларда келесі сұрақтар пайдаланылды: «Сіз қазіргі уақытта өміріңізге қаншалықты

қанағаттанасыз немесе қанағаттанбайсыз?» және «Жалпы алғанда, сіз осы күндері қаншалықты бақыттысыз?». Бұл субъективті әл-ауқатты зерттеуде негізделген және кеңінен қолданылатын тәсіл болып табылады. Аталған сұрақтарды Қазақстан халқының бақыт деңгейін өлшеуде қолданудың негіздемелері:

- *Субъективті әл-ауқатты бағалау*. Субъективті әл-ауқат когнитивті (өмірге қанағаттану) және аффективті (бақытты сезіну) компоненттерді қамтиды. Жалпы өмірге қанағаттану мен бақыт деңгейін бағалауға бағытталған сұрақтар респонденттердің субъективті әл-ауқатының жиынтық көрсеткіштерін алуға мүмкіндік береді [174];

- *Оңайлығы мен әмбебаптығы*. 5 немесе 10 балдық шкаладағы қарапайым және тікелей сұрақтарды қолдану деректер жинау процесін жеңілдетеді, респонденттердің шынайы жауап беру ықтималдығын арттырады және әртүрлі мәдени контексттерде нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік береді [167];

- *Валидтілігі мен сенімділігі.* Зерттеулер мұндай сұрақтардың субъективті әл-ауқатты өлшеуде жоғары валидтілік пен сенімділікке ие екенін көрсетеді. Олар психологиялық денсаулық пен өмір сапасының басқа көрсеткіштерімен өзара байланысты, бұл олардың әртүрлі популяцияларда, соның ішінде Қазақстанда қолдануға жарамды екенін растайды;

- *Мәдениетаралық зерттеулер.* Өмірге қанағаттану мен бақыт туралы сұрақтар халықаралық зерттеулерде жиі қолданылып, мәдени және әлеуметтік факторлардың субъективті әл-ауқатқа әсерін зерттеуге мүмкіндік береді [174].

Осылайша, Қазақстандағы бақытты зерттеу аясында мұндай сұрақтарды қолдану келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1. Халықтың субъективті әл-ауқатының жалпы деңгейін бағалау және түрлі әлеуметтік топтар арасындағы өмірге қанағаттану мен бақыт деңгейін анықтау;

2. Жауаптарды әлеуметтік-демографиялық және экономикалық көрсеткіштермен салыстыру арқылы Қазақстан қоғамындағы субъективті әл-ауқатқа әсер ететін факторларды анықтау;

3. Қазақстандағы бақыт деңгейін басқа елдермен салыстыру, бұл өмір сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін.

Өмірге қанағаттану мен бақыт деңгейін бағалауға бағытталған сұрақтарды қолдану – субъективті әл-ауқатты өлшеудің негізделген және тиімді әдісі. Бұл тәсіл сенімді әрі валидті деректер алуға, терең талдау жүргізуге және халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

4.4 «Бақыт» жөніндегі әлемдік деректер қоры (World Database of Happiness: Қазақстандағы «бақыт» ұғымын зерттеудің құралы ретінде

Бақыттың дүниежүзілік дерекқоры (WDH) – субъективті әл-ауқат пен өмірге қанағаттану мәселелеріне арналған зерттеу нәтижелерінің

жүйелендірілген мұрағаты [175]. Бұл дерекқорда зерттеулердің сипаттамалары бірыңғай форматта және терминологияда берілген, бұл оларды салыстыру мен талдауды жеңілдетеді. Мәліметтер тақырыптар, аймақтар, уақыт кезеңдері мен әдістемелер бойынша жіктелген, бұл зерттеушілердің кең ауқымды ақпаратқа қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Қазақстан контекстінде WDH дерекқорын пайдаланудың артықшылықтары келесідей:

- WDH көптеген ел, соның ішінде Қазақстан бойынша да деректерді қамтиды, бұл мәдениетаралық салыстырулар жүргізуге және Қазақстанның әлемдік контексте алатын орнын бағалауға мүмкіндік береді;
- WDH-де деректерді жинау және өңдеу бірыңғай әдістер арқылы жүзеге асырылады, бұл нәтижелердің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді. Бұл Қазақстандағы бақыт динамикасын және басқа елдермен салыстырмалы талдау жүргізуде ерекше маңызды;
- Дерекқор үнемі жаңартылып отырады, бұл зерттеушілерге ең соңғы деректерге қол жеткізуге мүмкіндік береді және Қазақстандағы бақыт пен өмірге қанағаттану деңгейіндегі өзгерістерді бақылауға септігін тигізеді;
- WDH әртүрлі бақыт көрсеткіштерін қамтиды: өмірге қанағаттану, эмоционалды әл-ауқат, әлеуметтік байланыстар және басқа да индикаторлар. Бұл Қазақстандағы бақытқа әсер ететін факторларды жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы бақыт деңгейін зерттеуде WDH деректерін қолдану бақыт деңгейін басқа елдермен салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстанның өзіндік ерекшеліктерін және жаһандық үрдістермен ұқсастықтарын анықтауға, бақыт детерминанттарын тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Ұзақ мерзімді деректер Қазақстандағы бақыт деңгейінің өзгеру динамикасын талдауға, көрсеткіштердің жақсаруына немесе нашарлауына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

WDH деректері қазақстандықтардың субъективті әл-ауқатына табыс, жұмыспен қамтылу, денсаулық және білім сияқты өмірдің әртүрлі аспектілерінің қалай әсер ететінін зерттеуге мүмкіндік береді. Осылайша, диссертациялық зерттеуде Бақыттың Дүниежүзілік дерекқоры Қазақстандағы субъективті әл-ауқатты зерделеудің маңызды құралы ретінде пайдаланылды.

4.5 Қазақстандағы бақыт детерминанттарын зерттеу үшін корреляциялық және регрессиялық талдауды қолдану

Бақыт детерминанттарын әртүрлі әлеуметтік топтар арасында анықтап, сандық тұрғыда бағалау үшін статистикалық әдістерді қолдану өзекті болып табылады. *Корреляциялық талдау* – бұл айнымалылар арасындағы байланыс күшін және бағытын айқындайтын әдіс, оның бірнеше артықшылығы бар:

- *Түсініктілігі:* бұл әдіс айнымалылар арасындағы байланыстың бағыты мен күшін анық көрсетіп, интерпретациялауды жеңілдетеді;

- *Маңызды байланыстарды анықтау*: бұл әдіс бақытқа ықпал ететін ықтимал маңызды факторларды анықтауға мүмкіндік береді және оларды одан әрі терең зерттеуге негіз болады [176].

Алайда, корреляциялық талдаудың өзіндік шектеулері бар. Бұл әдіс айнымалылар арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнатпайды, бұл нәтижелерді қате түсінуге әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, А. Баврина үшінші айнымалылардың болуы зерттеліп отырған айнымалылар арасындағы нақты байланысты бұрмалауы мүмкін екенін атап көрсетеді [176].

Регрессиялық талдау бір айнымалының басқа бір немесе бірнеше тәуелсіз айнымалыларға тәуелділігін модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әрбір фактордың бақыт деңгейін түсіндіруге қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді. Алайда, регрессиялық модельдер көбінесе сызықтық тәуелділік болжамына негізделеді, бұл нақты жағдайда әрдайым орындала бермейді. Сонымен қатар, мультиколлинеарлық мәселесі модель коэффициенттерінің тұрақсыздығына алып келуі мүмкін [177].

Осы диссертациялық зерттеуде корреляциялық және регрессиялық талдау қолданылды, бұл Қазақстан халқының бақыт деңгейімен ең күшті байланысты факторларды анықтауға және әрбір детерминанттағы өзгерістің субъективті әл-ауқатқа ықтимал әсерін бағалауға мүмкіндік берді. Осы әдістердің шектеулерінің нәтижелерге әсерін төмендету мақсатында зерттеуші келесі шараларды қабылдады:

- Қалдықтардың қалыпты таралуы мен гомоскедастикалығын тексеру үшін статистикалық тесттер мен графикалық талдау жүргізілді;
- Жасырын айнымалыларды модельге қосу арқылы байланысты бұрмалауы мүмкін әсерлер ескерілді, бұл бағалаулардың дәлдігін арттырды.

«Бақыт» ұғымын өлшеудің бірқатар әдістемелік қиындықтары бар, сенімді нәтижелер алу үшін оларды ескеру қажет:

1) Респонденттер әлеуметтік мақұлданатын жауаптарды беруге бейім болуы мүмкін, бұл деректердің сенімділігін төмендетеді.

2) Бақыт – уақытша факторларға тәуелді өзгермелі күй, респонденттің сауалнама жүргізу сәтіндегі көңіл-күйі оның жауабына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, мәдени ерекшеліктерді ескеретін бейімделген шкалалар мен сауалнамаларды әзірлеу және пайдалану өлшеудің валидтілігін арттырады. Мысалы, SWLS және SHS шкалаларының Қазақстан жағдайына бейімделуі мәдени және тілдік ерекшеліктерді ескеруге мүмкіндік береді. Субъективті өзіндік бағаларды объективті деректермен біріктіру де бақыттың детерминанттарын кешенді түсінуді қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл жеке қабылдауларды да, өмір сүру жағдайларының нақты сипаттамаларын да ескеруге мүмкіндік береді. Осы әдістемелік аспектілерді ескеру – субъективті және объективті бақыт көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты терең түсінуге, сондай-ақ бұл салада жүргізілетін зерттеулердің сапасы мен сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

5 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАҚЫТ ДЕҢГЕЙІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНТЕКСТ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

5.1 Қазақстандағы орташа бақыт деңгейі (2000–2019 жылдары)

Бұл бөлімде мен «Бақыттың» Дүниежүзілік деректер қорының «Іздеулер мұрағатына» (https://worlddatabaseofhappy.eur.nl, жүгінген күні: 19 қаңтар 2024 ж.) сүйенемін. «Іздеулер мұрағаты» – бұл нақты феноменге, осы жағдайда «бақытқа» қатысты эмпирикалық зерттеулердің нәтижелер жинағы. Зерттеу нәтижелері стандартты форматта және электрондық іздеу беттерінен термин арқылы сұрау салып, оларды түрлі белгілері бойынша сұрыптауға болады. Атап айтсақ, тақырыптық (табыс деңгейі және т.б.), халық топтары бойынша (кедей елдер және т.б.) немесе әдістер бойынша (эксперименттік зерттеулер және т.б.). Мұрағат зерттеулерді синтездеуді, сипаттамалық шолуларды және сандық мета-талдауды жеңілдетуге арналған. Бұл жаңа әдіс Винховен және т.б. ғалымдардың еңбегінде сипатталған [178].

Қазақстан бойынша WDH (World Database of Happiness) мәліметтерінде көрсетілген зерттеу нәтижелері елдегі бақыт деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл бағалау халық арасында өткізілген жүйелі іріктемелі сауалнамаларда респонденттердің өмірге қанағаттану деңгейіне қатысты жауаптарының орташа мәнін анықтау арқылы жүзеге асырылады (https://worlddatabaseofhappiness.eur.nl/nations/kazakhstan-220/, жүгінген күні: 19 қаңтар 2024 ж.).

WDH мәліметтерін талдау барысында келесі зерттеу сұрақтары қойылды:

• 2000 жылдан 2019 жылға дейінгі 10 жылдық кезеңдегі деректер негізінде қазақстандықтар қаншалықты бақытты? Жалпы бақыт деңгейімен қатар, оның компоненттері: адамдардың аффективті жағдайы мен өмірлерін когнитивті бағалау деңгейі қандай? Бұл деңгейлер 0-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша орташа балмен сандық тұрғыдан бағаланады.

• Қазақстандағы бақыт деңгейі басқа елдермен салыстырғанда қандай және олар қазіргі әлемдегі ең жоғары және ең төмен деңгейлер аралығында қай жерде орналасқан?

• Орташа бақыт деңгейі уақыт өте қалай өзгерді?


• Стандартты ауытқу көрсеткіші арқылы өлшенетін ел азаматтарының арасында жалпы бақыт деңгейінің айырмашылығы қаншалықты үлкен?

• Бұл теңсіздік көрсеткіштері басқа елдермен қалай салыстырылады және олар соңғы 10 жылда бақыланған елдер арасында бақыт теңсіздігінің ең жоғары және ең төмен деңгейлері шкаласында қай жерде орналасқан?

Қазақстандағы жалпы бақыт деңгейіне қатысты соңғы бағалау Бақыттың Дүниежүзілік деректер қорына мерзімді зерттеу нәтижелері бойынша енгізілген 2020 жылға қатысты деректерді қамтиды.

Осы 10 балдық шкала бойынша орташа мән – 7,7, ал стандартты ауытқу – 1,6. Жауаптардың таралуы 2019 және 2021 жылдарды салыстыра келе 5.1.1-суретте көрсетілген.

5.1.1 диаграмма.
2010 жылдардағы Қазақстандық респонденттердің «бақыт» деңгейін бағалауы *



* 2019 жылға арналған дереккөз (https://worlddatabaseofhappiness.eur.nl/happiness-measures/o-hl-u-sq-n-10-j-3661/, жүгінген күні: 19 қаңтар 2024 ж.)
2021 жылға арналған дереккөз (https://stat.gov.kz/official/industry/64/statistic/6, жүгінген күні: 19 қаңтар 2024 ж.)

5.1.1-диаграммадан көрініп тұрғандай, респонденттердің жауаптары ең төмен қанағаттанудан ең жоғары деңгейге дейін таралған, және олардың басым бөлігі өз бағалауы үшін 10 балдық шкалада 4–10 ұпай аралығындағы нүктелерді таңдаған. Өміріне мүлдем қанағаттанбайтын респонденттердің үлесі 1%-дан аспайды. Бұл дамыған елдерде байқалатын үрдіске сәйкес келеді және посткеңестік елдермен салыстырғанда айтарлықтай төмен, ол елдерде өміріне мүлдем қанағаттанбайтындар үлесі 7–17% аралығында. 2021 жылы өздерінің әлеуметтік әл-ауқатын 9–10 балл аралығында бағалаған адамдардың үлесі айтарлықтай өсті (29,4%-дан 37,9%-ға дейін), бұл өмір сапасын қабылдаудағы оң өзгерістерді көрсетеді. Пандемия жағдайын, оның елге тигізген елеулі әлеуметтік-экономикалық салдарларын ескерсек, бұл үрдіс ерекше назар аударуға тұрарлық. Егер 2000-жылдары елдегі орташа бақыт деңгейі 6,1 болса, 2010-жылдары қазақстандықтар өздерін бақыттырақ сезіне бастады. Бұл кезеңде орташа бақыт деңгейі 6,6-ны құрады. 6,6 көрсеткіші

Қазақстан халқының өміріне қанағаттану деңгейінің біршама жоғары екенін білдіреді.

Халықтың әлеуметтік әл-ауқатына беретін бағасының артуы белгілі бір экономикалық жетістіктерге және әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа деген ұмтылысқа байланысты. Бұл жылдары Қазақстан әлемдегі ең бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға күш салды. Осы мақсатта мемлекет пен қоғам жергілікті өнеркәсіптің әлеуетін арттыруға, шағын бизнесті дамыту мүмкіндігін кеңейтуге, әлеуметтік осал топтардың өмір сүру жағдайын жақсартуға, денсаулық сақтау және білім беру жүйесін дамытуға, сондай-ақ азаматтарға нәсілдік, жыныстық немесе діни ерекшеліктеріне қарамастан өзін-өзі іске асыруға мүмкіндік беруге бағытталған жұмыстарды атқарды. Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан реформаларға қарамастан, Қазақстанда байлар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік алшақтық, жемқорлықтың деңгейінің жоғарылығы және жұмыссыздық сақталып отыр. Бұл факторлар елдегі бақыт деңгейінің неғұрлым жоғары қарқынмен өсуіне кедергі келтірді.

Қазақстан халқы арасындағы орташа бақыт деңгейіне қатысты салыстырмалы деректер 2006 жылдан бастап қолжетімді. Бұл деңгейдің келесі жылдардағы өзгерістері 5.1.2-диаграммада көрсетілген.

5.1.2 диаграмма. Қазақстан Республикасындағы уақыт бойынша бақыт тенденциясы



*Дереккөз: https://worlddatabaseofhappiness.eur.nl/nations/kazakhstan-220/distributional-findings/. (Жүгінген күн: 23 ақпан 2024 жыл)

Қазақстандағы бақыт деңгейіне қатысты 2006 жылдан 2020 жылға дейінгі деректер белгілі бір ауытқуларды көрсетеді, дегенмен соңғы жылдары өсімге бағытталған жалпы үрдіс байқалады. 2006 жылы бақыт көрсеткіші 6,27 болса, 2009 жылы 6,05-ке дейін төмендеген. Бұл төмендеу 2008 жылғы жаһандық қаржы дағдарысымен байланысты болуы мүмкін, себебі ол Қазақстан экономикасына және азаматтардың әл-ауқатына теріс әсер етті. Дағдарыстан кейін бақыт деңгейінің біртіндеп өсуі байқалады, яғни бұл көрсеткіш 2014 жылы 6,74-ке жетті. Бұл кезеңдегі экономикада тұрақтылық пен өсім тән болды, бұл халықтың өмірге қанағаттануын арттыруға ықпал еткен болуы мүмкін. 2016 жылы көрсеткіштің 6,5-ке дейін сәл төмендеуіне қарамастан,

жалпы үрдіс оң сипатқа ие болып, 2019 жылы 7,22-ге жетті. Бұл елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруы мен азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың сәтті жүзеге асқанын көрсетеді. 2009 жылы бақыт деңгейі ең төмен деңгейге 6,05-ке дейін түскені байқалады, алайда 2010 жылдан бастап бұл көрсеткіш өсе бастады, тек 2016 жылы ғана аздап төмендеп, 6,5-ке дейін түседі. Ең жоғары бақыт деңгейі 2019 жылы тіркелген – 7,22.

World Happiness Report деректеріне сәйкес, 2020 жылы Қазақстан 153 елдің ішінде 50-орынды иеленіп, өткен жылмен салыстырғанда 10 позицияға көтерілген. ЕАЭО елдерінің ішінде Қазақстан бірінші орынды иеленіп, Ресей (73-орын), Қырғызстан (74-орын), Беларусь (75-орын) және Арменияны (116-орын) артта қалдырды (Finprom - Казахстан занял 50-е место в рейтинге стран мира по уровню счастья, опередив все страны ЕАЭС, включая Россию https://finprom.kz/ru/article/kazahstan-zanyal-50-e-mesto-v-rejtinge-stran-mira-po-urovnyu-schastya-operediv-vse-strany-eaes-vklyuchaya-rossiyu. Жүгінген күні: 25 ақпан 202 4 жыл).

Кезеңдік ауытқуларға қарамастан, 2006–2019 жылдар аралығында Қазақстандағы бақыт деңгейінің жалпы үрдісі оң сипатқа ие болды. Бұл өмір сүру жағдайларының біртіндеп жақсарып, халықтың қанағаттану деңгейінің артып келе жатқанын көрсетеді және бұны халықаралық рейтингтер де растады.

Қазақстанның бақыт деңгейін басқа елдермен салыстыру үшін біз World Happiness Database ұсынған 2010–2019 жылдар аралығындағы елдердегі орташа бақыт көрсеткіші бойынша рейтингілік есепті (2010-шы жылдар рейтингі) пайдаландық. Бұл есеп әр елдегі респонденттердің өмірге қанағаттану деңгейін 0 (мүлдем қанағаттанбаған) мен 10 (толық қанағаттанған) аралығындағы шкалада бағалауына негізделген. Осы бағалау нәтижесінде Қазақстан әлем елдері арасында келесі орынды иеленді.

5.1.1-кесте.
Қазақстанның 2010-жылдары 160 ел ішіндегі орташа бақыт рейтингі
Орташа бақыт көрсеткіші (0–10 шкала бойынша)

Топ	1	8, 2	Denmark
	2	8,1	Mexico
	:		
	67	**6,6**	**Kazakhstan**
	68	6,6	Singapore
	69	6,6	Taiwan
	70	6,6	Latvia
	71	6,6	Hong Kong
	72	6,6	Estonia
	:		

	79	6,4	Jamaica
Орташа	80	6,3	Albania
	81	6,1	Japan
	:		
Төменгі	159	4,2	Burundi
	160	3,8	Tanzania

Дереккөз: «Елдердегі орташа бақыт» WDH Rank есебі, 2010–2019 жж.

Қазақстан әлем елдері арасындағы орташа бақыт деңгейі рейтингіндеге орта деңгейдің орта бөлігіне кіреді. Қазақстан орташа бақыт көрсеткіштері ұқсас елдер – Сингапур, Тайвань, Латвия, Гонконг және Эстониямен қатар орналасқан.

Посткеңестік елдердегі бақыт деңгейін, әсіресе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) мүше елдермен салыстыру қызықты. Бұл елдер дамушы экономикасы бар және адам дамуының орташа деңгейіне ие мемлекеттер тобына жатады. Посткеңестік кеңістіктегі елдер ішінде Қазақстан салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштерге ие. Дегенмен, Қазақстандағы бақыттың орташа бағасы өңірдің Орта Азия бөлігіндегі ұқсас өтпелі даму жолындағы Өзбекстан мен Қырғызстанмен салыстырғанда төмен. Сонымен қатар, Қазақстандағы бақыт деңгейі Шығыс Еуропа мен Кавказ аймағы елдерінен жоғары. Осылайша, аймақтық, тарихи-мәдени және экономикалық ортақ өткен жолға, сондай-ақ қоғамдардың әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі түбегейлі өзгерістердің ұқсастығына және бірнеше ұрпақтың әлеуметтенуінің институционалдық жағдайларының ортақтығына қарамастан, Қазақстан мен кейбір ТМД елдері арасында айырмашылықтар байқалады. Бұл жағдай 5.1.2 кестеде көрініс тапты.

5.1.2-кесте.
Соңғы жылдардағы Қазақстанның ТМД елдері арасындағы орташа бақыт рейтингі (https://worlddatabaseofhappiness.eur.nl/rank-reports/satisfaction-with-life/) 0–10 шкаласы бойынша орташа бақыт деңгейі

Топ	14	7, 7	Узбекстан
	24	7,4	Кыргызстан
	67	**6,6**	**Казахстан**
	70	6,6	Латвия
	72	6,6	Эстония
	86	6,1	Азербайджан
	88	6,1	Молдава
	89	6,1	Литва
	99	5,9	Беларусь
	101	5,9	Россия
	107	5,6	Грузия

120	5,4	Армения
133	5,1	Украина

Дереккөз: «Елдердегі орташа бақыт» WDH Rank есебі, 2010–2019 жж.

Азия елдерімен салыстырғанда Қазақстандағы орташа бақыт деңгейін талдай отырып, қазақстандықтар осы өңірдегі ең бақытты халықтардың бірі екенін атап өткен жөн.

5.2 Қазақстандағы «бақыт» ұғымының құрамдас бөліктері мен корреляттары


Қазақстандағы бақыт туралы WDH Nation есебі бақыт жайлы екі дереккөзді пайдалануға мүмкіндік береді: адамдардың көп уақыт бойы өзін қаншалықты жақсы сезінетіні және олардың шынайы өмірі өмір қандай болуы керек деген көзқарастарына қаншалықты сәйкес келетіні. Бұл қосалқы бағалар аффективтік компонент (гедондық аффект деңгейі) және когнитивтік компонент (қанағаттанушылық) негізіндегі бақыттың «құрамдас бөліктері» ретінде интерпретацияланады [179].

Аталған компоненттер жыл сайын Gallup World Poll сауалнамасы аясында өлшенеді: аффективтік компонент – адамның кеше өзін қалай сезінгені туралы бірқатар сұрақтар арқылы, ал когнитивтік компонент – өмірін «жоғарғы деңгейде жақсы болуы мүмкін» мен «төменгі деңгейде нашар болуы мүмкін» арасында 11 сатылы шкалада бағалауы арқылы анықталады [180, с. 354].

Өмірге қанағаттанушылық эмоциялық жағдайдан оның уақыт ішіндегі салыстырмалы тұрақтылығымен ерекшеленеді. И. Ротхман және Р. Веенховен атап өткендей, жақсы эмоционалдық күй адамның қажеттіліктерінің қанағаттандырылуын білдірсе, когнитивтік қанағаттанушылық оның қалауларының жүзеге асуын қабылдаудың көрсеткіші болып табылады [179].

Осы екі компонент бойынша бағалар 5.2.1-диаграммада көрсетілген, одан Қазақстанда бұл компоненттердің айтарлықтай ерекшеленетінін көруге болады.

5.2.1 диаграмма. ТМД елдеріндегі бақыт компоненттері



Дереккөз: Қазақстан үшін WDH Nation Happiness Report, 2010-2019 жылдарға арналған жалпы популяция үлгілеріндегі жоғарыда аталған көрсеткіштер үшін орташа стандартты ауытқулар.

Қазақстанда когнитивтік компонент көрсеткіші аффективтік компонентке қарағанда едәуір төмен. 5.2.1-диаграммадан байқағанымыздай, когнитивтік қанағаттанушылық деңгейінің төмендігі мен аффективтік бақыт деңгейінің салыстырмалы түрде жоғарылығы арасындағы айтарлықтай айырмашылық тек Қазақстанға ғана емес, көптеген посткеңестік елдерге де тән. Мұндай диспропорция «көңілді наразылық» (cheerful discontent) ретінде сипатталады, бұл жағдай «басылған қанағаттанушылық» (depressed contentment) күйімен салыстырғанда неғұрлым оптимистік комбинацияны білдіреді. Соңғы жағдайда халық жоғары қанағаттанушылықты бастан кешіргенімен, эмоционалдық хал-ахуалы төмен болады [179].

Бақыт жөніндегі дүниежүзілік деректер базасы әлемнің әртүрлі елдерінің азаматтары арасындағы бақыт деңгейінің теңсіздігі туралы деректерді қамтиды. Бұл теңсіздік стандартты ауытқу арқылы өлшенеді [181]. WDH Nation есебінде бақыттың стандартты ауытқуы 0-ден 10-ға дейінгі диапазонда салыстырмалы балдарға түрлендірілген. 2010 жылдары Қазақстандағы бақыттың таралуының стандартты ауытқуы 0–10 шкаласы бойынша 2,35-ке тең болған. Стандартты ауытқу негізінде бақыт деңгейі теңсіздігі бойынша елдер арасындағы рейтинг анықталды және ондағы Қазақстан көрінісі 5.2.2 кестеде берілген.

5.2.2-кесте
2010-жылдардағы Қазақстанның бақыт деңгейі теңсіздігі бойынша 157 ел арасындағы рейтингі

Ең төмен	1	1,43	Нидерланд
	2	1,58	Финляндия

	78	2,29	Франция
Орташа	79	2,29	Маврикий
	80	2,29	Боливия
	95	2,35	Қазақстан
Ең жоғары	156	2,96	Филиппин
	157	2,96	Йемен

Дереккөз: WDH Rank report Inequality of Happiness in Nations 2010-2019

Әлемнің 157 елі арасында Қазақстан бақыт теңсіздігі бойынша 95-орынды иеленіп, әлем елдерінің ранжирлік тізіміндегі орта деңгейге сәйкес келеді. Қазақстан ТМД елдері арасындағы рейтингте де орташа позицияны иеленеді.

5.2.3-кесте

2010-жылдардағы Қазақстанның ТМД елдері арасындағы бақыт деңгейі теңсіздігі бойынша рейтингі

Төменгі	1		
	33	2,03	Өзбекстан
	44	2,13	Молдава
	85	2,32	Беларусь
	95	**2,35**	**Қазақстан**
	103	2,38	Ресей
	105	2,41	Әзербайжан
	114	2,47	Қырғызстан
	130	2,61	Украина

Дереккөз: WDH Rank report Inequality of Happiness in Nations 2010-2019

Қазақстанда 2000–2020 жылдар аралығындағы реформалар кезеңінде халықтың өміріне жалпы қанағаттанушылық деңгейі көбіне сыртқы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты болды. Елдегі экономикалық жағдай нашарлаған кезде өмірге орташа қанағаттанушылық деңгейі төмендеді, ал экономиканың жалпы жағдайы жақсарған әрі тұрақтанған кезде қайта өсті. Алайда, қазақстандықтардың өміріне қанағаттанушылық деңгейіне нақты қандай факторлар және қаншалықты дәрежеде әсер ететінін әлі де анықтау қажет. Осы себепті де, 2010-2020 жылдар аралығындағы State of Nations деректер жинағындағы корреляциялық нәтижелерге (5.2.4 кесте) сүйене отырып, біз қазақстандықтардың өміріне

жоғары немесе төмен деңгейде қанағаттануына әсер ететін кейбір факторларды анықтаймыз.

5.2.4 кесте. Қазақстандағы «бақыт» ұғымының корреляттары


	Жасы	Жынысы	Отбасылық жағдайы	Балаларының болуы/болмауы	Білімі	Табысы	Әлеуметтік-экономикалық дәрежесі	Мүшелілігі
Армения	-,211**	0,001	-0,019	-,134**	,097**	,199**	-,287**	,076**
Әзербайжан	-,145**	0,036	-0,017	-,126**	,121**	,179**	-,233**	,084**
Беларусь	-,143**	0,020	,122**	-0,036	,128**	,189**	-,217**	,089**
Эстония	-,215**	-0,001	,126**	0,009	,172**	,294**	-,330**	,125**
Қырғызстан	-,082**	-0,014	,074*	,086**	-0,029	,158**	-,121**	0,045
Қазақстан	-0,038	0,020	0,044	0,042	,153**	,254**	-,196**	0,032
Ресей	-,160**	-,068**	,105**	-0,011	,081**	,323**	-,194**	,099**
Украина	-,259**	0,006	,094**	-0,021	,159**	,312**	-,227**	,071**
Өзбекстан	-,107**	-0,019	,054*	-0,042	0,003	,293**	-,125**	,068**

Бақыт және жас ерекшелігі. Қазақстанда жас шамасы мен бақыт деңгейі арасында сызықтық байланыс жоқ (r = –0.04), бұл басқа посткеңестік елдерден ерекшеленеді, себебі оларда жас ұлғайған сайын бақыт деңгейінің төмендеуіне бағытталған теріс корреляциялар анықталған.

Зерттеулер бұл екі айнымалы арасында U-тәрізді байланыс болуы мүмкін екенін көрсететіндіктен, біз Қазақстанда 2019 жылы жүргізілген сауалнама деректеріне жүгіндік. Бұл деректің корреляциялық нәтижелері Бақыт жөніндегі дүниежүзілік деректер базасында жарияланған.

Аталған мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда барлық жас топтары өздерін бақытты сезінеді. Ең жоғары орташа көрсеткіш (8.29) 19–25 жас аралығындағы жастар арасында тіркелген, ал ең төменгі көрсеткіш (7.61) 65 жастан асқан зейнеткерлер арасында байқалған (5.2.1 диаграмма).

5.2.1 диаграмма. Жас ерекшеліктеріне байланысты бақыт деңгейінің орташа мәні



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректері*

Бақыт және жыныс. Қазақстан халқы арасында жыныстық айырмашылықтар бақыт деңгейіне әсер етпейді: r = +0.02. Ерлер мен әйелдер арасындағы бақыт деңгейіндегі айырмашылық Қазақстанға ғана емес, әлем елдерінің басым бөлігіне де тән емес.

Бақыт және отбасылық жағдай. Зерттеулер Қазақстанда отбасылық жағдайдың бақытқа әсер етпейтінін көрсетеді: r = +0.04. Бұл көрсеткіш әр елде түрліше интерпретацияланады – кейбір елдерде үйленген адамдар өміріне көбірек қанағаттанса, басқа елдерде некеде болмағандар ең жоғары қанағат сезімін білдіреді. Посткеңестік елдер арасында Қазақстан бақыт деңгейі отбасылық жағдайға тікелей тәуелді емес үш елдің бірі.

Бақыт және балалы болу. Қазақстанда баланың болуы адамдардың бақыттылығына статистикалық тұрғыдан елеулі әсер етпейді: r = +0.04. Бұл көп елдердегі жағдайдан ерекшеленеді, себебі кейбір елдерде оң, ал басқаларында теріс корреляциялар байқалады.

Бақыт және білім. Қазақстандықтар неғұрлым білімді болған сайын, өзін соғұрлым бақытты сезінеді: r = +0.15. Білім адамдардың мүмкіндіктерін кеңейтеді, және бұл жағынан Қазақстан басқа посткеңестік елдер сияқты, әлемнің көптеген елдерінде байқалатын заңдылықты көрсетеді.

Бақыт және табыс. Қазақстандағы өмірге жалпы қанағаттанушылыққа негізгі әсер етуші фактор – экономикалық жағдай. Адамдардың табысы артқан сайын, олардың бақыт деңгейі де өседі: r = +0.25. Қазақстанда, басқа посткеңестік елдердегідей, бақыт табыс деңгейіне тікелей байланысты, алайда бұл байланыс экономикалық жағынан әл-ауқаты жоғары елдерде әлсізірек байқалады.

Бақыт және әлеуметтік мәртебеге өзіндік баға. Қазақстанда әлеуметтік мәртебеге өзіндік баға мен бақыт арасындағы байланыс теріс корреляциямен сипатталады: r = –0.19. Бұл әлем елдеріндегі оң корреляциядан ерекшеленеді. ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да, өзін жоғары әлеуметтік топқа жатқызу бақыт деңгейін арттырмайды. Бұл – қоғамда өз орнын жоғары

бағалаған сайын адамның қалаулары мен қажеттіліктерін іске асыруды қабылдау деңгейі төмендейтінін көрсетеді. Аталған үрдісті тереңірек зерттеу қажет.

Бақыт және ұйымдарға мүшелік. Қазақстандықтар үшін қандай да бір әлеуметтік ұйымдардың мүшесі болу бақыт деңгейіне әсер етпейді: r = +0.03. Бұл посткеңестік елдер мен дамыған елдердегі жағдайдан ерекшеленеді, себебі соңғысында әлеуметтік ұйымдарға қатысу мен бақыт арасында оң корреляциялық байланыс байқалады.

Қазақстан – экономикасы табысты дамып келе жатқан ел, бірақ елдегі бақыт моделінің кейбір аспектілері әлемдік тенденциялардан ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтар төмендегі үлгілерде көрініс тапқан:

- Қазақстандағы орташа бақыт деңгейі ЭЫДҰ-ның дамыған елдерімен (7.5) салыстырғанда төмен (6.6), бірақ Азия және посткеңестік елдер тобы ішінде ең жоғары көрсеткіштердің бірі.
- Бақыт теңсіздігі бойынша Қазақстан әлемдік рейтингте орташа деңгейде, ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішінен жоғары, бірақ дамушы елдердің көпшілігінен төмен.
- Қазақстанда үйленген адамдар некеге тұрмаған адамдарға қарағанда бақыттырақ, бірақ бұл айырмашылық дамыған елдермен салыстырғанда айтарлықтай аз.
- Қазақстанда табыс пен бақыт арасындағы корреляция дамыған елдерге қарағанда күшті, бұл қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.
- Қазақстандықтардың бақыт деңгейі әлеуметтік мәртебеге тікелей емес, ал әлемнің көп елдерінде бұл көрсеткіштер арасында оң байланыс бар. Адамдар өзін жоғары топқа жатқызған сайын, олардың үміті мен талабы артады. Бірақ бұл олардың қажеттілігін іске асыру қабілетін төмен бағалауына алып келеді.
- Қазақстанда ерікті ұйымдарға мүшелік пен бақыт арасындағы байланыс дамыған елдерге қарағанда әлсіз.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы орташа бақыт деңгейінің өсуі елдегі реформалардың халықтың өміріне және оның өмірге қанағаттанушылығына оң әсер еткенін көрсетеді. Алайда азаматтардың субъективті әл-ауқатын одан әрі арттыру үшін Қазақстан үкіметі өз саясатын экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоғамдағы әлеуметтік тұтастықты нығайтуға, әлеуметтік инклюзияға және халықтың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағыттауы қажет.

Соңғы бірнеше жылда жарияланған сенімді халықаралық салыстырулар Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық реформаларды қолдауға берік негіз бола алады. Өйткені еліміз әлемдік бақыт рейтингтерінде артта қалып отыр. Осыған байланысты елдің келесі жаңғырту кезеңінің стратегиялық мақсаты ретінде «бақыт» деңгейін арттыру мәселесін алға қою маңызды.

Қазіргі уақытта Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсартуға және өмір сапасын арттыруға бағытталған экономикалық және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың үшінші кезеңін бастан өткеруде. Қазақстан үкіметі өмір сапасын

әлемдегі ең дамыған елдермен салыстыруға келетін деңгейге жеткізуді мақсат етіп отыр және 2050 жылға қарай әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуды көздейді. Бұл Қазақстандағы бақыт деңгейінің алдағы жылдары одан ары өсетініне үміт береді.

5.3 Қазақстан мен посткеңестік елдердегі бақыт деңгейі: макроәлеуметтік және макроэкономикалық көрсеткіштер тұрғысынан талдау

Р. Винховен жоғарыда атап өткендей, адамдардың субъективті бақыт деңгейі қоғамның өмір сүруге қолайлы әрі жайлы жағдай жасау қабілетін сипаттайтын маңызды және өлшенетін индикаторлардың бірі болып табылады. Бұл көрсеткіш әлеуметтік прогресті бағалаудың сенімді құралы ретінде қарастырылады [182]. Қоғам ішіндегі салауаттықты талдауда дәстүрлі экономикалық көрсеткіштерді, яғни «Жан басына шаққандағы ЖІӨ» мен «Адам дамуының индексі (АДИ)» маңызды болғанымен, олар қоғамның жалпы әл-ауқаты туралы толық ақпарат бере алмайды. Сол себепті субъективті бақытты зерттеу арқылы кез келген мемлекет өз халқының өмір сүру деңгейін тек экономикалық көрсеткіштер негізінде ғана емес, сондай-ақ олардың бақыт деңгейі мен өмірге қанағаттануы тұрғысынан да бағалауға мүмкіндік алады

Мысалы, кейбір елдерде субъективті әл-ауқат деңгейі ЖІӨ мен АДИ көрсеткіштеріне негізделген болжамнан төмен болуы мүмкін, керісінше басқа елдерде жоғары болып келеді (толығырақ 5.3.1-кестеден қараңыз).

5.3.1-кесте
Қазақстанды мен басқа елдердің ЖІӨ, АДИ және орташа бақыт көрсеткіштері бойынша рейтинг деректерінің салыстырмасы

Елдер	Орташа бақыт деңгейі (2010-2019)	ЖІӨ (2020 ж.)	АДИ (2020 ж.)
Мексика	8,1	19 175	0.779
...			
Өзбекстан	7,7	7821	0.720
Қырғызстан	7,4	5007	0.697
Қазақстан	**6,6**	**26 551**	**0.825**
Латвия	6,6	31 594	0.866
Эстония	6,6	37 288	0.892
Түркіменстан	6,4	16 458	0.715
Әзірбайжан	6,1	14 512	0.756
Молдова	6,1	12 750	0.750
Литва	6,1	39 214	0.882
Монголия	6,1	12 088	0.737
Беларусь	5,9	20 226	0.823
Россия	5,9	28 171	0.824

Тәжікстан	5,8	3879	0.668
Грузия	5,6	14 754	0.812
Армения	5,4	13 323	0.776
Украина	5,1	13 196	0.779

Қазақстанда жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі **(26 551)** мен Адам дамуының индексі **(0.825)** рейтинг бойынша әлемдегі ең бақытты елдердің бірі саналатын Мексикадан жоғары екенін байқаймыз. Егер Орталық Азия елдерімен салыстырып қарайтын болсақ, онда макроэкономикалық көрсеткіштері төмен Өзбекстан мен Қырғызстан басқа посткеңестік елдерге қарағанда бақыт деңгейі бойынша көш ілгері екені анықталды. Балтық жағалауы елдерінің экономикалық және адами даму деңгейінің жоғары көрсеткіші халықтың субъективті бақыт деңгейіне тікелей әсер етпейтінін көрсетті, дәл сондай көрсеткіш Ресей Федерациясының макроэкономикалық және әлеуметтік деңгейін көрсетеді. Яғни, объективті (экономикалық) және субъективті (сезінетін) көрсеткіштер арасындағы сәйкессіздік елдің жалпы әл-ауқаты тек экономиканың өсуіне және басқа да материалдық жағдайларға ғана тәуелді емес екенін көрсетеді. Бұл әр елде әл-ауқаттың және оны өлшеудің әртүрлі детерминанттары бар екеніне айғақ. Бақытты зерттеу экономикалық көрсеткіштерді толықтырып, мемлекеттердің дамуындағы әлеуметтік және мәдени-психологиялық аспектілерді ескеруге мүмкіндік береді, бұл прогресті неғұрлым кешенді өлшеуге септігін тигізеді.

Осы тұрғыда бақыт туралы зерттеулердің нәтижелері Қазақстан билігіне халыққа тиімді жаңғырту стратегиясын әзірлеуде пайдалы дереккөз бола алады. Қолда бар жылдық есептердегі динамикалық салыстырмалы мәліметтер Қазақстандағы реформалардың прогрессивті деңгейін, олардың қоғамға әкелген пайдасын және өмірге қанағаттану деңгейіне әсер ететін факторларды бағалауда сенімді негіз бола алады. Халықаралық бақытты бағалау рейтингтері әртүрлі елдердің әл-ауқат деңгейін салыстыруға, ортақ үрдістер мен айырмашылықтарды анықтауға, сондай-ақ Қазақстанның өзге елдердің тәжірибесін зерделеп, табысты тәжірибелерді енгізуіне мүмкіндік береді.

Қазақстандағы бақытқа әсер ететін факторларды анықтау мемлекеттік саясат пен шешімдерді қабылдауда маңызды рөл атқарады. Бұл үкіметке халықтың әртүрлі тобын бақытты не бақытсыз ететін факторларды анықтап, халықтың өмір сапасы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған шараларға басымдық беруге септігін тигізеді. Осыған байланысты Қазақстандағы бақыт деңгейін зерттеудің болашақ бағыттарының бірі ретінде субъективті әл-ауқаттың детерминанттарын жекелеген адам, топ, аймақ және елдік деңгейде терең талдау, сондай-ақ әл-ауқаттың әмбебап және мәдени тұрғыдан тәуелді аспектілерін зерттеу ұсынылады. Бұл халықтың құндылықтарын, қажеттіліктері мен басымдықтарын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Олар адамның білім деңгейі, отбасылық өмір сапасы, адамдардың әлеуметтік тұрғыда бірігуіне мүмкіндік беретін жағдайлар және мүмкіндіктерін кеңейтетін орталарға тығыз байланысты болуы мүмкін. Біз Қазақстандағы

бақыт деңгейін зерттеу адамға бағдарланған прогресс моделіне басымдық беруге көмектеседі және елдің дамуы үшін неғұрлым теңгерімді әрі кешенді стратегияны қалыптастырудың негізі болады деп үміттенеміз.

5.3.1 Посткеңестік елдердегі макроәлеуметтік-экономикалық факторлардың бақыт деңгейіне әсері

Посткеңестік елдер бойынша деректерді талдау макроәлеуметтік көрсеткіштер мен бақыттың әртүрлі метрикалары арасындағы байланыстардың біркелкі емесін көрсетеді. Келесі кестеде субъективті әл-ауқаттың төрт көрсеткіші бойынша мәліметтерді талдаймыз, оның ішінде өзін бақытты сезінетін (жалпы «өте бақытты» және «айтарлықтай бақытты» деп есептейтіндердің үлесі) халық үлесі, «өте бақытты» адамдар үлесі (WVS деректері), өмірге орташа қанағаттану деңгейі (WHD) және бақыттың орта индексін (WHR) толықтай қарастырамыз. Бұл көрсеткіштер мен макрофакторлар арасындағы корреляциялық байланыс келесі үрдістерді көрсетеді (3 кестені қараңыз):

Әлемдік бақыт туралы есеп (WHR) деректері бойынша бақыттың орта деңгейі табысы жоғары елдерде айтарлықтай жоғары. Жан басына шаққандағы ЖІӨ мен WHR индексінің арасындағы корреляция шамамен r = 0.69, бұл осы екі көрсеткіштің арасында күшті оң байланыс бар екенін білдіреді. Яғни, жан басына шаққандағы табыс жоғарылаған сайын адамдардың өмірге қанағаттану деңгейі де артады. Мысалы, салыстырмалы түрде бай саналатын Балтық елдері (Эстония, Латвия, Литва) мен Қазақстан ең жоғары орташа бақыт көрсеткіштерін көрсетіп отыр, алайда біз Қырғызстан, Молдова және Өзбекстан жағдайына қатысты кері деректерді байқаймыз, демек ЖІӨ мен WHR индексінің арасындағы күшті оң байланыс мемлекетте қалыптасқан басқа да факторларға байланысты болуы мүмкін.

ЖІӨ мен бақыт арасындағы байланыс көптен бері талқыланып келе жатқан мәселе. Кейбір зерттеулер экономикалық өсім мен бақыт деңгейінің артуы арасында оң корреляция бар екенін анықтаса [183], басқа зерттеулер бұл байланыстың шектеулі немесе мүлде жоқ екенін алға тартады [184]. Айта кетерлігі, жан басына шаққандағы ЖІӨ – бақыт деңгейін болжауда адами капитал индексі сияқты көрсеткіштерге қарағанда жақсырақ предиктор екені де дәлелденгені анық. Алайда, ЖІӨ мен өмірге қанағаттану арасындағы байланыс сызықтық емес болуы да мүмкін, яғни, ЖІӨ төмен елдерде бұл байланыс күштірек болса, экономикалық әлеуетті елдерде бұл байланыс әлсіз не тіпті аздап төмен болуы мүмкін [183]. Бұл мәселеге қатысты пікірталас әлі тоқтаған жоқ, себебі кейбір зерттеушілер экономикалық даму мен субъективті әл-ауқат арасында анық оң байланыс бар деп санаса, басқалары ЖІӨ бақытқа әсер ететін көптеген факторлардың бірі ғана екенін атап көрсетеді [185]. Сонымен бірге, ЖІӨ мен өзін бақытты сезінетіндер үлесі арасындағы байланыс әлсіз (=.2), ал «өте бақытты» адамдар үлесімен теріс байланыс орнатқан.

Талдау барысында қала тұрғындары үлесінің бақыт деңгейімен кері байланысы анықталды. Урбанизация үлесі мен «өте бақытты» адамдар үлесі арасындағы корреляция едәуір жоғары теріс мәнге ие (r = -0.61, статистикалық тұрғыда мәнді). Бұл дәстүрлі қалалық қоғамдарда (мысалы, Ресейде қалалықтар үлесі – 75%, Балтық елдерінде 68-76%) адамдар субъективті бақыттың жоғары көрсеткішіне халқының басым бөлігі ауылда жерде тұратындарға қарағанда сирек жететінін көрсетеді. Мысалы, Қырғызстанда қала тұрғындарының үлесі – 37% болғанымен, «өте бақытты» адамдардың үлесі посткеңестік кеңістікте жоғары екенін байқаймыз. Бұл құбылыс Орталық Азияда кең таралған дәстүрлі қауымдастықтар мен отбасылық байланыстардың ауылдың жерде кең таралуымен түсіндіруге болады, яғни мұнда материалдық жағдай төмен болғанымен, қоғамдағы әлеуметтік қолдау күші бақыт сезімінің деңгейін жоғарылатады.

Урбанизация мен бақытқа қатысты зерттеулердің көбі екі көрсеткіштің арасындағы күрделі өзара байланысты көрсетеді. Кейбір зерттеулер урбанизация жалпы бақыт деңгейіне теріс әсер етеді деп көрсетсе [186], басқа зерттеулерде бастапқыда бақыт деңгейінің төмендеп, кейін урбанизациялану қарқыны артқан сайын жоғарылайтын U-тәрізді үрдістік байланысы бары аталады. Урбанизацияның әсері бақыттың әртүрлі қырларына түрлі деңгейде әсер етуі мүмкін, мысалы адамның жұмысына және отбасына көңілі толады, ал денсаулығына, достық қарым-қатынастарыа және қоршаған ортаға көілі толмайды. Қала мен ауыл тұрғындары арасындағы бақыт айырмашылықтары өзін-өзі қабылдау, фамилизм және қауымдастыққа бағытталу сияқты факторларға байланысты [186]. Жасыл даму мен экологиялық реттеу урбанизация мен бақыт арасындағы байланыста делдалдық және тежегіш рөл атқарады. Ал, қалалық иерархиядағы ірі қалаларға жақын болу өмірге қанағаттануға оң әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге, талдаудағы іріктеу құрамы мен ауытқуларының әсері қала мен ауыл арасындағы бақыт айырмашылықтарын ішінара түсіндіре алуы мүмкін.

Талдау барысында инфляция деңгейінің субъективті әл-ауқатқа еш әсер етпейтіні анықталды (0,014). Демек, экономикалық теңсіздік деңгейі (Джини коэффициенті) мен бақыт арасындағы байланыс да айқын емес. Ал, жұмыссыздық деңгейі күткендей, субъективті әл-ауқатпен теріс байланысқа ие (-0,341), яғни жұмыссыздық жоғары елдерде қанағаттанушылық деңгейі де төмен болатыны анықталды.

Жалпы алғанда, экономикалық дамудың деңгейі мен бақыттың орташа көрсеткіштері арасындағы байланыс басқаларға қарағанда жоғары екенін байқаймыз, бұл жерде әсіресе WHR сияқты интегралды индекстерде ЖІӨ-нің жоғары болуы өмірге қанағаттану деңгейінің жоғары деңгейімен тығыз байланысты болуы ықтимал. Сонымен бірге, әлеуметтік прогресс индексі, инфляция және формалды теңсіздік секілді кешенді көрсеткіштермен бақыт деңгейімен байланысын талқылау маңызды. Мысалы әлеуметтік прогресс индексі WHR бойынша r = 0.60, ал инфляция теріс әлсіз байланысты (r =-

0,215), формалды теңсіздік әлсіз оң (0,253) байланыс көрсету арқылы субъективті бақыт деңгейінің жоғарылауында бастапқы факторлардың қаратына кірмейтінін көрсетті.

Алайда, қарапайым корреляциялық коэффициенттер толық бақыт деңгейіне әсер ететін факторларды анықтап бере алмайтыны анық, себебі посткеңестік кеңістікте басқа елдерге қарағанда өзгеше тарихи-мәдени айырмашылықтардың рөлі өзгеше және ішінара әртарап болып келетінін білеміз. Сол себепті, жоғарыда атап өткендей посткеңестік елдердің бақыт деңгейіне салыстырмалы талдау жасау кезінде орналасқан жері, мәдени ұстанымдары, урбанизация, ЖІӨ өнім секілді әралуан факторларға сүйену керек *(Қосымша А: Таблица 5.3.2)*.

5.3.2 Бақыт ұғымын бағалаудың мәдени және ұлттық ерекшеліктерінің рөлі

Бұл елдер ортақ тарихи, саяси және әлеуметтік тәжірибеге ие болғанымен, олардың мәдени құндылықтары, ұлттық ерекшеліктері және менталитеттері бақыт деңгейінің әртүрлі көріністеріне әсер етеді.

Қолда бар деректерге сүйенсек, ұлт пен ана тілі сияқты мәдени индикаторлар посткеңестік елдер арасындағы бақыт деңгейіндегі айырмашылықтарға әсер етеді. Алайда бұл айырмашылықтарды тек ұлттық мәдени ерекшеліктерге сүйеніп толық түсіндіре алмаймыз (5.3.3 кестеге қараңыз).

5.3.3 кесте. Ұлттық-мәдени факторлар және бақыт деңгейі

		Ана тілі (үйде сөйлесетін тіл)		*Ұлты (этникалық топ)*	
	Жалпы бақыт деңгейі	***Титулды***	***Қалғандары***	***Титулды***	***Қалғандары***
Ресей	79,4	92,7	7,3	85,7	14,3
Украина	76,3	59,3	40,7	94,3	5,7
Армения	85,5	98.4	1,6	98.9	1,1
Қазақстан	84,5	53,1	46,9	66.7	33,3
Қырғызстан	95,9	70,9	29,1	73,6	26,4
Өзбекстан	93,6	85,4	14,6	86,5	13,5

Отбасында титулдық тілді пайдалану үлесі жоғары елдерде (Армения, Өзбекстан, Ресей) бақыт деңгейі орта мәннен жоғары (5.3.3-кесте). Ал, Қазақстан мен Украинада отбасында титулдық тілді қолдану үлесі төмен, бұл тарихи-мәдени және демографиялық ерекшеліктерге байланысты болуы мүмкін.

Елде титулдық ұлттың үлесі артқан сайын, жалпы бақыт деңгейі де жоғарылайтыны анықталды әсіресе, бұл үрдіс Армения, Өзбекстан және Украинада байқалады. Қазақстан мен Қырғызстанда титулдық этностың үлесі

салыстырмалы түрде төмен болғанымен, халықтың бақыт деңгейі жоғары. Бұл жерде біз елдің мультиэтникалық үлгісінің сәттілігі және экономикалық даму, өмір сапасы мен әлеуметтік тұрақтылық сияқты басқа факторлардың маңызын көреміз. Бұл тек этно-мәдени біртектілік емес, сонымен қатар әлеуметтік саясат, сенім деңгейі және интеграция факторларының да маңызды екенін көрсетеді. Қазақстан бақыт деңгейі жоғары болғанымен, мәдени және тілдік әртүрлілігі айқын ел ретінде назар аударатын ерекше жағдай.

5.3.3 Құндылықтар жүйесі мен дүниетанымның бақыт деңгейіне ықпалы

Бұл бөлімде кейбір посткеңестік елдердегі (Балтық елдері, Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия) халықтың құндылықтық және дүниетанымдық бағдарлары мен субъективті әл-ауқат (бақыт) көрсеткіштері арасындағы байланыс қарастырылады.

Зерттеу барысында жүргізілген корреляциялық талдау нәтижелері дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен субъективті бақыт арасында ең күшті оң байланыс байқалады. Мысалы, «ата-аналардың мақтанышы болу керек» деген пікірмен толық келісетін адамдар үлесі жалпы бақыт деңгейі ($r = 0.78$) және әсіресе «өте бақытты» адамдар үлесіне ($r = 0.92$) қатысты жоғары корреляцияға ие. Сол сияқты, отбасы рөлінің маңызы туралы берілген жауаптар да жалпы бақытпен тығыз байланысты ($r = 0.67$). Демек, елде отбасылық құндылықтарды бірінші орынға қоятын адамдар көп болған сайын, халықтың орташа бақыт деңгейі жоғары және өте бақытты адамдар үлесі де арта түседі. Бұл отбасындағы жақсы қарым-қатынас пен ұрпақаралық қолдаудың бақыт деңгейін арттырудағы рөлінің жоғарылығын дәлелдейді.

Діншілдік немесе жоғары діни сенім де бақыт деңгейінің жоғарылығына оң әсер ететіні анықталды, яғни діннің рөлін «өте маңызды» деп санайтын адамдардың үлесі мен «өте бақытты» адамдар үлесі арасында оң байланыс жоғары екені анықталды ($r = 0.77$). Демек, діннің рөлі маңызды қоғамда өзін «өте бақытты» деп есептейтін адамдар көбірек. Діншілдік пен жалпы бақыт деңгейі арасындағы байланыс та оң бағытта ($r = 0.45$), бірақ статистикалық мәнге ие емес. Бұл діннің, басқа институционалдық немесе материалдық факторлар әлсіз дамыған қоғамда, мағына мен қолдау көзі ретіндегі рөлін білдіруі мүмкін [187].

Талдау кезінде саясатқа қызығушылық күтпеген жерден жалпы бақыт деңгейі ($r = 0.65$) және «өте бақытты» адамдар үлесінің ($r = 0.68$) оң байланысының жоғары болатынын көрсетті. Халықтың елеулі бөлігі саясатқа мән беретін елдерде орташа бақыт деңгейі де жоғары екен. Алайда, бұл байланысты түсіндірерде абай болу керек, себебі белгілі бір елдерде қалыптасқан нақты жағдай (мысалы, Өзбекстанда саясатқа қызығушылық та, бақыт деңгейі де жоғары) бақыт деңгейін өлшеуге әсер етуі мүмкін. Жалпы алғанда, қоғамдық-саяси өмірге деген қызығушылық, әсіресе, оң өзгерістерге үміт болған жағдайда қоғамдағы оптимизммен қатар жүруі мүмкін.

Сенім деңгейі («адамдардың көпшілігіне сенуге болады» деген сенім) зерттелген елдерде бақыт деңгейімен айтарлықтай байланыс көрсеткен жоқ. Сонымен қатар, достардың, бос уақыттың, жұмыстың маңыздылығы сияқты басқа факторлар да бақыт деңгейімен маңызды корреляция бермеді *(Қосымша А: 5.3.4 кесте).*

5.3.4 Посткеңестік елдермен салыстырғандағы Қазақстан жағдайы

Басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанның жағдайына ерекше назар аудару керек, себебі басқа посткеңестік елдерге қарағанда еліміз дәстүрлі және модернизацияланған мультиқоғамның ерекшеліктерін ұштастырады. Сол себепті, Қазақстан бойынша негізгі көрсеткіштерді іріктеменің орташа мәндерімен және шеткі жағдайлармен салыстыра отырып қарастырайық:

Отбасы және әлеуметтік байланыстар. Қазақстанда халық отбасына ерекше назар аударатынын ескеру керек, яғни 93,5% тұрғын отбасының рөлін «өте маңызды» деп санайды (бұл посткеңестік елдер ішіндегі ең жоғары көрсеткіш. Оған тек Орталық Азияның басқа елдеріндегі 92%-дық орта үлес қана сәйкес келеді). Сонымен қатар, қазақстандықтардың жартысы (51,5%) ата-анасына мақтаныш болу негізгі өмірлік мақсаттардың бірі деген тұжырыммен толық келіседі. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан посткеңестік елдердің еуропалық бөлігінен әлдеқайда жоғары (Ресейде – бар болғаны 28,6%, ал Беларусь – 34,3%) және Кавказ елдерімен деңгейлес (Грузия – 50%, Армения – 53%). Зерттеу бойынша әр қазақстандықтың өмірінде достықтың да рөлі маңызды екені анықталды, яғни тұрғындардың 43,7%-ы достарын өте маңызды деп санайды. Салыстырмалы түрде достықты маңызды деп санайтындардың үлесі Ресейде – 39%, Өзбекстанда – небәрі 30% құрайды. Осы көрсеткіштерді талқылау барысында біз Қазақстанның тек «ұжымшылдық» категориясы бойынша көрсеткіші ғана басқа елдерге қарағанда төмен екенін анықтадық (бар болғаны **49,2**%) және бұл тұрғыда Грузия мен Қырғызстан әлдеқайда жоғары орындарға ие болған (60% және 52%). Қорытындылай келе, Қазақстанда бақыттың негізгі көзі ретінде отбасы мен әлеуметтік ортадағы терең адами байланыстардың рөлі жоғары және бұл біз зерттеп отырған субъективті әл-ауқаттың деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді. Демек, отбасылық және достық қолдау – субъективті бақыттың негізгі предикторлары. Қазақстандықтар туған-туыстары мен достарына арқа сүйей алады және бұл жағдай олардың күнделікті өміріне қанағаттану сезімін арттырады.

Діндарлық. Діннің маңыздылығы бойынша Қазақстан аралық орынға орналасқан. Бір жағынан, халықтың 28,7%-ы дінді маңызды деп санаған. Бұл басқа елдермен салыстырғанда әлдеқайда зайырлы деңгейді көрсетеді (мысалы, Қырғызстанда – 56%, Грузияда – 70%, тіпті Арменияда – 53%). Екінші жағынан, Қазақстан Ресей (17%) не Латвиямен (9%) салыстырғанда діншілдікке әлдеқайда жақын. Демек, Қазақстанда дін басым көпшілік үшін емес халықтың едәуір бөлігі үшін маңызды. Ал, діннің бақыт деңгейіне әсерін

қарастыратын болсақ, орта деңгейдегі діндарлық қоғамда белгілі бір рухани негіз және бірлік сезімін тудырып, діни фанатизмнің жағымсыз салдарына ұласпайды. Корреляциялық мәліметтерге сәйкес, діндарлықтың «өте бақытты» адамдар үлесімен оң байланысы бар, сондықтан солтүстік көршілерге қарағанда діннің деңгейінің жоғарырақ болуы қазақстандықтардың эмоционалдық әл-ауқатын сақтауға ықпал етуі мүмкін. Алайда, Қазақстанда діни құндылықтар кешенінің бір бөлігі ғана болғандықтан ол қоғамдағы көңіл күйді жалғыз өзі анықтайтын фактор бола алмайды.

Сенім мен қоғамдық өмірге қатысу. 4-кестеде көрсетілгендей Қазақстанда тұлғааралық сенім деңгейі төмен, яғни халықтың небәрі 22,8%-ы адамдарға сенуге болады деп санайды. Бұл салыстырылып отырған топ ішіндегі орта көрсеткіштен сәл төмен (25%), ал Беларусь (40%) немесе Өзбекстанмен (34%) салыстырғанда бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен. Сенің деңгейінің төмендігі көптеген посткеңестік қоғамдарға тән әлсіздік және бұл Қазақстанға да тән жағдай. Деректерде сенім мен бақыт арасында тікелей статистикалық байланыс байқалмаса да, сенімнің төмендігі әл-ауқаттың өсуін, әсіресе өмірге қанағаттану деңгейін шектеуі мүмкін. Сенім деңгейінің төмендігі көбіне әлеуметтік қатынастардағы шиеленіс, қауіп немесе күйзеліс сезімімен қатар жүреді, бұл адамдардың өздерін толық бақытты сезінуіне кедергі келтіреді. Ал саясатқа қызығушылық қа келер болсақ, Қазақстанда 13,5% саясаттың рөлін өте маңызды деп санайды. Алынған нәтижелер негізінде бұл көрсеткіш орта көрсеткіштен сәл жоғары (11%) және Өзбекстаннан кейінгі ең жоғары деңгейді көрсетеді. Демек, қазақстандықтардың бір бөлігі қоғамдық өмірге араласуға көбірек мән бере бастаған сияқты деген болжам жасауға болады.

Еңбекке және өмірлік тепе-теңдікке қатынас. Алынған мәліметтер негізінде анықталған қызықты жағдай қазақстандықтар үшін жұмыстың маңыздылығы жоғары болғанымен (49% – «жұмыс өте маңызды іріктеменің орта деңгейінен төмен (54%) және Грузия (74%), Армениямен (66%) салыстырғанда айтарлықтай төмен орынға орналасқан. Бұл жұмыс пен өмір арасындағы теңгерімді қатынасты білдіруі мүмкін, яғни қазақстандықтар үшін жұмыс маңызды болғанымен, отбасы мен демалыс та құндылық ретінде қабылданады. Негізінде қазақстандықтардың 35,5%-ы бос уақытты өте маңызды деп бағалайды, сәйкесінше бұл көрсеткіш өте жоғары болмағанымен өзге елдермен салыстырмалы түрде қарағанда жоғары екені анық (мысалы, Өзбекстанда небәрі 26%, Литва және Әзербайжанда 27%). Зерттеу негізінде алынған нәтижелер көрсеткендей, жұмысқа тым беріліп кету бақытпен тікелей байланысты емес, тіпті оған кедергі келтіруі мүмкін (мысалы, күйзеліс жағдайында). Қазақстандықтар үшін еңбек ету маңызды болғанымен, ол жеке өмірге қанағаттану сезіміне ықпал етпейді, бұл жалпы әл-ауқатқа оң әсер ететін салауатты тепе-теңдік. Бос уақытты орташа бағалай отырып, қазақстандықтар демалу мен отбасылық істерге уақыт таба алады, бұл бақыт деңгейін жоғарылатуға оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, Қазақстанда бақыттың жоғары деңгейіне ықпал ететін факторларға отбасылық және достық құндылықтарды жатқыза аламыз, сәйкесінше бұл салыстырмалы түрде жақсы өмір сүру деңгейін сақтауға ықпал етеді. Қазақстандықтар материалдық алғышарттарды (аймақтық деңгеймен салыстырғанда жақсы өмір сүру) адамаралық мәдениетпен үйлестіре алады. Тежеуші факторлар ретінде қоғамдағы сенім деңгейінің төмендігі және азаматтық әлеуеттің жеткілікті іске аспауын атап өтуге болады. Бұл Қазақстанды институционалдық тұрғыдан дамыған елдерден ерекшелендіреді. Жоғарыда аталған салаларды жақсарту халықтың қанағаттану деңгейін одан ары арттыруы мүмкін.

6 ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ БАҚЫТЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУЫ

6.1 Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер және бақыт деңгейі

6.1.1 Бөлімге түсіндірме

Өмір сүру деңгейіне және бақытына қанағаттану көрсеткіштері халықтың субъективті әл-ауқатын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер болып табылады және көптеген факторлармен байланысты, соның ішінде тұрғылықты жері, жынысы, жасы және т.б. Бірақ Қазақстан жағдайында бұл айнымалылар арасындағы байланыстардың тығыздығы нашар зерттелген. Диссертациялық жұмыстың бұл бөлімінде қазақстандықтардың субъективті әл-ауқаты, оның ішінде өмірге қанағаттану мен бақыт деңгейі мен тұрғылықты жері мен негізгі әлеуметтік-демографиялық факторлар – жынысы, жасы және тұрғылықты жері арасындағы байланыс анықталады және талданады. Зерттеу осы факторлардың субъективті әл-ауқат көрсеткіштеріне әсер ету дәрежесін анықтауға және олардың өзара байланысының динамикасын бағалауға бағытталған.

6.1.2 Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы 2018-2023 жылдар аралығындағы халықтың өмір сүру сапасы бойынша жүргізген ұлттық зерттеулерінің деректері пайдаланылды. Эмпирикалық деректерді талдау үшін сипаттамалық және корреляциялық деректерді талдау әдістері қолданылды. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік саясатты қалыптастыру кезінде әртүрлі әлеуметтік факторлар мен демографиялық ерекшеліктерді есепке алу үшін маңызды болып табылатын жынысы, тұрғылықты жері және Қазақстандағы субъективті әл-ауқат арасындағы әлсіз және орташа статистикалық маңызды байланыстар анықталды.

6.1.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы

2018-2023 жылдар аралығындағы Қазақстан халқының субъективті әл-ауқат динамикасы 5-диаграммада көрсетілгендей тұрақсыздығын көреміз. Соңғы 6 жылда халықтың орташа бақыт деңгейі 8,02 (10 баллдық шкала бойынша) болса, 2019 және 2023 жылдары бақыт индексі 8 баллдық көрсеткіштен төмен түскен (-0,05 және -0,4) (6.1.1-диаграмма).



6.1.1 диаграмма. Қазақстан халқының субъективті әл-ауқат динамикасы

Ал, жалпы өмірге қанағаттану деңгейі 2020-2021 жылдары ең жоғарғы көрсеткіштерді көрсеткенін байқаймыз. Демек, дүниежүзілік пандемия жағдайына қарамастан, тұрғындардың басым бөлігі жалпы өмір жағдайына қанағаттанамын және өзімді бақытты санаймын деген тұжырымға келгенін байқаймыз.

Енді халықтың жалпы өміріне қанағаттану деңгейін тұрғылықты жері мен жынысы арқылы қарастыратын болсақ онда 6.1.1-кестеде берілгендей ауыл және қала тұрғындарының жауаптары арасында айырмашылықты байқаймыз. 2018 жылы қала тұрғындарының жалпы өмірге қанағаттану деңгейі 54,9%-ды құраса, 2019 және 2020 жылдары 59,7%-ға дейін жоғарылаған. Ал, 2022 жылы бұл көрсеткіш 42.1%-ға дейін күрт төмендеген. Ауыл тұрғындарының көрсеткіштерін қарастыратын болсақ, онда зерттеу кезеңі бойынша қала халқына қарағанда жалпы қанағаттану көрсеткіші жоғары, әсіресе, 2018-2021 жылдар аралығында ауыл тұрғындарының қанағаттану деңгейі айтарлықтай ерекше екенін байқаймыз (орта есеппен 7.9%-ға жоғары). Сонымен бірге, ауыл тұрғындарының жалпы өмірге қанағаттану үлесі 2020 жылға дейін тұрақты жоғарылап отырса, 2022 жылы 26,40%-ға күрт төмендеген.

Респонденттердің жынысы бойынша қанағаттану деңгейін салыстыра қарайтын болсақ, онда ер адамдар әйелдерге қарағанда өз өміріне көбірек қанағаттанатыны анықталды. Мысалы, ең жоғарғы көрсеткішті көрсеткен 2020 жылғы ер адамдар мен әйелдердің жалпы қанағаттануында 4%-ға жоғары екенін байқаймыз. Алайда, елді мекен типі бойынша алынған мәліметтер секілді респонденттердің жынысы бойынша шыққан нәтижеде де 2021 жылға дейін халықтың жалпы өмірге қанағаттану деңгейі жоғары болғанын, ал 2022 жылдан кейін төмендей түскені анықталды (6.1.1-кесте).

6.1.1 кесте. Жынысы бойынша өмірге қанағаттану деңгейі

		Жалпы өміріңізге қаншалықты қанағаттанасыз?					
		2018	2019	2020	2021	2022	2023
Елдімекен типі	Қала	54,9%	56.9%	59.7%	58.0%	42.1%	43.1%
	Ауыл	61,4%	65.4%	68.4%	68.0%	41.6%	44.6%
Респондент жынысы	Ер	60,8%	62.6%	66.0%	64.9%	45.7%	46.3%
	Әйел	56,2%	59.5%	62.0%	60.9%	39.3%	42.1%

Ал енді субъективті әл-ауқат көрсеткішіне енетін екінші талдау өлшеміміз бойынша алынған мәліметтердің таралуын байқасақ, онда халықтың өзін бақытты санау деңгейі жалпы өмірге қанағаттану деңгейіне қарағанда жоғары екенін байқалады. Алғашқы үш жылда (2018–2020 ж.ж.) қала мен ауыл арасындағы айырмашылық ауылдық жерлердің пайдасына 6,7%-дан 8,7%-ға дейін ауытқыса, ал 2021 жылы қала тұрғындары ауыл тұрғындарымен салыстырғанда алғаш рет (71,5%) өзін бақытты сезінген. 2022 жылы жағдай қайтадан қалпына келіп, ауыл мен қала бақыт индексінің алшақтығы 6,4%-ға дейін ұлғайған. Соңғы жылы екі елді мекенде де бақыт деңгейінің айтарлықтай төмендеуі байқалады, бұл жерде қалалықтарда ауылдықтарға (58,3%) қарағанда айқын (52,6%) төмендеген (толығырақ 6.1.2 кестеде берілген).

2 кестеде берілгендей, 2018–2020 жылдары ер адамдар әйелдерге қарағанда өзін бақыттырақ сезінген, ал 2021 жылы әйелдер арасындағы бақыт үлесі күрт жоғарылаған. Алайда, соңғы жылдары әйелдердің бақыт деңгейінің төмендеу үрдісін байқаймыз (6.1.2 кесте).


6.1.2 кесте. Жынысы бойынша бақыттылық деңгейі

		Өзіңізді бақытты санайсыз ба?					
		2018	2019	2020	2021	2022	2023
Елдімекен типі	Қала	66.5%	64.3%	68.0%	71.5%	67.2%	52.6%
	Ауыл	75.2%	71.0%	76.0%	68.1%	73.6%	58.3%
Респондент жынысы	Ер	74.2%	69.5%	73.9%	64.4%	73.0%	56.5%
	Әйел	68.2%	65.9%	70.1%	75.7%	68.1%	54.3%

Жас бойынша субъективті әл-ауқат трендін анықтауда 2 және 3 суреттегідей мәліметтер аламыз. Жас бойынша жалпы өмірге қанағаттану деңгейін талқылауда сауалнама 15-99 жас аралығында өткізілгенімен, жас ерекшілігі бойынша орта мәндердің айырмашылығы жоғын байқаймыз. Жалпы зерттеліп отырған кезең аралығында орта қанағаттану деңгейі 7,58-ді құрайды. 24 жасқа дейінгі жастардың 2018–2020 жылдары жалпы өмірге қанағаттану деңгейі 7,93–8,43 балл аралығындағы көрсеткішті көрсетсе, 2021 жылдан бастап төмендеу үрдісі басталады, яғни, 2023 жылы шамамен 7,71 балға дейін түскен. Ал 25-73 жас аралығындағы тұрғындардың басқа топтарға қарағанда қанағаттану деңгейінің құбылуында қатты өзгерістер жоғы көрініс тапқан (өзгеріс орта есеппен алғанда, 0,68-0,20 баллдық көрсеткіш аралығында ауытқып отырады отырады).


Назар аударарлығы, 73 жастан үлкен тұрғындардың қанағаттану деңгейінде минималды 4 пен максималды 10 баллға дейінгі аралықтағы ауытқуларды байқаймыз, мысалы, 78 жас өкілдерінің қанағаттану деңгейі 2021 жылы 8,09- құраса, 2023 жылы 7,05-ге дейін төмен түскен, ал 93 жасар тұрғындардың 2019 қанағаттану деңгейі бар болғаны 4 балды құраса, 2023 жылы керісінше 7-ге дейін көтерілген. Жыныс және елді мекен критерийлері секілді жас бойынша алынған мәліметтерде де 2022 жыл қанағаттану

деңгейінің күрт төмендеуін көрсетті. Жалпы орташа деңгей 7,1–7,8-ге дейін төмендеп, ең айқын төмендеу 55 жастан асқан адамдар арасында байқалған (-0,36).



6.1.2 диаграмма. Өмір сүру жағдайына қанағаттану деңгейінің тренді

Деректерде көрсетілгендей бақыт деңгейі де түрлі жас топтары бойынша өзгеріп отырады, оның ішінде ең жоғары орташа көрсеткіштер 2018–2020 жылдары байқалса, ал 2023 жылы жоғарыдағы мәліметтер секілді айтарлықтай төмендеген. Ең елеулі төмендеу үрдісі жастар (15–30 жас) және егде жастағы адамдар (80+) арасында байқалады, ал орта жас өкілдері арасында (35-50 жас) көрсеткіштерді біршама тұрақты, сонда құлдырау бар.



6.1.3 диаграмма. Бақыт деңгейінің тренді

Жоғарыда айтылған тұрғындардың жасы бойынша субъективті әл-ауқатты бағалауда біз егде жастағы халықтың орта қанағаттану деңгейінде ауытқу жоғары деп қорытынды жасай алмаймыз, себебі бақылау топтарының санында айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін атап өту керек. Мысалы, 90 жастан жоғары кезеңнің кейбірінде орта мән тек 1 не 2 респонденттің жауабының нәтижесінде дайындалған.

Сонымен қатар, қазақстандықтардың субъективті әл-ауқаты, оның ішінде өмірге қанағаттануы мен бақыт деңгейіне тұрғылықты елді мекені қалай әсер ететіндігін түсіну маңызды. Корреляциялық талдау нәтижелері жалпы өмірге қанағаттану мен ауылды жердегі тұрғылықты елді мекен арасында оң

маңызды, бірақ әлсіз корреляция бар екенін көрсетті (2018: r=0,073**; 2019: r=0,102**; 2020: r=0,094**; 2021: r = 0,122**; 2022 және 2023: r =0,036**). Бұл ауылдық ортаның өмірге қанағаттануға оң әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді, бірақ соңғы жылдары бұл қарым-қатынастың күшеюі айтарлықтай төмендеді. Ұқсас тенденция бақыт деңгейіне қатысты байқалады, мұнда тұрғылықты мекен түрі де әлсіз оң корреляцияны көрсетеді (2021 жылы: r=0,132**; 2023 жылы: r=0,067**). Қорытындылай келе, нәтижелер ауылдық жерде тұру әлсіз болса да, өмір сүру деңгейі мен өмірге қанағаттану деңгейінің жоғарылауымен байланысты екенін көрсетеді, бұл тұрғылықты жердің субъективті әл-ауқат үшін әлеуетті маңыздылығын көрсетеді.

Осы тұста біз ауылдағы тұрғылықты жері мен жасөспірімдердің қанағаттануы арасындағы әлсіз теріс қатынасты (r=-0,11**) байқадық, бұл ауылдық елді мекендерде тұратын жасөспірімдердің субъективті әл-ауқатының төмен деңгейін сезінуі мүмкін екенін көрсетеді, бұл ауылдық жерлердегі әлеуметтік ортаның ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін.

Бұл нәтиже Соренсен (2014) жүргізген зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді. Яғни, ол зерттеуінде «Еуропалық Одаққа мүше жиырма жеті елдің ауыл тұрғындары ЕО қалаларының тұрғындарына қарағанда өмірге қанағаттану деңгейінің айтарлықтай жоғары екенін хабарлады» [188, с. 1455] Сол сияқты, арнайы бір елде ғана жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша келесі зерттеушілердің жұмысынан ауыл тұрғындарының субъективті әл-ауқаты қала тұрғындарына қарағанда жоғары екендігін байқауға болады: Қытай туралы Knight & Gunatilaka (2010) [52], Америка Құрама Штаттарындағы елді мекендер туралы [189], [190], Финляндиядағы жағдай туралы [191] Дегенмен, біздің елдегі жағдай басым зерттеу нәтижелеріне қайшы келеді. Peira (2006) әлемнің он бес елінің деректерін пайдалана отырып, ауылдық жерлерде субъективті әл-ауқаттың жоғары екендігі туралы мәлімдемені қолдамайтынын көрсеткен [107] Сол сияқты, Shucksmith et al (2009) Еуропалық Одаққа (ЕО) мүше жиырма бес мемлекеттің деректерін пайдалана отырып, ауылдық және қалалық аймақтардың субъективті әл-ауқатында ешқандай айырмашылық жоқ екендігін өз зерттеу нәтижелерінде ұсынады [192].

Зерттеу нәтижелері респонденттердің жынысы мен өмірге қанағаттану, сондай-ақ бақыт деңгейі арасындағы өте әлсіз теріс корреляцияны анықтады (мысалы, 2021 жылы: r=-0,048**; 2023 жылы: r=-0,032**). Бұл нәтижелер статистикалық тұрғыдан маңызды болғанымен, олардың көлемінің аздығы әлсіз қарым-қатынасты көрсетеді, бұл Қазақстандағы әйелдер ерлерге қарағанда шын мәнінде бақыт деңгейі төмендігін немесе өмірге қанағаттанбайды деген сенімді қорытынды жасауға жеткіліксіз. Мұндай әлсіз корреляциялар субъективті әл-ауқатқа әсер ететін қосымша факторларды ескере отырып, егжей-тегжейлі зерттеуді қажет ететін шамалы (аса маңызды емес тенденциялар) үрдістерді ғана көрсетуі мүмкін.

Arrosa және Gandelman (2016) Gallup World Poll, World Values Survey и European Social Survey сұрауларының нәтижелері бойынша бақыт деңгейінде

жыныс бойынша айырмашылықтардың бар екендігін дәлелдейді [193]. Дегенмен, қазақстандық деректерге қарағанда, әлемдік зерттеулерде әйелдердің ерлерге қарағанда бақытты болу деңгейі жоғарырақ көрінеді. Ұқсас нәтижелер Gerhard Meisenberg мен Michael A. Woodley (2015) әлеуметтік және мәдени жағдайларды қарастыратын зерттеулерінде және көп жағдайда әйелдердің өзін бақыттырақ сезінетінін және өмірге қанағаттанатынын көрсетеді [194]. Бұл әлеуметтік және мәдени факторлар әйелдердің субъективті әл-ауқатына әртүрлі әсер етуі мүмкін қазақстандық контексттің ерекшелігін көрсетеді.

Жас бойынша корреляциялық талдау респонденттердің жасы мен барлық жылдардағы өмірге қанағаттанушылық арасындағы әлсіз теріс корреляцияны көрсетті, дегенмен бұл қарым-қатынастың күші өзгермелі болған. 2020 жылы ең әлсіз корреляция байқалды (r=-0,063**), ал 2021 жылы байланыс өзінің максималды мәніне (r=-0,112**) жетті, бұл қалыпты теріс байланысты көрсетеді. Ал бақыт деңгейі мен респондент жасының аралығындағы корреляцияның да теріс қатынасы анықталды, бұл бақыттың жасына қарай төмендеуін көрсетеді. Мысалы, ең күшті корреляция 2021 жылы (r = -0,128**) және ең әлсіз байланыс 2023 жылы (r = -0,036**) болды.

Бұл басқа елдерде байқалатын ұқсас жалпы үрдісті көрсетеді. Мысалы, Wunder және т.б. (2013) Ұлыбританиядағы және Германиядағы үй шаруашылықтарын сұрау деректеріне негізделген зерттеу субъективті әл-ауқаттың толқын тәрізді үлгісін ұстанатынын анықтады: өмірге қанағаттану орта жасқа дейін төмендейді, содан кейін өсе бастайды және қайтадан қартайғанда төмендейді [195]. Бұл тұжырымдар Biermann және басқалардың (2019) зерттеуімен расталады, ол жас пен әл-ауқат арасындағы текше функционалдық қатынасты тапты [196], сәйкесінше бұл жұмыс күрделі сызықтық емес тәуелділікті растайды.

6.1.4 Бөлімге тұжырымдама

Корреляциялық талдау нәтижелері Қазақстанда жыныс, тұрғылықты жер және субъективті әл-ауқат арасындағы әлсіз, бірақ статистикалық маңызды қатынастардың бар екенін көрсетеді. Қазақстандық әйелдердің ерлерге қарағанда өмірге қанағаттанушылық және бақыт деңгейі төмен болуы мүмкін, дегенмен әлсіз байланыстың болуы айтарлықтай айырмашылықтардың бар екендігі туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді. Бұл халықаралық зерттеулерге қайшы келеді, бұл көбінесе қарама-қарсы тенденцияны, яғни әйелдер арасындағы бақыттың жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл қазақстандық контексінің ерекшелігін көрсетсе керек [197].

Жас бойынша талдау әртүрлі жылдардағы өмірге қанағаттану және бақыт деңгейлерімен әлсіз теріс корреляцияны анықтады, нәтижесінде бұл көрсеткіштердің жас ұлғаюымен төмендеу тенденциясын көрсетеді. Бұл нәтижелер өмірге қанағаттану орта жасқа дейін жиі төмендейтінін, содан кейін

кәрілікте қайтадан көтеріліп, төмендейтінін көрсететін халықаралық дәлелдерге сәйкес келеді.

Ауылдық жерде тұру мен жалпы өмірге қанағаттану арасында әлсіз оң корреляция бар, бұл тұрғылықты жердің бақытқа әлсіз, бірақ оң әсерін тигізетіндігін көрсетеді. Дегенмен, бұл байланыс зерттеудің барлық жылдарында әлсіз болып қалды және соңғы жылдары төмендеді. Ауылдық жерлердегі жасөспірімдер үшін субъективті әл-ауқат деңгейімен әлсіз теріс корреляция байқалды, бұл ауылдық аймақтарға тән әлеуметтік және инфрақұрылымдық факторлардың әсерін көрсетуі мүмкін.

Бақыланатын корреляциялар қорытынды жасау үшін тым аз болғанымен, олар әртүрлі демографиялық және әлеуметтік топтардағы өмірге қанағаттану мен бақыт деңгейлерін зерттеу кезінде ескеру қажет кейбір дәйекті үрдістерді көрсетеді. Осы қарым-қатынастарды тереңірек түсіну үшін табыс, білім және отбасылық жағдай сияқты басқа факторларды бақылайтын және талдаудың күрделі әдістерін қолдана отырып, қосымша зерттеулер жүргізу пайдалы болар еді. Зерттеу нәтижелері, сонымен қатар, Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік саясатты қалыптастыру үшін әртүрлі әлеуметтік факторлар мен демографиялық ерекшеліктерді есепке алудың маңыздылығын көрсетеді.

6.2 Қазақстандық қоғамдағы бақытты қабылдаудың аймақтық ерекшеліктері

6.2.1 Бөлімге түсіндірме

Халықтың субъективті әл-ауқаты – өмір сүру сапасына қанағаттанушылықты көрсететін, әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды көрсеткіші. Қазақстанда өмірге қанағаттанушылық деңгейі өңірлер арасында айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, бұл экономиканың, инфрақұрылымның, әлеуметтік жағдайлардың және мәдени ерекшеліктердің әркелкілігімен байланысты. Диссертациялық жұмыстың бұл бөлімінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы 2023 жылы халықтың өмір сүру сапасы бойынша жүргізген ұлттық зерттеулерінің деректері пайдаланылды. Зерттеу аясында өңірлер бөлінісінде өмірге қанағаттанушылық көрсеткіштері салыстырылып, қанағаттанушылық санаттары бойынша халық жауаптарының үлестірілімі, орташа баллдар және бағалаулардың өзгермелілігі қарастырылды. Сонымен қатар, жалпы өмірге қанағаттанушылық пен өмірдің негізгі салалары (тұрмыс жағдайы, денсаулық жағдайы, материалдық әл-ауқат, кәсіби қызмет, жақындармен және әріптестермен қарым-қатынас, тұрғын үй сапасы) арасындағы өзара байланыс өңірлік корреляциялар негізінде талданды. Осы мәліметтер негізінде өңірлер субъективті әл-ауқат бейіндерінің ұқсастығына қарай кластерленеді. Соңында анықталған айырмашылықтардың ықтимал әлеуметтік-экономикалық себептері талқыланады.

6.2.2 Зерттеу әдіснамасы

Субъективті әл-ауқат деңгейіндегі аймақтық айырмашылықтарды талдау үшін үш тәсіл қолданылды. Біріншіден, әртүрлі субъективті әл-ауқат деңгейлеріне ие респонденттердің үлесін көрсететін пайыздық бөлу берілді. Бұл көрсеткіш әрбір аймақтағы ішкі құрылымның ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді. Екіншіден, аймақтар бойынша субъективті әл-ауқаттың орташа мәні есептелді, ол агрегатталған индикатор ретінде қарастырылып, аймақаралық салыстыруды ыңғайлы етеді. Үшіншіден, субъективті әл-ауқат пен әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар арасындағы өзара байланыстарды анықтау үшін факторлық талдау жүргізілді. Үш тәсілді қатар қолдану субъективті әл-ауқаттың айырмашылықтары мен қалыптасу факторлары туралы неғұрлым толық әрі көпқырлы көрініс алуға мүмкіндік береді.

6.2.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы


Өңірлер бойынша өмірге жалпы қанағаттанушылық деңгейі. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан халқы жалпы алғанда өмірін оң бағалайды. Ел бойынша орта есеппен алғанда, респонденттердің 43,8%-ы өміріне толық қанағаттанғанын, 55,8%-ы ішінара қанағаттанғанын және тек 0,4%-ы қанағаттанбағанын мәлімдегенм. Осылайша, өміріне мүлдем қанағаттанбағанын тікелей көрсеткендердің үлесі өте аз, бұл не жалпы оң психологиялық фонды, не толық наразылықты ашық білдіруге құлықсыздықты көрсетеді. Алайда өміріне толық қанағаттанғандар үлесі өңірлер арасында айтарлықтай ауытқитыны байқалады. Ол үшін өмірге қанағаттану деңгейінің аймақтар бойынша таралымын талқылау қажет (6.2.1-кесте). Сонымен, Қызылорда облысының тұрғындарының 93,7%-ы өз өміріне толық қанағаттанатын болса, одан кейінгі орындарға Ұлытау (69,2%), Жетісу (63,6%), Шымкент (61,2%), Маңғыстау (61,0%), Жамбыл және Алматы облысы (екеуі де 59,3%), Астана (56,7%) және Батыс Қазақстан (56,3%) аймақтары орналасқан. Демек, бұл өңірлерде субъективті әл-ауқат жоғары әрі әлеуметтік капитал теңгерімі қолайлы болуы ықтимал. Керісінше, Солтүстік Қазақстан (8,8%), Ақтөбе (14,5%) және Алматы қаласы (16,9%) тұрғындарының толық қанағаттану деңгейі төмен және «ішінара қанағаттану» үлесі өте жоғары (тиісінше 91,2%, 85,5%, 83,0%) екені анықталды. Бұл табыс–шығын теңгерімі, тұрғын үйдің қолжетімділігі, еңбек нарығы мен көші-қон көңіл күйі секілді факторлардың «толық қанағаттануға» кедергі екенін меңзейді. Айта кетерлігі, Маңғыстау облысында өз өміріне қанағаттанбағандар үлесі ең жоғары (5,1%), бұл инфрақұрылымдық/коммуналдық жүктемені нысаналы жеңілдетуді қажет етеді.

6.2.1-кесте. Өңірлер бөлінісінде халықтың өмірге қанағаттанушылық деңгейі

Өңірлер	*Жалпы өз өміріне қанағаттануы*		
	Қанағаттанбаған	*Ішінара қанағаттанған*	*Толығымен қанағаттанған*
Абай облысы	0,0%	73,1%	26,9%
Ақмола облысы	0,8%	70,0%	29,2%
Ақтөбе облысы	0,0%	85,5%	14,5%
Алматы облысы	0,0%	40,7%	59,3%
Атырау облысы	0,0%	61,8%	38,2%
Батыс Қазақстан облысы	0,2%	43,6%	56,3%
Жамбыл облысы	0,2%	40,5%	59,3%
Жетісу облысы	0,6%	35,8%	63,6%
Қарағанды облысы	0,0%	75,7%	24,3%
Қостанай облысы	0,0%	67,7%	32,3%
Қызылорда облысы	0,0%	6,3%	93,7%
Маңғыстау облысы	5,1%	33,9%	61,0%
Павлодар облысы	0,0%	46,5%	53,5%
Солтүстік Қазақстан облысы	0,0%	91,2%	8,8%
Түркістан облысы	0,8%	49,7%	49,5%
Ұлытау облысы	0,5%	30,3%	69,2%
Шығыс Қазақстан облысы	0,2%	64,4%	35,4%
Астана қаласы	0,0%	43,3%	56,7%
Алматы қаласы	0,1%	83,0%	16,9%
Шымкент қаласы	0,2%	38,6%	61,2%
Барлығы	**0,4%**	**55,8%**	**43,8%**

Қанағаттану деңгейінің орташа мәні және өзгермелілігі. Субъективті әл-ауқатты дәлірек статистикалық бағалау үшін өмірге қанағаттанушылықтың өңірлік орташа мәндерін талдау маңызды. 2023 жылғы сауалнамада респонденттерден өміріне қанағаттанушылық деңгейін он балдық шкала бойынша бағалау сұралды. Өңірлер бойынша орташа көрсеткіштерді есептеу жоғарыда аталған үрдістерді растап, бағалардың шашырауын (стандартты ауытқу) сипаттайтын қосымша мәлімет береді.

Қазақстан бойынша 2023 жылғы өмірге орташа қанағаттанушылық деңгейі 7,57 баллды құраған (көптеген өңірлер осы деңгейге жуық). 6.2.1-суретте берілгендей өмірге жалпы қанағаттанудың орташа деңгейі өңірлер арасында айқын ерекшеленеді (шамамен 6,5–8,6 балл аралығы). Айқын көшбасшылар ретінде Қызылорда (8,74), Ұлытау (8,36), одан кейін Жамбыл (8,05), Шымкент (8,02), Батыс Қазақстан және Павлодар (екеуі де 7,93), Астана (7,87), Жетісу (7,89), Түркістан (7,77), Маңғыстау (7,74) аймақтары көрініс тапқан. Ал, Алматы қ. (6,54) және СҚО (6,44) ең төмен көрсеткіштерді көрсеткен. Жалпы тенденция ретінде оңтүстік және батыс аймақтарында тұрғындардың өмірге қанағаттануы жоғарырақ, ал солтүстік бағыты мен ең үлкен мегаполистегі деңгей салыстырмалы түрде төмен екені анықталды.



6.2.1-сурет. Өңірлер бөлінісінде халықтың өмірге жалпы қанағаттану деңгейі

Субъективті әл-ауқатқа әсер етуші факторлар. 2023 жылғы «Өмір сүру сапасы» сауалнамасы адамдардың өмірінің әртүрлі аспектілері мен жалпы өмірге қанағаттанушылығы арасындағы өзара байланыс туралы мәліметтер жинауға мүмкіндік берді. Сауалнамада респонденттерге жалпы қанағаттанушылықтан бөлек, өмірдің нақты салаларына қанағаттанушылық немесе оларды бағалау туралы сұрақтар қойылды (тұрмыс жағдайлары, денсаулық, материалдық жағдай және т.б.).

Факторлық талдау келесі айнымалылар негізінде жасалды:

1. Өмір сүру жағдайларына қанағаттану,
2. Денсаулық жағдайына қанағаттану,
3. Қаржылық жағдайына қанағаттану,
4. Кәсіби қызметіне қанағаттану,
5. Туыстарымен қарым-қатынасқа қанағаттану,
6. Достармен қарым-қатынасқа қанағаттану,
7. Қызметтестермен қарым-қатынасқа қанағаттану,
8. Отбасының экономикалық жағдайына қанағаттану,
9. Тұрғылықты баспанасының сапасына қанағаттану.

Алынған деректер негізінде әрбір өңір үшін зерттеуде SPSS 25 бағдарламасында факторлық талдау жүргізілді. Алдымен бағдарламада деректер сапасын үлгінің сәйкестігі KMO көрсеткішімен (≥0,60) бағалап, Бартлетт сферичносты тесті бойынша айнымалылардың өзара байланысы дәлелденді (p<0,001). Факторларды алу үшін негізгі компоненттер әдісі (PCA) қолданылды. Фактор саны Кайзер өлшемшартымен (eigenvalue>1) және сынық нүктесі (scree plot) арқылы анықталды (қажет болғанда параллель талдаумен растау). Интерпретацияны жақсарту үшін Varimax (ортогонал) айналдыру

пайдаланылды; сезімталдық ретінде Oblimin нәтижелері тексерілді. Айнымалылардың факторларға «таза» тиесілігін қамтамасыз ету үшін факторлық жүктемелердің модулі $|\lambda| \geq 0{,}40$, кросс-жүктемелер айырмасы $\geq 0{,}20$, ал коммуналдылық $h^2 \geq 0{,}30–0{,}40$ шектерінде бағаланды. Модельдің түсіндірілген жиынтық дисперсиясы кемінде 60% деңгейінде болуына назар аударылды. Факторлық баллдар регрессиялық әдіспен есептеліп, z-масштабқа келтірілді және әр субшкалаға Cronbach's α ($\geq 0{,}70$) арқылы ішкі сенімділік тексерілді. Кейін факторлық баллдар өңір деңгейіне агрегатталып, аймақаралық айырмашылықтарды сипаттау үшін картографиялық бейнелеу және қосымша салыстырмалы талдаулар жүргізілді.

Талдаулар нәтижесінде Қазақстан халқының жалпы өміріне әсер етуші екі үлкен фактор жинақталды (6.2.2-кесте):

1. **Әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқат.**
2. **Әлеуметтік байланыстар: отбасы, достар, әріптестер.**

«Әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқат» факторына өмірге қанағаттану, өмір сүру жағдайлары, баспана сапасы, отбасының экономикалық жағдайы, жеке қаржылық жағдай, денсаулық және кәсіби қызметке қанағаттану тармақтары жоғары жүктемелермен түсті. Мұндай бірігу теориялық тұрғыдан бір ортақ латентті өлшемді «**жеке және тұрмыстық-материалдық ресурстардың интегралды деңгейін**» көрсетеді. Яғни, экономикалық жағдай, тұрмыс сапасы, денсаулық және еңбек статусы өзара корреляцияланып, адамның өмірге жалпы қанағаттануын бірге айқындағаны анықталды. Communality-дың жеткілікті болуы және жоғары ішкі келісімділік ($\alpha \approx 0{,}92$) осы айнымалылардың бір факторға жинақталуын эмпирикалық түрде растады.

Ал **«Әлеуметтік байланыстар: отбасы, достар, әріптестер» факторы** туыстармен, достармен және әріптестермен қарым-қатынасқа қанағаттану көрсеткіштерімен «таза» жүктелді. Олардың өзара жоғары корреляциясы әлеуметтік қолдау, тиесілік және қатынастар сапасының **біртұтас әлеуметтік-капитал өлшеміне** шоғырланатынын білдіреді. Жеке/материалдық ресурстардан салыстырмалы дербестігі (PROMAX ротациясындағы орташа факторлар корреляциясына қарамастан) және жоғары сенімділік ($\alpha \approx 0{,}91$) бұл үш тармақтың бір латентті конструктты «**әлеуметтік байланыстардың сапасын**» тұрақты түрде өлшейтінін көрсетеді.

6.2.2-кесте. Өмірге қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталған факторлық талдау бойынша компоненттердің айналдырылған матрицасы

Повернутая матрица компонентов[a]

	Компонент	
	1	2
Насколько Вы удовлетворены условиями жизни?	,830	,341
Насколько Вы удовлетворены состоянием своего здоровья?	,680	,353

Насколько Вы удовлетворены своим финансовым положением?	,903	,205
Насколько Вы удовлетворены своей профессиональной деятельностью?	,621	,482
Насколько Вы удовлетворены общением с родственниками?	,268	,871
Насколько Вы удовлетворены общением с друзьями?	,286	,896
Насколько Вы удовлетворены общением с коллегами?	,317	,855
Насколько Вас удовлетворяет экономическое положение семьи (домашнего хозяйства) в целом?	,888	,236
Насколько Вы удовлетворены качеством жилья, в котором проживаете?	,720	,341


Метод выделения факторов: метод главных компонент.

Метод вращения: варимакс с нормализацией Кайзера.[a]

а. Вращение сошлось за 8 итераций.


Сонымен, Қазақстан халқының жалпы өміріне қанағаттануына әсер ететін факторлар жинақталған соң, талдауымыздың келесі қадамын, яғни, өңірлердегі басым факторларды анықтауға наза аударамыз. Ол үшін әр респондент үшін регрессиялық факторлық баллдар есептелініп, содан кейін олар өңірлік деңгейге агрегатталды (өңір бойынша орташа мәндер анықталды). Аймақтар арасындағы айырмашылықтар бір факторлы ANOVA арқылы бағаланып, дисперсиялардың тең еместігі байқалған жағдайда Levene тестінің негізінде Tamhane T2 түзетулері қолданылды (тең болғанда — Bonferroni/Tukey). Нәтижесінде жоғарыда аталған факторлар бойынша өңірлер топтастырылды:

1-фактор — **«Әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқат».** Бұл фактор жеке және тұрмыстық-материалдық ресурстардың жинақталған өлшемін (өмір сүру жағдайы, баспана сапасы, үй шаруашылығы экономикасы, жеке қаржылық жағдай, денсаулық, кәсіби сала, өмірге жалпы қанағат) бейнелейді. Өңірлер бөлінісінде ең жоғары деңгейге Қызылорда (≈+0.81) мен Ұлытау (≈+0.52) облыстары жатады, сондай-ақ бұл топқа Жетісу, Павлодар, Жамбыл (≈+0.26–0.31),
ішінара Атырау, Шымкент, Астана (≈0.23–0.25) топқа кіреді. Ал осы фактор бойынша коэффициенті төмен аймақтар қатарына Солтүстік Қазақстан облысы (≈−0.82) мен Алматы қаласы (≈−0.77) орналасқан (толығырақ 6.2.2-суретте берілген).



6.2.2-сурет. «Әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқат» факторы бойынша өңірлер үлесі

2-фактор — **«Әлеуметтік байланыстар: отбасы, достар, әріптестер».** Бұл фактор туыстық, достық және жұмыс орны қатынастарының сапасын, яғни әлеуметтік қолдау мен тиесілілік сезімін агрегаттайды. Ең жоғары орташа мәндер Ұлытау (≈+0.60) мен Қызылорда (≈+0.49) облыстарында, кейін Атырау, Ақмола, Павлодар (≈+0.24–0.32) облыстарына тиесілі. Төмен деңгейде Алматы қаласы (≈−0.65) және Ақтөбе облысы (≈−0.49) орналасқан (толығырақ 6.2.3-суретте берілген).



6.2.3-сурет. «Әлеуметтік байланыстар: отбасы, достар, әріптестер» факторы бойынша өңірлер үлесі

Бұл факторлар **отандық және халықаралық әдебиетпен** үндес. Қазақстан контексінде 2018–2023 жж. ұлттық сауалнамалар әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер мен субъективті әл-ауқаттың арасында әлсіз/орташа байланыстар барын, ал аймақтық айырмашылықтардың барынша қанық екенін көрсетеді [198]. Ресурс өндіруші өңірлер (Атырау, Маңғыстау, Қарағанды) мен ірі қалалардың жоғары даму деңгейі (Астана, Алматы, Шымкент) жалпы алғанда өмір сапасын көтергенмен [199], **«ірі қала парадоксы»** байқалады, яғни экономикалық мүмкіндіктер жоғары болғанымен, қымбатшылық, еңбек нарығындағы бәсеке, урбандық стресстер мен әлеуметтік желілердің фрагментациясы субъективті әл-ауқаттың деңгейін төмендетуі мүмкін (бұл біздің Алматы қаласындағы F1 және F2-нің

салыстырмалы түрде төмен мәндерімен үйлеседі). Халықаралық салыстырмалы зерттеулер де осындай көп деңгейлі детерминацияны растайды, мысалы Германияда субъективті әл-ауқат деңгейінің алшақтығы көбіне жұмыссыздық пен макроэкономикамен, Колумбия мен Түркияда – экономикалық мүмкіндіктер мен білім және қала-ауыл айырмашылығымен түсіндіріледі [200] ОЭСР өңірлік индикаторлары субъективті әл-ауқатты жергілікті деңгейде өлшеудің маңызын атап өтеді [201], ал жаһандық деңгейде азаматтардың бақытты болуына өмірлік жағдайлар негізгі түсіндіргіш факторлар болып қала береді [202].

Субъективті әл-ауқатқа әсер ететін факторларды бағалауда **өңіраралық контексттің ішкі дифференциациясы** да маңызды. Бірқатар авторлар Қазақстанның оңтүстігінде денсаулықтың субъективті бағалары әлеуметтік-экологиялық факторлармен шартталады [203], бұл 1 фактордың (тұрмыс/денсаулық/еңбек блоктары) кейбір оңтүстік облыстарда жоғары, ал кейбірінде орташа болуын түсіндіреді. Сонымен бірге біздің 2 фактор бойынша табылған жоғары мәндер (Ұлытау, Қызылорда) шағын және орташа урбандалған кеңістіктерде **әлеуметтік капиталдың** (отбасылық-достық байланыстар, қауымдастық қолдауы, жұмыс орнындағы әлеуметтік климат) біртұтастығы сақталатынын меңзейді. Ал мегаполистер мен шалғай өңірлерде әлеуметтік байланыстардың қазіргі таңда әлсіреуі 2 фактордағы үлестерін азайтуы ықтимал. Бұл жөнінде ресейлік зерттеулерде «шалғай өңірлердің қанағаттануы көбіне жоғары болуы мүмкін» деген феномен арқылы түсіндіруге болады [203] және бұл құбылыс біздің деректерімізгі бірқатар аймақтың салыстырмалы жоғары факторлық көрсеткіштерімен үйлеседі. Отандық авторлардың зпікірінше, субъективті әл-ауқатты талдауда **этникалық өлшем**ді назардан тыс қалдырмау керек, мысалы қазақтардың субъективті әл-ауқаты орыстарға қарағанда сәл жоғарырақ екен [15]. Ал мәдени құндылықтар мен этносаяси-этнопсихологиялық факторлар психологиялық әл-ауқаттың күшті предикторлары [204] және бұл әлеуметтік байланыстар факторының кейбір аймақтарда жоғары болуына қосымша түсіндірме береді.

6.2.4 Бөлімге тұжырымдама

Зерттеу нәтижелері бойынша келесі маңызды қорытындыларды жасауға болады. Факторларды түсіндіруде саясаттық және практикалық импликациялар да айқын, себебі **(1)** 1 фактор бойынша төмен орналасқан аймақтарда баспана қолжетімділігін, денсаулық пен еңбек жағдайларын кешенді жақсарту (инфрақұрылым, тұрғын үй саясаты, еңбек нарығын әртараптандыру) қажет, **(2)** ал екінші фактор төмен өңірлерде әлеуметтік капиталды күшейту (қолжетімді қоғамдық кеңістіктер, қауымдық бастамалар, жұмыс орындарында қолдаушы мәдениет, жастарға арналған желілік бағдарлама) маңызды екегі анық. **(3)** Сонымен бірге, мегаполистерде өмір

сұру бағасын тежейтін және әлеуметтік байланыстарды нығайтатын мақсатты шаралар (қолжетімді баспана, «көрші қауымдастық» жобалары, бос уақыт инфрақұрылымы) **субъективті әл-ауқатты** теңгерімдеуге көмектеседі. **(4)** Этномәдени ерекшеліктерді ескерген интервенциялар (түрлі этнос құндылықтарын қолдау, көпмәдени ортаға сезімтал әлеуметтік саясат) нәтижені арттыра алады және өңірлердің әл-ауқатын бағалауда жаңа деңгейлерді көрсеттуге мүмкіндік береді. Әдістемелік тұрғыда, біздің екі факторлы құрылым субъективті әл-ауқаттың **материалдық-тұрмыстық ресурстар** мен **әлеуметтік байланыстар сапасы** арқылы «қос қозғалтқышпен» жұмыс істейтінін көрсетті. Сондықтан бағалау мен мониторингте екі өлшемді қатар қадағалау, ал талдауда демография, урбанизация, қоршаған орта және кәсіптік статусты қамтитын көпдеңгейлі модельдермен (мысалы, многоуровневый регресс) тексеру ұсынылады. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Қазақстандағы субъективті әл-ауқаттың аумақтық бейнесі экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлардың күрделі өзара ықпалдасуымен қалыптасатынын және интервенциялардың да көпбағытты болуы керектігін айқын көрсетеді.

6.3 Қазақстан халқының бақытының детерминанттары құрылымындағы әлеуметтік жағдай мен материалдық қамтамасыз етілу

Диссертацияның бұл бөлімінде әлеуметтік-экономикалық сипаттамалардың қазақстандықтардың бақыт деңгейімен байланысы анықталады. Қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында бақытты сезіну мен өмірге қанағаттану сезіміне әсер ететін факторларды талдау ерекше маңызға ие. Талдау жұмыстарына Қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымын халықтың әлеуметтік мәртебелері туралы субъективті қабылдауы негізінде анықтау мақсатында Философия, саясаттану және дінтану инстиуты жүзеге асырған жоба аясында жүргізілген сауалнаманың алғашқы дереккөздері пайдаланылды. Талдау жұмыстарын жүргізіп, байланысты анықтау мақсатында Пирсон корреляция коэффициенті қолданылды.

Қазақстан Республикасының 18 жастан асқан қала және ауыл тұрғындары арасында әр аймақта ұлты, жынысы және жасы бойынша квотаны пайдалана отырып, 1504 сұхбат жүргізілді. Квота Ұлттық статистика бюросының 2022 жылдың басындағы статистикалық мәліметтері негізінде есептелген.

Зерттеу стратификацияланған кездейсоқ ықтималдық үлгісін пайдаланды. Қабаттар Қазақстанның 14 облысы мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары болып, өзін-өзі өкілді топтарға бөлді.

Әрбір қабатта (республикалық маңызы бар 3 қаланы қоспағанда) 2 субстрат анықталды – қала және ауыл. Елді мекендерді таңдау үшін Қазақстан Республикасының 2009 жылғы халық санағының нәтижесінде алынған статистикалық деректер пайдаланылды.

Кесте 6.3.1 – Ұлты бойынша іріктеу квотасы

Аймақ	Қазақтар	Орыстар	Басқалар	Барлығы
Алматы	95	34	21	150
Астана	73	11	7	91
Шымкент	63	7	20	90
Ақмола	32	20	8	60
Ақтөбе	64	8	3	75
Алматы обл	119	22	24	165
Атырау	43	2	1	46
БҚО	47	11	2	60
Жамбыл	66	8	16	90
Қарағанды	57	37	13	107
Қостанай	32	30	13	75
Қызылорда	58	1	1	60
Маңғыстау	55	3	2	60
Түркістан	129	3	33	165
Павлодар	33	20	7	60
СҚО	16	22	7	45
ШҚО	66	35	4	105
Барлығы	1048	274	182	1504

Кесте 6.3.2 – Жынысы мен жасы бойынша іріктеу квотасы

АЙМАҚ	Ер				Әйел				Барлығы
	18-29	30-39	40-49	50-59	18-29	30-39	40-49	50-59	
Алматы	16	20	12	9	18	24	15	11	150
Астана	10	13	8	5	11	14	9	8	91
Шымкент	13	11	7	6	13	13	8	7	90
Ақмола	5	5	6	5	7	7	5	6	60
Ақтөбе	9	8	8	6	8	10	6	7	75
Алматы обл	20	20	16	13	19	19	13	16	165
Атырау	6	6	3	3	5	6	4	5	46
БҚО	7	7	5	5	6	8	6	5	60
Жамбыл	13	11	8	6	11	9	8	8	90
Қарағанды	11	13	9	7	11	13	10	9	107
Қостанай	7	8	7	5	7	9	7	7	75
Қызылорда	8	7	7	3	8	6	6	5	60
Маңғыстау	8	8	6	4	7	8	6	4	60
Түркістан	26	18	16	11	22	19	15	12	165
Павлодар	6	7	6	4	6	6	6	5	60
СҚО	4	4	4	4	5	4	4	4	45
ШҚО	10	12	9	7	9	11	10	10	105
Барлығы	179	178	137	103	173	186	138	129	1504

Зерттеу CAPI әдісі бойынша (планшетте бағдарламаланған сауалнама арқылы) көшеде, респонденттің үйінің жанында жүргізілді. Барлық деректер

Survey To Go бағдарламасы арқылы жиналды. Содан кейін алынған мәліметтер SPSS бағдарламасында өңделді.

Кесте 6.3.3 – Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

		Саны	Баған бойынша %
Елді мекен	Қала	888	59,0%
	Ауыл	616	41,0%
Жасы	18 жастан кіші	0	0,0%
	18-29 жас	352	23,4%
	30-39 жас	364	24,2%
	40-49 жас	275	18,3%
	50-59 жас	232	15,4%
	60 және одан жоғары	281	18,7%
Жынысы	Ер	706	46,9%
	Әйел	798	53,1%
Ұлты	Қазақтар	1048	69,7%
	Орыстар	274	18,2%
	Басқалар	182	12,1%

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Қазақстан халқының бақыт деңгейін талдау үшін респонденттердің әлеуметтік-демографиялық параметрлерін ескеру маңызды, өйткені олар өмірдегі әл-ауқатты қабылдаудың ерекшеліктерін анықтайды.

Тұрғылықты жері бойынша респонденттер былайша бөлінді: сауалнамаға қатысушылардың 59,0% қала тұрғындары, ауыл тұрғындары – 41,0%. Бұл арақатынас қала мен ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мен ресурстарға қолжетімділік деңгейіндегі айырмашылықтарды көрсетуге мүмкіндік береді.

Жас құрылымы бойынша зерттеуге негізінен орта жастағы респонденттер қатысқанын көрсетеді: 30-39 жас (24,2%) және 18-29 жас (23,4%) іріктеудің жартысына жуығын құрайды. Сондай-ақ айтарлықтай үлесті егде жастағылар құрайды: 40-49 жас (18,3%), 50-59 жас (15,4%), сондай-ақ 60 жас және одан жоғары (18,7%). Бұл зерттеудің экономикалық белсенді халықты да, зейнеткерлерді де қамтитынын көрсетеді, бұл бақытты қабылдаудағы жас ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жыныс бойынша іріктеу айтарлықтай теңгерілген: ерлер 46,9%, әйелдер - 53,1%. Әйелдердің аздап басым болуы Қазақстандағы жалпы демографиялық тенденцияға сәйкес келеді.

Ұлты бойынша респонденттердің басым бөлігін қазақтар құрайды (69,7%). Орыстар 18,2%, өзге ұлт өкілдері 12,1% құрайды. Бұл бөлініс елдің этникалық әртүрлілігін көрсетеді және бақытты қабылдауға мәдени факторлардың әсерін ескеруге мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, ұсынылған әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар іріктеудің репрезентативтілігін қамтамасыз етеді және халықтың әлеуметтік жағдайы мен бақыт деңгейі арасындағы өзара байланысты тереңірек талдауға негіз жасайды.

Зерттеу әдіснамасы

Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы мен материалдық қамтамасыз етілуін талдау бақыттың детерминанттарын зерттеудің маңызды бөлігі болып табылады. Осы мақсатта респонденттерге өздерінің жағдайын субъективті қабылдауды да, өмір сүру деңгейінің объективті көрсеткіштерін де көрсететін бірқатар сұрақтар қойылды.

Ең алдымен респонденттер өздерінің бақыт деңгейін бағалады. Шкала «мүлдем бақытты емес» пен «өте бақытты» екендіктерін көрсететін бес градацияны қамтыды. Бұл көрсеткіш субъективті әл-ауқат пен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар арасындағы байланысты қадағалауға мүмкіндік беретін негізгі айнымалы болып саналады.

Келесі кезекте қоғамдағы әлеуметтік жағдай бірнеше критерийлер бойынша зерттелді: табыс деңгейі, білімі мен біліктілігі, атқаратын қызметі, мамандығының беделі, әлеуметтік байланыстардың болуы және басқалардың құрмет дәрежесі. Мұнда респонденттер төменгі және жоғары деңгейді көрсете алатын бес балдық шкала қолданылды. Бұл тәсіл адамдардың әртүрлі салалардағы мәртебесі туралы субъективті идеяларын анықтауға мүмкіндік берді.

Отбасының материалдық өмір сүру деңгейіне қанағаттануға ерекше көңіл бөлінді. Респонденттер «мүлдем қанағаттанбаймын» дегеннен «толығымен қанағаттанамын» деген жауапты таңдай алады. Бұл сұрақ отбасының табысы мен материалдық ресурстарының әл-ауқаттың субъективті бағалауымен қалай байланысатынын түсінуге көмектеседі.

Маңызды аспект әлеуметтік таптың өзін-өзі анықтауы болды. Респонденттерге отбасын «ең кедейден» «ең байға» дейін бірнеше таптың біріне жатқызу ұсынылды. Бұл әлеуметтік құрылымдағы ұстанымдары бойынша ерекшеленетін топтар арасындағы бақытты қабылдаудағы айырмашылықтарды байқауға мүмкіндік береді.

Өмір сүру деңгейін дәлірек талдау үшін мәлімдемелер шкаласы қолданылды, онда бір тірек қаржылық қиындықтарсыз жағдайды, ал екіншісі –

тіпті азық-түлікке қаражаттың жетіспеушілігін көрсетеді. Бұл тәсіл халықтың өмір сүру жағдайындағы нақты айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Соңында респонденттер барлық төлемдерді ескере отырып, отбасының орташа айлық табысын көрсетті. Шкала «100 000 теңгеден аз» бастап «1 100 001 теңге және одан да көп» аралығындағы аралықтарды қамтыды. Бұл деректер материалдық жағдайды субъективті бақыт деңгейімен салыстыруға объективті негіз береді.

Осылайша, бұл бөлімнің әдістемелік құралдары субъективті өзін-өзі бағалау мен объективті көрсеткіштердің жиынтығына негізделген. Мұндай кешенді тәсіл Қазақстан халқының материалдық қамтамасыз етілуі,

әлеуметтік жағдайы және бақыт сезімі арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, респонденттердің әлеуметтік және материалдық жағдайын талдау бақыт туралы қабылдауды қалыптастыратын объективті және субъективті сипаттамалардың қосындысы екенін көрсетеді. Кіріс деңгейі ұқсас болса да, жағдайды субъективті бағалау мәртебесіне, қоғам мойындауына және өмірге қанағаттану деңгейіне байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Алынған деректер Қазақстан халқының материалдық әл-ауқатының деңгейі мен бақыттың субъективті сезімі арасындағы маңызды байланыстарды анықтауға мүмкіндік беретін корреляциялық талдауға негіз жасайды.

Пирсон корреляция коэффициентін қолдану осы қатынастардың күші мен бағытын анықтауға, сондай-ақ қандай факторлардың (табыс, әлеуметтік мәртебе немесе материалдық жағдайға қанағаттану) бақыт деңгейіне көбірек әсер ететінін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тек тенденцияларды сипаттауға ғана емес, сонымен бірге анықталған заңдылықтарды сандық түрде растауға, зерттеудің ғылыми негізділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Халықтың әлеуметтік жағдайы мен материалдық қамтамасыз етілуіне талдау

Алынған мәліметтерді талдау респонденттердің көпшілігінде субъективті бақыт сезімі айтарлықтай жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Зерттеуге қатысушылардың жартысынан көбі (51,3%) өздерін жеткілікті деңгейде бақытты, ал үштен бірі (30,9%) «өте бақытты» санайды. Халықтың аз ғана бөлігі өз жағдайын «бақытсыз» деп сипаттады. Бұл қазақстандық қоғамда өмірді оң қабылдаудың кең тарағанын көрсетеді.




Диаграмма 6.3.1 – Респонденттердің бақыттарын бағалауы бойынша жауаптар үлесі

Сонымен қатар, материалдық әл-ауқат пен әлеуметтік жағдай субъективті бақыт сезіміне әсер ететін маңызды факторлар болып табылады. Осылайша, респонденттердің үштен екісі өз отбасының материалдық өмір сүру деңгейіне қанағаттанатынын білдірді, оның 33,5%-ы толық қанағаттанған, ал 35,5%-ы қанағаттанарлық. Тек 16%-ға жуығы ғана қанағаттанбағанын көрсетті. Бұл материалдық қауіпсіздік маңызды, бірақ бақыттың жалғыз көзі емес екенін растайды (Кесте 6.3.4).

		Саны	Баған бойынша %
Өз отбасыңыздағы материалды әл-ауқатқа қаншалықты қанағаттанасыз?	Еш қанағаттанбаймын	64	4,3%
	Қанағаттанбаймын деуге болады	179	11,9%
	Екеуі де емес	223	14,8%
	Қанағаттанарлық	534	35,5%
	Толықтай қанағаттанамын	504	33,5%

Кесте 6.3.4 – Материалды әл-ауқатпен қанағаттану

Әлеуметтік мәртебені өзін-өзі бағалау «орташа» деңгейді таңдаудың тұрақты тенденциясын көрсетеді. Респонденттердің басым бөлігі табысы (75,5%), білімі (61,8%), мамандығы (53,1%) және әлеуметтік байланыстары (56,6%) бойынша өз мәртебесін «орташа» деп анықтады. Бұл ретте халықтың едәуір бөлігі басқалардың құрметі (30,1%) және білім деңгейі (21,9%) бойынша өзін ортадан жоғары деп бағалайды. Бұл респонденттердің материалдық ресурстары шектеулі болса да жоғары әлеуметтік маңыздылықты сезіне алатынын көрсетеді.




Диаграмма 6.3.2 – Әлеуметтік мәртебені өзін-өзі бағалауы

Әлеуметтік тап бойынша өзін-өзі анықтау кезінде басым көпшілігі (77,9%) отбасын «орта тапқа» жатқызды. Өздерін кедей санайтындардың үлесі ең аз (ең кедей таппен бірге 4,8%), ал халықтың шамамен 17%-ы өзін «ауқатты» және «жоғары» топтардан деп санайды.

		Саны	Баған бойынша %
Өз отбасыңыздың өмір сүру деңгейін қалай сипаттар едіңіз? Отбасыңызды қай тапқа жатады деп ойлайсыз?	Ең кедей тапқа	5	0,3%
	Кедей тапқа	67	4,5%
	Орта тапқа	1172	77,9%
	Ауқатты тапқа	176	11,7%
	Жоғары тапқа	75	5,0%
	Бай тапқа	9	0,6%

Кесте 6.3.5 – Отбасының өмір сүру деңгейі бойынша қабаттар бөлінісі

Өмір сүру деңгейінің сипаттамалары айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады. Ең жиі кездесетін жағдай – үлкен шығындарға шектеулермен негізгі тұрмыстық техниканы сатып алу мүмкіндігі (38,9%). Респонденттердің төрттен бірінен астамы (28,3%) азық-түлік пен киім-кешекке ғана жететінін айтса, 6,4%-ы мүлде қаржылық қиындықтарға тап болмайтынын айтты. Бұл ретте 10,2%-ы киім-кешек, тіпті азық-түлікпен қамтамасыз етуде күрделі қиындықтарды атап өтті. Осылайша, орташа деңгейге жалпы бағдармен қатар нақты қаржылық қиындықтарды бастан өткеретін халықтың елеулі қабаты қалып отыр.

		Количество	% по столбцу
Мына тұжырымдардың қайсысы Сіздің өміріңізді сипаттайды?	Еш қаржылай қиыншылықтарымыз жоқ, қажет болғанда сатып ала аламыз	96	6,4%
	Біздің жағдайымыз бәріне жетеді (қымбат дүние, автокөлік, т.б.)	191	12,7%
	Біз негізгі тұрмыстық техниканы ала аламыз, автокөлік ала алмаймыз.	585	38,9%
	Тамақ пен киімге жетеді, телевизор ала алмаймыз.	425	28,3%
	Тамаққа жетеді, бірақ киім алу үлкен проблема.	117	7,8%
	Бізде кейде тамақ алатын да ақша жоқ боп қалады.	36	2,4%
	Жауап беруден бас тартамын \ қиналып тұрмын	54	3,6%

Кесте 6.3.6 – Отбасының өмір сүру деңгейі бойынша материалдық жағдайы

Отбасының кірістерін талдау респонденттердің көпшілігі айына 150 000-нан 300 000 теңгеге дейінгі диапазонда шоғырланғанын көрсетеді, бұл «орташа диапазон». Дегенмен, отбасылардың 10%-ға жуығы 100 000 теңгеден төмен табыспен өмір сүреді, ал табысы жоғары отбасылар (700 000 теңгеден жоғары) 3%-дан азды құрайды. 11%-дан астамы өздерінің кірістерін атаудан бас тартты, бұл мәселенің сезімталдығын да, нақты қаржылық деректерді жария етуден бас тартуды да көрсетуі мүмкін.

	Саны	Баған бойынша %
100 000 теңгеден аз	140	9,3%

Егер барлық төлемдер: жалақы, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақыны ескерсек, отбасыңыздың айлық кірісі қанша? Интервалға сәйкес санды атаңыз.	100 001–150 000 теңге	185	12,3%
	150 001–200 000 теңге	199	13,2%
	200 001–250 000 теңге	224	14,9%
	250 001- 300 000 теңге	202	13,4%
	300 001- 400 000 теңге	179	11,9%
	400 001- 500 000 теңге	94	6,3%
	500 001- 700 000 теңге	71	4,7%
	700 001- 900 000 теңге	25	1,7%
	900 001 – 1 100 000 теңге	14	0,9%
	1 100 001 теңге және одан көп	6	0,4%
	Жауап беруден бас тартамын (КӨРСЕТПЕУ)	165	11,0%

Кесте 6.3.7 – Отбасының айлық кірісі

Тұтастай алғанда, алынған нәтижелер Қазақстан халқы жалпы өзін «орта таптың» өкілдері ретінде қабылдайтыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, бұл әлеуметтік жағдайдың өзін-өзі бағалауында да, материалдық көрсеткіштерде де көрінеді. Сонымен қатар, бақыттың деңгейі айтарлықтай жоғары және әлеуметтік байланыстардың, қоғамдағы құрмет пен мәртебенің әсерін көрсететін таза материалдық қамтамасыз ету шеңберінен шығады.

Әлеуметтік-экономикалық айнымалылар мен субъективті бақыт арасындағы байланыс *(нәтижелер кесте түрінде қосымшада ұсынылды)*

Жүргізілген корреляциялық талдау респонденттердің субъективті бақыт деңгейі мен бірқатар әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары арасында статистикалық маңызды байланыстардың бар екендігін анықтады.

Ең алдымен, зерттеу нәтижелері бақыт сезімі мен отбасының материалдық өмір сүру деңгейіне қанағаттану арасындағы тұрақты оң қатынасты көрсетті (r = 0,528**). Байлық пен тұрақтылықты субъективті бағалау неғұрлым жоғары болса, бақыт деңгейі соғұрлым айқын болады. Бұл көрсеткіш материалдық жағдайлар мен субъективті әл-ауқат арасындағы қатынастың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Бақыт деңгейі мен респонденттердің байлық (r= 0,290**), сондай-ақ белгілі бір әлеуметтік тапқа жататындығы (r= 0,268**) бойынша қоғамдағы жағдайын бағалауы арасында да айтарлықтай корреляция байқалады. Өз отбасын неғұрлым ауқатты топтарға жататын деп санайтындар, әдетте, субъективті бақыттың жоғары көрсеткіштерін көрсетеді. Сол сияқты, сауалнама нәтижелері бойынша олардың өмір сүру деңгейіне оң баға беруі субъективті әл-ауқаттың жоғарылауымен байланысты.

Білім деңгейі (r= 0,153**), лауазымы (r= 0,193**), кәсіптік бедел (r= 0,172**) және отбасының айлық табысы (r= 0,165**) сияқты объективті сипаттамалар бақыт деңгейлерімен оң, орта деңгейдегі корреляцияны көрсетеді. Бұл жағдай осы көрсеткіштердің субъективті әл-ауқаттың жоғарылауына қосымша рөл атқарады деген болжам жасауға болады, бірақ ол нақты емес екендігін айта кеткен жөн.

Талдау нәтижелері Қазақстан халқының субъективті бақыт сезімі материалдық, әлеуметтік және мәртебелік сипаттамалармен тығыз байланысты екенін растайды. Ең айқын корреляциялар материалдық жағдайға субъективті қанағаттануды және өзінің әлеуметтік мәртебесін қабылдауды көрсететін шкалаларда тіркелді. Дегенмен, әлемдегі зерттеулер бақыт пен өмір сүрудің материалды деңгейі арасында күрделі байланысты көрсетеді. Сонымен қатар, білім, кәсіп, табыс сияқты объективті көрсеткіштер орташа, бірақ статистикалық маңызды әсер етеді. Табыс жаһандық ауқымда өмірді бағалаумен орташа күшті қарым-қатынасты көрсеткенімен ол төмендейтін шекті әсерлерді және жағымды сезімдермен әлсіз корреляцияны көрсетеді [205]. Өмір сүру деңгейіне қанағаттану өмірді бағалауды болжағанымен психологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру эмоционалдық әл-ауқатты жақсы болжайды [206]. Зерттеулер көрсеткендей, материалдық әл-ауқат бақытты түсіндіруде орталық емес, отбасы мен денсаулық бірінші орынға қойылады, дегенмен табысқа қанағаттану мен бақыт көрсеткіштері арасында корреляция бар [207]. Атап айтқанда, материалистік құндылықтар бақытпен теріс байланысты, ал отбасына бағытталған құндылықтар әл-ауқатты жақсартады [208]. Бұл қарым-қатынас әл-ауқаттың объективті деңгейлерін де, субъективті анықтамалық стандарттарды да қамтиды[209], жылдамырақ экономикалық өсу парадоксальды түрде қанағаттану деңгейінің төмендігімен байланысты [210].

Қазақстан жағдайы әлемде қалыптасқан заңдылықтарға қайшы келеді деуге болады немесе бұл жағдайды тағы да тереңірек зерттеу қажеттілігі туындайды. Қазақстандық зерттеулер табыс деңгейі мен жұмыспен қамтылу жағдайы өмір сапасы мен әлеуметтік әл-ауқатқа тікелей әсер ететінін көрсетеді [211] Қаржылық әл-ауқат, отбасылық жағдай және қабылданған мемлекеттік қолдау негізгі детерминанттар ретінде әрекет ететін жастар арасында жұмыссыздық өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер етеді [212].

Сонымен, бақыт деңгейі материалдық ресурстардың күрделі өзара әрекеттесуінің, әлеуметтік жағдайды субъективті бағалаудың және әлеуметтік байланыстардың сапасының нәтижесінде қалыптасады деген қорытынды жасауға болады.

6.4 Қазақстан халқының бақытты қабылдауының мәдени негіздері

6.4.1 Бөлімге түсіндірме

Заманауи қазақстандық қоғамда бақытты қабылдау тек жеке көзқарастармен ғана емес, сонымен бірге мәдени нормалармен, құндылықтармен және әлеуметтік күтулермен де қалыптасады. Мәдени негіздерді талдау бақыттың қаншалықты жеке тәжірибе немесе қоғаммен тағайындалған әлеуметтік жағдай (күй) ретінде түсінілетінін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бөлім үш негізгі бағытқа бағытталған: оптимизмді қабылдау нормасы, мәдени құндылықтарды бағалау және ұжымшылдық бағдарлар. Осы аспектілер арасындағы байланысты анықтау үшін жеке

адамның бақытты қабылдауы мен мәдени факторлар арасындағы статистикалық байланысты бағалауға мүмкіндік беретін Пирсон корреляция коэффициенті қолданылды. Бұл тәсіл эмпирикалық тәуелділіктерді тіркеп қана қоймай, оларды Қазақстанның әлеуметтік-мәдени контексті тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Нәтижелерді талдау «бақытты болуға» деген әлеуметтік қысымның, құндылық бағдарлары мен ұжымшылдық көзқарастардың өзара байланысты және бақытты қабылдаудың мәдени профилін қалай құрайтынын көрсетуге бағытталған.

Зерттеудің эмпирикалық базасы 2024 жылғы «Қазақстан халқының бақытына әсер ететін факторларды аймақтар бойынша салыстырмалы талдау» жобасы аясында жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде қарастырылады. Сауалнамаға Қазақстанның бес өңірінен 500 жауап беруші қатысты: Алматы қаласы, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары. Осы өңірлерді таңдау кезінде Ұлттық статистика бюросының халықтың өмір сүру сапасы туралы сауалнамасының нәтижелері ескерілді.

Сауалнама үлгісінің әлеуметтік-демографиялық портреті келесідей.

		Баған бойынша %
Респонденттің жынысы	ер	41,2%
	әйел	58,8%
Тұрғылықты жері	қала	83,0%
	ауыл	17,0%
Отбасылық жағдайы	Үйленбеген/тұрмыс құрмаған	38,6%
	Үйленген/тұрмыс құрған	54,2%
	ажырасқан	4,0%
	жесір	3,2%
Этникалық өкілі	қазақ	69,8%
	орыс	22,0%
	басқа	8,2%
Жасы	18-29	30,4%
	30-45	39,0%
	46-50	11,4%
	61+	19,2%

Кесте 6.4.1 – Жауап берушілердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

Зерттеуге қатысқан респонденттердің жыныстық құрамында әйелдер басымдыққа ие – 58,8%, ал ерлердің үлесі 41,2% болды.

Қатысушылардың басым бөлігі қалада тұрады (83,0%), ауыл тұрғындарының үлесі небәрі 17,0% құрады. Бұл деректер зерттеу үлгісінің урбанизацияланған сипатын айқын көрсетеді.

Отбасылық жағдай бойынша сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі некеде (54,2%). Үйленбеген және тұрмыс құрмағандардың үлесі – 38,6%, ажырасқандар – 4,0%, ал жесір қалғандар – 3,2%.

Этникалық құрылым елдің демографиялық бейнесін бейнелейді: жауап берушілердің көпшілігі – қазақтар (69,8%), орыстар – 22,0%, басқа этностар – 8,2%.

Жас көрсеткіші бойынша үлгі келесідей бөлінді: ең аз топ – 46–60 жас аралығындағылар (11,4%). Ең үлкен үлесті 30–45 жас аралығындағы респонденттер құрады – 39,0%. 18–29 жас аралығындағы жастар 30,4%-ды қамтып, олардың жоғары белсенділігін көрсетті. Ал 61 және одан жоғары жастағы топ 19,2%-ды құрады, бұл егде буын өкілдерінің көзқарасын ескеруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, зерттеу үлгісін сипаттайтын негізгі белгілер: әйелдердің басымдығы, қалалық тұрғындардың үлесінің жоғары болуы, некеде тұрғандардың көптігі және этникалық тұрғыдан қазақтардың үлесінің басым болуы. Сауалнамаға ең белсенді қатысқандар – орта жастағы (30–45 жас) адамдар, сонымен бірге жастардың да қатысу деңгейі де елеулі.

6.4.2 Зерттеу әдіснамасы

Қазақстан халқының бақытты қабылдауының мәдени негіздерін талдау үшін стандартизацияланған сауалнамаға сүйенген сандық социологиялық әдіс қолданылды. Зерттеудің басты мақсаты – оптимизм нормасын қабылдау, құндылық бағдарлар және ұжымшылдық ұстанымдар арасындағы өзара байланыстарды анықтау.

Сауалнама үш негізгі блоктан тұрды (Қосымша В). Бірінші блокта оптимизм нормасын бағалау қарастырылды: респонденттерден «басқалардың алдында бақытты болып көріну қаншалықты маңызды?» және «қарым-қатынаста бақытты болуға қысым қаншалықты сезіледі?» деген сұрақтарға жауап алу ұсынылды. Жауаптар «ешқашан/маңызды емес»-тен «үнемі/өте маңызды»-ға дейінгі шкала бойынша белгіленді.

Екінші блок мәдени құндылықтарға арналды. Мұнда Лайкерт шкаласы (1 – «мүлдем келіспеймін» және 5 – «толық келісемін») қолданылды. Сұрақтар келесі тұжырымдарды қамтыды: «Қазақстанда бақытты білдіру – әлеуметтік норма», «қиындықтарға қарамастан оң көңіл-күйді сақтау қажет», «айналамдағы адамдар менен бақытты болып көрінуді күтеді».

Үшінші блок ұжымшылдық құндылықтарға бағытталды. Сұрақтар отбасы мүдделерінің рөліне, дәстүрлердің маңыздылығына, үлкендерден кеңес алу тәжірибесіне және қиын сәттерде туыс-достарға сүйенудің қажеттілігіне қатысты болды. Барлық көрсеткіштер 1–5 шкала бойынша бағаланды.

Жиналған деректер SPSS бағдарламасында өңделді. Негізгі әдіс ретінде Пирсон корреляция коэффициенті қолданылып, оптимизм нормалары мен мәдени құндылықтарды қабылдау, ұжымшылдық бағдарлар мен бақытты

білдіру ұстанымдары арасындағы байланыстар анықталды. Талдау барысында құндылықтар мен ұжымшылдықтың бақытты әлеуметтік норма ретінде қабылдауға ықпал етуі, сондай-ақ қоғамда «демонстративті оптимизм» қысымының қалыптасу тетіктері қарастырылды.

6.4.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы

Сауалнама нәтижелері респонденттердің көпшілігінің өзін бақытты сезінетінін көрсетті. Қатысушылардың ең үлкен бөлігі (44,6%) өздерін «тым бақытты» деп бағалады, ал тағы 39,4%-ы «өте бақытты» нұсқасын таңдады. Жалпы алғанда, зерттеуге қатысқандардың 84,0%-ы өмірге жоғары қанағаттану мен оң эмоциялық күйді көрсетті.

		Баған бойынша %
Жалпы айтқанда Сіз:	мүлдем бақытты емес	1,6%
	Онша бақытты емес	1,8%
	не олай, не бұлай емес	12,6%
	жеткілікте деңгейде бақытты	44,6%
	өте бақытты	39,4%

Кесте 6.4.2 – Респонденттердің бақыт деңгейін бағалауы

Нейтралды ұстаным – «не олай, не бұлай емес» деп жауап бергендер үлесі 12,6% болды. Бұл топ бақытын орташа деңгейде бағалап, ол сыртқы жағдайларға қарай өзгеруі мүмкін екенін көрсетеді.

Теріс бағалаулар сирек тіркелді: «тым бақытты емес» деп бағалағандар – 1,8%, ал «мүлдем бақытты емес» деген ең шеткі жауапты таңдағандар – 1,6%. Жалпы алғанда, субъективті бақыт деңгейі төмен респонденттер үлесі бар болғаны 3,4%-ды құрайды. Бұл қоғамда қанағаттанбаушылықтың кең таралмағанын айғақтайды.

Оптимизм нормасы мен субъективті бақыт арасындағы байланыс әлсіз екені байқалды. Мысалы, «басқалардың алдында бақытты болып көріну маңызды» деген пікір мен өзін бақытты сезіну арасындағы корреляция төмен және маңыздылығы статистикалық тұрғыдан дәлелденбеді ($r = 0.07$; $p>0.05$). Дәл сол сияқты, «қарым-қатынаста бақытты болуға қысым сезіну» көрсеткіші де бақытпен байланысқан жоқ ($r = –0.009$; $p>0.05$). Демек, сыртқы қысым немесе формалды демонстрация бақыттың негізгі факторы болып табылмайды, олар тек әлеуметтік-мәдени ортада фондық күтулерді қалыптастырады.

Ал оптимизмнің мәдени нормалары субъективті әл-ауқатпен айтарлықтай байланыста. «Қазақстанда бақытты білдіру – әлеуметтік норма» деген ұстаным бақытпен орташа оң корреляция көрсетті ($r = 0.25$; $p<0.01$). «Қиындықтарға қарамастан позитивті көңіл-күйді сақтау маңызды» деген

пікір де бақытпен байланысты ($r = 0.24$; $p<0.01$). Сонымен бірге, «айналамдағы адамдар менен бақытты болып көрінуді күтеді» деген уәж әлсіз болғанымен, статистикалық тұрғыда маңызға ие ($r = 0.14$; $p<0.01$). Бұл Қазақстанда субъективті бақытқа сыртқы қысымнан гөрі ішкі құндылық бағдарлары көбірек ықпал ететінін, бірақ әлеуметтік күтулердің де белгілі бір әсері бар екенін көрсетеді.

Ұжымшылдық құндылықтардың рөлі ерекше болды. Отбасы мүдделерін жеке мүдделерден жоғары қою бақытпен әлсіз, бірақ маңызды байланыс көрсетті ($r = 0.18$; $p<0.01$). Отбасылық дәстүрлерді құрметтеу айтарлықтай әсер етті ($r = 0.24$; $p<0.01$). «Отбасының үлкен мүшелерінен кеңес алу» көрсеткіші ең күшті корреляцияны көрсетті ($r = 0.30$; $p<0.01$). Ал қиын жағдайда достар мен туыстардан көмекке сүйену де бақытпен оң байланыста болды ($r = 0.23$; $p<0.01$). Бұл деректер Қазақстан қоғамында субъективті әл-ауқат негізінен отбасы, дәстүр және әлеуметтік қолдау арқылы қалыптасатынын айғақтайды.

Салыстырмалы қорытынды мынадай: бақытты сыртқы формада көрсету (мысалы, бақытты болып көріну немесе қысым сезіну) субъективті әл-ауқатпен байланысты емес; бақыттың басты мәдени детерминанттары – ішкі оптимизм мен позитивті көзқарасқа бағытталған құндылық бағдарлары; ең күшті ықпал ететін факторлар – мәдени дәстүрлер мен тұлғааралық қолдау жүйелеріне негізделген ұжымшылдық құндылықтар.

Осылайша, Қазақстан қоғамында бақыттың мәдени негіздері демонстративті оптимизмнен гөрі құндылық ұстанымдары мен ұжымшылдық тәжірибелер арқылы айқындалады.

Ерлер үлгісін талдау

Ерлер арасындағы деректерді талдау белгілі бір ерекшеліктерді көрсетті. «Басқалардың алдында бақытты болып көріну маңызды» деген уәж ерлердің бақыт сезімімен әлсіз әрі статистикалық тұрғыдан дәлелсіз байланыста болды ($r = 0.08$; $p>0.05$). Сол сияқты, «бақытты болу қысымын сезіну» де маңызды емес ($r = –0.09$; $p>0.05$). Бұл ерлердің бақытын сыртқы эмоционалды бейнені сақтаумен байланыстырмайтынын көрсетеді.

Ал оптимизмнің мәдени нормалары ерлерде субъективті әл-ауқатпен айтарлықтай байланыс көрсетті. «Қазақстанда бақытты білдіру – әлеуметтік норма» деген көзқарасты ұстанатын ерлер бақыт деңгейін жоғары бағалады ($r = 0.22$; $p<0.01$). «Қиындықтарға қарамастан оң көңіл-күйді сақтау» да бақытпен тікелей байланысты ($r = 0.25$; $p<0.01$). Сонымен бірге, «айналамдағы адамдар менен бақытты болып көрінуді күтеді» деген пікір де оң және маңызды корреляция көрсетті ($r = 0.22$; $p<0.01$). Бұл ерлер үшін әлеуметтік күтулердің бақыт сезімінде маңызды рөл ойнайтынын білдіреді.

Ұжымшылдық құндылықтар ерлердің бақытын айқындауда негізгі фактор болып шықты. Отбасы мүдделерін бірінші орынға қою ($r = 0.19$; $p<0.01$), дәстүрлерді құрметтеу ($r = 0.24$; $p<0.01$), үлкендерден кеңес алу ($r = 0.25$; $p<0.01$) – барлығы субъективті әл-ауқатпен оң байланыста. Ең күшті корреляция «қиын жағдайда достар мен туыстардан көмекке сүйену»

көрсеткіші бойынша тіркелді ($r = 0.36$; $p<0.01$). Бұл әлеуметтік қолдаудың ерлердің бақыт сезімінде шешуші маңызға ие екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, ерлер үлгісінің нәтижелері Қазақстандағы ерлер бақытының негізінен ұжымшылдық тәжірибелер мен мәдени құндылықтарға сүйенетінін көрсетті. Сыртқы бақытты демонстрациялау елеусіз рөл атқарса, мәдени оптимизм мен әлеуметтік қолдау факторлары – басты детерминанттар болып табылады.

Әйелдердегі бақытты қабылдаудың мәдени негіздері

Әйелдерге қатысты деректерді талдау олардың бақытты сезінуі мен мәдени факторлар арасындағы ерекшелікті байланыстарды айқындауға мүмкіндік берді.

Алдымен, оптимизмнің сыртқы формалары субъективті әл-ауқатпен айтарлықтай үйлеспейтіні байқалды. «Басқалардың алдында бақытты болып көріну маңызды» деген пікір бақыт сезімімен әлсіз әрі статистикалық тұрғыдан дәлелсіз байланыс көрсетті ($r = 0.06$; $p>0.05$). Дәл сол сияқты, «бақытты болу қысымын сезіну» де субъективті бақытпен мәнді қатынасқа ие болған жоқ ($r = 0.06$; $p>0.05$). Бұл әйелдердің ішкі қанағаттануын сыртқы демонстрация немесе әлеуметтік қысым арқылы анықтамайтынын білдіреді.

Маңызды нәтижелер оптимизмнің мәдени нормалары саласында тіркелді. Қазақстанда бақытты білдіруді әлеуметтік норма деп қабылдайтын әйелдер өздерін бақыттырақ деп бағалады ($r = 0.28$; $p<0.01$). Сондай-ақ қиындықтарға қарамастан позитивті көңіл-күйді сақтауға бағытталған ұстаным да субъективті әл-ауқатпен оң байланысты ($r = 0.25$; $p<0.01$). Ал «айналамдағы адамдар менен бақытты болып көрінуді күтеді» деген әлеуметтік қысым әйелдердің бақыт деңгейіне ықпал еткен жоқ ($r = 0.09$; $p>0.05$). Бұл ерлер үлгісінен айырмашылықты көрсетеді: әйелдер үшін сыртқы күтулер екінші дәрежелі, ал негізгі рөлді ішкі құндылық бағдарлары мен ұстанымдар атқарады.

Ұжымшылдық құндылықтар әйелдердің субъективті бақытында елеулі орын алады. Отбасы мүдделерін жеке мүдделерден жоғары қою бақытпен әлсіз, бірақ маңызды байланыс көрсетті ($r = 0.18$; $p<0.01$). Отбасылық дәстүрлерді құрметтеу айтарлықтай ықпал етті ($r = 0.24$; $p<0.01$). Ең күшті корреляция «отбасының үлкен мүшелерінен кеңес алу» көрсеткіші бойынша тіркелді ($r = 0.33$; $p<0.01$). Бұл қазақстандық мәдениеттегі үлкендерді құрметтеу дәстүрінің әйелдер үшін тұрақты бақыт көзі екендігін дәлелдейді. Дегенмен, «қиын жағдайда достар мен туыстардан көмекке жүгіну» бақыт деңгейімен статистикалық тұрғыдан маңызды байланысқа ие болмады ($r = 0.11$; $p>0.05$). Бұл әйелдер үшін басты сүйеніш көлденең әлеуметтік қолдау емес, отбасы мен дәстүрлі құндылықтар екендігін айғақтайды.

Қорытындылай келе, әйелдердің бақытты қабылдауы негізінен ішкі құндылық бағдарлар мен ұжымшылдық тәжірибелерге сүйенеді. Оптимизмді мәдени норма ретінде қабылдау, позитивті көзқарасты ұстану және дәстүр мен үлкендердің беделін құрметтеу – субъективті әл-ауқаттың басты факторлары. Ал сыртқы демонстрация мен әлеуметтік қысым айтарлықтай әсер етпейді.

Гендерлік айырмашылықтар бақытты қабылдаудың мәдени негіздерінде

Ерлер мен әйелдер үлгілерін салыстырмалы талдау бақытты қабылдау және оның мәдени құндылықтармен байланысы бойынша ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтады.

Ерлер де, әйелдер де бақыттың сыртқы демонстрациясына қатысты ұқсас ұстанымды көрсетеді. Екі топ үшін де «басқалардың көз алдында бақытты болып көріну маңызды» және «бақытты болу қысымы» көрсеткіштері субъективті бақыт сезімімен статистикалық маңызды байланысқа ие емес. Бұл Қазақстан қоғамында демонстративті оптимизм ішкі әл-ауқаттың негізгі факторы емес екенін, жынысқа қарамастан, көрсетеді.

Алайда, әлеуметтік күтулерге қатысты айырмашылық байқалады. Ерлер үшін бақыт пен «айналамдағы адамдар менен бақытты болып көрінуді күтеді» деген қабылдау арасындағы тәуелділік статистикалық маңызды болды. Ал әйелдер үшін бұл көрсеткіш елеулі әсер етпейді. Осылайша, ерлер сыртқы әлеуметтік контекстке көбірек реакция жасайды, ал әйелдер сыртқы әлеуметтік контексттер негізінде дербес шешім қабылдайды.

Ерлер де, әйелдер де оптимизм ұстанымдары және бақытты әлеуметтік норма ретінде қабылдау бойынша маңызды оң байланыстарды көрсетеді. Екі үлгіде де «бақыт – әлеуметтік норма» және «оң көңіл-күйді сақтау маңызды» көрсеткіштері субъективті бақытпен корреляцияланады. Дегенмен, әйелдер үшін бұл тәуелділіктер сәл айқын көрінеді, бұл олардың ішкі құндылық ұстанымдары мен оң ойлауға көбірек бағытталғанын куәландырады.

Ұжымшылдық құндылықтар екі үлгіде де жетекші рөл атқарады, бірақ әртүрлі екпінмен көрініс табады. Ерлер үшін субъективті бақытпен ең күшті байланыс «достар мен туыстардан көмек сұрау» көрсеткішінде анықталды ($r = 0.36$; $p<0.01$). Бұл олардың әл-ауқаты үшін жақын айналадан алынатын көлденең қолдаудың маңыздылығын баса айтады. Ал әйелдер үшін ең жоғары корреляция «отбасының үлкен мүшелерінен кеңес сұрау» бойынша байқалды ($r = 0.33$; $p<0.01$). Бұл үлкендерді құрметтеуге және дәстүрлерге сүйенуге бағытталған тік қолдаудың екпінін көрсетеді. Сонымен қатар, әйелдер үшін қиын жағдайларда достар мен туыстардан көмек сұрау бақыттың маңызды факторы болып табылмады. Осылайша, ерлер үшін бақыттың негізгі көзі кең мағынадағы әлеуметтік қолдау болса, әйелдер үшін – дәстүрлі құндылықтар мен отбасылық сабақтастық.

6.4.4 Бөлімге тұжырымдама

Жалпы, гендерлік айырмашылықтар ерлердің бақыты әлеуметтік күтулер мен айналадан алынатын көлденең қолдаумен көбірек байланысты екенін, ал әйелдердің бақыты ішкі құндылық бағдарлары мен ұжымшылдық тәжірибелерінің тік жүйесіне (отбасы, дәстүрлер, үлкендердің кеңестері) сүйенетінін көрсетеді.

Бұл Қазақстан қоғамында бақыттың мәдени негіздерінің ортақ негізі – оптимизм мен ұжымшылдық құндылықтары бар екенін, бірақ жынысқа

байланысты екпіндердің ауысатынын көрсетеді: ерлер айналадан қолдауға және әлеуметтік күтулерге көбірек сүйенеді, ал әйелдер ішкі ұстанымдар мен дәстүрлерді құрметтеуге бағытталған.

Корреляциялық талдау Қазақстан халқының бақытты қабылдауының мәдени негіздерін және осы өзара байланыстардың гендерлік айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Жалпы үлгі бойынша нәтижелер сыртқы демонстративті оптимизм формалары («бақытты болып көріну қажеттілігі» және «бақытты болу қысымын сезіну») субъективті бақытпен статистикалық маңызды байланысқа ие емес екенін көрсетті. Бұл қоғамда оң бейнені демонстрациялаудың мәдени нормасы болғанымен, ол ішкі бақыт сезіміне тікелей әсер етпейтінін білдіреді. Ал, басқа зерттеулерде (Diener мен Suh (2000) Қытай мен Үндістан секілді ұжымшылдық деңгейі жоғары қоғамдарда адамдардың бақытты сезінуі көбіне әлеуметтік өзара әрекеттесудің сапасына және қауымдастықпен байланыс сезіміне негізделетінін айғақтайды [149]. Дегенмен, ұжымшылдықтың ықпалы тек жағымды жақтармен шектелмейді. Кей жағдайда ол жеке адамның топ күткен нормаларын орындауға ұмтылуын арттырып, психологиялық қысым тудыруы мүмкін. Бұл үрдіс, әсіресе, қоғам қарқынды өзгерістерге ұшырағанда, тұлғаішілік қақтығыстардың күшеюіне және өмірге қанағаттанудың төмендеуіне алып келуі ықтимал. Мұндай шектеулерді Oyserman және әріптестері (2002) өз еңбектерінде сын тұрғысынан талдайды [150].

Оптимизмнің мәдени құндылықтары айтарлықтай маңыздылыққа ие. Оң ойлауға бағытталған ұстаным және Қазақстанда бақытты әлеуметтік норма ретінде қабылдау субъективті әл-ауқатпен тұрақты оң байланысты көрсетеді. Осылайша, бақыт тек жеке тәжірибе ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени түрде бекітілген құндылық ретінде қабылданады Зерттеулер көрсеткендей, діни рәсімдер мен отбасылық мерекелер сияқты ұжымдық ғұрыптарға қатысу әлеуметтік байланысты күшейтетін маңызды факторлардың бірі болып саналады. Мұндай ортақ тәжірибелер адамдар арасындағы эмоциялық қолдауды арттырып, сол арқылы субъективті әл-ауқаттың жоғарылауына ықпал етеді. Бұл қорытындыларды М. Маркус пен С. Китаиама да мәдениет пен өзіндік тұтастықты талдаған еңбектерінде атап өтеді [148].

Субъективті бақытқа ең үлкен әсерді ұжымшылдық құндылықтар көрсетеді. Отбасы мүдделерінің басымдығы, дәстүрлерді құрметтеу, үлкендерден кеңес сұрау және жақын айналадан қолдау алу әл-ауқаттың маңызды предикторлары болып табылады. Ең күшті корреляциялар отбасы-туыстық байланыстар саласында тіркелді, бұл Қазақстан қоғамындағы ұжымшылдықтың шешуші рөлін баса айтады. Бұл тұжырым шетелдік ғылыми еңбектермен де үйлеседі. Мәселен, ұжымшылдық басым қоғамдарда адамдар отбасы мен қауымдастықтан тұрақты қолдау алатынын жиі атап өтеді. Осындай әлеуметтік тірек жеке адамның күйзелісін азайтып, субъективті игілік пен бақыт деңгейін жоғарылататыны байқалады. Мұндай құбылысты Триандис те өз еңбегінде сипаттайды [213].

Жыныс бойынша салыстырмалы талдау қосымша екпіндерді анықтады. Ерлер үшін әлеуметтік күтулер мен жақын айналадан алынатын көлденең қолдау маңыздырақ болды: олардың субъективті бақыты достар мен туыстардан қолдау сезімімен тығыз байланысты. Ал әйелдер үшін ішкі құндылық ұстанымдары және тік ұжымшылдық тәжірибелері – отбасылық дәстүрлерді құрметтеу және отбасының үлкен мүшелерінен кеңес сұрау – жетекші рөл атқарады. Осылайша, ерлер сыртқы әлеуметтік контекстке сезімтал, ал әйелдер ішкі ұстанымдар мен дәстүрлерге көбірек сүйенеді.

Жалпы, нәтижелер Қазақстандағы бақыттың мәдени негіздері негізінен оптимизм мен ұжымшылдық құндылықтары арқылы қалыптасатынын растайды. Алайда гендерлік айырмашылықтар екпіндердің әртүрлі екенін көрсетеді: ерлердің бақытты қабылдауы сыртқы күтулер мен әлеуметтік қолдаумен, ал әйелдердікі ішкі ұстанымдар мен отбасылық дәстүрлерге сүйенумен байланысты. Бұл қорытындылар ұлттық мәдени ерекшеліктерді де, бақытты гендерлік қабылдаудың ерекшелігін де көрсетеді.

6.5 Тұлғаның ішкі ұстанымдары және тұлға аралық қарым-қатынастар қазақстандықтардың бақыт ресурсы ретінде

6.5.1 Бөлімге түсіндірме

Бақыт – бұл адамның ішкі бағдарларын да, оның әлеуметтік байланыстарының сапасын да қамтитын көпқырлы құбылыс. Қазақстан қоғамында дәстүрлі құндылықтар мен модернизациялық үрдістердің тоғысуы жағдайында жеке ұстанымдар мен тұлғааралық қатынастардың маңызы арта түседі. Осы бөлімнің мақсаты – субъективті бақыт сезімі, адамның ішкі ұстанымдары және оның әлеуметтік қатынастары арасындағы өзара байланысты талдау, сондай-ақ бұл байланыстардың жыныстық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің эмпирикалық негізін 2024 жылы жүзеге асырылған «Қазақстан халқының бақытына әсер ететін факторларды аймақтар бойынша салыстырмалы талдау» жобасы аясындағы сауалнама деректері құрады. Зерттеуге Қазақстанның бес өңірінен – Алматы қаласы, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарынан – 500 респондент қатысты. Өңірлерді іріктеу барысында Ұлттық статистика бюросының халықтың өмір сүру сапасына арналған сауалнамаларының нәтижелері ескерілді. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары жұмыстың 6.4 бөлімінде егжей-тегжейлі берілген.

6.5.2 Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеу Қазақстан жағдайында субъективті бақыт сезімі, адамның ішкі ұстанымдары мен тұлғааралық қатынастар сапасы арасындағы байланыстарды анықтауға бағытталды. Эмпирикалық материал ретінде

бірнеше тақырыптық блоктарды қамтитын сауалнама нәтижелері пайдаланылды (Қосымша С).

Бірінші блок жалпы субъективті бақыт деңгейін бағалауға арналды. Бұл үшін «Жалпы алғанда, өзіңізді қалай сипаттайсыз?» деген сұрақ қойылып, жауап нұсқалары «мүлдем бақытты емеспін»-нен «өте бақыттымын» аралығында ұсынылды. Бұл көрсеткіш интегралды субъективті бақытты тіркеуге мүмкіндік беріп, негізгі айнымалы ретінде қолданылды.

Екінші блок өмірлік күтулер мен жеке ұстанымдардың өзгерістерін өлшеуге бағытталды. Респонденттер мақсаттардың шынайылығына, өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетіне және үміт деңгейінің төмендеуіне қатысты пікірлерін білдірді. Бұл үшін 5 балдық Лайкерт шкаласы қолданылып, деректердің сандық тұрғыдан талдануына мүмкіндік берілді.

Үшінші блок өмірлік нәтижелерге субъективті қанағаттануды өлшеуге арналды. Мұнда респонденттер өмірдің өз идеалдарына сәйкестігін, жағдайлардың қолайлылығын, маңызды мақсаттарға қол жеткізуді және жалпы қанағаттану сезімін бағалады. Бұл бөлімде 7 балдық Лайкерт шкаласы қолданылды, ол субъективті әл-ауқатты зерттеудегі халықаралық стандарт болып табылады және өмір сапасын қабылдаудағы жеке айырмашылықтарды дәлірек тіркеуге мүмкіндік берді.

Төртінші блок әлеуметтік байланыстардың сапасын бағалауға арналды. Респонденттер сенім деңгейін, айналасындағылардың көмек көрсетуге дайындығын, әлеуметтік қатынастарға қанағаттану дәрежесін және олардың стресстік жағдайларды еңсерудегі рөлін бағалады. Бұл блокта 5 балдық шкала пайдаланылды, ол қатысушылардың әлеуметтік байланыстарға қаншалықты тартылғанын және олардың субъективті әл-ауқат үшін маңызын анықтауға мүмкіндік берді.

Жиналған деректер Пирсонның корреляциялық талдау әдісі арқылы өңделді. Бұл тәсіл бақыт көрсеткіштері, ішкі ұстанымдар және тұлғааралық қатынастар сипаттамалары арасындағы өзара байланыстардың бағыты мен күшін анықтауға мүмкіндік берді. Талдау екі деңгейде жүргізілді: жалпы үлгі бойынша және жынысқа қарай бөлініп. Мұндай тәсіл Қазақстан қоғамындағы бақыт ресурстарының жалпы заңдылықтарын ғана емес, сонымен қатар ерлер мен әйелдер арасындағы ерекшеліктерді де айқындауға жағдай жасады.

6.5.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы

Зерттеудің маңызды кезеңдерінің бірі – ерлер мен әйелдердің субъективті бақыт деңгейін салыстыру болды. Жауаптардың таралуын талдау респонденттердің көпшілігі, жынысына қарамастан, өздерін «өте бақытты» және «бақытты» деп бағалайтынын көрсетті (6.5.1-кесте).

6.5.1-кесте. Жынысы бойынша респонденттердің бақыт деңгейін бағалауы

	Респонденттердің жынысы	
	Ерлердің баған бойынша	Әйелдердің баған бойынша

		%	%
Жалпы айтқанда, сіз өзіңізді айта аласыз ба:	мүлдем бақытты емес	2,9%	0,7%
	онша бақытты емес	1,9%	1,7%
	бейтарап	13,6%	11,9%
	жеткілікті деңгейде бақытты	46,1%	43,5%
	өте бақытты	35,4%	42,2%

Жыныс тұрғысынан қарағанда, субъективті бақыттың таралуы респонденттердің басым бөлігі, ерлер де, әйелдер де, өздерін «бақытты» немесе «өте бақытты» деп бағалайтынын көрсетті. Ерлердің ішінде 46,1%-ы «жеткілікті деңгейде бақытты», ал 35,4%-ы «өте бақытты» екенін атап өтті. Яғни, олардың сексен пайыздан астамы өз өміріне оң баға берді. Әйелдер арасында да ұқсас үлгі байқалды: 43,5%-ы өзін «жеткілікті деңгейде бақытты», ал 42,2%-ы «өте бақытты» деп көрсетті. Осылайша, әйелдер үлгісінің 85 % астамы субъективті әл-ауқаттың жоғары деңгейін растады.

Жалпы үрдістердің ұқсастығына қарамастан, кейбір гендерлік айырмашылықтар да байқалады. Әйелдер бақытты бағалауда шеткі оң жауаптарды ерлерге қарағанда жиірек таңдады: олардың 42,2%-ы «өте бақытты» деп көрсеткен, ал ерлер арасында бұл көрсеткіш 35,4%-ды құрады. Бұл әйелдердің өз жағдайын бақыт шкаласының жоғарғы деңгейінде бекітуге бейім екенін аңғартады. Ал ерлер аралық позицияларды көбірек таңдады: мысалы, «жеткілікті деңгейде бақытты» деп бағалағандар үлесі әйелдерге қарағанда жоғары болды, сондай-ақ бейтарап жауаптар ерлер арасында жиірек кездесті (13,6% әйелдердің 11,9%-ына қарсы). Мұндай айырмашылық ерлердің субъективті бақытты бағалауда сақтық пен бейтараптыққа бейім екенін көрсетеді.

Бақыттың төмен деңгейлері екі жыныс үшін де салыстырмалы түрде сирек тіркелді, бірақ ерлер арасында теріс өзін-өзі бағалау жиірек байқалды. Атап айтқанда, ерлердің 2,9%-ы «мүлдем бақытты емес», ал 1,9%-ы «онша бақытты емес» екенін көрсетті. Әйелдер арасында мұндай жауаптар сирек болды – сәйкесінше 0,7% және 1,7%. Айырмашылықтар үлкен емес, бірақ ерлердің бақыттың төмен деңгейін сәл жиірек көрсететінін меңзейді.

Қорытындылай келгенде, деректер Қазақстан қоғамында ерлер де, әйелдер де жоғары субъективті әл-ауқат деңгейін сезінетінін айғақтайды. Дегенмен, гендерлік ерекшеліктер бақыттың абсолюттік деңгейінен гөрі бағалау тәсілінде көрініс табады: әйелдер өмірге толық қанағаттануды жиірек білдіреді және шкаланың жоғарғы ұпайларын таңдайды, ал ерлер орташа немесе бейтарап жауаптарға бейім. Бұл құбылыс ерлердің әлеуметтену ерекшеліктерімен және өмір жағдайларын рационалды әрі ұстамды бағалауға бағытталған мәдени бейімделуімен байланысты болуы мүмкін. Нәтижелер Қазақстан қоғамындағы бақыт ресурстарының ортақ негізін, бірақ оларды қабылдаудағы жыныстық айырмашылықтарды да ашып көрсетеді.

Корреляциялық талдау нәтижелері субъективті бақыт пен зерттелген айнымалылар арасында бірқатар маңызды байланыстардың бар екенін көрсетті.

Өмірлік күтулер блогында бақыт пен «қазір менің өмірден күтулерім бұрынғыдан төмен» деген пікір арасында теріс тәуелділік байқалды ($r = -0,196$; $p<0,01$). Бұл жауап берушілердің күтілімдері төмендеген сайын, олардың субъективті бақыт деңгейі де төмен болатынын білдіреді. Сонымен бірге, «менің мақсаттарым шынайырақ болды» ($r = 0,230$; $p<0,01$) және «мен өмірлік жағдайларыма бейімделдім» ($r = 0,124$; $p<0,01$) деген уәждермен оң байланыстар анықталды. Яғни, мақсаттарды шынайырақ қабылдау және өмір жағдайларына икемді бейімделу субъективті бақытты күшейтетін факторлар болып табылады.

Өмірлік нәтижелерге қанағаттану блогында ең күшті корреляциялар тіркелді. Бақыт мына көрсеткіштермен тығыз байланысты: «мен өз өміріме қанағаттанамын» ($r = 0,447$; $p<0,01$), «менің өмір жағдайларым тамаша» ($r = 0,380$; $p<0,01$), «өмірде қалаған маңызды нәрселерге қол жеткіздім» ($r = 0,387$; $p<0,01$), «менің өмірім идеалыма жақын» ($r = 0,315$; $p<0,01$). Сонымен қатар, «егер өмірімді қайта бастауға мүмкіндігім болса, ешнәрсені өзгертпес едім» деген пікір де бақытпен оң байланысқа ие болды ($r = 0,299$; $p<0,01$). Бұл нәтижелер өмірге және қол жеткізілген жетістіктерге жоғары қанағаттанудың субъективті әл-ауқатпен тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Әлеуметтік байланыстар блогында да маңызды оң корреляциялар байқалды. Бақыт сенімді қарым-қатынастармен («мен өз мәселелерімді кем дегенде бір адамға сеніп айта аламын», $r = 0,231$; $p<0,01$), жақындардың көмекке әзірлігімен («мені қиын жағдайда қолдайтын адамдарым бар», $r = 0,328$; $p<0,01$), әлеуметтік қатынастардың эмоционалдық құндылығымен («менің әлеуметтік байланыстарым қуаныш пен қанағаттану әкеледі», $r = 0,325$; $p<0,01$), сондай-ақ қолдау функциясымен («жақындармен қарым-қатынас стрессті азайтады», $r = 0,366$; $p<0,01$) байланысты болып шықты.

Жалпы алғанда, алынған деректер субъективті бақыттың өмірлік нәтижелерге қанағаттанумен, мақсаттардың шынайылығымен, жағдайларға бейімделумен және әлеуметтік қатынастардың сапасымен оң байланыста екенін, ал өмірлік күтулердің төмендеуімен кері байланыста болатынын көрсетті.

Ерлер үлгісін талдау

Ерлер арасындағы деректер бақыт пен бірнеше айнымалылар арасында статистикалық маңызды байланыстар бар екенін көрсетті.

Өмірлік күтулер блогында «қазір менің өмірден күтулерім бұрынғыдан төмен» деген пікір бақытпен теріс байланысты болды ($r = –0,152$; $p<0,05$). Бұл өз күтілімдерінің төмендегенін атап өткен ерлердің бақыт деңгейін төмен бағалауға бейім екенін білдіреді. Ал «менің мақсаттарым шынайырақ болды» деген уәжбен оң байланыс анықталды ($r = 0,280$; $p<0,01$), бұл ерлер үшін мақсаттардың сәйкестігі мен реалистігі субъективті әл-ауқаттың маңызды факторы екенін көрсетеді. «Мен өмірлік жағдайларыма бейімделдім» деген

уәж де бақытпен оң байланысқа ие болғанымен, статистикалық маңыздылығы шекті деңгейге жетпеді (r = 0,135; p=0,053).

Өмірге қанағаттану блогында айқын оң корреляциялар байқалды: «мен өз өміріме қанағаттанамын» (r = 0,377; p<0,01), «менің өмір жағдайларым тамаша» (r = 0,273; p<0,01), «көп жағынан менің өмірім менің идеалыма жақын» (r = 0,292; p<0,01) және «өмірде қалаған маңызды нәрселерге қол жеткіздім» (r = 0,363; p<0,01). Сонымен қатар, «егер өмірімді қайта бастауға мүмкіндік болса, ешнәрсені өзгертпес едім» деген пікір де әлсіз, бірақ маңызды байланыс көрсетті (r = 0,180; p<0,01). Бұл нәтижелер ерлер үшін бақыттың өмірлік жағдайларды және қол жеткізілген жетістіктерді бағалаумен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Әлеуметтік байланыстар блогында ең күшті өзара байланыстар тіркелді. Әсіресе «жақындармен қарым-қатынас стресспен күресуге көмектеседі» деген пікірмен (r = 0,419; p<0,01). Сондай-ақ бақыт «әлеуметтік байланыстар қуаныш пен қанағаттану әкеледі» (r = 0,326; p<0,01), «мәселелерімді сеніп айта алатын адам бар» (r = 0,310; p<0,01) және «қиын жағдайда қолдайтын адамдар бар» (r = 0,310; p<0,01) деген уәждермен оң байланысты.

Осылайша, ерлер үлгісінде субъективті бақыт мақсаттардың шынайылығымен, өмірлік нәтижелерге қанағаттанумен және әлеуметтік байланыстардың сапасымен күшейеді, ал күтілімдердің төмендеуі керісінше әсер етеді.

Әйелдер үлгісін талдау

Әйелдер бойынша алынған мәліметтер де бірқатар маңызды байланыстарды анықтады.

Өмірлік күтулер блогында бақыт «қазір менің өмірден күтулерім бұрынғыдан төмен» деген пікірмен теріс байланысты (r = –0,223; p<0,01). Яғни, күтулердің төмендеуі субъективті әл-ауқаттың төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, бақыт «мақсаттарым шынайырақ болды» (r = 0,203; p<0,01) және «өмірлік жағдайларыма бейімделдім» (r = 0,118; p<0,05) деген пікірлермен оң байланыста.

Өмірлік нәтижелерге қанағаттану блогында ең жоғары корреляциялар тіркелді. Бақыт мына уәждермен тығыз байланысты болды: «өміріме қанағаттанамын» (r = 0,507; p<0,01), «өмір жағдайларым тамаша» (r = 0,468; p<0,01), «қалаған маңызды нәрселерге қол жеткіздім» (r = 0,404; p<0,01), «өмірімді қайта бастасам, ештеңені өзгертпес едім» (r = 0,395; p<0,01). Сондай-ақ «көп жағынан өмірім идеалыма жақын» деген пікірмен де оң байланыс анықталды (r = 0,339; p<0,01).

Әлеуметтік байланыстар блогында бақыт «қиын жағдайда қолдайтын адамдар бар» (r = 0,335; p<0,01), «әлеуметтік қатынастар қуаныш әкеледі» (r = 0,316; p<0,01) және «жақындармен қарым-қатынас стрессті азайтады» (r = 0,309; p<0,01) деген уәждермен оң байланысты. Әлсіз, бірақ маңызды корреляция «мәселелерімді сеніп айта алатын адам бар» деген пікірмен тіркелді (r = 0,171; p<0,01).

Осылайша, әйелдер үлгісінде бақыт күтілімдердің төмендеуімен теріс, ал мақсаттардың шынайылығы, жағдайларға бейімделу, өмірлік нәтижелерге қанағаттану және әлеуметтік қолдау көрсеткіштерімен оң байланысты.

Корреляциялық талдау нәтижелері бойынша салыстырмалы қорытынды

Жалпы үлгі бойынша жүргізілген корреляциялық талдау жауап берушілердің субъективті бақыты үш негізгі айнымалылармен – өмірлік күтулердің өзгеруімен, өмірлік нәтижелерге қанағаттанумен және әлеуметтік байланыстардың сапасымен байланысты екенін көрсетті. Ерлер мен әйелдер арасында жалпы заңдылықтар сақталғанымен, байланыстардың күші мен маңыздылығы тұрғысынан айырмашылықтар анықталды.

Өмірлік күтулер блогында екі топта да бақыт пен «күтулердің төмендеуі» арасындағы байланыс теріс, бірақ әйелдерде ол күштірек ($r = –0,223$; $p<0,01$), ерлерде – әлсіздеу ($r = –0,152$; $p<0,05$). Бұл әйелдердің субъективті әл-ауқаты өмірден күтулердің өзгерісіне көбірек тәуелді екенін көрсетеді. Сонымен қатар, мақсаттардың шынайылығы ерлер үшін маңыздырақ фактор болып шықты ($r = 0,280$; $p<0,01$), әйелдерде бұл байланыс төменірек деңгейде тіркелді ($r = 0,203$; $p<0,01$). Әйелдер үлгісінде бейімделу де статистикалық маңызды болды ($r = 0,118$; $p<0,05$), ал ерлерде бұл көрсеткіш ешқандай мәнге ие емес.

Өмірлік нәтижелерге субъективті қанағаттану блогында әйелдердің корреляциялары күшті болып шықты. Мысалы, бақыт пен «өз өміріме қанағаттанамын» арасындағы байланыс әйелдерде $r = 0,507$ құраса, ерлерде $r = 0,377$ деңгейінде қалды. «Өмір жағдайлары тамаша» деген көрсеткіш бойынша да айырмашылық байқалды: әйелдерде $r = 0,468$, ерлерде – $r = 0,273$. Сондай-ақ әйелдер өмірлік жетістіктерді бағалау мен өмірге ретроспективті көзқараста да жоғарырақ мән көрсетті. Бұл әйелдердің бақыты көбіне өмір сапасының когнитивті бағасына негізделгенін дәлелдейді.

Әлеуметтік байланыстар блогында ерлер үшін ең күшті фактор стресс жағдайындағы қолдау болып шықты: «жақындармен қарым-қатынас стресспен күресуге көмектеседі» ($r = 0,419$), әйелдерде бұл көрсеткіш әлсіздеу ($r = 0,309$). Ерлер үшін сенімді қарым-қатынастар мен көмек алу маңыздырақ ($r \approx 0,310$), ал әйелдерде бұл көрсеткіштер төмендеу болғанымен, эмоционалдық құндылық жоғарырақ мәнге ие болды. Әйелдер әлеуметтік байланыстарды қуаныш пен қанағаттану көзі ретінде көбірек бағалайды ($r = 0,316$).

6.5.4 Бөлімге тұжырымдама

Қорытындылай келе, екі топта да ортақ заңдылықтар бар: бақыт мақсаттардың шынайылығымен, өмірлік нәтижелерге қанағаттанумен және әлеуметтік қолдаумен оң байланысты, ал өмірден күтулердің төмендеуімен теріс байланысты. Бірақ гендерлік айырмашылықтар айқын: ерлер бақытты рационалды мақсаттармен және әлеуметтік қолдау функциясымен көбірек

байланыстырады, ал әйелдер өмірлік жағдайлардың сапасын когнитивті бағалауға және бейімделуге сүйенеді. Бұл Қазақстандағы субъективті әл-ауқатты зерттеуде және оны арттыруға бағытталған іс-шараларда гендерлік ерекшеліктерді ескерудің қажеттілігін көрсетеді.

Аталған нәтижелерді тұлғалық қасиеттер мен бақыттың өзара байланысын зерттеген кең ауқымды эмпирикалық деректермен салыстыру бірқатар маңызды қосымша түсініктер береді. Көптеген зерттеулер бақыттың экстраверсия, ұқыптылық, қайырымдылық және тәжірибеге ашық болу сияқты тұлғалық қасиеттермен оң корреляциясында, ал нейротизммен теріс корреляциясында тұрақты түрде көрінетінін көрсетеді [116]. Бұл қасиеттер адамның эмоцияларды өңдеу стиліне, әлеуметтік байланыстарды құру қабілетіне және стресс жағдайларындағы бейімделу тетіктеріне тікелей әсер етіп, бақыт деңгейіне ықпал етеді [115].

Сонымен қатар, «тұлғалық қасиеттер бақыт деңгейіндегі дисперсияның 48,2%-ына дейін түсіндіре алатындығы гендерлік айырмашылықтардың тек әлеуметтік немесе когнитивті факторлармен ғана емес, сонымен бірге тұлғаның тұрақты психологиялық құрылымымен де анықталатынын білдіреді» [115, 15 б.]. Бұл зерттеу нәтижелерін тереңірек түсіндіруге көмектеседі: ерлер мен әйелдер арасындағы бақытқа әсер ететін механизмдер тек әлеуметтік рөлдермен емес, олардың тұлғалық профилімен де байланысты.

Осылайша, гендерлік айырмашылықтар жай ғана мінез-құлық стратегияларындағы айырма емес, тұлғалық қасиеттердің әртүрлі конфигурацияларымен байланысты күрделі психологиялық құбылыс болып табылады. Бұл Қазақстандағы субъективті әл-ауқатты арттыруға бағытталған саясаттар мен бағдарламаларда тұлғалық және гендерлік факторларды кешенді түрде ескерудің маңыздылығын күшейтеді.

6.6 Әлеуметтік капитал мен сенім Қазақстан халқы субъективті әл-ауқатының өлшемдері ретінде

6.6.1 Бөлімге түсіндірме

Бұл бөлімде Қазақстан халқының субъективті бақытының институционалдық, қоғамдық және тұлғааралық сеніммен байланысы кешенді түрде талданады. Негізгі әдістемелік құрал ретінде Пирсон корреляция коэффициенті қолданылып, әртүрлі деңгейдегі сенімнің бақыт сезіміне ықпалы бағаланады.

Алдымен, мемлекеттік институттарға деген сенім қарастырылады. Үкімет, парламент, соттар, полиция және жергілікті билік органдары сияқты құрылымдарға сенім азаматтардың бақыт деңгейіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Мемлекеттік органдардың тиімділігі мен әділдігін қабылдау азаматтардың субъективті әл-ауқатын арттырады, ал сенімнің төмендігі, керісінше, өмірге қанағаттануды әлсіретеді.

Екінші бағыт – қоғамдық және діни ұйымдарға сенім. Саяси партиялар, этномәдени бірлестіктер, Қазақстан халқы Ассамблеясы, халықаралық және

қайырымдылық ұйымдары азаматтардың әлеуметтік интеграция сезімін қалыптастырады. Бұл құрылымдарға сенім адамдарға қоғамда өзін қауіпсіз және бағалы сезінуге мүмкіндік беріп, субъективті бақытты күшейтеді.

Үшінші бағытта тұлғааралық сенім қарастырылады. Отбасына, достарына, әріптестеріне, көршілеріне, сондай-ақ өзінің этникалық немесе діни тобына сенім адамдардың күнделікті өмір сапасына тікелей әсер етеді. Мұндай сенім эмоционалдық қолдауды, практикалық көмекті және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде ҚР ЖБжҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының 2023 жылы жүргізген «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы» зерттеуінің әлеуметтанулық сауалнамасы алынды. Сауалнама субъективті бақыт деңгейін, сондай-ақ мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға және жақын әлеуметтік ортаға сенім дәрежесін өлшеуге бағытталған. Әлеуметтік капитал бұл жұмыста сенім жүйесі арқылы түсіндіріліп, институционалдық, қоғамдық және тұлғааралық деңгейлер қамтылды.

Жалпы алғанда, осы бөлім сенімнің қай түрі – мемлекеттік институттарға, қоғамдық ұйымдарға немесе тұлғааралық қарым-қатынастарға бағытталған сенім – Қазақстан халқының бақыт сезіміне көбірек ықпал ететінін анықтауға бағытталған. Сонымен бірге, ол сенім мен субъективті әл-ауқат арасындағы байланыстардың күшін, сипатын және ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық сенімнің деңгейі халықтың әртүрлі ұйымдар мен бірлестіктерге көзқарасы арқылы анықталды. Оларға діни институттар (Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, Орыс православие шіркеуі, протестанттық қауымдастықтар және өзге конфессиялар), саяси партиялар, Ұлттық құрылтай, Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстан халқы Ассамблеясы, этникалық бірлестіктер, сондай-ақ қоғамдық, қайырымдылық және халықаралық ұйымдар жатады. Бұл көрсеткіштер азаматтардың азаматтық институттармен ынтымақтастыққа және қоғамдық өмірге қатысуға қаншалықты ашық екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Тұлғааралық сенім респонденттердің ең жақын әлеуметтік ортасына бағытталды: отбасы мүшелері, туыстары, достары, таныстары, көршілері, әріптестері, жұмыс берушісі, сондай-ақ өзінің этникалық немесе діни тобының өкілдері. Мұндай бағалау микроәлеуметтік деңгейде өзара қолдау мен ынтымақтастықтың маңызын сипаттауға мүмкіндік береді.

6.6.2 Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жеке сұхбат жүргізу арқылы сандық сауалнама форматында өткізілді (қосымша Д). Анкеталау респонденттердің тұрғылықты жеріне жақын аумақта, планшетке енгізілген стандартизацияланған сауалнама көмегімен жүзеге асырылды (CAPI әдісі). Зерттеуге 18 жастан асқан,

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және өз елді мекенінде кемінде алты ай тұрақты тұрған ерлер мен әйелдер қатысты.

Жалпы іріктеме көлемі 1500 адамды құрады. Үлгі қалалық және ауылдық тұрғындар арасында жүргізіліп, ұлттық, жыныстық және жас ерекшеліктері бойынша квоталар ескерілді. Квоталау Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының 2023 жылдың басындағы ресми деректері негізінде жүзеге асырылды. Респонденттерді іріктеу кезінде стратификацияланған кездейсоқ ықтималдық үлгі пайдаланылды. Страта ретінде Қазақстанның 17 облысы, сондай-ақ республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалалары жеке қарастырылды (6.6.1-кесте). Әр облыс ішінде қалалық және ауылдық аймақтар қосымша субстраталарға бөлінді.

Интервьюерлер әрқайсысы үшін жеке квоталық тапсырма алды. Сұхбаттар қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді, тіл респонденттің таңдауы бойынша анықталды. Үлгі көлемі n = 1500 болған жағдайда, 95% сенімділік деңгейінде максималды статистикалық қателік 2,53%-ды құрады.

6.6.1-кесте. Іріктеу жиынтығының квоталар бойынша таралымы

	Барлығы	Елдімекен		Жасы					Жынысы		Ұлты		
		Қала	Ауыл	18-29	30-39	40-49	50-59	60 +	Ерлер	Әйелдер	Қазақ	Орыс	Басқа
Абай	30	15	15	4	7	5	4	10	15	15	24	5	1
Ақмола	60	30	30	11	12	12	9	16	30	30	34	16	10
Ақтөбе	75	60	15	16	18	12	11	18	35	40	64	6	5
Алматы	105	15	90	22	25	20	14	24	51	54	74	13	18
Атырау	60	30	30	13	15	11	8	13	30	30	56	2	2
Батыс Қазақстан	60	30	30	11	13	10	10	16	28	32	47	10	3
Жамбыл	90	45	45	20	19	16	13	22	44	46	67	7	16
Жетісу	45	15	30	8	10	8	6	13	21	24	34	6	5
Қарағанды	90	75	15	16	18	15	13	28	42	48	47	29	14
Қостанай	60	30	30	10	11	10	10	19	29	31	27	20	13
Қызылорда	60	30	30	13	12	12	9	14	29	31	58	1	1
Маңғыстау	60	30	30	14	15	12	8	11	28	32	55	2	3
Павлодар	60	45	15	9	12	11	9	19	29	31	34	17	9
Солтүстік Қазақстан	45	15	30	7	8	6	7	17	21	24	18	20	7
Түркістан	150	30	120	40	31	27	23	29	74	76	113	2	35
Ұлытау	15	15	0	3	4	2	2	4	7	8	12	2	1
Шығыс Қазақстан	75	60	15	10	15	13	10	27	35	40	38	34	3
Астана қ.	105	105	0	25	28	19	14	19	49	56	85	10	10
Алматы қ.	165	165	0	38	39	26	21	41	72	93	104	33	28
Шымкент қ.	90	90	0	25	22	16	11	16	42	48	64	6	20
	1500	**930**	**570**	**315**	**334**	**263**	**212**	**376**	**711**	**789**	**1055**	**241**	**204**

Осылайша, жүргізілген зерттеу респонденттердің субъективті бақыт сезімін олардың әртүрлі әлеуметтік институттар мен жақын ортасына деген сенімімен салыстыруға мүмкіндік берді. Мұндай тәсіл әлеуметтік капиталды Қазақстан халқының субъективті әл-ауқатына ықпал ететін фактор ретінде кешенді бағалауға жағдай жасайды.

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Жауап берушілердің әлеуметтік-демографиялық құрылымы зерттеудің эмпирикалық негізін құрады. Үлгі тұрғылықты жері, жасы, жынысы және

этникалық тиесілігі бойынша әртүрлі топтарды қамтыды. Бұл деректер зерттеу жүргізілген әлеуметтік контексті тереңірек түсінуге және сенім мен субъективті бақытты қабылдаудағы ықтимал айырмашылықтарды ескеруге мүмкіндік береді (6.6.2-кесте).

6.6.2-кесте. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық көрінісі

		Баған бойынша %
Елді мекен	Қала	62,0%
	Ауыл	38,0%
Диапазон	18 жастан кіші	0,0%
	18-29 жас	21,0%
	30-39 жас	22,3%
	40-49 жас	17,5%
	50-59 жас	14,1%
	60 және жоғары	25,1%
Респонденттің жынысы	ер	47,4%
	әйел	52,6%
Ұлты	Қазақ	70,3%
	Орыс	16,1%
	Басқа	13,6%

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым бөлігі қала тұрғындары болып шықты – 62%, ал ауылдық жерлерден келгендердің үлесі 38%-ды құрады. Мұндай арақатынас Қазақстандағы урбанизация үрдісін көрсетіп қана қоймай, қала мен ауыл тұрғындарының әлеуметтік капитал мен сенімді қабылдауындағы айырмашылықтарды талдауға мүмкіндік береді.

Жас құрылымы әр буынның кең өкілдігін қамтиды. Үлгінің ең ірі топтарын 30–39 жас аралығындағы (22,3%) және 18–29 жас аралығындағы (21,0%) азаматтар құрады. Егде жастағы топтардың үлесі де айтарлықтай: респонденттердің 25,1%-ы 60 жастан асқан, ал 14,1%-ы 50–59 жас аралығында. Орта буын – 40-49 жастағылар – 17,5%-ды құрады. Осылайша, зерттеу жастарды да, егде жастағы респонденттерді де қамтиды, бұл сенім мен субъективті әл-ауқатты бағалаудағы жас ерекшеліктерін салыстыруға жағдай жасайды.

Жыныс бойынша үлгі теңгерімді: ерлердің үлесі – 47,4%, әйелдердікі – 52,6%. Мұндай арақатынас Қазақстанның демографиялық бейнесіне жақын және зерттеудің гендерлік тұрғыдан репрезентативтілігін қамтамасыз етеді.

Этникалық құрам да елдің көпэтносты табиғатын көрсетеді. Қатысушылардың негізгі бөлігі – қазақтар (70,3%), ал орыстар үлгінің 16,1%-ын құрайды, ал басқа этностардың (өзбектер, ұйғырлар, татарлар, украиндар және т.б.) жиынтық үлесі 13,6%-ға тең. Бұл этномәдени факторлардың сенім деңгейі мен субъективті әл-ауқатқа ықпалын талдауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, зерттеу үлгісінің әлеуметтік-демографиялық профилі оның репрезентативтілігін және теңгерімділігін айғақтайды. Қала мен

ауыл тұрғындары, әртүрлі жас топтары, ерлер мен әйелдер, сондай-ақ көпэтносты қоғам өкілдері қамтылған бұл үлгі қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік капитал, сенім және субъективті әл-ауқат арасындағы өзара байланысты жан-жақты зерделеуге берік негіз қалайды.

6.6.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы

Субъективті бақыттың жалпы таралуы

Сауалнама нәтижелері респонденттердің басым көпшілігі өздерін бақытты адамдар қатарына жатқызатынын көрсетті. Қатысушылардың 47,7%-ы өздерін «жеткілікті деңгейде бақытты» деп бағаласа, тағы 27,5%-ы «өте бақытты» екенін атап өтті. Осылайша, барлық жауап берушілердің шамамен төрттен үш бөлігі (75,2%) жоғары субъективті әл-ауқат көрсеткішін көрсетті, бұл қоғамда өмірге оң көзқарастың басым екенін айғақтайды.

Сонымен бірге, 19,4% респондент бейтарап ұстанымды («екеуінің де бірі емес») таңдады. Бұл топ өздерінің бақыт деңгейін тұрақсыз немесе жағдайға байланысты өзгермелі деп қабылдайтынын көрсетеді. Мұндай жауаптар жеке тәжірибелер мен әлеуметтік факторлардың субъективті әл-ауқатты бағалауға ықпал ететінін аңғартады.

Теріс бағалаулар өте сирек кездесті. Қатысушылардың 4,3%-ы өздерін «онша бақытты емес» деп, ал 1,1%-ы «мүлдем бақытты емес» деп сипаттады. Жалпы алғанда, төмен субъективті бақыт деңгейін көрсеткендердің үлесі 5,4%-дан аспады. Бұл көрсеткіш халық арасында қанағаттанбаушылықтың шектеулі таралғанын көрсетеді және Қазақстан қоғамындағы субъективті әл-ауқат деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары екенін растайды (6.6.3-кесте).

6.6.3-кесте. Респонденттердің бақыт деңгейін бағалауы

		Баған бойынша %
Жалпы айтқанда, сіз өзіңізді айта аласыз ба:	мүлдем бақытты емес	1,1%
	онша бақытты емес	4,3%
	бейтарап	19,4%
	жеткілікте деңгейде бақытты	47,7%
	өте бақытты	27,5%

Жалпы алғанда, алынған деректер Қазақстан қоғамындағы субъективті бақыт деңгейінің жоғары екенін көрсетеді, алайда ерекше назарды бейтарап ұстанымдағы топ пен өздерін бақытсыз деп сипаттаған шағын сегментке аудару қажет. Ғылыми тұрғыда бұл нәтижелерді әлеуметтік капитал мен сенім жүйесінің контекстінде талдау маңызды, өйткені дәл осы өлшемдер арқылы бақытты, бейтарап және бақытсыз топтар арасындағы айырмашылықтарды түсіндіруге болады.

Бақыт пен сенімнің әлеуметтік институттарға байланысы

Субъективті бақыт пен әлеуметтік институттарға сенім арасындағы өзара байланысқа жүргізілген корреляциялық талдау олардың арасында тікелей,

бірақ салыстырмалы түрде әлсіз тәуелділіктің бар екенін көрсетті. Пирсон корреляция коэффициенттері 0,09 бен 0,17 аралығында өзгеріп отырды, бұл статистикалық тұрғыдан маңызды болғанымен, айқын күшті байланыстардың жоқ екенін білдіреді. Институттарға сенімнің жоғары деңгейі азаматтардың өзін бақыттырақ сезіну ықтималдығын арттырғанымен, сенімнің өзі субъективті әл-ауқаттың негізгі детерминанты болып табылмайды.

Ең жоғары корреляциялар әкімдіктерге ($r \approx 0,169$), полицияға ($r \approx 0,167$) және сот жүйесіне ($r \approx 0,166$) сенімге қатысты тіркелді. Бұл деректер басқару тиімділігі мен әділдіктің, сондай-ақ құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуін оң қабылдау азаматтардың субъективті әл-ауқат деңгейіне ықпал ететінін көрсетеді. Мұндай институттарға сенім білдіретін адамдар өмірін анағұрлым қанағаттанарлық деп бағалап, болашаққа сенімділікпен қарайды.

Салыстырмалы түрде орташа деңгейдегі, бірақ маңызды корреляциялар прокуратураға, әскерге, денсаулық сақтау саласына, бизнеске және бұқаралық ақпарат құралдарына сенім бойынша байқалды (0,13–0,15 аралығында). Бұл институттардың қызметін оң қабылдау да субъективті бақытпен байланысты болғанымен, олардың әсері құқықтық тәртіп пен әділдікті қамтамасыз ететін негізгі құрылымдарға қарағанда төмендеу екені анықталды.

Ең төмен корреляциялар білім беру жүйесіне ($r \approx 0,105$) және интернет пен әлеуметтік желілерге ($r \approx 0,090$) сеніммен байланысты болды. Бұл нәтижелер осы салалардың азаматтардың күнделікті өмірінде маңызды орын алғанымен, оларды бақыттың тікелей көзі ретінде қабылдаудың шектеулі екенін айғақтайды. Керісінше, олар көбінесе қызмет көрсету немесе коммуникациялық арналар ретінде қарастырылады.

Қорытындылай келе, әлеуметтік институттарға сенім деңгейі қазақстандықтардың субъективті бақыт сезіміне белгілі бір дәрежеде әсер ететіні анықталды, бірақ бұл әсердің күші шектеулі. Сот жүйесіне, полицияға және жергілікті билік органдарына сенім білдіретін респонденттердің жоғары бақыт деңгейін көрсетуі әділдік, қауіпсіздік және басқарудың тиімділігі субъективті әл-ауқаттың маңызды шарттарының бірі екенін айғақтайды. Сонымен бірге, корреляциялардың салыстырмалы әлсіздігі бақыттың кешенді феномен екенін және сенім факторларының тұлғааралық қатынастар, отбасылық байланыстар мен материалдық жағдайлар сияқты басқа айнымалыларға қарағанда екінші деңгейлі рөл атқаратынын көрсетеді.

Бақыт пен ұйымдарға деген сенімнің байланысы

Корреляциялық талдау нәтижелері Қазақстан халқының субъективті бақыт сезімі қоғамдық, діни және басқа ұйымдарға деген сенім деңгейімен оң байланыста екенін көрсетті. Пирсон коэффициенттері 0,035-тен 0,176-ға дейінгі диапазонда орналасып, статистикалық тұрғыдан маңызды болғанымен, өзара байланыстардың негізінен әлсіз екендігін айғақтайды.

Ең жоғары өзара байланыстар Ұлттық ғылым академиясына ($r \approx 0,176$), Қазақстан халқы Ассамблеясына ($r \approx 0,170$), Ұлттық құрылтайға ($r \approx 0,170$) және қоғамдық немесе қайырымдылық ұйымдарына ($r \approx 0,155$) сенім деңгейлерінде тіркелді. Бұл нәтижелер қоғамды біріктіруші, этномәдени

келісімді нығайтушы және ғылыми-ағартушылық рөл атқаратын институттарға сенім азаматтардың субъективті әл-ауқатына айтарлықтай ықпал ететінін көрсетеді. Мұндай ұйымдарға сенетін азаматтар өздерін бақыттырақ сезінеді, бұл ғылыми даму, әлеуметтік интеграция және мәдени ынтымақтастықтың маңыздылығымен түсіндіріледі.

Халықаралық ұйымдарға ($r \approx 0{,}154$) және этникалық қауымдастықтарға ($r \approx 0{,}151$) сенім орташа дәрежелі оң корреляциялар көрсетті. Бұл сыртқы әріптестіктер мен жергілікті сәйкестік факторларының жеке әл-ауқат сезіміне ықпалын айқындайды. Діни бірлестіктерге сенім деңгейі әлсіздеу болғанымен, статистикалық тұрғыда маңызды нәтижелер көрсетті ($r \approx 0{,}123–0{,}138$). Дегенмен, салыстырмалы тұрғыда зайырлы ұйымдар мен азаматтық қоғам институттарының әсері басымырақ. Ең төменгі көрсеткіштердің бірі бірқатар діни ұйымдарға сенім деңгейінде тіркелді ($r \approx 0{,}035$), бұл олардың жеке субъективті бақыт сезімімен байланысының әлсіздігін аңғартады.

Жалпы алғанда, ұйымдарға сенім деңгейі мемлекеттік институттарға қарағанда субъективті бақытпен анағұрлым жоғарырақ байланыс көрсетеді. Әсіресе, Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстан халқы Ассамблеясы және Ұлттық құрылтай секілді қоғамды біріктіруші құрылымдарға сенім бақыт деңгейімен тығыз астасып жатыр. Бұл қазақстандықтардың субъективті әл-ауқаты көбіне әлеуметтік бірлік пен мәдени ынтымақтастықты қабылдауға тәуелді екендігін, ал діни институттардың рөлі салыстырмалы түрде әлсіз екендігін дәлелдейді.

Бақыт пен сенімнің жақын ортаға байланысы

Тұлғааралық сенім деңгейіне қатысты деректер субъективті бақыт сезімі ең тығыз байланыста дәл осы өлшеммен екендігін көрсетті. Пирсон коэффициенттері 0,140-тан 0,178-ге дейін ауытқып, мемлекеттік институттар мен қоғамдық ұйымдарға сенім көрсеткіштерінен жоғары мәндер берді. Бұл қазақстандықтардың жеке бақыты жақын әлеуметтік ортадағы қарым-қатынастардың сапасы мен тұрақтылығына тікелей тәуелді екендігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері тұлғааралық сенімнің субъективті бақыт сезімімен ең жоғары деңгейде өзара байланысты екенін дәлелдейді. Ең айқын корреляциялар отбасыға ($r \approx 0{,}178$), жақын туыстарға ($r \approx 0{,}175$) және достар мен таныстарға деген сеніммен ($r \approx 0{,}175$) тіркелді. Бұл деректер отбасы мен жақын әлеуметтік ортаның қазақстандықтардың субъективті әл-ауқаты үшін шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Жақындарына сенім білдіретін адамдар өздерін айтарлықтай жиі бақытты сезінеді, бұл әлеуметтік қолдау жүйесінің маңыздылығын дәлелдейді.

Сонымен қатар, этномәдени және діни сәйкестік те маңызды фактор болып қала береді. Өз ұлтының адамдарына сенім ($r \approx 0{,}171$) және өз дінінің өкілдеріне сенім ($r \approx 0{,}169$) бақыт сезімімен күшті оң байланыс көрсетті. Бұл көрсеткіштер этномәдени бірлік пен діни қауымдастыққа тиесілік сезімі әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтып, субъективті әл-ауқат деңгейін арттыратынын дәлелдейді.

Кәсіби және жергілікті ортадағы сенім деңгейлері де елеулі мәнге ие. Әріптестерге сенім (r ≈ 0,140), көршілерге сенім (r ≈ 0,151) және басшыға немесе жұмыс берушіге сенім (r ≈ 0,154) бақыт сезімімен орташа оң байланыс көрсетті. Бұл нәтижелер кәсіби және тұрғылықты ортадағы әлеуметтік қатынастар да субъективті әл-ауқат үшін маңызды екенін айқындайды, дегенмен олардың әсері отбасылық және этномәдени байланыстарға қарағанда әлсіздеу болып келеді.

Жалпы алғанда, тұлғааралық сенім мемлекеттік институттар мен қоғамдық ұйымдарға сеніммен салыстырғанда субъективті бақытпен анағұрлым жоғары деңгейде өзара байланысты. Бұл қазақстандықтардың бақытты қабылдауында отбасы, жақын әлеуметтік орта және мәдени сәйкестіктің шешуші маңызын баса көрсетеді. Қазақстан жағдайында субъективті әл-ауқаттың негізгі предикторлары ретінде тұлғааралық қолдау мен әлеуметтік бірлік алдыңғы орынға шығып отыр.

6.6.4 Бөлімге тұжырымдама

Жалпы бөлімді қорытындылай келе, Қазақстан халқы арасында сенім мен субъективті бақыт арасындағы өзара байланыстар күрделі әрі көп деңгейлі сипатқа ие. Институционалдық сенім бақытпен оң, бірақ салыстырмалы түрде әлсіз байланысқа ие. Бұл азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімінің бар екендігін, алайда оның олардың бақыт деңгейін айқындайтын басты фактор емес екенін көрсетеді. Қоғамдық ұйымдарға сенім деңгейі субъективті әл-ауқатпен біршама күштірек байланыста болып шықты, әсіресе ғылыми, мәдени және этносаралық келісімге үлес қосатын құрылымдар маңызды рөл атқарады.

Ең айқын байланыс тұлғааралық сенім деңгейінде көрінді. Отбасына, туыстарға, достарға, сондай-ақ этномәдени және діни ортаға сенім қазақстандықтардың субъективті бақытын қалыптастырудағы шешуші фактор болып отыр. Жақын әлеуметтік ортаның қолдауы, эмоционалдық байланыстардың беріктігі және сенімді қарым-қатынастар азаматтар үшін субъективті әл-ауқаттың негізгі көздері болып табылады. Бұл нәтижелер Патнемнің әлеуметтік капитал туралы тұжырымдары бақыт пен субъективті әл-ауқаттың әлеуметтік өлшемдерін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік беретін еңбектерімен сәйкес келеді. Әлеуметтік капиталдың жоғары болуы – қауымдастық ішіндегі сенім, өзара қолдау және әлеуметтік желілердің беріктігі – адамның өмірге қанағаттануына, психологиялық тұрақтылығына және жалпы денсаулығына айқын оң әсер ететіні дәлелденген [141].

Салыстырмалы талдау нәтижесінде, институционалдық және қоғамдық факторлар маңызды болғанымен, олар екінші дәрежелі рөл атқаратыны анықталды. Қазақстан қоғамындағы бақыттың басты қайнары – тұлғааралық қатынастар мен отбасылық қолдау. Осыған байланысты сенім субъективті әл-ауқатты әртүрлі деңгейде делдал ететін көп өлшемді феномен ретінде әрекет етеді. Дюркгейм мен Патнемнің тұжырымдарын қазіргі зерттеулердің растауы

әлеуметтік байланыстардың субъективті әл-ауқаттағы рөлінің әмбебаптығын көрсетеді. Хелливелл мен Патнемнің (2004) [142] нәтижелері әлеуметтік байланыстары мықты адамдардың депрессияға азырақ бейім болатынын, эмоционалды тұрақты әрі өмірге қанағаттануы жоғары болатынын айқындайды.

Бұл қорытынды әлеуметтік капиталдың халықтың өмір сапасына қосатын үлесін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сенімнің әртүрлі деңгейлерін салыстыра зерттеу Қазақстан жағдайында халықтың бақытын арттыруға бағытталған саясат пен әлеуметтік бастамаларды әзірлеуде маңызды бағдар береді.

6.7 Діни бірегейліктің бақыт пен әл-ауқатты қабылдаумен байланысы: қазақстандық контекст

6.7.1 Бөлімге түсіндірме

Дінге сенім мен бақыт арасындағы байланыс академиялық зерттеулерде айтарлықтай қызығушылық тудырып келеді. Көптеген жұмыстар діни сенімдер мен тәжірибелер адамның игілік сезіміне айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін дәлелдейді [214]. Дегенмен, бұл байланыстың мәні күрделі әрі контекстке байланысты өзгеріп отырады, әртүрлі қоғамдар мен діни орталарда ерекше көрініс табады.

Қазақстанда дінге сенім мен субъективті әл-ауқат арасындағы байланысты қарастыратын зерттеулердің аздығын ескерсек, осы жұмыстағы негізгі сұрақ келесідей: зайырлы мемлекет ретінде, көпмәдениетті және көпконфессиялы Қазақстанда дінге сенушілер мен сенбейтіндердің бақыт деңгейінде статистикалық тұрғыдан айтарлықтай айырмашылық бар ма?

Диссертациялық жұмыстың бұл бөлімінде діндарлықтың өзін-өзі бағалаудағы игілікке және өмірдің әртүрлі салаларына қанағаттануға әсерін анықтауға тырысамыз.

6.7.2 Зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде қолданылған деректер 2022 жылы жүргізілген сауалнамалардың нәтижелеріне негізделген. Жаппай сауалнаманы осы мақаланың авторлары қатысқан зерттеу тобы әзірлеп, бастамашы болды. Деректерді жинау және статистикалық өңдеу BISAM CentralAsia (2021) компаниясының қатысуымен жүзеге асырылды. Іріктеме көлемі N=1500 болды (6.7.1-кесте). Сауалнама халықтың аймақтық, қоныстану, жыныстық, жас ерекшелігі және ұлттық құрамы бойынша репрезентативтілігін қамтамасыз ету үшін кездейсоқ көпсатылы кластерлік іріктеу әдісін қолданды. Сауалнама стандартталған жеке сұхбаттар форматында, CAPI (Computer-Assisted Personal Interviewing) әдісі арқылы жүргізілді. Іріктеме қателігі 95% сенімділік деңгейінде ±2,5%-дан аспады. Сауалнама сұрақтары

респонденттердің әлеуметтік игілікті жеке қабылдауы мен діндарлық мәртебесін өзін-өзі бағалауын қамтыды.

6.7.1-кесте. Респонденттердің анықтамалық ақпараттары

		Саны	Баған бойынша %
Елді мекеннің типі	Қала	897	59,8%
	Ауыл	603	40,2%
Жынысы	Ер	726	48,4%
	Әйел	774	51,6%
Жасы	18 жастан кіші	0	0,0%
	18-24	225	15,0%
	25-34	415	27,7%
	35-44	339	22,6%
	45-54	280	18,7%
	55-65	241	16,1%
	65 жастан үлкен	0	0,0%
Ұлты	Қазақ	997	66,5%
	Орыс	323	21,5%
	Басқа ұлт	179	11,9%
	Аралас шығу тегі, мен өз ұлтымды білмеймін	1	0,1%

Дінге сенетіндер мен атеистердің әлеуметтік игілігін бағалау үшін сауалнамада келесі сұрақтар қолданылды: «Жалпы алғанда, өміріңіз туралы айтқанда, өзіңізді қаншалықты бақытты немесе бақытсыз сезінесіз?»; «Өмірдің барлық аспектілерін ескере отырып, қазіргі уақытта өміріңізге қаншалықты қанағаттанасыз?». Бұл сұрақтарға жауап беру үшін 5 балдық шкала пайдаланылды: «мүлде бақытты емес»-тен «өте бақытты»-ға дейін және «мүлдем қанағаттанбаған»-нан «толық қанағаттанған»-ға дейін, жауап нұсқалары 1-ден 5 балға дейін өзгерді. Тәуелді айнымалы ретінде субъективті игілік индексі алынды, ол «бақыт» пен «өмірге қанағаттану» көрсеткіштерін тең салмақпен біріктірді. Діндарлықтың субъективті игілік деңгейімен байланысын зерттеу үшін діндарлық респонденттердің діни өзін-өзі сәйкестендіруі арқылы айқындалды. Сауалнамаға «Өзіңізді діни адам деп санайсыз ба?» деген сұрақ қосылды. Жауап нұсқалары келесідей болды: 1. Мен діндармын, діни қауым өміріне қатысамын, діни нормаларды қатаң сақтаймын, діни өмір салтын ұстанамын, діни ғибадатханаларға (мешіт, православие шіркеуі, католик шіркеуі, кирха, синагога, будда ғибадатханасы, намазхана және т.б.) үнемі барамын; 2. Мен діндармын, кейбір діни нормаларды сақтаймын, діни ғибадатханалар мен қауымдарға сирек барамын; 3. Мен діндармын, бірақ діни өмірге іс жүзінде қатыспаймын; 4. Мен дінге сенбеймін, бірақ этномәдени дәстүрлерге байланысты кейде діни ғибадатханаларға барамын; 5. Мен дінге сенбеймін және діни дәстүрлерге бей-жай қараймын; 6. Мен дінге қарсы адаммын. Осы жауаптар негізінде зерттеуге қатысушылар үш топқа бөлінді: шынайы діндарлар (1-нұсқа), номиналды діндарлар (2–3-нұсқа) және дінге сенбейтіндер (4–6-нұсқа).

Сонымен қатар, респонденттердің діни конфессиялық қатыстылығын анықтау үшін сұрақ қосылды, бұл діни қатыстылықтың субъективті игілікке әсерін бағалауға мүмкіндік берді.

Субъективті әл-ауқаттың когнитивті құрамдас бөлігін салыстыру үшін дінге сенетіндер мен дінге сенбейтіндердің өмірдің әртүрлі қырларына қанағаттануын бағалайтын айнымалылар енгізілді. Респонденттерге «Өміріңіздің келесі аспектілеріне қаншалықты қанағаттанасыз?» деген сұрақ қойылды. 11 тармақ қамтылды: 1. Экономикалық жағдай; 2. Тұрмыс жағдайы; 3. Денсаулық; 4. Рухани игілік; 5. Отбасылық қатынастар; 6. Діни қауым мүшелерімен қатынастар; 7. Жеке қасиеттер; 8. Кәсіби іске асу; 9. Жеке қауіпсіздік; 10. Елдегі жағдай; 11. Үкімет жұмысы. Бұл қанағаттану деңгейі 5 балдық шкала бойынша бағаланды: 1 – «мүлдем қанағаттанбаған»-нан 5 – «толық қанағаттанған»-ға дейін. Бақылау айнымалылары ретінде бірқатар әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар ескерілді: жыныс, жас, отбасылық жағдай, ұлт, қала/ауылда тұру және еңбекпен қамтылу мәртебесі. Бұрынғы зерттеулер бұл факторлардың субъективті әл-ауқатқа әсер ететінін көрсеткен.

Зерттеу сипаттамалық, эксперименталды емес көлденең зерттеу үлгісіне негізделді. Деректерді талдау IBM SPSS Statistics 25 бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Талдау процесіне сипаттамалық статистика есептеу, деректердің таралу нормалылығын және қолданылған шкалалардың сенімділігін бағалау, сондай-ақ топтарды салыстыру және корреляциялық талдау (Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті, Манн–Уитни U-критерийі) кірді.

6.7.3 Алынған мәліметтердің нәтижелері мен талқылауы

Алынған корреляциялар діни сенімнің қарапайым азаматтың бақыт деңгейіне ықпал ететінін көрсетті. Бұл әсер белгілі бір топтарда, әсіресе діннің рухани аспектілерін салт-дәстүрлерден жоғары бағалайтын немесе әлеуметтік және эмоционалды қолдауға мұқтаж адамдарда (мысалы, қарттар, жесірлер, білімі төмен және жұмыссыздар) күштірек байқалуы мүмкін. Дегенмен, қосымша іріктемелердегі респонденттердің аздығы бұл аспектілерді тереңірек зерттеуге мүмкіндік бермеді.

Респонденттердің діни мәртебесіне өзін-өзі бағалауына сүйене отырып, 187 адам (12,5%) терең діндар, 1063 адам (70,8%) номиналды діндар, ал 250 адам (16,7%) дінге сенбейтіндер болып шықты. Бұл бөлініс Қазақстанда бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелерімен үйлеседі (Тоғайбаева және басқ., 2021).

Қазақстанда бақыттың орташа деңгейі 5 балдық шкала бойынша 4,18 (SD = 0,61) болды.

Жалпы іріктеме бойынша Спирменнің рангілік корреляция коэффициентімен жүргізілген талдау сенімнің болуы мен бақыт деңгейі арасында статистикалық тұрғыдан мәнді, бірақ әлсіз байланысты анықтады: rs = +0,084 (корреляция 0,01 деңгейінде мәнді, екіжақты тексеріс).

Респонденттердің жеке игілікті өзіндік бағалауының діндарлық деңгейіне қарай бөлінісін қарастырсақ (6.7.2-кесте), терең діндарлар арасында өздерін «өте бақытты» деп санайтындардың үлесі жоғары екені байқалды.

«Бақыттырақ», «бақытсыз» және «мүлдем бақытты емес» деп жауап бергендердің үлесі діндар екі топта да дінге сенбейтіндерге қарағанда төмен болды.

6.7.2-кесте. Респонденттердің бақыт туралы жауаптарын діндарлық дәрежесі бойынша бөлу (2021, N=1500)

Жауаптары	беріліп сенушілер		номиналды сенушілер		сенбейтіндер	
	Саны	Баған бойынша %	Саны	Баған бойынша %	Саны	Баған бойынша %
Өте бақытты	71	38,0%	280	26,3%	72	28,8%
Бақытты	103	55,1%	692	65,1%	145	58,0%
Бақыттырақ	7	3,7%	84	7,9%	32	12,8%
Бақытсыз	5	2,7%	7	0,7%	1	0,4%
Мүлдем бақытты емес	1	0,5%	0	0,0%	0	0,0%
Барлығы	***187***	***100,0%***	***1063***	***100,0%***	***250***	***100,0%***

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардың терең діндарлардың бақыт деңгейіне әсер етпейтінін көрсетті. Номиналды діндарлар (rs = +0,174**, корреляция 0,01 деңгейінде мәнді, екіжақты) және дінге сенбейтіндер (rs = +0,177**, корреляция 0,01 деңгейінде мәнді, екіжақты) арасында үйленген респонденттердің ең жоғары бақыт деңгейіне ие екені анықталды.

Номиналды діндарлар арасында жас ұлғайған сайын бақыт деңгейінің біртіндеп төмендеуі байқалды: rs = -0,086** (корреляция 0,01 деңгейінде мәнді, екіжақты). Бұл топта әйелдер ерлерге қарағанда сәл бақыттырақ болды: rs = +0,080** (корреляция 0,01 деңгейінде мәнді, екіжақты).

Топтар бойынша бақыт деңгейін салыстырғанда, терең діндарлар ең жоғары орташа бақыт деңгейін көрсетті (μ = 4,27, SD = 0,71). Номиналды діндарларда бұл көрсеткіш сәл төмен болды (μ = 4,17, SD = 0,58), ал дінге сенбейтіндер арасында ең төмен деңгей тіркелді (μ = 4,15, SD = 0,64). Дегенмен, барлық топтар жоғары бақыт деңгейі диапазонында болды. Сұрақ: осы топтар арасындағы субъективті игіліктің айырмашылықтары статистикалық тұрғыдан мәнді ме? Бұл сұраққа жауап беру үшін топтар арасындағы айырмашылықтар Манн–Уитнидің параметрлік емес U-критерийі арқылы талданды. Нәтижелер терең діндарлардың (Mean rank = 234,01) дінге сенбейтіндерге (Mean rank = 207,77) қарағанда айтарлықтай жоғары бақыт деңгейіне ие екенін көрсетті: U = 20568,000, Z = -2,431, p = 0,015, rs = 0,008. Алайда номиналды діндарлар (Mean rank = 658,39) мен дінге сенбейтіндер (Mean rank = 651,07) арасында елеулі айырмашылық байқалмады: U = 131392,500, Z = -0,324, p = 0,746, rs = 0,372. Бұл нәтижелер терең діндарлардың номиналды діндарлар мен дінге сенбейтіндерге қарағанда өздерін бақыттырақ сезінетінін растайды. Дегенмен, топтар арасындағы айырмашылық бақыттың кепілі болатындай деңгейде мәнді емес. Демек, респонденттердің діни өзін-өзі сәйкестендіру дәрежесі олардың субъективті игілігіне әлсіз әсер етті.

Конфессиялық тиістіліктің бақытқа әсерін анықтау мақсатында діни респонденттер арасында бақытты өзіндік бағалау мен діни қатыстылық арасындағы байланыс талданды. Қазақстанда ең көп таралған діндер – ислам және шығыс православие. Іріктеменің шағындығына байланысты басқа конфессиялар талдауға енгізілмей, «басқалар» категориясына біріктірілді. Конфессиялық қатыстылық бойынша бақытты өзіндік бағалаудың бөлінісі ислам өкілдерінің православиелік христиандарға қарағанда бақыттырақ екенін көрсетті (6.7.3-кесте).

6.7.3-кесте. Респонденттердің конфессиялық тұрғысынан бақытты бағалауы

	Өте бақытты	Бақытты	Аса бақытты емес	Бақытсыз	Мүлдем бақытсыз	N	Жалпы пайызы
Ислам	34,6%	51,2%	10,7%	2,8%	0,7%	955	76,4%
Православие	21,1%	54,9%	15,4%	6,8%	1,9%	261	20,9%
Басқалар	20,6%	52,9%	17,6%	8,8%	0,0%	34	2,7%

Айнымалылардың таралуы нормадан ауытқуына байланысты Манн–Уитни U-тесті қайта қолданылды. Нәтижелер ислам дінін ұстанушылар (Mean rank = 644,02) мен шығыс православие өкілдері (Mean rank = 529,89) арасындағы бақыт деңгейіндегі айырмашылықтардың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін көрсетті: U = 105438,500, Z = -5,077, p = 0,000, rs = 0,000. Дегенмен, бұл айырмашылықтарды тек конфессиялық факторлармен түсіндіру мүмкін емес. Талдау діни конфессия мен ұлттық факторлардың қабаттасуын да анықтады. Мұсылман қазақтар православие дініндегі орыстарға және басқа ұлттарға жататын дінге сенбейтіндерге қарағанда бақыттырақ болды (rs = +0,151**, корреляция 0,01 деңгейінде мәнді, екіжақты). Бақыттың когнитивті компоненті бойынша діндарлар мен дінге сенбейтіндер арасындағы айырмашылықтарды талдау кезінде діндар қазақтардың бақыты елдегі жағдайға және денсаулыққа қанағаттанумен байланысты екені анықталды. Өмірдің басқа аспектілеріне, соның ішінде әлеуметтік байланыстарға және діни қауым мүшелерімен қарым-қатынасқа қанағаттану діндарлардың жеке бақытына айтарлықтай әсер етпеді.

Номиналды дінге сенетіндер мен дінге сенбейтіндер үшін әлеуметтік өмір жағдайларымен байланысты факторлардың көбі бақытпен корреляцияны көрсетті. Бұл топтарда бақыттың өзіндік бағасына экономикалық жағдай, тұрмыс жағдайы және денсаулыққа қанағаттану әсер етті. Номиналды діндарлар арасында елдегі жағдайға, жеке қауіпсіздікке және жеке қасиеттерге қанағаттанғандар бақыттырақ болды. Дінге сенбейтіндерде бақытпен ең тығыз байланысқан факторлар экономикалық жағдай, кәсіби іске асу және денсаулыққа қанағаттану болды. Сонымен қатар, бұл топ үшін отбасылық қатынастар мен тұрмыс жағдайлары да маңызды рөл атқарды (6.7.4-кесте).

6.7.4-кесте. Корреляциялық талдау нәтижелері

	Жалпы массив	Беріліп сенетіндер	Номиналды сенушілер	Сенбейтіндер
Өмірдің әртүрлі аспектілерімен қанағаттану және субъективті әл-ауқат және әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштердің бақыт деңгейіне әсері				
Отбасының экономикалық жағдайы	+.163**	+.139	+.153**	+.155**
Тұрғын үй жағдайлары	+.121**	+.049	+.126**	+.122**
Денсаулық	+.163**	+.150*	+.170**	+.168**
Рухани әл-ауқат	+.076**	-.028	+.086**	+.077**
Отбасындағы қатынастар	+.100**	+.092	+.098**	+.097**
Достармен қарым-қатынас	+.064*	+.047	+.089**	+.085**
Діни қауымдастық мүшелерімен қарым-қатынас *	+.018	+.014	+.010	+.015
Меншікті қасиеттер	+.105**	+.125	+.117**	+.117**
Кәсіби іске асыру	+.114**	+.055	+.101**	+.099**
Жеке қауіпсіздік	+.107**	+.125	+.121**	+.123**
Елдегі жағдай	+.134**	+.195*	+.128**	+.139**
Үкімет жұмысы	+.098**	+.060	+.082*	+.084**
Білімі	+.002	-.026	+.019	+.010
Елді мекен	+.013	-.004	-.009	-.008
Табысы	-.002	-.019	-.013	-.016
Ұлты	+.083**	+.080	+.100**	+.099**
Отбасылық жағдайы	+.175**	+.077	+.174**	+.165**
Жынысы	+.041	+.021	+.080**	+.071*
Жасы	-.062*	+.028	-.086**	-.074**

Табыс көлемі мен жұмыстың болуы ешбір респонденттер тобында бақыт сезіміне әсер етпеді. Номиналды діндарлар мен дінге сенбейтіндерде бақыт пен экономикалық жағдайға қанағаттану арасында оң корреляция байқалды. Зерттеу терең діндарларда бақыттың діннің рухани тазару мен тәубеге келуге ықпал ететініне, сондай-ақ діни нормалар мен құндылықтарды ұстанудың адамды адамгершілікке жат әрекеттерден сақтайтынына деген сеніммен байланысты екенін анықтады. Номиналды діндарларда бақыт діннің рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуға және рухани байытуға мүмкіндік беретінін мойындаумен оң корреляция көрсетті. Алайда, олардың бақытына теріс корреляциялар Құдайдың бар екеніне күмәндану және сенімнен дінсіздікке өту мүмкіндігі туралы ойлармен байланысты болды. Діндарлар мен дінге сенбейтіндердің бақыт профиліндегі айырмашылықтар діндарлық пен субъективті игілік арасындағы байланысты зерттеуде әртүрлі тәсілдерді қолданудың қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу Қазақстан халқы арасында бақыттың өзіндік бағасының жоғары деңгейін растады. Бұл нәтиже күтілген болатын, өйткені алдыңғы зерттеулер Қазақстанның Орталық Азия елдері арасында ең жоғары бақыт деңгейлерінің біріне ие екенін көрсеткен. Бұл елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың біртіндеп жақсаруы мен модернизацияның кеңеюімен байланысты [215].

Сонымен қатар, зерттеу респонденттердің сенімі мен бақыт деңгейі арасында статистикалық тұрғыдан мәнді, бірақ әлсіз оң байланысты анықтады. Бұл қорытынды бірқатар зерттеулермен сәйкес келеді. Мысалы, Виллани және басқалар [216] діни дүниетанымға адалдық діндар және номиналды діндар адамдарға жағымды эмоциялар сезінуге ықпал ететінін атап өтті. Фредриксон [216] діндарлықтың жағымды эмоциялардың пайда болуындағы рөлін көрсетсе, Вишкин және басқалар [217] мен Зейн және басқалар [218] діни адамдардың эмоцияларды реттеудің бейімделгіш стратегияларын меңгеретінін айтты.

Респонденттердің діндарлық дәрежесіне байланысты бақытты өзіндік бағалау деңгейлері әртүрлі болды. Номиналды діндарлармен салыстырғанда, терең діндарлар сәл бақыттырақ болды және әлеуметтік игілікті өзіндік бағалауда шамалы орташа айырмашылық көрсетті, бірақ бұл айырмашылық бақытты кепілдендіретіндей мәнді емес. Барлық респонденттер – терең діндарлар, номиналды діндарлар және дінге сенбейтіндер – жоғары бақыт деңгейін көрсетті (6.7.2-кесте).

Қазақстанда діндарлар мен дінге сенбейтіндердің әлеуметтік игілік деңгейіндегі статистикалық мәнді айырмашылықтар туралы сұрақ тереңірек талқылауды қажет етеді. Бұрынғы зерттеулер бақытты өзіндік бағалаудың жынысқа, жасқа және отбасылық жағдайға байланысты екенін көрсетті, бірақ бұл байланыс барлық елдерде бірдей емес [219]. Жас ұлғайған сайын отбасылық немесе кәсіби мәселелер сияқты басқа да қиындықтар күшейе түсуі мүмкін [220]. Біздің зерттеу әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардың діндар респонденттердің бақытына әсер етпейтінін, ал номиналды діндарлар мен дінге сенбейтіндер арасында үйленгендердің ең бақытты екенін анықтады. Бұл нәтиже А. Джеб [221] зерттеулерімен сәйкес келеді, онда әлемнің барлық бөліктерінде үйленгендердің үйленбегендерге қарағанда жоғары субъективті игілікке ие екені байқалған. Helliwell et al. [219] мәліметтері бойынша, АҚШ-та үйленгендер өмірдің әр кезеңінде жоғары өмірге қанағаттанушылықты сезінеді. Қазақстанда неке институты тарихи түрде, әсіресе жас әйелдер үшін өмір сапасын реттеуде және ұрпақ жалғастыруда маңызды рөл атқарған [222]. Гендерлік айырмашылықтар номиналды діндарлардың бақыт сезіміне әсер етеді: бұл топта әйелдер ерлерге қарағанда сәл бақыттырақ. Бұл қорытынды әлеуметтік топтардағы ерлер мен әйелдердің бақыт деңгейіндегі ықтимал айырмашылықтарды болжайтын алдыңғы зерттеулермен де сәйкес келеді [219].

Терең діндарлар, номиналды діндарлар және дінге сенбейтіндер үшін әлеуметтік игілік құрылымдары әртүрлі. Жалпы іріктемеде бақытты өзіндік бағалаумен корреляция көрсететін барлық айнымалылардың ішінен тек денсаулыққа қанағаттану барлық топтарда мәнді корреляцияны көрсетті (4-кесте). Бұл фактор діндарлар мен дінге сенбейтіндердің әлеуметтік игілігіне оң әсер етеді. Денсаулық тек бақыт сезіміне ғана емес, сонымен қатар басқа барлық айнымалыларға әсер етіп, бақыттың негізі болып табылады [223]

Дінге сенбейтіндер үшін маңызды деп танылған айнымалылардың басым бөлігі номиналды діндарларға да елеулі болып шықты. Экономикалық ахуалға, тұрғын үй жағдайына, отбасылық қарым-қатынастарға, кәсіби жетістіктерге, үкімет қызметіне және елдегі жалпы ахуалға қанағаттану – бұл екі топ респонденттері үшін бақытты өзін-өзі бағалауда шешімді рөл ойнады.

Табыс деңгейі мен адамдардың жалпы әлеуметтік игілігі арасында, сондай-ақ терең діндарлар, номиналды діндарлар және дінге сенбейтін респонденттер топтарында байланыс байқалмады. Бұл нәтиже бұрынғы зерттеулерден ерекшеленеді [224], онда респонденттердің табысы мен бақыт деңгейі арасында діндарлық дәрежесіне қарамастан тұрақты және статистикалық мәнді байланыс анықталған. Зерттеулер табыс деңгейлері бойынша айырмашылықтардың болмауы дамыған елдерге тән екенін, ал кедей мемлекеттерде мұндай айырмашылықтардың айқын көрінетінін растады [225].

Қазақстан дамушы елдер қатарына жатады. Халықтың бақытты өзін-өзі бағалауының табысқа тікелей тәуелді еместігін табыс деңгейінің өмірлік игілікті бағалауда шешуші рөл атқармайтынымен түсіндіруге болады. Мұнда негізгі рөлді адамның өз материалдық ахуалына субъективті қанағаттануы атқарады, ол өз кезегінде оның өмір салты мен ең төменгі қабылданатын қажеттіліктеріне байланысты қалыптасады. Осыған орай, біздің зерттеу номиналды діндарлар мен дінге сенбейтіндер арасында бақыт пен экономикалық жағдайға қанағаттану арасында оң корреляцияны анықтады.

Табыс деңгейінің бақыттан тәуелсіздігін салыстыру теориясы тұрғысынан да түсіндіруге болады. Бұл теория бойынша табыс өмірге қанағаттануға тікелей емес, адамның күтілімдері мен әлеуметтік салыстыру арқылы әсер етеді [226]. Табысқа деген күтілімдердің өсуі және өз табысын басқалардың жоғары табысымен салыстыру өмірге қанағаттануды төмендетеді [227]], ал табыстың нақты мөлшері мұндай әсерді тікелей туғызбайды.

Номиналды дінге сенетіндер арасында қазақтар басқа ұлт өкілдеріне қарағанда бақыттырақ болып шықты. Бұл қорытынды Қазақстанның бақыт деңгейін ұлттық-мәдени факторлар басым анықтайтын және көрсететін елдер қатарына жататынын растайтын кросс-ұлттық зерттеу мәліметтерімен үндеседі [228], [229], [230], [152].

Кейбір зерттеулер ұлттық тиістіліктің маңызын атап өтіп, мысалы, орыстардың әлеуметтік игілік деңгейіне жалпы қанағаттануының төмен болуы мүмкін екенін көрсетеді [231, 296 б.]. Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде қазақи идентификацияның қалыптасуы, қазақ тілінің мәртебесінің күшеюі және елден еуропалық ұлттардың едәуір бөлігінің көшуі этникалық қазақтар мен Қазақстандағы басқа ұлттардың бақыт сезіміне қарама-қарсы әсер етуі мүмкін деп болжауға негіз береді.

6.7.4 Бөлімге тұжырымдама

Зерттеу барысында діндарлықтан тәуелсіз түрде адамдардың өздерін көбіне бақытты сезінуі олардың денсаулығына байланысты екені анықталды. Діндарлық деңгейі бақыт, өмірдің әртүрлі қырларына қанағаттану және дүниетанымдық факторлар арасындағы өзара байланыстар жүйесіндегі айырмашылықтарды күшейтеді. Діни әлеуметтену мен білім беру діндар және терең діндар адамдар үшін шешуші рөл атқарады. Бұл зерттеу Қазақстанда терең діндарлар, номиналды діндарлар және дінге сенбейтіндер арасындағы әлеуметтік игілік деңгейін салыстырған алғашқы жұмыс болып табылады. Осыған байланысты болашақ зерттеулерде ескерілуі тиіс бірқатар шектеулерді атап өту қажет.

Терең діндарлар мен дінге сенбейтіндердің қосалқы іріктемелерінің салыстырмалы түрде шағындығы, әсіресе қатысушылардың жас диапазоны кең екенін ескергенде, осы зерттеудің шектеуі болып табылады. Әртүрлі конфессиялар бойынша әлеуметтік игіліктің субъективті бағаларын салыстырғанда діндарлық пен руханилықты өлшеудің салыстырмалы критерийлерін қолдану маңызды, өйткені әр конфессияның өзіндік ерекшеліктері бар. Сондай-ақ іріктемеде ең бай және ең кедей әлеуметтік топтар жеткілікті дәрежеде ұсынылмауы мүмкін. Бұл жағдай табыс, жұмыспен қамтылу, өмірлік жағдайларға қанағаттану және діни сенімдердің субъективті игілікке әсерін зерттеу нәтижелерін бұрмалауы ықтимал. Діндарлардың бақыты мен олардың өмірге және оның қырларына қанағаттануын талдауда діни өмір феноменологиясына, құндылық-мағыналық жүйелерді, субъективті діни тәжірибені және экзистенциалдық игілікті зерттеуге көбірек назар аудару қажет [198].

Осы шектеулерге қарамастан, біздің зерттеу діндарлар мен дінге сенбейтіндердің әлеуметтік игілік құрылымындағы айырмашылықтар туралы пайдалы ақпарат береді және Қазақстан мысалында діндарлықтың бақытқа әсеріне арналған әдебиеттерге өз үлесін қосады деп сенеміз. Белгіленген бағыттардағы болашақ зерттеулер бақыт пен сенім арасындағы байланысты тереңірек түсінуге ықпал етеді. Болашақ жұмыстарда діндарлықтың бақытты арттыратынын немесе арттырмайтынын анықтаудан гөрі, бұл ықпалға әсер ететін факторлар қандай және ол қай әлеуметтік топтарға қатысты екеніне назар аудару қажет.

Қазақстан жағдайын қарастыра отырып, авторлар діндарлықтың бақыт пен жеке өмірдің әртүрлі қырларына қанағаттануға әсері жөніндегі әдебиеттер қорына үлес қосады. Нәтижелерді түсіндіру кезінде басқа зерттеушілер мен оқырмандар қорытындыда егжей-тегжейлі баяндалған шектеулерді ескерулері тиіс.

6.8 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚЫТ МОДЕЛІ: ФАКТОРЛЫҚ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жоғарыдағы тарауларда біз Қазақстан қоғамындағы субъективті әл-ауқатты зерттеу нәтижелері бақыт пен өмірге қанағаттанудың көп өлшемді

құрылымын айқындадық. Факторлық талдау деректері бойынша, қазақстандықтардың бақыт сезімі ең алдымен екі іргелі тірекке, яғни «әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқат» және «әлеуметтік байланыстар» факторларына байланысты екені анықталды. Бірінші фактор азаматтардың қаржылық жағдайын, денсаулығын, тұрғын үй сапасы мен өмір сүру жағдайларын, сондай-ақ кәсіби қызметті жоғары бағалайтынын көрсетсе, екінші фактор халықтың туыстармен, достармен және әріптестермен қарым-қатынас сапасымен сипатталады. Бұл факторлар қала мен ауыл тұрғындары, ерлер мен әйелдер сияқты түрлі әлеуметтік топтарда да өзектілігін сақтап отыр.

Ал, өзін «өте бақытты» деп санайтын азаматтар тобында субъективті әл-ауқаттың әлдеқайда күрделі құрылымы байқалды. Мұнда тек материалдық жағдай мен әлеуметтік байланыстар ғана емес, сонымен бірге өмірдің когнитивті бағалануы, әлеуметтік қолдау сезімі және өмірлік күтулердің бейімделуі маңызды рөл атқарады. Фамилизм мен ұжымшылдыққа негізделген құндылық бағдарлар, сондай-ақ оң көңіл-күйді білдіруді қолдайтын мәдени нормалар бақытты анықтаушы факторлардың қатарына енді. Бұған қоса, субъективті әл-ауқатты қолдайтын көп қабатты сенім жүйесі ретінде мемлекеттік институттарға сенім мен тұлғааралық қатынастардағы сенімнің үйлесімі бақыттың маңызды контексті ретінде көрінеді.

Бұл тарауда факторларды анықтауда жалпы өмірге қанағаттанудың жеке аспектілерін өлшейтін индикаторлар пайдаланылды (тұрмыс жағдайы, денсаулық, қаржы, кәсіби қызмет, туыстар/достар/әріптестермен қатынас, отбасының экономикалық жағдайы, тұрғын үй сапасы). Барлық шкалалар бір бағытта кодталып (бұл жерде ең үлкен мән = жоғары қанағаттану) және стандартталды (z-баллдар). Айнымалылардың бір ортақ латентті құрылыммен байланысын тексеру үшін KMO коэффициенті және Барлетттің шаршылық тесті есептелді. KMO $\geq 0{,}70$ деңгейі қанағаттанарлық деп қабылданды, ал Барлетт тестінің $p < 0{,}001$ нәтижесі корреляциялық матрицаны факторлауға жарамды болды. Латентті өлшемдерді алу үшін негізгі компоненттер әдісі (Principal Components Analysis, PCA) қолданылды.


Компоненттердің түсіндірмесін жақсарту үшін варимакс айналдыруы (ортогонал), Кайзер нормализациясымен пайдаланылды. Айналдыру бірнеше итерацияда (конвергенцияға дейін) орындалды. Жүктемелерді түсіндіруде $|\text{loading}| \geq 0{,}40$ — мәнді, $\geq 0{,}60$ — айқын/салмақты шектері қолданылды. Кросс-жүктемесі жоғары (екі факторға бірдей жуық) индикаторлар мазмұндық тұрғыдан талқыланып, қажет болса шкалалық құрамнан шығарылды немесе әлсіз факторға жүктемесі төмен деп белгіленді. Әр алынған фактор бойынша ішкі біртектілік Cronbach's α коэффициенттері есептелініп, $\alpha \geq 0{,}70$ деңгейі қабылданды. Әрбір респондент үшін факторлық баллдар регрессиялық әдіспен есептелді (factor score estimates). Шкалаларды атау мазмұндық жүктемелерге негізделді.

Азаматтардың субъективті әл-ауқатын бағалау шеңберінде елдімекендер бөлінісінде жүргізілген талдау барысында 2023 жылғы «Өмір сүру сапасы»

сауалнамасынан алынған деректер пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде 6.2-тарауда анықталған факторлар халықтың әл-ауқатын олардың тұрғылықты елдімекеніне қарай талдау кезінде де өзекті болып табылды. Қалалық және ауылдық үлгілер бойынша жүргізілген факторлық талдау нәтижелері қазақстандықтардың субъективті әл-ауқаты екі негізгі тірекке "әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқат" және "әлеуметтік-байланыстарға" негізделетінін айқын көрсетті (6.9.1.-Сурет). Қала жағдайында бірінші фактор ретінде анықталған "әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқат" өлшеміне өмір сүру жағдайларына (0,821), қаржылық жағдайға (0,896), отбасының экономикалық ахуалына (0,879), тұрғын үй сапасына (0,759), денсаулық жағдайына (0,686) және кәсіби қызметке (0,599) қанағаттану көрсеткіштері енді. Екінші фактор туыстармен (0,862), достармен (0,888) және әріптестермен (0,846) қарым-қатынас сапасымен сипатталады. Бұл факторлар қала тұрғындарының субъективті әл-ауқатында материалдық қамтамасыз ету мен әлеуметтік байланыстардың қатар маңызды екенін көрсетеді. "Кәсіби қызмет" өлшемі бұл модельде екі фактор арасында "көпір" рөлін атқарады және ол әрі экономикалық ресурстың, әрі әлеуметтік қатынастың бір бөлігі ретінде көрініс табады.

Ауыл тұрғындарының субъективті әл-ауқатын талдау нәтижелері қалалықтармен ұқсас құрылымды сақтай отырып, компоненттердің салмақтық айырмашылықтарын ғана көрсеткен. Бірінші факторға ауыл тұрғындарының қаржылық жағдай (0,904), отбасының экономикалық ахуалы (0,894), өмір сүру жағдайлары (0,839), тұрғын үй сапасы (0,744), денсаулық жағдайы (0,712) және кәсіби қызмет (0,686) сапасына қанағаттануы нәтижесінде жинақталған көрсеткіштер енген. Екінші фактор әлеуметтік қатынастарға қанағаттану көрсеткіштерінен құралып, факторлық жүктеме көрсеткіштеріне туыстармен (0,883), достармен (0,905) және әріптестермен (0,858) байланыс өлшемдері енеді. Бұл жерде де "Кәсіби қызмет" өлшемі екі фактормен байланысты (материалдық – 0,686, әлеуметтік – 0,445), бұл оның субъективті әл-ауқаттағы қосарлы рөлін растайды. Салыстырмалы түрде алғанда, ауылдық ортада экономикалық және тұрмыстық жағдайлар басты мәнге ие, ал қалада кәсіби сала мен әлеуметтік интеграция өзекті рөл атқарады. Дегенмен, екі контексте де туыстық, достық және кәсіби қарым-қатынастар азаматтардың бақыт деңгейін айқындайтын маңызды факторлар болып қала береді.

Осылайша, факторлық талдау нәтижелері қазақстандықтардың субъективті бақыт моделінің екі ортада да ортақ құрылымға ие екенін растайды және бұл модель материалдық-кәсіби және әлеуметтік-коммуникативтік өлшемдердің үйлесіміне негізделеді. Айырмашылық тек олардың маңыздық дәрежесінде — ауылда ресурстық база басым болса, қалада әлеуметтік байланыстар мен кәсіби өзектіленудің рөлі арта түседі.



6.9.1.-Сурет. Елдімекен бойынша азаматтардың субъективті әл-ауқатына әсер етуші факторлар

Дереккөз: автордың есептеулері

Жыныс бойынша жүргізілген факторлық талдау нәтижелері де ерлер мен әйелдердің субъективті әл-ауқатының құрылымында ұқсас екі негізгі "әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқат" және "әлеуметтік-байланыстарға" өлшемдерінің басым екенін көрсетті. Бұл екі фактор өмір сапасын бағалаудағы гендерлік ұқсастықтармен қатар мазмұндық айырмашылықтарды да айқындайды (6.9.2.-Сурет).

Әйелдер үлгісінде бірінші фактор қаржылық жағдайға (0,904), отбасының экономикалық ахуалына (0,894), өмір сүру жағдайларына (0,839), тұрғын үй сапасына (0,744), денсаулық жағдайына (0,712) және кәсіби қызметке (0,686) қанағаттану көрсеткіштерінен қалыптасты. Ерлерден айырмашылығы әйелдер үшін денсаулық айнымалысы бұл блокта айқынырақ көрініс берді, яғни ол әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқаттың құрамдас бөлігі ретінде қабылданады. Демек, әйелдер денсаулықты өмір сапасының басты өлшемі әрі физикалық және психологиялық тұрақтылықтың негізі ретінде қарастырады.


Екінші фактор туыстармен (0,883), достармен (0,905) және әріптестермен (0,858) қарым-қатынас сапасына қанағаттану көрсеткіштерінен құралды. Бұл әйелдер үшін әлеуметтік байланыстар мен тұлғааралық қатынастардың субъективті әл-ауқаттағы шешуші рөлін көрсетеді. Әлеуметтік желілер, эмоционалды қолдау мен өзара түсіністік әйелдердің өмір сапасын бағалауда маңызды психологиялық ресурс ретінде қызмет етеді. Айрықша назар аударатын айнымалылар қатарында кәсіби қызмет пен денсаулықтың екі факторға да жоғары жүктеме көрсетуі байқалды (кәсіби қызмет – 0,637/0,488; денсаулық – 0,727/0,415). Бұл олардың қосарлы табиғатын дәлелдейді:

- бір жағынан, материалдық және тұрмыстық әл-ауқаттың құрамдас бөлігі,

- екінші жағынан, әлеуметтік интеграция мен тұлғааралық қатынастар сапасына әсер ететін фактор ретінде әрекет етеді.

Ерлердің мәліметтерімен салыстырғанда, әйелдер құрылымында денсаулық пен тұрмыстық жағдайлардың рөлі айқынырақ, ал кәсіби қызметтің салмағы материалдық өлшемге көбірек шоғырланған. Ал, ерлерде, керісінше, кәсіби сала әлеуметтік интеграциямен және өзін-өзі іске асырумен тығыз байланысты. Бұл ерлер үшін кәсіби жетістік пен әлеуметтік мәртебенің субъективті әл-ауқатқа тікелей ықпал ететінін, ал әйелдер үшін тұрақтылық пен өмір сапасының физикалық және эмоционалды аспектілерінің маңыздырақ екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, жыныс бойынша факторлық талдау нәтижелері субъективті әл-ауқаттың екі өлшемді құрылымын растады. Әйелдердің өмір сапасы көбінесе ресурстық-тұрмыстық және денсаулық көрсеткіштерімен, сондай-ақ әлеуметтік байланыстар сапасымен анықталса, ерлердің субъективті әл-ауқаты кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мен әлеуметтік мойындауға көбірек тәуелді. Денсаулық пен кәсіби қызмет екі топта да негізгі медиаторлық рөл атқарып, өмірдің материалдық және әлеуметтік қырларын байланыстыратын дәнекер айнымалылар ретінде көрінді.



6.9.2.-Сурет. Респонденттердің жынысы бойынша субъективті әл-ауқатына әсер етуші факторлар

Дереккөз: автордың есептеулері

Келесі кезекте өзін өте бақытты санайтын азаматтардың субъективті әл-ауқатын қалыптастыратын факторлар мен компоненттерді анықтау үшін «Қазақстан қоғамының әлеуметтік жаңғыруы: идеялық-дүниетанымдық

негіздер, тұжырымдамалық үлгілер, әлеуметтік-мәдени үдерістер, әлеуметтік-саяси технологиялар» атты №BR10965263 ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыру аясында жүзеге асырылып жатқан жоба негізіндегі жаппай сауалнамалардың нәтижелері қолданылды. Сауалнама құрылымы бірнеше блоктан тұрады:

1. Қазақстан халқының бақытының детерминанттары құрылымындағы әлеуметтік жағдай мен материалдық қамтамасыз етілуі;
2. Қазақстан халқының бақытты қабылдауының мәдени негіздері;
3. Тұлғаның ішкі ұстанымдары және тұлғааралық қарым-қатынастар негіздері;
4. Әлеуметтік капитал мен қоғамдық сенім.


Субъективті әл-ауқат пен бақыт сезімінің қалыптасуында әлеуметтік және материалдық факторлар жетекші орын алады. Халықтың материалдық байлығы, білім және квалификация деңгейі, лауазымы, қызметінің престижділігі, әлеуметтік байланысы мен қоршаған ортаның құрметі - күнделікті өмірдің сапасын сипаттауға мүмкіндік беретін негізгі индикаторлар. Қазақстан қоғамында бұл факторлар азаматтардың өзін-өзі бағалауына, болашаққа деген сеніміне және жалпы өмірге қанағаттану деңгейіне тікелей ықпал етеді. Осыған байланысты, әлеуметтік жағдай мен материалдық қамтамасыз етілу көрсеткіштері бақыттың құрылымдық детерминанттары ретінде қарастыруға болады. Сондықтан өзін «өте бақытты» деп бағалаған респонденттер тобы арасында әлеуметтік мәртебені қабылдаудың 6 өлшемін топтастыру мақсатында факторлық талдау жүргізіліп (толығырақ 6.9.3-Суретте берілген), екіөлшемді компонент іріктеліп алынды. Бұл құрылым қоғамдағы жоғары әлеуметтік жағдайдың субъективті бағасы қандай элементтерге сүйенетінін нақтылауға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік құрылымды бағалауда туындаған бірінші факторды шартты түрде *«Әлеуметтік капитал және мойындау»* деп сипаттауға болады. Бұл өлшемге таныстар мен байланыстардың болуы (0,810), айналадағылардың құрметі (0,820), материалдық жағдай (0,618), сондай-ақ білім деңгейі (0,544) секілді айнымалылар жоғары көрсеткішпен енді. Бұл компонент адамның әлеуметтік желілерге кірігуі, қоғамдағы беделі мен мойындалуы, сондай-ақ әлеуметтік ресурстарға қолжетімділігі арқылы сипатталады. Сонымен бірге, бұл фактордағы ең жоғары үлес таныстар/байланыстар мен әлеуметтік құрмет көрсеткіштеріне тиесілі, демек Қазақстан азаматтары үшін әлеуметтік капиталдың субъективті мәртебедегі шешуші рөлі жоғары орында тұрады. Және бұл фактор әлеуметтік танылу мен материалдық жеткіліктіліктің үйлесімінен тұратын кешенді көрсеткіш ретінде әрекет етеді. Екінші фактор *«Кәсіби-институционалдық мәртебе»* индикаторлары төңірегінде жинақталып, өз төңірегіне қызметтегі лауазым (0,908), мамандықтың беделі (0,893) және ішінара білім деңгейі (0,403) айнымалыларды жинақтаған. Бұл компонент кәсіби позицияның формалды аспектілерін, еңбек нарығындағы орны мен институционалдық мойындауды білдіреді деуге болады.

Назар аударарлығы "Білім және кваликация" көрсеткіші екі факторға да орташа жүктememен енген (1-факторда – 0,544, 2-факторда – 0,403) және бұл

ретті білімнің халықтың субъекті әл-ауқатының қалыптасуында *қосарлы функция атқаратынын* білдіреді. Яғни, бір жағынан, "білім және квалификация" әлеуметтік капиталдың құрамдас бөлігі ретінде қоғамда құрмет пен мойындауға ықпал етсе, екінші жағынан кәсіби жетістік пен мансаптық өрлеудің институционалдық негізі ретінде маңызды.

Анықталған барлық айнымалылардың факторлық салмақтары оң болғандықтан, бұл екі өлшемді бір-бірін толықтыратын және өзара қайшылықсыз әрекет ететін құрамдас бөліктер ретінде қарастыруға болады. Яғни, өздерін «өте бақытты» деп есептейтін респонденттер үшін жоғары әлеуметтік мәртебе тек ресми институционалдық жетістіктерге (лауазым, кәсіптің беделі) ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мойындау мен жеке байланыстардың беріктігіне де сүйенеді.



6.9.3.-Сурет. «Өте бақытты» азаматтар тобы арасында әлеуметтік мәртебені қабылдауға әсер ететін факторлар

Дереккөз: автордың есептеулері

Азаматтардың бақытты қалай түсінетіні мен бағалауы тек әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен ғана емес, сонымен қатар мәдени-менталитеттік факторлармен де тығыз байланысты. Қазақстан қоғамында бақыт ұғымының мазмұны тарихи қалыптасқан ұлттық құндылықтарға, дәстүрлі моральдық нормаларға және мәдени ортаға тәуелді екені белгілі. Жеке жетістіктен гөрі ұжымдық үйлесімге, отбасы мен туыстық байланыстарға басымдық беру, рухани тепе-теңдік пен ішкі үйлесімділікке мән беру бақытты түсінудің мәдени формаларын сипаттайды. Сол себепті қазақстандықтардың бақыт моделін қарастыруда азаматтардың бақыт туралы түсінігінің мәдени негіздері, ұлттық дүниетаным мен құндылықтық бағдарлардың субъективті әл-ауқат құрылымындағы орны қарастыру қажет. Өзін «өте бақытты» санайтын респонденттердің субъективті әл-ауқатына әсер ететін факторлар келесі айналымдардың байланысын факторлық есептеу негізінде алынды:

1. Қазақстанда бақытты білдіру әлеуметтік норма болып табылады.

2. Өмірде қиындықтар болса да, позитивті көңіл күйді сақтаудың маңызы зор.
3. Айналамдағы адамдар менің бақытты көрінуімді күтеді.
4. Отбасы мүддесін жеке мүддеден жоғары қою маңызды.
5. Отбасылық дәстүрлер менің өмірімде маңызды рөл атқарады.
6. Мен жиі отбасының үлкендерінен ақыл-кеңес сұраймын.
7. Қиын жағдайда достардан немесе туыстардан көмек сұрау маңызды.

Нәтижесінде 6.9.4.-суретте берілгендей өздерін «өте бақытты» деп бағалаған респонденттердің пікіріне әсер ететін мәдени нормалардың келесі екі өлшемді тұрақты құрылымы анықталды:

Бірінші факторды шартты түрде *«Отбасылық-дәстүрлік бағдар»* деп атауға болады. Себебі бұл фактор отбасылық құндылықтардың басымдығын, дәстүрлердің тұрақтылығын және әлеуметтік қолдау институттарының маңызын көрсететін көрсеткіштермен сипатталады. Атап айтқанда:
– «Отбасылық дәстүрлер менің өмірімде маңызды рөл атқарады» (0,723),
– «Мен жиі отбасының үлкендерінен ақыл-кеңес сұраймын» (0,708),
– «Қиын жағдайда достардан немесе туыстардан көмек сұрау маңызды» (0,671),
– «Отбасы мүддесін жеке мүддеден жоғары қою маңызды» (0,637).

Екінші фактор - *«Әлеуметтік-эмоциялық бейімделу және күтулер»* – бақытты білдірудің мәдени нормалары мен эмоционалдық өзін-өзі реттеуге қатысты. Бұл компонент келесі айнымалылармен сипатталады:
– «Қазақстанда бақытты білдіру әлеуметтік норма болып табылады» (0,794),
– «Айналамдағы адамдар менің бақытты көрінуімді күтеді» (0,757),
– «Өмірде қиындықтар болса да, позитивті көңіл күйді сақтаудың маңызы зор» (0,639).

Егер бірінші фактор бақыт ұғымының жеке жетістікке емес, отбасылық қатынастар, үлкендерді құрметтеу, өзара жәрдемдесу және ұжымдық жауапкершілік сияқты мәдени құндылықтарға негізделетінін көрсетсе, ал екінші фактор нәтижесі бақытты ішкі күйден гөрі қоғамдық күтулерге жауап беру, позитивті бейне қалыптастыру және эмоциялық тұрақтылықты сақтау қажеттілігімен байланыстыратынына дәлел. Демек, қазақстандықтар үшін бақыт - бұл ішкі күй ғана емес, отбасымен үйлесімді қарым-қатынасқа негізделген әлеуметтік байланыс күйі. Сонымен қатар, қазақстандық мәдени ортада бақытты болу ғана емес, бақытты болып көріну де маңызды.

Жалпы алғанда, бұл екі фактор бір-бірін жоққа шығармайды, керісінше бақытты мәдени қабылдаудың өзара байланысты құрамдас бөліктерін көрсетеді. Бірінші фактор бақытты әлеуметтік байланыстар мен дәстүрлік тәртіптің ішінде анықтаса, екінші фактор оны қоғамдық кеңістіктегі мінез-құлықтық норма ретінде түсіндіреді. Бұл Қазақстан қоғамындағы бақыт ұғымының жеке емес, ұжымдық, моральдық-мәдени және әлеуметтік контексте қалыптасатынын айқын көрсетеді.




6.9.4.-Сурет. «Өте бақытты» азаматтар тобында мәдени негіздердің қалыптасуына әсер ететін факторлар

Дереккөз: автордың есептеулері

Өзін «өте бақытты» деп санайтын азаматтардың субъективті әл-ауқатын бағалауда олардың өз өміріне деген ішкі қанағаты мен әлеуметтік қолдау жүйесіне сенімі маңызды рөл атқарады. Бұл жағдайда зерттеудің келесі кезеңі ретінде азаматтардың әлеуметтік капиталы мен сенімін бағалауға мүмкіндік беретін айнымалыларына факторлық талдау жасалды. Талдауға енгізілген айнымалылыр:

1. Қазір өмірден күткенім бұрынғыға қарағанда төмен.
2. Мақсаттарым анағұрлым шынайы бола түсті деп сезінемін.
3. Өмір сүру жағдайыма бейімделдім.
4. Көп қырынан алғанда, өмірім өз идеалыма жақын.
5. Өмір сүру жағдайым өте тамаша.
6. Өміріме ризамын.
7. Қазіргі уақытқа дейін өмірде қалаған маңызды нәрселерге қол жеткіздім.
8. Егер өмірімді қайта бастау мүмкін болса, ештеңені дерлік өзгерпес едім.
9. Мәселелерімді кем дегенде бір адамға сеніп айта аламын.
10. Қиын жағдайда мені қолдауға дайын адамдар бар.
11. Менің әлеуметтік байланыстарым маған қуаныш пен қанағат әкеледі.
12. Жақындарыммен араласу маған күйзелісті еңсеруге көмектеседі.

Талдау нәтижесінде үш негізгі фактор айқындалды. Алынған факторларды шартты түрде «өмірге қанағаттану және субъективті жағдай сезімі», «әлеуметтік қолдау және тұлғааралық қатынастар” және “бейімделу және үміттердің қайта құрылуы” атауға болады (6.9.5.-Сурет).



6.9.5.-Сурет. «Өте бақытты» азаматтар тобының әлеуметтік капитал мен сеніміне әсер ететін факторлар

Дереккөз: автордың есептеулері

Бірінші фактор – өмірге қанағаттану және субъективті табыс сезімі. Бұл өлшем адамның өз өмірін мақсатты, толыққанды және мағыналы деп бағалауымен сипатталады. Жоғары көрсеткіштік жүктемеге «Өміріме ризамын» (0,861), «өмір сүру жағдайым өте тамаша» (0,857), «өмірде қалаған нәрселерге қол жеткіздім» (0,789), «көп қырынан алғанда, өмірім өз идеалыма жақын» (0,650) және «егер өмірімді қайта бастау мүмкін болса, ештеңені дерлік өзгерпес едім» (0,590) айнымалылары бұл фактордың мазмұнын анықтайды. Бұл жерде респонденттің өзін-өзі бағалауы тек ағымдағы жағдайға ғана емес, жалпы өмірлік жолға, өткен жетістіктерге және өмір идеалына сәйкестікке негізделеді. Аталған фактор субъективті әл-ауқаттың тұрақты ішкі өзегін сипаттайды деп есептеуге болады.

Екінші фактор – әлеуметтік қолдау мен тұлғааралық байланыстар. Бұл өлшем сенімді қарым-қатынастардың, эмоционалдық қолдаудың және әлеуметтік өзара әрекет сапасының маңызын көрсетеді. «Мәселелерімді кем дегенде бір адамға сеніп айта аламын» (0,736), «жақындарыммен араласу маған күйзелісті еңсеруге көмектеседі» (0,804), «әлеуметтік байланыстар маған қуаныш пен қанағат әкеледі» (0,727) және «қиын жағдайда мені қолдауға дайын адамдар бар» (0,761) сияқты көрсеткіштердің жоғары жүктемелері бұл компоненттің мәнін анықтайды және бұл фактор

респонденттің субъективті әл-ауқаты үшін әлеуметтік қатынастардың қорғаушы ресурс ретіндегі маңызын айқын көрсетеді.

Үшінші фактор – бейімделу және үміттердің қайта құрылуы. Бұл жерде адамның өмірлік жағдайларға икемделу қабілеті мен мақсаттарға деген көзқарасының шынайылануы көрініс табады. «Өмір сүру жағдайыма бейімделдім» (0,802), «мақсаттарым анағұрлым шынайы бола түсті» (0,780), «қазір өмірден күткенім бұрынғыға қарағанда төмен» (0,491) сияқты көрсеткіштер бұл компоненттің мазмұндық өзегін құрайды. Бұл фактор өмірге деген үміттің өзгеруі мен эмоционалдық икемділіктің субъективті әл-ауқаттағы рөлін көрсетеді. Яғни, бақытты сезіну тек идеалдарға жетуден емес, сонымен қатар сол идеалдарды қайта қарап, шынайы өмірге бейімдеуден де туындайды.

Келесі кезекте өздерін «өте бақытты» деп бағалаған респонденттер арасындағы институттарға сенімнің құрылымын факторлық талдау арқылы сипаттаймыз. Бұл талдаудың мақсаты сенімнің қай деңгейлерде шоғырланатынын (мемлекеттік, азаматтық-қоғамдық, микроәлеуметтік, отбасылық, ақпараттық және идентитарлық) және олардың субъективті әл-ауқатпен ықтимал байланысын анықтау болатын. Осылайша, ұсынылатын компоненттер матрицасы «өте бақытты» топтың сенім архитектурасын көпдеңгейлі жүйе ретінде қайта құрып, әрі қарайғы интерпретацияға эмпирикалық негіз қалайды.

Берілген варимакс-айналысқан компоненттер матрицасы (PCA) «өте бақытты» респонденттерде сенімнің көпдеңгейлі құрылымын алты дербес өлшемге жіктеді (6.9.1.-кесте). 1-компонент – *мемлекеттік-институционалдық сенім*: атқарушы және қадағалаушы билікке, құқық қорғау және базалық қоғамдық жүйелерге сенім жоғары (Үкімет – 0,799; Полиция – 0,821; Прокуратура – 0,815; Сот – 0,783; Мемқауіпсіздік органдары – 0,783; Парламент – 0,738; Әкімдіктер – 0,721; Денсаулық сақтау – 0,600; Білім – 0,538). 2-компонент – *азаматтық-қоғамдық және конфессиялық институттарға сенім*: діни ұйымдар (ҚМДБ – 0,640; өзге діни бірлестіктер – 0,709), ғылыми-эксперттік және қоғамдық құрылымдар (ҰҒА – 0,697; ҚХА – 0,698; этникалық қауымдастықтар – 0,699; халықаралық ұйымдар – 0,661; саяси партиялар – 0,534) бір өріске жинақталады, бұл бақыт деңгейі жоғары топта конфессиялық және қоғамдық желілердің легитимдік көзі ретінде қабылданатынын көрсетеді. 3-компонент – *микроәлеуметтік-еңбек ортасы*: тікелей басшы (0,715), әріптестер (0,773), көршілер (0,726) – күнделікті өзара әрекет пен институционалдық сенімді «жергілікті» деңгейде нығайтатын арналар. 4-компонент – *жеке-отбасылық капитал*: отбасы (0,819), жақындар/туыстар (0,684), достар/таныстар (0,552) – эмоциялық қолдаудың негізгі ядросы. 5-компонент – *ақпараттық арналарға сенім*: БАҚ (0,537) жеке өлшем ретінде бөлініп, ақпаратқа сенімнің басқа институттардан тәуелсіз қалыптасатынын аңғартады. 6-компонент – *идентитарлық қауымға сенім*: «менің дінімдегілер» (0,864) және «менің ұлтымның өкілдері» (0,726) – әлеуметтік сәйкестікке негізделген ішкі топтық сенімнің айқын факторы.

Жалпы алғанда, бақыт деңгейі өте жоғары респонденттер үшін сенім архитектурасы макродеңгейдегі мемлекет институттары, мезодеңгейдегі азаматтық/діни ұйымдар, микродеңгейдегі еңбек және тұрғылықты орта, отбасылық-эмоциялық ядро, ақпараттық сенім және идентитарлық қауым бағытымен жіктеледі. Сонымен бірге бұл құрылым қоғамдық легитимділіктің (1–2-компоненттер), күнделікті әлеуметтік капиталдың (3–4), символикалық-ақпараттық медианың (5) және топішілік сәйкестіктің (6) бірін-бірі толықтыра отырып, субъективті әл-ауқатты ұстайтын көптіректі жүйе екенін дәлелдейді.

6.9.1.-Кесте. Қоғамдық сенімнің азаматтардың бақытына әсерін анықтайтын факторлар

Повернутая матрица компонентов[a,b]						
	Компонент					
	1	2	3	4	5	6
Президент	0,668					
Үкімет	0,799					
Парламент	0,738					
Мемлекеттік қауіпсіздік органдары	0,783					
Қарулы Күштер	0,629					
Прокуратура	0,815					
Сот	0,783					
Полиция	0,821					
Әкімдіктер (облыстық, қалалық, аудандық)	0,721					
Білім беру жүйесі	0,538					
Денсаулық сақтау жүйесі	0,600					
БАҚ (теледидар, радио, газет-журналдар)					0,537	
Бизнес	0,495					
Интернет, әлеуметтік желілер					0,741	
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ)		0,640				
Қазақстандағы Орыс православ шіркеуі		0,581				
Қазақстандағы протестанттық діни бірлестіктер қауымдастығы		0,678				
Қазақстандағы өзге діни бірлестіктер		0,709				
Ұлттық құрылтай		0,677				
Саяси партиялар		0,534				
Ұлттық ғылым академиясы		0,697				
Қоғамдық, қайырымдылық ұйымдар		0,581				
Халықаралық ұйымдар		0,661				
Қазақстан халқы Ассамблеясы		0,698				
Этникалық қауымдастықтар		0,699				
Тікелей басшыңыз (жұмыс беруші)			0,715			
Әріптестер			0,773			
Көршілер			0,726			
Жақындар мен туыстар				0,684		
Достар, таныстар				0,552		
Отбасы				0,819		
Менің ұлтымның өкілдері						0,726
Менің дінімдегілер						0,864
Метод выделения факторов: метод главных компонент. Метод вращения: варимакс с нормализацией Кайзера.						
a. Вращение сошлось за 16 итераций.						
b. В фазе анализа используются только наблюдения, для которых Г7. Говоря в целом, можете ли Вы сказать, что Вы: = Очень счастливы .						

Жасалған факторлық талдаулар Қазақстандағы субъективті әл-ауқаттың тұрақты да көпқабатты моделін айқындады, яғни азаматтардың бақыт сезімі негізінен «әлеуметтік жағдай және қаржылық әл-ауқат» пен «әлеуметтік байланыстар» өлшемдерінің бірлігінен туындайды, ал «кәсіби қызмет» осы екі өрісті медиаторлық «көпір» ретінде жалғап, ресурстарды әлеуметтік интеграция мен субъективті қанағатқа конверсияласа, ал денсаулық (әсіресе әйелдер арасында) материалдық-тұрмыстық қауіпсіздік пен психологиялық тұрақтылықтың өзегі ретінде көрінді [232] Қала мен ауыл және гендерлік талдауда құрылым реплицирленіп, тек салмақтық айырмашылықтар байқалды. Ауылда ресурстық-материалдық база, қалада кәсіби өзектілену мен әлеуметтік интеграция айқынырақ; болса, әйелдерде денсаулық материалдық блокқа берік бекітіліп, ерлерде кәсіби сала әлеуметтік мойындау мен өзін-өзі іске асырумен тығыз байланысады. Ал, өзін «өте бақытты» санайтын топта модель күрделеніп, базалық екі тірекке қоса «өмірге қанағаттану және субъективті табыс сезімі», «әлеуметтік қолдау және тұлғааралық қатынастар» және «бейімделу және үміттердің қайта құрылуы» факторлары іріктелді. Қоғамдық сенім жағдайы қазақстандықтардың субъективті әл-ауқатында жеке дара алты факторды қалыптастырды [232]. Олар мемлекеттік-институционалдық (атқарушы, сот-қадағалау, қауіпсіздік, денсаулық/білім), азаматтық-қоғамдық және конфессиялық институттар (діни бірлестіктер, ҚХА, ҰҒА, ҮЕҰ, партиялар, халықаралық ұйымдар), микроәлеуметтік-еңбек ортасы (жұмыс беруші, әріптестер, көршілер), жеке-отбасылық капитал (отбасы, туыс, достар), ақпараттық сенім (БАҚ, интернет) және идентитарлық сенім (ұлттастар, діндестер). Бұл конфигурация макро-, мезо- және микро деңгейлердегі легитимдік пен әлеуметтік капиталдың, сондай-ақ символикалық-ақпараттық және топішілік сәйкестік арналардың бірін-бірі толықтырып, субъективті әл-ауқатты ұстайтын көптіректі экожүйе құрайтынын көрсетеді. Теориялық тұрғыдан алынған осы нәтижелер Винховеннің (2000) «Төрт түрлі өмір сапасы» схемасымен толық қабысады, сыртқы мүмкіндіктер (ортаның өміршеңдігі) — материалдық/институционалдық база мен мәдени нормалар; ішкі мүмкіндіктер (адамның өміршеңдігі) — денсаулық, бейімделу, эмоциялық өзін-өзі реттеу; сыртқы нәтижелер (өмірдің пайдалылығы) — кәсіби-институционалдық мәртебе мен әлеуметтік мойындау; ішкі нәтижелер (өмірге қанағаттану) — өмірге риза болу және өмір идеалына жақындық. Осы төрт өрістің теңгерімі жоғарылаған сайын бақыт деңгейі тұрақтанып, қазақстандық бақыт моделі ресурстардың әділ және тиімді конверсиясы, сенімнің көпдеңгейлі архитектурасы, берік әлеуметтік байланыстар мен жеке бейімделудің үйлесімі арқылы тұрақты түрде репродукцияланатыны дәлелденеді (Jamanbalayeva & Tlenchiyeva, 2024)

Факторлық талдау бойынша қорыта айтқанда, қазақстандық бақыт моделі - материалдық-институционалдық қауіпсіздік, берік әлеуметтік байланыстар, әділ мойындау және жеке бейімделудің теңгеріміне негізделген көпдеңгейлі, мәдени тұрғыдан ендірілген құрылым. Бұл модель адамның «жақсы өмір сүру

мүмкіндіктерін» (ресурстар мен институттар) «жақсы өмір нәтижелеріне» (қанағат пен мағына) тиімді айналдыратын сенімге негізделген әлеуметтік экожүйені талап етеді.

Сонымен қатар, Қазақстандағы субъективті әл-ауқат деңгейіне әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған үш деңгейлі регрессиялық талдау – жалпы модель, қала және ауыл модельдері – өмірге қанағаттану сипаты күрделі әрі көпқырлы әлеуметтік құбылыс екенін көрсетеді. Пайдаланылған ретті логистикалық регрессия әдісі тәуелді айнымалының ретті шкалада өлшену ерекшелігін ескеруге мүмкіндік беріп, қанағаттану деңгейіне ықпал ететін айнымалылардың бағыттары мен күшін дәл бағалауға жағдай жасады. Үш модельдің нәтижелерін салыстыру халықтың өмір сапасын бағалауында ортақ және контекстке тәуелді факторлардың қатар әрекет ететінін айқындады.

Барлық модельдердің басты нәтижесі – денсаулыққа қанағаттану, бос уақыттың жеткіліктілігі және үй шаруашылығының әлеуметтік маңызы бар рәсімдерді (той, құдайы, ас беру және т.б.) қарызсыз өткізе алу қабілеті субъективті әл-ауқаттың ең маңызды детерминанттары екенін нақты көрсетті. Бұл үш фактор Қазақстан қоғамында өмір сапасын бағалаудың мәні тек материалдық көрсеткіштермен шектелмейтінін, керісінше, өмірлік ресурстар мен әлеуметтік-мәдени міндеттемелерді орындау мүмкіндігімен тікелей байланыстырылатынын дәлелдейді.

Жалпы модельдің нәтижелері денсаулықтың негізгі рөл атқаратынын айқын көрсетеді: денсаулыққа қанағаттану деңгейі төмендеген сайын өмірге жалпы қанағаттану ықтималдығы айтарлықтай кемиді. Бұл үрдіс ауыл мен қала модельдерінің екеуінде де көрініс тапты, бірақ ауылдық жерде денсаулық факторының әсері әлдеқайда күшті болды. Мұның себебі ауыл тұрғындарының физикалық еңбектің жоғары үлесіне, медициналық қызметтердің қолжетімділігіне және денсаулықтың күнделікті өмірге әсеріне тәуелділігінің арта түсуінен туындайды.

Қалалық модельде бос уақытқа қанағаттану факторының рөлі күшейе түседі. Қалалық өмір ырғағының жоғары қарқындылығы, жұмысбастылық, көлік уақыты, ақпараттық жүктеме және стресстік жағдайлар бос уақыттың құндылығын арттырады. Сондықтан қалалық респонденттердің өмірге қанағаттану деңгейі көбіне өз уақытын басқару мүмкіндігімен, демалыс пен жеке дамуға арналған уақыттың жеткіліктілігімен анықталады. Ауылдық жерде бұл фактор маңызды болғанымен, оның әсері қаламен салыстырғанда әлсіздеу, себебі ауыл тұрғындарының күнделікті өмірі икемдірек, бірақ физикалық тұрғыдан күрделірек.

Үш модельдің барлығында да ерекше күшті әсер көрсеткен фактор – үй шаруашылығының ритуалдық рәсімдерді қарызсыз өткізе алу мүмкіндігі. Бұл айнымалы Қазақстан қоғамындағы мәдени нормалар мен әлеуметтік күтілімдердің әлі де жоғары деңгейде сақталғанын көрсетеді. Рәсімдерді өткізу қабілеті тек материалдық жағдайдың көрсеткіші емес, сонымен қатар отбасының қоғамдағы абыройы, мәртебесі және әлеуметтік байланыстарының

беріктігі ретінде түсіндіріледі. Ауылдық модельде бұл фактордың әсері одан да жоғары, себебі ауылдық қауымдастықтарда әлеуметтік байланыстар тығыз, ритуалдық міндеттемелердің әлеуметтік салмағы зор және олардың орындалуы отбасының беделін айқындаушы маңызды элемент болып табылады.

Материалдық депривацияға байланысты көрсеткіштер, мысалы, үйді жылытудағы қиындықтар, азық-түлік тапшылығы немесе емделуге қаражаттың жетіспеуі, ауылдық таңдамада өмірге қанағаттану деңгейіне айтарлықтай күшті теріс әсер етеді. Бұл ауылдық аумақтардағы инфрақұрылымдық шектеулер мен әлеуметтік осалдықтың жоғары екенін байқатады. Қалалық ортада мұндай факторлардың әсері байқалғанымен, ол әлдеқайда әлсіз, себебі қалада қызметтердің, көмектің және ресурстардың баламалы көздері көбірек.

Сонымен қатар, үш модельдің бірдей көрсеткен нәтижелерінің бірі – демографиялық айнымалылардың (жыныс, жас, қоныс түрі) субъективті әл-ауқатқа айтарлықтай әсер етпеуі. Бұл қазіргі уақытта өмір сапасын бағалау құрылымының өзгергенін, дәстүрлі әлеуметтік-демографиялық шектеулердің әлсірегенін және бағалау жүйесінің субъективті тәжірибелерге, ресурстарды сезінуге, әлеуметтік қатысуға және мәдени нормаларды орындауға көбірек сүйенетінін білдіреді.

Жалпы алғанда, үш модель бойынша жүргізілген кешенді талдау субъективті әл-ауқаттың қалыптасуы қоғамдағы құрылымдық жағдайлармен, әлеуметтік-мәдени нормалармен және жеке өмірлік ресурстардың қолжетімділігімен өзара байланыста екенін көрсетеді. Қалалық және ауылдық контекстілердің айырмашылығы халықтың түрлі топтары үшін әртүрлі саясаттық шараларды қажет ететінін айқындайды: қалада уақыт ресурстарын қолдау және өмір сапасын арттыру маңызды болса, ауылда денсаулықты сақтау, инфрақұрылымды жақсарту және ритуалдық салттарды орындаудың материалдық ауыртпалығын жеңілдету әл-ауқатты күшейтудің маңызды тетіктері болып табылады (ҚОСЫМША Е).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Diener E. и др. Subjective well-being: three decades of progress. // Psychol Bull. American Psychological Association, 1999. Т. 125, № 2. С. 276.
2. Veenhoven R. Is happiness relative? // Soc Indic Res. Springer, 1991. Т. 24, № 1. С. 1–34.
3. Veenhoven R. Sociological theories of subjective well-being // The science of subjective well-being. 2008. Т. 9. С. 44–61.
4. Schimmack U., Diener E., Oishi S. Life-satisfaction is a momentary judgment and a stable personality characteristic: The use of chronically accessible and stable sources // J Pers. Wiley Online Library, 2002. Т. 70, № 3. С. 345–384.
5. Oberoi P., Chopra S., Seth Y. A comparative analysis of the factors affecting happiness index // International Journal of Scientific & Technology Research. 2019. Т. 9, № 3. С. 1671–1678.
6. Gencer G., Gencer K. A Comparative Study: Analysis of Factors Affecting Happiness After the Covid-19 Pandemic // Dicle Üniversitesi Fen Bilimleri Enstitüsü Dergisi. Dicle University, 2021. Т. 10, № 2. С. 185–196.
7. López-Ruiz V.-R. и др. The relationship between happiness and quality of life: A model for Spanish society // PLoS One. Public Library of Science San Francisco, CA USA, 2021. Т. 16, № 11. С. e0259528.
8. Happiness S. O. An Analysis of Factors Influencing Individually // The Korean Journal of Policy Studies. Graduate School of Public Administration, Seoul National University, 2014. Т. 29, № 2. С. 43–69.
9. Nguyen P. Van и др. Critical factors affecting the happiness: A Vietnamese perspective. 2017.
10. Koohborfardhaghighi S. и др. Influence of freedom of choice on happiness. IZA Discussion Papers, 2022.
11. Haller M., Hadler M. How social relations and structures can produce happiness and unhappiness: An international comparative analysis // Soc Indic Res. Springer, 2006. Т. 75, № 2. С. 169–216.
12. Diener E. и др. Happiest people revisited // Perspectives on Psychological Science. Sage Publications Sage CA: Los Angeles, CA, 2018. Т. 13, № 2. С. 176–184.
13. Ягафарова Д. Г. ВЛИЯНИЕ РЕГИОНАЛЬНЫХ ФАКТОРОВ НА УРОВЕНЬ И КАЧЕСТВО ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ (на примере Республики Башкортостан).
14. Кенжебаева Ж. Е. ОСОБЕННОСТИ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ КОНЦЕПТА БАҚЫТ/СЧАСТЬЕ В КАЗАХСКОЙ ПАРЕМИОЛОГИИ // ББК 80 К 63. 2020. С. 409.
15. Султаниязова Н. Ж. Соотношение характеристик субъективного и психологического благополучия и культурных измерений русских и

казахов // Общество: социология, психология, педагогика. Общество с ограниченной ответственностью «Издательский дом «ХОРС», 2018. № 12. С. 186–194.
16. Kalyuzhnova Y., Kambhampati U. The determinants of individual happiness in Kazakhstan // Economic Systems. Elsevier, 2008. Т. 32, № 3. С. 285–299.
17. Andreenkova A. V. Cross-Country Differences in the Level of Happiness in Post-Soviet Countries: Comparative Analysis // Monitoring Public Opinion: Economic and Social Change. 2020. Т. 1. С. 316–339.
18. Бейсебаева А. Е. и др. Исследование сферы здравоохранения в контексте достижения «Целей устойчивого развития» // Вестник университета «Туран». 2024. № 1. С. 280–295.
19. Будешов Е., Рахметова А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҰРМЫС САПАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢ ТӨМЕНГІ ӘЛЕУМЕТТІК СТАНДАРТТАРЫ (ЕҢБЕК, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ САЛАЛАРЫ) // «МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ–ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ». 2024. Т. 63, № 2. С. 58–68.
20. Жетписова Ш. Х., Наукенова А. Г. РЫНОК ТРУДА КАК СЛОЖНАЯ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СИСТЕМА // Проблемы устойчивого развития на макро-, мезо-и микроуровне. 2018. С. 288–293.
21. Mukayev A., Doskeyeva G. Аймақтағы халықтың өмір сүру сапасының көрсеткіштеріне талдау // Journal of Economic Research & Business Administration. 2022. Т. 141, № 3. С. 52–63.
22. Omarova A., Kenzhakimova G. Assessing Happiness in Central Asian Countries: Comparative Analysis and Key Determinants // Central Asian Affairs. Brill Schöningh, 2025. Т. 11, № 3–4. С. 279–295.
23. Петрова Л. А. Взаимосвязь" Физики" и этики в философии Демокрита и Эпикура на примере понятия счастья // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. Общество с ограниченной ответственностью Издательство Грамота, 2014. № 10–1. С. 120–122.
24. Striker G. Ataraxia: Happiness as tranquillity // Monist. JSTOR, 1990. Т. 73, № 1. С. 97–110.
25. Государство П. Платон // Собрание сочинений в. 2019.
26. Эрбах К. М. « Никомахова этика» Аристотеля: уроки нравственного воспитания // Фундаментальные и прикладные исследования молодых учёных. 2018. С. 748–751.
27. Бровкин В. В. Концепция добродетели у Эпикура // Scholae. Философское антиковедение и классическая традиция. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего …, 2012. Т. 6, № 2. С. 340–349.

28. Аякова Ж. А., Серебрякова Ю. А. Буддийская этика: счастье как основная цель // Вестник Бурятского государственного университета. Философия. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего …, 2021. № 1. С. 35–45.
29. Гранин Р. С. 2020. 03. 021. Сулейменов П. Философская основа концепции аль-фараби" добродетельный город". Suleimenov P. The philosophical basis of Al-Farabi's concept of 'virtuous city'//Acta Baltica Historiae et philosophiae Scientiarum.-Tallinn, 2019.-vol. 7, n 3.-p. 147-157 // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Сер. 3, Философия: Реферативный журнал. Федеральное государственное бюджетное учреждение науки «Институт научной …, 2020. № 3. С. 124–127.
30. Аквинский Ф. Сумма теологии Часть I // СПб.: Алетейя. 2007.
31. Кигай А. И., Жан-Жак Р. Ж.-Ж. Руссо. Письмо о добродетели и счастье (перевод, предисловие и комментарии АИ Кигай) // Этическая мысль. Федеральное государственное бюджетное учреждение науки «Институт философии …, 2015. Т. 15, № 2. С. 123–130.
32. Bentham J., Mill J. S. Utilitarianism and other essays. Penguin UK, 2004.
33. Бентам И. Введение в основания нравственности и законодательства. DirectMEDIA, 1998.
34. Baujard A. A return to Bentham's felicific calculus: From moral welfarism to technical non-welfarism // Eur J Hist Econ Thought. Taylor & Francis, 2009. Т. 16, № 3. С. 431–453.
35. Ouweneel P. P., Burger M., Veenhoven R. Happiness in Rotterdam: Analysis of 7 city surveys // International Journal of Social Sciences and Humanities Research. 2018. Т. 6, № 2. С. 82–100.
36. Долгов А. Ю. Понятие счастья в социальной теории: классические и современные подходы к концептуализации // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Сер. 11, Социология: Реферативный журнал. Федеральное государственное бюджетное учреждение науки «Институт научной …, 2020. № 3. С. 11–31.
37. Смит А. Теория нравственных чувств. Litres, 2022.
38. Кон И. С. Социологическая концепция Герберта Спенсера // История буржуазной социологии XIX—начала XX века/Под ред. ИС Кона.—М.: Наука. 1979. С. 40–52.
39. Качур Н. В. Эволюция социологической интерпретации счастья // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Социология. Политология. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего …, 2013. Т. 13, № 4. С. 44–48.

40. Дюркгейм Э., Гофман А. Б., Сапов В. В. О разделении общественного труда. Канон, 1996.
41. Сорокин П. А. Социологический прогресс и принцип счастья // Человек. Цивилизация. Общество. М. 1992. С. 507–513.
42. Puntasen A. Buddhist economics as a new paradigm towards happiness // Society and Economy. In Central and Eastern Europe | Journal of the Corvinus University of Budapest. Akadémiai Kiadó, 2007. Т. 29, № 2. С. 181–200.
43. Деменев А. Г. Этика и экономика счастья: новые подходы к старой проблеме // Вестник Северного (Арктического) федерального университета. Серия: Гуманитарные и социальные науки. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего …, 2016. № 1. С. 74–82.
44. Wesarat P., Sharif M. Y., Abdul Majid A. H. A conceptual framework of happiness at the workplace // Asian Soc Sci. Canadian Center of Science and Education, 2014. Т. 11, № 2. С. 78–88.
45. Helliwell J. F., Wang S. Trust and well-being. National Bureau of Economic Research, 2010.
46. Kim S. Sociological studies on happiness in cross-national contexts: effects of economic inequality and marriage. University of Iowa, 2011.
47. Veblen T. The theory of the leisure class. Routledge, 2017.
48. Easterlin R. A. и др. The happiness–income paradox revisited // Proceedings of the National Academy of Sciences. National Academy of Sciences, 2010. Т. 107, № 52. С. 22463–22468.
49. Inglehart R. Modernization and postmodernization: Cultural, economic, and political change in 43 societies. Princeton university press, 2020.
50. Layard R. Happiness: Lessons from a new science. Penguin UK, 2011.
51. Montgomery C. Happy city: Transforming our lives through urban design. Penguin UK, 2013.
52. Knight J., Gunatilaka R. The rural–urban divide in China: Income but not happiness? // J Dev Stud. Taylor & Francis, 2010. Т. 46, № 3. С. 506–534.
53. Diener E. Happiness: the science of subjective well-being // Noba textbook series: Psychology. Champaign, IL: DEF publishers. Retrieved from http://noba. to/qnw7g32t. 2021.
54. Мишутина Е. А. Счастье как предмет социально-философского исследования // Социально-гуманитарные знания. 2008. № 10. С. 494–502.
55. Полюшкевич О. А. Социальное измерение счастья // Социология. Общество с ограниченной ответственностью «Русайнс», 2022. № 2. С. 154–161.
56. Некрасова Н. А. Разные толкования счастья // Некрасова НА/Киев. 1983.

57. Diener E. i Biswas-Diener, R.(2008). Happiness: Unlocking the mysteries of psychological wealth. Malden. Wiley/Blackwell.
58. Lyubomirsky S., King L., Diener E. The benefits of frequent positive affect: Does happiness lead to success? // Psychol Bull. American Psychological Association, 2005. Т. 131, № 6. С. 803.
59. Pavot W., Diener E. The satisfaction with life scale and the emerging construct of life satisfaction // J Posit Psychol. Taylor & Francis, 2008. Т. 3, № 2. С. 137–152.
60. Diener E. и др. New measures of well-being // Assessing well-being: The collected works of Ed Diener. Springer, 2009. С. 247–266.
61. Lyubomirsky S. The myths of happiness: What should make you happy, but doesn't, what shouldn't make you happy, but does. Penguin, 2014.
62. Haybron D. Happiness. 2011.
63. Лазарева О. А. Счастье как объект изучения социологии // Психология, социология и педагогика. Общество с ограниченной ответственностью Международный научно-инновационный …, 2013. № 10. С. 7.
64. Frey B. S., Stutzer A. Happiness and economics: How the economy and institutions affect human well-being. Princeton University Press, 2010.
65. Susanti V., Fitri A. Economics of Happiness: What Really Counts? // KnE Social Sciences. 2024. С. 380–395.
66. Diener E. Subjective well-being: The science of happiness and a proposal for a national index. // American psychologist. American Psychological Association, 2000. Т. 55, № 1. С. 34.
67. Diener E., Oishi S., Lucas R. E. Personality, culture, and subjective well-being: Emotional and cognitive evaluations of life // Annu Rev Psychol. Annual Reviews 4139 El Camino Way, PO Box 10139, Palo Alto, CA 94303-0139, USA, 2003. Т. 54, № 1. С. 403–425.
68. Schimmack U., Diener E., Oishi S. Life-satisfaction is a momentary judgment and a stable personality characteristic: The use of chronically accessible and stable sources // J Pers. Wiley Online Library, 2002. Т. 70, № 3. С. 345–384.
69. Plé B. Auguste Comte on positivism and happiness // J Happiness Stud. Springer, 2000. Т. 1, № 4. С. 423–445.
70. Гончарова О. О. Счастье для всех: забытый концепт или новое основание социального порядка? // Социология власти. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего …, 2019. Т. 31, № 4. С. 185–209.
71. Glatzer W. Happiness: Classic theory in the light of current research // J Happiness Stud. Springer, 2000. Т. 1, № 4. С. 501–511.
72. Vowinckel G. Happiness in Durkheim's sociological policy of morals // J Happiness Stud. Springer, 2000. Т. 1, № 4. С. 447–464.

73. Дюркгейм Э., Гофман А. Б., Сапов В. В. О разделении общественного труда. Канон, 1996.
74. Neves C. M. Optimism, pessimism, and hope in Durkheim // J Happiness Stud. Springer, 2003. Т. 4, № 2. С. 169–183.
75. Zingerle A. Simmel on happiness // J Happiness Stud. Springer, 2000. Т. 1, № 4. С. 465–477.
76. McKenzie J. Is there such a thing as happiness in the present? Happiness and temporality // Journal of Classical Sociology. SAGE Publications Sage UK: London, England, 2018. Т. 18, № 2. С. 154–168.
77. Parsons T., Shils E. A. Toward a general theory of action: Theoretical foundations for the social sciences. Routledge, 2017.
78. Merton R. K. Social structure and anomie // Gangs. Routledge, 2017. С. 3–13.
79. Chamlin M. B., Cochran J. K. An evaluation of the assumptions that underlie institutional anomie theory // Theor Criminol. Sage Publications London, Thousand Oaks and New Delhi, 2007. Т. 11, № 1. С. 39–61.
80. Dahrendorf R. Homo sociologicus: ein Versuch zur Geschichte, Bedeutung und Kritik der Kategorie der sozialen Rolle. Westdeutscher Verlag, 1967.
81. Sharipova D., Kudebayeva A. Changing well-being in Central Asia: Evidence from Kazakhstan and Kyrgyzstan // J Happiness Stud. Springer, 2023. Т. 24, № 3. С. 1233–1260.
82. Ayaß R. Life-world, sub-worlds, after-worlds: The various 'realnesses' of multiple realities // Hum Stud. Springer, 2017. Т. 40, № 4. С. 519–542.
83. Dreher J. The symbol and the theory of the life-world:"The transcendences of the life-world and their overcoming by signs and symbols" // Hum Stud. Springer, 2003. Т. 26, № 2. С. 141–163.
84. Baggio G. Mead's bio-social theory of the Self and the economics of happiness, for a pragmatist philosophy of economics // Philosophy in the Time of Economic Crisis. Routledge, 2017. С. 77–96.
85. Cooley C. H. Human nature and the social order. Scribner, 1922.
86. Hutchinson P. Wittgensteinian ethnomethodology (1): Gurwitsch, Garfinkel, and Wittgenstein and the meaning of praxeological Gestalts // Philosophia Scientiæ. Université de Lorraine, 2022. Т. 263, № 3. С. 61–93.
87. Zielinska A. C. Before ethics: Scientific accounts of action at the turn of the century // Philosophy of Action from Suarez to Anscombe. Routledge, 2020. С. 144–165.
88. Гарфинкель Г. Исследование привычных оснований повседневных действий // Социологическое обозрение. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего …, 2002. Т. 2, № 1. С. 41–69.

89. Pavot W., Diener E. The satisfaction with life scale and the emerging construct of life satisfaction // J Posit Psychol. Taylor & Francis, 2008. Т. 3, № 2. С. 137–152.
90. Joshanloo M., Weijers D. Aversion to happiness across cultures: A review of where and why people are averse to happiness // J Happiness Stud. Springer, 2014. Т. 15, № 3. С. 717–735.
91. Bauman Z. Consuming Life (Cambridge // Polity. 2007. Т. 10.
92. Yangka D. и др. Sustainability in an emerging nation: The Bhutan case study // Sustainability. MDPI, 2018. Т. 10, № 5. С. 1622.
93. Sørensen J. F. L. Rural–urban differences in life satisfaction: Evidence from the European Union // Reg Stud. Taylor & Francis, 2014. Т. 48, № 9. С. 1451–1466.
94. Jamanbalayeva S., Tlenchiyeva S. Happiness in Kazakhstan // International Journal of Happiness and Development. Inderscience Publishers (IEL), 2024. Т. 8, № 4. С. 376–393.
95. Ott J. C. Perceptions of the Nature of Happiness: Cultural, but Related to the Dynamics of the Human Mind and the Gratification of General Needs: Laura Hyman: Happiness; Understanding Narratives and Discourses, Palgrave Macmillan, 2014, ISBN: 978-1-137-32152-7 // J Happiness Stud. Springer, 2017. Т. 18, № 1. С. 313–319.
96. Aria M., Cuccurullo C. bibliometrix: An R-tool for comprehensive science mapping analysis // J Informetr. Elsevier, 2017. Т. 11, № 4. С. 959–975.
97. Шматова Ю. Е., Морев М. В. Измерение уровня счастья: литературный обзор российских и зарубежных исследований // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз. Федеральное государственное бюджетное учреждение науки «Институт социально …, 2015. № 3 (39). С. 141–162.
98. Рыжкова Ю. А., Климашина Е. А. Международный индекс счастья как показатель благосостояния нации // Модели, системы, сети в экономике, технике, природе и обществе. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего …, 2012. № 1 (2). С. 86–89.
99. Cameron D. David Cameron. 2012.
100. Kitaitsy postavili schast'e T. S. na sluzhbu ekonomike [The Chinese Have Put Happiness in the Service of the Economy] // Vesti FM.
101. Waldinger R., Schulz M. The good life: Lessons from the world's longest scientific study of happiness. Simon and Schuster, 2023.
102. Abdallah S. и др. The Happy Planet Index 2.0: Why good lives don't have to cost the Earth. New Economics Foundation, 2009.
103. Чепурных М. Н. Индексы счастья: опыт Запада, социологический обзор // Теория и практика общественного развития. Общество с ограниченной ответственностью «Издательский дом «ХОРС», 2012. № 9. С. 67–69.

104. Strizhakova E. N. Problema ekonomicheskogo razvitiya i predstavleniya ob “ekonomike schast’ya”: aspekt izmereniya i otsenki [The Problem of Economic Development and the “Economics of Happiness”: the Questions of Measurement and Evaluation] // Menedzhment v Rossii i za rubezhom. 2014. C. 44–52.
105. Veenhoven R. Conditions of happiness. Springer Science & Business Media, 2013.
106. Veenhoven R. The four qualities of life // J Happiness Stud. Springer, 2000. T. 1, № 1. C. 1–39.
107. Peiró A. Happiness, satisfaction and socio-economic conditions: Some international evidence // J Socio Econ. Elsevier, 2006. T. 35, № 2. C. 348–365.
108. Veenhoven R., Ouweneel P. P. Cross-national differences in happiness: cultural bia or societal quality? // Comtemporary issues in cross-cultural psychology. Swets & Zeitlinger, 1990. C. 168–184.
109. Hu M., Yang Y., Yu X. Living better and feeling happier: an investigation into the association between housing quality and happiness // Growth Change. Wiley Online Library, 2020. T. 51, № 3. C. 1224–1238.
110. Firebaugh G., Schroeder M. B. Does your neighbor’s income affect your happiness? // American journal of sociology. The University of Chicago Press, 2009. T. 115, № 3. C. 805–831.
111. Антонова Н. Л., Абрамова С. Б. Уровень жизни как индикатор «движения» к счастью // Уровень жизни населения регионов России. Федеральное государственное бюджетное учреждение науки «Институт экономики …, 2025. T. 21, № 1. C. 112–126.
112. Eijdenberg E. L., Thompson N. A. Jump for joy: happiness as the route to increased living standards of entrepreneurs in Zambia // Small Enterprise Research. Taylor & Francis, 2020. T. 27, № 2. C. 240–257.
113. Veenhoven R. Quality-of-life and happiness: Not quite the same. 2001.
114. Khosroshahi J. B., Abad T. H. N., Abassi N. M. The relationship between personality traits, emotional intelligence and happiness among university students // Journal of Kermanshah University of Medical Sciences. Brieflands, 2013. T. 16, № 6.
115. Chung E., Mathew V. N., Subramaniam G. In the pursuit of happiness: The role of personality // International Journal of Academic in Research Business and Social Sciences. 2019. T. 9, № 11. C. 10–19.
116. Khosroshahi J. B., Abad T. H. N., Abassi N. M. The relationship between personality traits, emotional intelligence and happiness among university students // Journal of Kermanshah University of Medical Sciences. Brieflands, 2013. T. 16, № 6.

117. Baqer G. Relationship between happiness and personality variables // European Psychiatry. Cambridge University Press, 2016. Т. 33, № S1. С. S210–S210.
118. Lucas R. E. Personality and the pursuit of happiness // Soc Personal Psychol Compass. Wiley Online Library, 2007. Т. 1, № 1. С. 168–182.
119. Shrivastava Y., Gupta A. Exploring the Influence of Appreciation and Effective Communication on Marital Happiness Among Working Childless Individuals // Indian Journal of Social Science and Literature (IJSSL). 2025. Т. 5, № 1. С. 32–40.
120. Meyzari Ali R., Dasht Bozorgi Z. The relationship of altruistic behavior, empathetic sense, and social responsibility with happiness among university students // Practice in Clinical Psychology. Practice in Clinical Psychology, 2016. Т. 4, № 1. С. 51–56.
121. Barrera-Hernández L. F., Corral-Verdugo V., Fraijo-Sing B. S. El futuro trascendental como determinante de las conductas sustentables y la percepción de felicidad // CES Psicología. Universidad CES, 2021. Т. 14, № 1. С. 2–15.
122. Schnall S., Roper J., Fessler D. M. T. Elevation leads to altruistic behavior // Psychol Sci. Sage Publications Sage CA: Los Angeles, CA, 2010. Т. 21, № 3. С. 315–320.
123. Konow J., Earley J. The hedonistic paradox: Is homo economicus happier? // J Public Econ. Elsevier, 2008. Т. 92, № 1–2. С. 1–33.
124. Cialdini R. B., Kenrick D. T. Altruism as hedonism: A social development perspective on the relationship of negative mood state and helping. // J Pers Soc Psychol. American Psychological Association, 1976. Т. 34, № 5. С. 907.
125. Aknin L. B., Whillans A. V. Helping and happiness: A review and guide for public policy // Soc Issues Policy Rev. Wiley Online Library, 2021. Т. 15, № 1. С. 3–34.
126. Kahneman D., Diener E., Schwarz N. Well-being: Foundations of hedonic psychology. Russell Sage Foundation, 1999.
127. Bentham J. An Introduction to the Principles of Morals and Legislation (1789), ed. by J // H Burns and HLA Hart, London. 1970. С. 2010–2011.
128. Brickman P. Hedonic relativism and planning the good society // Adaptation level theory. Academic Press, 1971. С. 287–301.
129. Kahneman D. и др. Hedonic Adaptation // Well-Being The Foundations of Hedonic Psychology. 1999. С. 302–329.
130. Diener E., Lucas R. E., Scollon C. N. Beyond the hedonic treadmill: revising the adaptation theory of well-being. // American psychologist. American Psychological Association, 2006. Т. 61, № 4. С. 305.
131. Brickman P., Coates D., Janoff-Bulman R. Lottery winners and accident victims: Is happiness relative? // J Pers Soc Psychol. American Psychological Association, 1978. Т. 36, № 8. С. 917.

132. Lucas R. E. Adaptation and the set-point model of subjective well-being: Does happiness change after major life events? // Curr Dir Psychol Sci. SAGE Publications Sage CA: Los Angeles, CA, 2007. Т. 16, № 2. С. 75–79.
133. Suh E. и др. The shifting basis of life satisfaction judgments across cultures: Emotions versus norms. // J Pers Soc Psychol. American Psychological Association, 1998. Т. 74, № 2. С. 482.
134. Headey B., Wearing A. J. Understanding happiness: A theory of subjective well-being. Longman Cheshire, 1992.
135. Adams J. S. Inequity in social exchange // Advances in experimental social psychology. Elsevier, 1965. Т. 2. С. 267–299.
136. Runciman W. G. Relative deprivation and social justice: A study of attitudes to social inequality in twentieth-century England // (No Title). 1966.
137. Clark A. E., Frijters P., Shields M. A. Relative income, happiness, and utility: An explanation for the Easterlin paradox and other puzzles // J Econ Lit. American Economic Association, 2008. Т. 46, № 1. С. 95–144.
138. Kross E. и др. Facebook use predicts declines in subjective well-being in young adults // PLoS One. Public Library of Science, 2013. Т. 8, № 8. С. e69841.
139. Easterlin R. A. Income and happiness: Towards a unified theory // The economic journal. Wiley Online Library, 2001. Т. 111, № 473. С. 465–484.
140. Durkheim E. Suicide: A study in sociology. Routledge, 2005.
141. Putnam R. D. Bowling alone: The collapse and revival of American community // Simon Schuster. 2000.
142. Helliwell J. F., Putnam R. D. The social context of well–being // Philos Trans R Soc Lond B Biol Sci. The Royal Society, 2004. Т. 359, № 1449. С. 1435–1446.
143. Helliwell J. F., Huang H. How's your government? International evidence linking good government and well-being // Br J Polit Sci. Cambridge University Press, 2008. Т. 38, № 4. С. 595–619.
144. Triandis H. C. Individualism-collectivism and personality // J Pers. Wiley Online Library, 2001. Т. 69, № 6. С. 907–924.
145. Ellison N. B., Steinfield C., Lampe C. The benefits of Facebook "friends:" Social capital and college students' use of online social network sites // Journal of computer-mediated communication. Wiley Online Library, 2007. Т. 12, № 4. С. 1143–1168.
146. Hofstede G. Culture's consequences: Comparing values, behaviors, institutions and organizations across nations. Sage publications, 2001.
147. Triandis H. C. Individualism-collectivism and personality // J Pers. Wiley Online Library, 2001. Т. 69, № 6. С. 907–924.
148. Kitayama S., Markus H. R. Culture and the self: Implications for cognition, emotion, and motivation // Psychol Rev. 1991. Т. 98, № 2. С. 224–253.

149. Diener E., Suh E. M. Culture and subjective well-being. MIT press, 2003.
150. Oyserman D., Coon H. M., Kemmelmeier M. Rethinking individualism and collectivism: evaluation of theoretical assumptions and meta-analyses. // Psychol Bull. American Psychological Association, 2002. Т. 128, № 1. С. 3.
151. Sharipova D., Makulbayeva G. Subjective Wellbeing in Kazakhstan: Evidence from the Subnational Level // Happiness Across Cultures: Views of Happiness and Quality of Life in Non-Western Cultures. Springer, 2024. С. 51–66.
152. Helliwell J., Layard R., Sachs J. World happiness report. The Earth Institute, Columbia University, 2012.
153. Omarova A., Kenzhakimov G. Sociological measurement of the happiness index in Central Asian Countries // Journal of Community Positive Practices. 2023. № 1. С. 17–28.
154. Abbott P., Wallace C. Satisfaction and societal quality in Kazakhstan // Happiness across cultures: Views of happiness and quality of life in non-western cultures. Springer, 2012. С. 107–120.
155. Kalyuzhnova Y., Kambhampati U. The determinants of individual happiness in Kazakhstan // Economic Systems. Elsevier, 2008. Т. 32, № 3. С. 285–299.
156. Duisekova S. и др. Unemployment as a medical and social problem and incidence among unemployed young people // Open Access Maced J Med Sci. 2022. Т. 10, № E. С. 198–205.
157. Кучинская Ю. В. Изменение образа жизни столичного жителя (на примере Астаны): дис. … канд. социол. наук. Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2008. 175 с.
158. Ашимханова Д. Э. Население Астаны: качество и образ жизни. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2008. 180 с.
159. Абзалиева Ж. А. Методология статистической оценки и анализ уровня и качества жизни населения Казахстана. 1998.
160. Ахмедьярова М. В. Управление качеством жизни населения в условиях устойчивого развития: теория, приоритеты и практика: автореферат дис.… докт. экон. наук // Ахмедьярова МВ–Республика Казахстан, Алматы. 2009.
161. Ризулла А. Р. Связь субъективного благополучия и мимикрии на примере студенческой молодежи г. Алматы // Дис. на соиск. степ. док. Философии. Респ Каз. Алматы. 2019.
162. Easterlin R. A. Does economic growth improve the human lot? Some empirical evidence // Nations and households in economic growth. Elsevier, 1974. С. 89–125.
163. Helliwell J. F., Putnam R. D. The social context of well–being // Philos Trans R Soc Lond B Biol Sci. The Royal Society, 2004. Т. 359, № 1449. С. 1435–1446.

164. Brickman P. Hedonic relativism and planning the good society // Adaptation level theory. Academic Press, 1971. С. 287–301.
165. Veenhoven R. The four qualities of life // J Happiness Stud. Springer, 2000. Т. 1, № 1. С. 1–39.
166. Кулик А. А. Взаимосвязь субъективного качества жизни и социоэкономических условий жизнедеятельности // Вестник КРАУНЦ. Гуманитарные науки. Государственное образовательное учреждение высшего профессионального …, 2014. № 1 (23). С. 74–84.
167. Осин Е. Н., Леонтьев Д. А. Краткие русскоязычные шкалы диагностики субъективного благополучия: психометрические характеристики и сравнительный анализ // Мониторинг общественного мнения: Экономические и социальные перемены. Открытое акционерное общество «Всероссийский центр изучения общественного …, 2020. № 1 (155). С. 117–142.
168. Троцук И. В., Королева К. И. Субъективное благополучие-качество жизни или счастье? // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. Общество с ограниченной ответственностью «Наука и образование», 2020. № 9. С. 57–62.
169. Гасанов Г. А., Гасанов Т. А., Фейзуллаев Ф. С. Исследование показателей" экономики счастья" и проблемы их соизмерения // Региональные проблемы преобразования экономики. Некоммерческое партнерство «Редакция журнала «Региональные проблемы …, 2018. № 9 (95). С. 7–14.
170. Diener E. D. и др. The satisfaction with life scale // J Pers Assess. Taylor & Francis, 1985. Т. 49, № 1. С. 71–75.
171. Lyubomirsky S., Lepper H. S. A measure of subjective happiness: Preliminary reliability and construct validation // Soc Indic Res. Springer, 1999. Т. 46, № 2. С. 137–155.
172. Watson D., Clark L. A., Tellegen A. Development and validation of brief measures of positive and negative affect: the PANAS scales. // J Pers Soc Psychol. American Psychological Association, 1988. Т. 54, № 6. С. 1063.
173. Осин Е. Н., Леонтьев Д. А. Апробация русскоязычных версий двух шкал экспресс-оценки субъективного благополучия. 2008.
174. Татарова Г. Г., Кученкова А. В. « Удовлетворенность жизнью» и" личное счастье" в социологическом измерении субъективного благополучия // Россия реформирующаяся. Федеральное государственное бюджетное учреждение науки «Федеральный научно …, 2020. № 18. С. 565–589.
175. Veenhoven R. World database of happiness. 2007.
176. Баврина А. П., Борисов И. Б. Современные правила применения корреляционного анализа // Медицинский альманах. Федеральное

государственное бюджетное образовательное учреждение высшего …, 2021. № 3 (68). С. 70–79.
177. Крыштановский А. Анализ социологических данных с помощью пакета SPSS. Litres, 2017.
178. Veenhoven R., Buijt I., Burger M. Online'findings archive':: A new tool for research synthesis // International Journal of Innovation Scientific Research and Review. 2022. С. 2774–2784.
179. Rothmann I., Veenhoven R. Happiness in South Africa: Pattern of cheerful discontent // Optentia Newsletter. 2015. Т. 5, № 2. С. 2.
180. Veenhoven R. Inequality of happiness in nations // J Happiness Stud. Springer, 2005. Т. 6, № 4. С. 351–355.
181. Kalmijn W., Veenhoven R. Measuring inequality of happiness in nations: In search for proper statistics // J Happiness Stud. Springer, 2005. Т. 6, № 4. С. 357–396.
182. Veenhoven R. и др. Happiness in nations: Subjective appreciation of life in 56 nations 1946–1992. Erasmus University Rotterdam, 1993.
183. Попова С. А. Цивилизационное счастье как альтернатива валового внутреннего продукта // Вестник евразийской науки. Общество с ограниченной ответственностью «Издательский центр «Науковедение», 2021. Т. 13, № 3. С. 20.
184. Бубис И. В., Гилязетдинова К. Р., Дюкина Т. О. О взаимосвязи между ВВП на душу населения, индексом счастья, индексом развития человеческого потенциала и индексом экологической эффективности // Приложение математики в экономических и технических исследованиях. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего …, 2014. № 1. С. 57–61.
185. Тимофеева А. В. За пределами ВВП: международный индекс счастья. Сибирский федеральный университет, 2013.
186. Рыкун А. Ю. и др. Измерение качества жизни в городах: возможности индексного подхода // Журнал исследований социальной политики. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего …, 2020. Т. 18, № 2. С. 283–298.
187. Осипов А. Что такое счастье. Litres, 2017.
188. Sørensen J. F. L. Rural–urban differences in life satisfaction: Evidence from the European Union // Reg Stud. Taylor & Francis, 2014. Т. 48, № 9. С. 1451–1466.
189. Winters J. V, Li Y. Urbanisation, natural amenities and subjective well-being: Evidence from US counties // Urban Studies. SAGE Publications Sage UK: London, England, 2017. Т. 54, № 8. С. 1956–1973.

190. Okulicz-Kozaryn A., Mazelis J. M. Urbanism and happiness: A test of Wirth's theory of urban life // Urban Studies. SAGE Publications Sage UK: London, England, 2018. Т. 55, № 2. С. 349–364.
191. Morrison P. S., Weckroth M. Human values, subjective well-being and the metropolitan region // Reg Stud. Taylor & Francis, 2018. Т. 52, № 3. С. 325–337.
192. Shucksmith M. и др. Urban–rural differences in quality of life across the European Union // Reg Stud. Taylor & Francis, 2009. Т. 43, № 10. С. 1275–1289.
193. Arrosa M. L., Gandelman N. Happiness decomposition: Female optimism // J Happiness Stud. Springer, 2016. Т. 17, № 2. С. 731–756.
194. Meisenberg G., Woodley M. A. Gender differences in subjective well-being and their relationships with gender equality // J Happiness Stud. Springer, 2015. Т. 16, № 6. С. 1539–1555.
195. Wunder C. и др. Well-being over the life span: Semiparametric evidence from British and German longitudinal data // Review of Economics and Statistics. The MIT Press, 2013. Т. 95, № 1. С. 154–167.
196. Biermann P., Bitzer J., Gören E. The relationship between age and subjective well-being: Estimating within and between effects simultaneously // The Journal of the Economics of Ageing. Elsevier, 2022. Т. 21. С. 100366.
197. Jamanbalayeva S., Tlenchiyeva S. Happiness in Kazakhstan // International Journal of Happiness and Development. Inderscience Publishers (IEL), 2024. Т. 8, № 4. С. 376–393.
198. Jamanbalayeva S., Burova E., Tlenchiyeva S. The impact of religious self-identification on happiness and well-being: A case study of Kazakhstan // Changing Societies & Personalities. 2024. Vol. 8. Iss. 3. Уральский федеральный университет, 2024. Т. 8, № 3. С. 592–610.
199. ZH K. ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ РЕГИОНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО УРОВНЮ ЖИЗНИ // ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ЭКОНОМИКИ, ФИНАНСОВ И МЕЖДУНАРОДНОЙ ТОРГОВЛИ. № 3.
200. Vatter J. Well-being in Germany: What explains the regional variation? Diskussionsbeiträge, 2012.
201. Brezzi M., Ramirez M. D. Building subjective wellbeing indicators at the subnational level: A PRELIMINARY ASSESSMENT IN OECD REGIONS // OECD Regional Development Papers. Organisation for Economic Cooperation and Development (OECD), 2016. Т. 2016, № 3. С. 0_1.
202. Helliwell J. F., Barrington-Leigh C. P. Measuring and understanding subjective well-being // Canadian Journal of Economics/Revue canadienne d'économique. Wiley Online Library, 2010. Т. 43, № 3. С. 729–753.
203. Алипбекова С. Н., Булешов М. А. Субъективная оценка здоровья, связь с социальными факторами и экологическим благополучием в Южном

Казахстане: поперечное исследование // Экология человека. 2021. № 3. С. 48–53.
204. Шамионов Р. М., Султаниязова Н. Ж. Ценности и отношение к этнической культуре и традициям как предикторы субъективного благополучия русских и казахов // Российский психологический журнал. Общество с ограниченной ответственностью «Кредо», 2018. Т. 15, № 1. С. 157–186.
205. Diener E. и др. Wealth and happiness across the world: material prosperity predicts life evaluation, whereas psychosocial prosperity predicts positive feeling. // J Pers Soc Psychol. American Psychological Association, 2010. Т. 99, № 1. С. 52.
206. Morrison M., Tay L., Diener E. Subjective well-being and national satisfaction: Findings from a worldwide survey // Psychol Sci. Sage Publications Sage CA: Los Angeles, CA, 2011. Т. 22, № 2. С. 166–171.
207. Antonova N. L., Abramova S. B. Standard of Living as an Indicator of «Movement» towards Happiness // Living Standards of the Population in the Regions of Russia. 2025. Т. 21, № 1. С. 112–126.
208. Poirier S. L. и др. Relationship between materialism, life values, and happiness in a US college Sample // International Journal of Home Economics. International Federation of Home Economics Bonn, Germany, 2020. Т. 13, № 1. С. 96–106.
209. Alwin D. F. Distributive justice and satisfaction with material well-being // Am Sociol Rev. JSTOR, 1987. С. 83–95.
210. Chaparro J. C., Lora E. A. The Conflictive Relationship between Satisfaction and Income // Available at SSRN 1313875. 2008.
211. Rakhimzhanova K., Bulakbay Z. M., Kodasheva G. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының Қазақстандағы халықтың әл-ауқатына әсері: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру // ECONOMIC Series of the Bulletin of the LN Gumilyov ENU. 2022. № 4. С. 220–230.
212. Аккузинова К. Ф. и др. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ДЕТЕРМИНАНТЫ СМЕРТНОСТИ ОТ СУИЦИДОВ СРЕДИ МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСТАНЕ: АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ БЕЗРАБОТИЦЫ // Science (1979). 2025. Т. 27. С. 2.
213. Triandis H. C. Individualism-collectivism and personality // J Pers. Wiley Online Library, 2001. Т. 69, № 6. С. 907–924.
214. Togaibayeva A. и др. Correlation between religious and legal norms at the stage of post-secularization // European Journal of Science and Theology. 2021. Т. 17, № 3. С. 161–170.
215. Yessimova S. и др. Strengthening the Nexus: Policy and Legislative Reforms for University-Industry Collaboration in Kazakhstan // Theoretical and

Practical Research in Economic Fields. ASERS Ltd, 2024. Т. 15, № 1. С. 136–144.
216. Villani D. и др. The role of spirituality and religiosity in subjective well-being of individuals with different religious status // Front Psychol. Frontiers Media SA, 2019. Т. 10. С. 1525.
217. Vishkin A. и др. God rest our hearts: Religiosity and cognitive reappraisal. // Emotion. American Psychological Association, 2016. Т. 16, № 2. С. 252.
218. Zein A. и др. Investigating the effect of Islamic values on citizenship behaviours of Muslim citizens // HTS Teologiese Studies/Theological Studies. 2022. Т. 78, № 4.
219. Helliwell J. F. и др. Happiness at different ages: The social context matters // The economics of happiness: How the Easterlin paradox transformed our understanding of well-being and progress. Springer, 2019. С. 455–481.
220. Bayazitova R., Kaishatayeva A., Vasilyev A. Working from home, telework, equality and the right to privacy: A study in Kazakhstan // Soc Sci. MDPI, 2023. Т. 12, № 1. С. 42.
221. Jebb A. T. и др. Subjective well-being around the world: Trends and predictors across the life span // Psychol Sci. Sage Publications Sage CA: Los Angeles, CA, 2020. Т. 31, № 3. С. 293–305.
222. Zhunussova T. B. Influence of legal traditions and legal culture on the institution of marriage contracts and the possibility of its improvement: The experience of Kazakhstan // Academic Journal of Interdisciplinary Studies. Richtmann Publishing Ltd, 2022. Т. 11.
223. Черныш М. А. Религиозный терроризм как угроза мировой и национальной безопасности // Философия права. Федеральное государственное казенное образовательное учреждение высшего …, 2020. № 3 (94). С. 75–82.
224. Boes S., Winkelmann R. The effect of income on general life satisfaction and dissatisfaction // Soc Indic Res. Springer, 2010. Т. 95, № 1. С. 111–128.
225. Easterlin R. A., O'Connor K. J. The easterlin paradox // Handbook of labor, human resources and population economics. Springer, 2022. С. 1–25.
226. McBride M. Money, happiness, and aspirations: An experimental study // J Econ Behav Organ. Elsevier, 2010. Т. 74, № 3. С. 262–276.
227. Eskerkhanova L. T. и др. Increasing the competitiveness of future economists for work in industry 4.0 // Перспективы науки и образования. 2023.
228. Amirbekova A. B., Esenova K. U., Tymbolova A. O. Lingocognitive mechanisms of formation of national world-views of Kazakh people // Middle East J Sci Res. 2013. Т. 14, № 6. С. 779–783.
229. Andreenkova A. V, Andreenkova N. V. Comparative analysis of life satisfaction determinants in Russia and in Europe // Discourse. 2019. Т. 5, № 1. С. 67–81.

230. Bekbenbetova K. и др. Social and philosophical research structures of drama and folk narratives: the manifestations of embodied world views. XLinguae, 2022.
231. Zavisca J., Hout M. Does money buy happiness in unhappy Russia? 2005.
232. Жаманбалаева Ш. Е., Тленчиева Ш. М. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ БАҚЫТ ДЕҢГЕЙІНІҢ ДИНАМИКАСЫ // ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ. С. 165.

ҚОСЫМША А

Таблица 5.3.2. Влияние макроэкономических условий на уровень счастья в постсоветских странах

	Общий уровень счастья, %	Максимально высокий уровень счастья, %	Средний уровень удовлетворенностью жизнью по WHD (шкала от 0 до 10)	Средний уровень счастья по WHR (шкала от 0 до 10)	ВВП на душу, долл.	Инфляция, %	Неравенство	Уровень безработицы	Индекс демократии	Индекс коррупции	Урбанизация, %	Ожи-дае-мая про-дол-жи-тель-ность обу-че-ния (в годах)	Продолжительность жизни, годы	Уровень социального прогресса
Латвия	78,8	13,1	6,70	6,21	16945	3,3	35,7	6,5	7,38	60	68,2	16,6	73,6	81,25
Литва	73,7	8,4	7,12	6,83	18214	2,1	35,7	7,0	7,31	61	67,9	16,4	73,7	82,02
Эстония	84,4	18,1	7,50	6,42	20245	3,9	30,6	6,3	7,96	76	69,1	15,9	77,1	86,28
Беларусь	88,5	21,6	7,06	5,82	6483	5,2	24,4	3,6	1,99	37	79,0	14,0	72,4	70,30
Россия	79,4	14,7	6,02	5,95	10421	9,5	36	3,3	2,22	26	74,6	15,7	69,4	68,29
Украина	76,3	17,7	5,78	4,68	2207	12	25,6	9,8	5,06	36	69,5	13,3	71,6	70,92
Молдова	49,0	10,0	6,32	5,82	3685	7	25,7	1,6	6,23	42	42,7	14,9	68,8	72,30
Грузия	78,8	33,2	6,35	5,40	6087	2	34,2	11,6	5,20	53	59,0	16,7	71,7	72,98
Армения	85,5	35,4	5,99	5,49	5566	1,4	27,9	8,6	5,42	47	63,2	14,4	72	72,94

Азербайджан	80,0	19,3	5,96	4,88	5674	4,9	33,7	5,6	2,80	23	56,0	12,7	69,4	63,44
Казахстан	84,5	28,7	7,91	6,38	11701	8,9	27,8	4,8	3,08	39	57,5	14,8	69,4	71,52
Кыргызстан	95,9	68,8	8,22	5,86	1264	6,3	29	4,0	3,70	26	36,6	13,0	70	67,91
Узбекистан	93,6	51,0	7,45	6,19	3604	9,8	28,8	4,5	2,12	33	50,4	12,0	70,9	68,46
Корреляции														
Корреляция с общим уровнем счастья (очень + довольно счастлив)					-0,053	0,014	-0,006	0,125	-0,439	-0,177	0,076	-0,378	0,191	-0,166
Корреляция с максимальным высоким уровнем счастья (очень счастлив)					-0,531	0,098	-0,239	-0,009	-0,405	-0,377	,605*	-0,542	-0,231	-0,405
Корреляция со среднем уровнем удовлетворенностью жизнью по WHD					0,214	0,018	-0,144	-0,341	-0,055	0,134	-0,341	-0,097	0,174	0,209
Корреляция со среднем уровнем счастья по WHR					,686**	-0,215	0,253	-0,362	0,277	0,493	0,051	0,438	0,369	,600*

Таблица 5.3.4. Взаимосвязь между ценностно-идеологическими факторами и оценкой счастья

	Счастье				**Доверие**	**Ценность одобрения семьи** (Одной из главных целей в жизни было сделать так, чтобы мои родители мной гордились)	**Семья**	**Друзья**	**Свободное время**	**Политика**	**Работа**	**Религия**
Страна	Общий уровень счастья, %	Максимально высокий уровень счастья, %	Средний уровень удовлетворенностью жизнью по WHD (шкала от 0 до 10)	Средний уровень счастья по WHR (шкала от 0 до 10)	Большинству людей можно доверять	Полностью согласен	Очень важно	Очень важно	Очень важно	Очень важно	Очень важно	Очень важно
Латвия	78,8	13,1	6,70	6,21	22,2	9,3	78,5	30,6	40,9	4,2	47,1	8,8
Литва	73,7	8,4	7,12	6,83	31,7	10,4	66,7	28,1	27,0	5,6	41,6	12,2
Эстония	84,4	18,1	7,50	6,42	33,9	14,7	84,8	41,3	40,1	4,3	39,8	6,5
Беларусь	88,5	21,6	7,06	5,82	40,0	34,3	88,7	40,9	30,3	10,9	60,3	19,7
Россия	79,4	14,7	6,02	5,95	22,9	28,6	80,5	39,3	36,0	11,1	46,2	17,4
Украина	76,3	17,7	5,78	4,68	28,4	25,6	85,0	33,5	38,6	7,9	49,5	19,5
Грузия	78,8	33,2	6,35	5,40	9,0	50,4	90,6	60,4	29,3	13,0	74,0	69,6
Армения	85,5	35,4	5,99	5,49	17,5	53,2	91,7	42,9	33,2	12,8	65,9	52,7
Азербайджан	80,0	19,3	5,96	4,88	26,3	44,1	90,7	26,1	27,5	4,3	58,3	15,9

Казахстан	**84,5**	**28,7**	**7,91**	**6,38**	**22,8**	**51,5**	**93,5**	**43,7**	**35,5**	**13,5**	**49,2**	**28,7**
Кыргызстан	95,9	68,8	8,22	5,86	12,8	80,6	92,4	52,3	41,0	14,0	55,5	56,0
Узбекистан	93,6	51,0	7,45	6,19	33,6	86,4	92,8	29,9	26,8	31,8	56,7	44,8
Результаты корреляции												
Корреляция с общим уровнем счастья (очень + довольно счастлив)					0,006	,784**	,672*	0,297	0,097	,651*	0,255	0,449
Корреляция с максимальным высоким уровнем счастья (очень счастлив)					-0,416	,917**	,669*	0,480	0,065	,679*	0,448	,773**
Корреляция со среднем уровнем удовлетворенностью жизнью по WHD					0,105	0,344	0,150	0,226	0,184	0,306	-0,267	0,099
Корреляция со среднем уровнем счастья по WHR					0,255	-0,167	-0,435	-0,069	0,029	0,103	-0,532	-0,237

ҚОСЫМША Б

«Қазақстан халқының бақытының детерминанттары құрылымындағы әлеуметтік жағдай мен материалдық қамтамасыз етілу» бөлімінде қолданылған айнымалылыр

1) Говоря в целом, можете ли Вы сказать, что Вы: **ЗАЧИТАТЬ. ОДИН ОТВЕТ**

Совсем не счастливы	1
Не очень счастливы	2
Ни то, ни другое	3
Довольно счастливы	4
Очень счастливы	5

2) **ПОКАЗАТЬ ЭКРАН.** Оцените свое социальное положение в обществе? **ОДИН ОТВЕТ ПО КАЖДОЙ СТРОКЕ**

		Низкое	Ниже среднего	Среднее	Выше среднего	Высокое	/О	е применимо
	По уровню достатка	1	2	3	4	5		
	По уровню образования, квалификации	1	2	3	4	5		
	По должности на работе, роду своего основного занятия	1	2	3	4	5		
	По степени престижности своей профессии	1	2	3	4	5		
	По наличию связей и знакомств	1	2	3	4	5		
	По уважению окружающих	1	2	3	4	5		

3) Насколько В ЦЕЛОМ Вы удовлетворены материальным уровнем жизни Вашей семьи? **ЗАЧИТАТЬ. ОДИН ОТВЕТ**

Совершенно не удовлетворён	1
Скорее не удовлетворён	2
Ни то, ни другое	3
Скорее удовлетворён	4
Полностью удовлетворен	5

4) Как бы Вы могли описать положение Вашей семьи по уровню жизни? Можете ли Вы сказать, что Ваша семья относится к… **ЗАЧИТАТЬ**. **ОДИН ОТВЕТ**

К самому бедному слою	1
К бедному слою	2
К среднему слою	3
К зажиточному слою	4
К высокому слою	5
К богатому слою	6

5) **ПОКАЗАТЬ ЭКРАН.** Какое из этих утверждений наиболее точно характеризует Ваш уровень жизни? **ОДИН ОТВЕТ**

У нас нет никаких финансовых затруднений. При необходимости мы можем купить квартиру или дом	1
Наших средств хватит на всё (дорогие вещи, автомобиль и т.д.), кроме таких дорогих приобретений, как квартира или загородный дом	2
Мы можем купить основную бытовую технику, но на автомобиль нам не хватит	3
Нам хватает на еду и одежду, но купить телевизор, холодильник или стиральную машину нам будет сложно	4
У нас хватает денег на еду, но купить одежду для нас – серьезная проблема	5
Нам не всегда достаточно денег даже на еду	6
Отказ	7

6) **ПОКАЗАТЬ ЭКРАН.** Скажите, пожалуйста, если учитывать все виды выплат – зарплаты, пенсии, пособия, стипендии, то каков в Вашей семье обычный ежемесячный доход? Назовите только цифру, которая соответствует интервалу **ОДИН ОТВЕТ**

Менее 100 000 тенге	1
100 001–150 000 тенге	2
150 001–200 000 тенге	3
200 001–250 000 тенге	4
250 001- 300 000 тенге	5
300 001- 400 000 тенге	6
400 001- 500 000 тенге	7
500 001- 700 000 тенге	8
700 001- 900 000 тенге	9
900 001 – 1 100 000 тенге	10
1 100 001 тенге и более	11
Отказ от ответа **(НЕ ПОКАЗЫВАТЬ)**	12

ҚОСЫМША В

«Қазақстан халқының бақытты қабылдауының мәдени негіздері» бөлімінде қолданылған айнымалылар

4. Культурные нормы оптимизма

4.1. Восприятие нормы оптимизма

4.1.1. Как вы считаете, важно ли для человека выглядеть счастливым в глазах других?

- Совершенно не важно
- Не важно
- Нейтрально
- Важно
- Очень важно

4.1.2. Вы чувствуете давление "быть счастливым" в общении с окружающими?

- Никогда
- Редко
- Иногда
- В большинстве случаев
- Всегда

4.2. Оценка культурных ценностей

4.2.1. Насколько вы согласны с утверждениями? *(1 — абсолютно не согласен, 5 — полностью согласен)*

Утверждения	***Абсолютно не согласен***	***Не согласен***	***Нейтрально***	***Согласен***	***Полностью согласен***
Выражение счастья – это социальная норма в Казахстане					
Важно сохранять позитивный настрой, даже если в жизни есть трудности					
Люди вокруг ожидают, что я буду выглядеть счастливым					

4.3. Коллективистские ценности

4.3.1. По шкале от 1 до 5 оцените, насколько вы согласны с утверждениями? *(1 — абсолютно не согласен, 5 — полностью согласен)*

Утверждения	***Абсолютно не согласен***	***Не согласен***	***Нейтрально***	***Согласен***	***Полностью согласен***
Важно ставить интересы семьи выше собственных					
Семейные традиции играют важную роль в моей жизни					

Я часто обращаюсь за советом к старшим членам семьи					
В трудной ситуации важно обратиться за помощью к друзьям или родственникам					

ҚОСЫМША С

«Тұлғаның ішкі ұстанымдары және тұлға аралық қарым-қатынастар қазақстандықтардың бақыт ресурсы ретінде» бөлімінде қолданылған айнымалылар

Говоря в целом, можете ли Вы сказать, что Вы:

- Совсем не счастливы
- Не очень счастливы
- Ни то, ни другое
- Довольно счастливы
- Очень счастливы

2.2. Оценка изменений в ожиданиях

2.2.1. Оцените следующие утверждения *(1 — абсолютно не согласен, 5 — полностью согласен):*

Утверждения	***Абсолютно не согласен***	***Не согласен***	***Нейтрально***	***Согласен***	***Полностью согласен***
Сейчас мои ожидания от жизни ниже, чем раньше					
Я чувствую, что мои цели стали более реалистичными					
Я адаптировался к своим условиям жизни					

2.2.2. Ниже приведены пять утверждений, с которыми вы можете согласиться или не согласиться. Используя шкалу от 1 до 7 ниже, укажите свое согласие с каждым пунктом, поместив соответствующую цифру в строку, предшествующую этому пункту. Пожалуйста, будьте открыты и честны в своем ответе. 7-балльная шкала выглядит следующим образом (1 – полностью не согласен, 7 – полностью согласен):

Утверждения	1 – полностью не согласен	2 – не согласен	3 – немного не согласен	4 – ни согласен, ни не согласен	5 – немного согласен	6 – согласен	7 – полностью согласен
Во многих отношениях моя жизнь близка к моему идеалу							
Условия моей жизни превосходны Менің өмірімнің жағдайы тамаша							

Я доволен своей жизнью Мен өз өміріме қанағаттанамын							
Әзірге мен өмірімде өзім қалаған маңызды нәрселерге қол жеткіздім Пока что я получил важные вещи, которые хочу в жизни							
Если бы я мог прожить свою жизнь заново, я бы почти ничего не изменил							

3.2. Качество социальных связей

3.2.1. По шкале от 1 до 5 оцените, насколько вы согласны с утверждениями? *(1 — абсолютно не согласен, 5 — полностью согласен)*

Утверждения	***Абсолютно не согласен***	***Не согласен***	***Нейтрально***	***Согласен***	***Полностью согласен***
Я могу доверить свои проблемы хотя бы одному человеку					
У меня есть люди, которые готовы поддержать меня в трудной ситуации					
Мои социальные связи приносят мне радость и удовлетворение					
Общение с близкими помогает мне справляться со стрессом					

ҚОСЫМША Д

«Әлеуметтік капитал мен сенім Қазақстан халқы субъективті әл-ауқатының өлшемдері ретінде» бөлімінде қолданылған айнымалылар

1) Говоря в целом, можете ли Вы сказать, что Вы: ОДИН ОТВЕТ

Совсем не счастливы	1
Не очень счастливы	2
Ни то, ни другое	3
Довольно счастливы	4
Очень счастливы	5

2) Я буду зачитывать Вам различные органы власти, социальные институты людей, а Вы скажите, насколько Вы доверяете каждому из них? РОТАЦИЯ. ОДИН ОТВЕТ ПО СТРОКЕ

		Полностью не доверяю	Скорее не доверяю	Ни то, ни другое	Скорее доверяю	Полностью доверяю	Затрудняюсь ответить/не могу оценить (НЕ ПОКАЗЫВАТЬ)
1	Президент	1	2	3	4	5	6
2	Правительство	1	2	3	4	5	6
3	Парламент	1	2	3	4	5	6
4	Органы государственной безопасности	1	2	3	4	5	6
5	Армия	1	2	3	4	5	6
6	Прокуратора	1	2	3	4	5	6
7	Суд	1	2	3	4	5	6
8	Полиция	1	2	3	4	5	6
9	Акиматы (областные, городские, районные)	1	2	3	4	5	6
10	Система образования	1	2	3	4	5	6
11	Система здравоохранения	1	2	3	4	5	6
12	Масс-медиа (ТВ, радио, газеты, журналы)	1	2	3	4	5	6
13	Бизнес	1	2	3	4	5	6
14	Интернет, социальные сети	1	2	3	4	5	6

3) Я зачитаю Вам различные организации, а Вы скажите, насколько Вы доверяете каждой из них? РОТАЦИЯ. ОДИН ОТВЕТ ПО СТРОКЕ

		Полностью не доверяю	Скорее не доверяю	Ни то, ни другое	Скорее доверяю	Полностью доверяю	Затрудняюсь ответить/не могу оценить (НЕ ПОКАЗЫВАТЬ)

1	Духовное управление мусульман	1	2	3	4	5	6
2	Русская православная церковь в Казахстане	1	2	3	4	5	6
3	Ассоциация протестантских религиозных объединений в Казахстане	1	2	3	4	5	6
4	Другие религиозные объединения в Казахстане	1	2	3	4	5	6
5	Национальный курултай	1	2	3	4	5	6
6	Политические партии	1	2	3	4	5	6
7	Национальная Академия Наук	1	2	3	4	5	6
8	Общественные, Благотворительные организации	1	2	3	4	5	6
9	Международные организации	1	2	3	4	5	6
10	Ассамблея народов Казахстана	1	2	3	4	5	6
11	Этнические сообщества	1	2	3	4	5	6

4) Насколько Вы доверяете людям из близкого Вам окружения? ОДИН ОТВЕТ ПО СТРОКЕ

		Полностью не доверяю	Скорее не доверяю	Ни то, ни другое	Скорее доверяю	Полностью доверяю	Затрудняюсь ответить/не могу оценить (НЕ ПОКАЗЫВАТЬ)
1	Ваш руководитель (Работодатель)	1	2	3	4	5	6
2	Коллеги	1	2	3	4	5	6
3	Соседи	1	2	3	4	5	6
4	Близкие и родные	1	2	3	4	5	6
5	Друзья, знакомые	1	2	3	4	5	6
6	Семья	1	2	3	4	5	6
7	Люди моей национальности	1	2	3	4	5	6
8	Люди моей веры	1	2	3	4	5	6

Сводный отчет по наблюдениям

		N	Маргинальный процент
1. Насколько Вы удовлетворены своей жизнью в целом?	не удовлетворен	1	0,4%
	не удовлетворен	1	0,4%
	частично удовлетворен	5	1,9%
	частично удовлетворен	17	6,4%
	частично удовлетворен	39	14,7%
	частично удовлетворен	115	43,4%
	удовлетворен	24	9,1%
	удовлетворен	19	7,2%
	удовлетворен	44	16,6%
Пол	Мужчина	108	40,8%
	Женщина	157	59,2%
Населенный пункт	Город	101	38,1%
	Село	164	61,9%
2. Насколько Вы удовлетворены состоянием своего здоровья?	не удовлетворен	3	1,1%
	не удовлетворен	9	3,4%
	частично удовлетворен	18	6,8%
	частично удовлетворен	28	10,6%
	частично удовлетворен	30	11,3%
	частично удовлетворен	74	27,9%
	удовлетворен	55	20,8%
	удовлетворен	28	10,6%
	удовлетворен	20	7,5%
3. Насколько Вы удовлетворены наличием свободного времени?	не удовлетворен	1	0,4%
	не удовлетворен	1	0,4%
	частично удовлетворен	9	3,4%
	частично удовлетворен	25	9,4%
	частично удовлетворен	25	9,4%
	частично удовлетворен	74	27,9%
	удовлетворен	60	22,6%
	удовлетворен	34	12,8%
	удовлетворен	36	13,6%
4. Как часто Вы встречаетесь с друзьями, родственниками или	1	12	4,5%
	2	111	41,9%
	3	91	34,3%

коллегами в	4	19	7,2%
неформальной	5	27	10,2%
обстановке?	6	5	1,9%
5. По какой причине в течение года не смогли воспользоваться медицинскими услугами?	слишком дорогое лекарство	265	100,0%
6. Высокий уровень	другие	263	99,2%
обеспеченности	высокий уровень обеспеченности	2	0,8%
7. Изменение	не изменилось или	176	66,4%
благосостояния	ухудшилось		
	улучшилось	89	33,6%
8. Дети_Не могли оплатить	другие	261	98,5%
лечение	не могли оплатить лечение	4	1,5%
9. Тепло в доме	,00	25	9,4%
	1,00	240	90,6%
10. Ритуальные обряды	,00	140	52,8%
	1,00	125	47,2%
11. Голод	нет	256	96,6%
	да	9	3,4%
Валидные		265	100,0%
Пропущенные		11702	
Всего		11967	

Информация подгонки модели

Модель	-2 Log-правдоподобие	Хи-квадрат	ст.св.	Значимость
Только свободный член	870,297			
Окончательная	524,063	346,234	30	,000

Функция связи: Логит.

Критерий согласия

	Хи-квадрат	ст.св.	Значимость
Пирсона	2890,137	2082	,000
Отклонение	591,354	2082	1,000

Функция связи: Логит.

Псевдо R-квадрат

Кокса и Снелла	,729
Нэйджелкерк	,758
McFadden	,398

Функция связи: Логит.

Оценки параметров

		Оценка	Стандартная ошибка	Вальд	ст.св.	Значимость	95% доверительный интервал	
							Нижняя граница	Верхняя граница
Пороговое значение	[GR1C2 = 2]	-21,893	681,368	,001	1	,974	-1357,349	1313,564
	[GR1C2 = 3]	-8,886	2,379	13,948	1	,000	-13,550	-4,223
	[GR1C2 = 4]	-6,505	2,152	9,142	1	,002	-10,722	-2,288
	[GR1C2 = 5]	-4,306	2,133	4,076	1	,043	-8,487	-,126
	[GR1C2 = 6]	-2,435	2,118	1,321	1	,250	-6,586	1,717
	[GR1C2 = 7]	1,434	2,116	,459	1	,498	-2,714	5,581
	[GR1C2 = 8]	2,434	2,117	1,322	1	,250	-1,715	6,584
	[GR1C2 = 9]	3,292	2,119	2,415	1	,120	-,860	7,445
Положение	VOZC3	,003	,008	,116	1	,733	-,014	,019
	[POLC1=1]	,354	,276	1,643	1	,200	-,187	,895
	[POLC1=2]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[KC1=1]	,047	,275	,029	1	,865	-,492	,586
	[KC1=2]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR3C2=2]	-6,588	1,531	18,519	1	,000	-9,588	-3,587
	[GR3C2=3]	-5,428	,929	34,143	1	,000	-7,248	-3,607
	[GR3C2=4]	-4,978	,800	38,733	1	,000	-6,546	-3,410
	[GR3C2=5]	-4,337	,733	34,969	1	,000	-5,775	-2,900
	[GR3C2=6]	-4,016	,722	30,968	1	,000	-5,431	-2,602
	[GR3C2=7]	-2,745	,623	19,395	1	,000	-3,967	-1,524
	[GR3C2=8]	-2,410	,622	15,020	1	,000	-3,628	-1,191

	[GR3C2=9]	-,685	,661	1,075	1	,300	-1,979	,610
	[GR3C2=10]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR13C2=1]	-,356	2,403	,022	1	,882	-5,066	4,353
	[GR13C2=3]	-31,428	1382,621	,001	1	,982	-2741,316	2678,460
	[GR13C2=4]	-2,786	,813	11,759	1	,001	-4,379	-1,194
	[GR13C2=5]	-1,513	,576	6,890	1	,009	-2,643	-,383
	[GR13C2=6]	-1,437	,552	6,780	1	,009	-2,519	-,355
	[GR13C2=7]	-,492	,456	1,160	1	,281	-1,386	,403
	[GR13C2=8]	-,623	,450	1,916	1	,166	-1,505	,259
	[GR13C2=9]	-1,046	,509	4,216	1	,040	-2,044	-,047
	[GR13C2=10]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR25C1=1]	-1,260	1,124	1,256	1	,262	-3,463	,943
	[GR25C1=2]	,194	,961	,041	1	,840	-1,690	2,077
	[GR25C1=3]	-,164	,956	,030	1	,863	-2,038	1,709
	[GR25C1=4]	-,455	1,052	,187	1	,666	-2,517	1,608
	[GR25C1=5]	,690	1,008	,468	1	,494	-1,285	2,664
	[GR25C1=6]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR320_4C1=1]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR21C1_2=,00]	1,837	1,442	1,623	1	,203	-,989	4,664
	[@GR21C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR23C1_2=,00]	,266	,291	,833	1	,361	-,305	,836
	[@GR23C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR46C1_2=,00]	2,554	1,111	5,280	1	,022	,375	4,732

	[@GR46C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR32C1_2=,00]	-,896	,495	3,272	1	,070	-1,866	,075
	[@GR32C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR38C1_2=,00]	-2,575	,355	52,596	1	,000	-3,270	-1,879
	[@GR38C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR213C1_2=,00]	,274	,809	,115	1	,735	-1,311	1,860
	[@GR213C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.

Функция связи: Логит.

a. Этому параметру присвоено значение ноль, так как он является избыточным.

Сводный отчет по наблюдениям

		N	Маргинальный процент
1. Насколько Вы удовлетворены своей жизнью в целом?	не удовлетворен	1	0,4%
	не удовлетворен	1	0,4%
	частично удовлетворен	5	1,9%
	частично удовлетворен	17	6,4%
	частично удовлетворен	39	14,7%
	частично удовлетворен	115	43,4%
	удовлетворен	24	9,1%
	удовлетворен	19	7,2%
	удовлетворен	44	16,6%
Пол	Мужчина	108	40,8%
	Женщина	157	59,2%
Населенный пункт	Город	101	38,1%
	Село	164	61,9%
2. Насколько Вы удовлетворены состоянием своего здоровья?	не удовлетворен	3	1,1%
	не удовлетворен	9	3,4%
	частично удовлетворен	18	6,8%
	частично удовлетворен	28	10,6%
	частично удовлетворен	30	11,3%
	частично удовлетворен	74	27,9%
	удовлетворен	55	20,8%
	удовлетворен	28	10,6%
	удовлетворен	20	7,5%
3. Насколько Вы удовлетворены наличием свободного времени?	не удовлетворен	1	0,4%
	не удовлетворен	1	0,4%
	частично удовлетворен	9	3,4%
	частично удовлетворен	25	9,4%
	частично удовлетворен	25	9,4%
	частично удовлетворен	74	27,9%
	удовлетворен	60	22,6%
	удовлетворен	34	12,8%
	удовлетворен	36	13,6%
4. Как часто Вы встречаетесь с друзьями, родственниками или коллегами в	1	12	4,5%
	2	111	41,9%
	3	91	34,3%
	4	19	7,2%
	5	27	10,2%

неформальной обстановке?	6	5	1,9%
5. По какой причине в течение года не смогли воспользоваться медицинскими услугами?	слишком дорогое лекарство	265	100,0%
6. Высокий уровень обеспеченности	другие	263	99,2%
	высокий уровень обеспеченности	2	0,8%
7. Изменение благосостояния	не изменилось или ухудшилось	176	66,4%
	улучшилось	89	33,6%
8. Дети_Не могли оплатить лечение	другие	261	98,5%
	не могли оплатить лечение	4	1,5%
9. Тепло в доме	,00	25	9,4%
	1,00	240	90,6%
10. Ритуальные обряды	,00	140	52,8%
	1,00	125	47,2%
11. Голод	нет	256	96,6%
	да	9	3,4%
Валидные		265	100,0%
Пропущенные		11702	
Всего		11967	

Информация подгонки модели

Модель	-2 Log-правдоподобие	Хи-квадрат	ст.св.	Значимость
Только свободный член	870,297			
Окончательная	524,063	346,234	30	,000

Функция связи: Логит.

Критерий согласия

	Хи-квадрат	ст.св.	Значимость
Пирсона	2890,137	2082	,000
Отклонение	591,354	2082	1,000

Функция связи: Логит.

Псевдо R-квадрат

Кокса и Снелла	,729
Нэйджелкерк	,758
McFadden	,398

Функция связи: Логит.

Оценки параметров

		Оценка	Стандартная ошибка	Вальд	ст.св.	Значимость	95% доверительный интервал	
							Нижняя граница	Верхняя граница
Пороговое значение	[GR1C2 = 2]	-21,893	681,368	,001	1	,974	-1357,349	1313,564
	[GR1C2 = 3]	-8,886	2,379	13,948	1	,000	-13,550	-4,223
	[GR1C2 = 4]	-6,505	2,152	9,142	1	,002	-10,722	-2,288
	[GR1C2 = 5]	-4,306	2,133	4,076	1	,043	-8,487	-,126
	[GR1C2 = 6]	-2,435	2,118	1,321	1	,250	-6,586	1,717
	[GR1C2 = 7]	1,434	2,116	,459	1	,498	-2,714	5,581
	[GR1C2 = 8]	2,434	2,117	1,322	1	,250	-1,715	6,584
	[GR1C2 = 9]	3,292	2,119	2,415	1	,120	-,860	7,445
Положение	VOZC3	,003	,008	,116	1	,733	-,014	,019
	[POLC1=1]	,354	,276	1,643	1	,200	-,187	,895
	[POLC1=2]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[KC1=1]	,047	,275	,029	1	,865	-,492	,586
	[KC1=2]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR3C2=2]	-6,588	1,531	18,519	1	,000	-9,588	-3,587
	[GR3C2=3]	-5,428	,929	34,143	1	,000	-7,248	-3,607
	[GR3C2=4]	-4,978	,800	38,733	1	,000	-6,546	-3,410
	[GR3C2=5]	-4,337	,733	34,969	1	,000	-5,775	-2,900
	[GR3C2=6]	-4,016	,722	30,968	1	,000	-5,431	-2,602
	[GR3C2=7]	-2,745	,623	19,395	1	,000	-3,967	-1,524
	[GR3C2=8]	-2,410	,622	15,020	1	,000	-3,628	-1,191
	[GR3C2=9]	-,685	,661	1,075	1	,300	-1,979	,610
	[GR3C2=10]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR13C2=1]	-,356	2,403	,022	1	,882	-5,066	4,353
	[GR13C2=3]	-31,428	1382,621	,001	1	,982	-2741,316	2678,460
	[GR13C2=4]	-2,786	,813	11,759	1	,001	-4,379	-1,194
	[GR13C2=5]	-1,513	,576	6,890	1	,009	-2,643	-,383

	[GR13C2=6]	-1,437	,552	6,780	1	,009	-2,519	-,355
	[GR13C2=7]	-,492	,456	1,160	1	,281	-1,386	,403
	[GR13C2=8]	-,623	,450	1,916	1	,166	-1,505	,259
	[GR13C2=9]	-1,046	,509	4,216	1	,040	-2,044	-,047
	[GR13C2=10]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR25C1=1]	-1,260	1,124	1,256	1	,262	-3,463	,943
	[GR25C1=2]	,194	,961	,041	1	,840	-1,690	2,077
	[GR25C1=3]	-,164	,956	,030	1	,863	-2,038	1,709
	[GR25C1=4]	-,455	1,052	,187	1	,666	-2,517	1,608
	[GR25C1=5]	,690	1,008	,468	1	,494	-1,285	2,664
	[GR25C1=6]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR320_4C1=1]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR21C1_2=,00]	1,837	1,442	1,623	1	,203	-,989	4,664
	[@GR21C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR23C1_2=,00]	,266	,291	,833	1	,361	-,305	,836
	[@GR23C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR46C1_2=,00]	2,554	1,111	5,280	1	,022	,375	4,732
	[@GR46C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR32C1_2=,00]	-,896	,495	3,272	1	,070	-1,866	,075
	[@GR32C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR38C1_2=,00]	-2,575	,355	52,596	1	,000	-3,270	-1,879
	[@GR38C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR213C1_2=,00]	,274	,809	,115	1	,735	-1,311	1,860
	[@GR213C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.

Функция связи: Логит.

a. Этому параметру присвоено значение ноль, так как он является избыточным.

Результаты порядковой регрессии по село

Сводный отчет по наблюдениям

		N	Маргинальный процент
1. Насколько Вы удовлетворены своей жизнью в целом?	не удовлетворен	7	0,1%
	частично удовлетворен	99	1,9%
	частично удовлетворен	237	4,5%
	частично удовлетворен	404	7,7%
	частично удовлетворен	2096	40,0%
	удовлетворен	979	18,7%
	удовлетворен	675	12,9%
	удовлетворен	743	14,2%
	89	3	0,1%
Пол	Мужчина	2308	44,0%
	Женщина	2935	56,0%
2. Насколько Вы удовлетворены состоянием своего здоровья?	не удовлетворен	6	0,1%
	не удовлетворен	14	0,3%
	не удовлетворен	112	2,1%
	частично удовлетворен	208	4,0%
	частично удовлетворен	385	7,3%
	частично удовлетворен	475	9,1%
	частично удовлетворен	1217	23,2%
	удовлетворен	1285	24,5%
	удовлетворен	908	17,3%
	удовлетворен	629	12,0%
	89	4	0,1%
3. Насколько Вы удовлетворены наличием свободного времени?	не удовлетворен	15	0,3%
	не удовлетворен	16	0,3%
	не удовлетворен	66	1,3%
	частично удовлетворен	175	3,3%
	частично удовлетворен	352	6,7%
	частично удовлетворен	470	9,0%
	частично удовлетворен	1102	21,0%
	удовлетворен	1310	25,0%
	удовлетворен	864	16,5%
	удовлетворен	833	15,9%
	89	40	0,8%
	1	140	2,7%

4. Как часто Вы встречаетесь с друзьями, родственниками или коллегами в неформальной обстановке?	2	2055	39,2%
	3	1996	38,1%
	4	551	10,5%
	5	384	7,3%
	6	117	2,2%
6. Высокий уровень обеспеченности	другие	5200	99,2%
	высокий уровень обеспеченности	43	0,8%
7. Изменение благосостояния	не изменилось или ухудшилось	2908	55,5%
	улучшилось	2335	44,5%
8. Дети_Не могли оплатить лечение	другие	5215	99,5%
	не могли оплатить лечение	28	0,5%
9. Тепло в доме	,00	257	4,9%
	1,00	4986	95,1%
10. Ритуальные обряды	,00	1576	30,1%
	1,00	3667	69,9%
11. Голод	нет	5176	98,7%
	да	67	1,3%
Валидные		5243	100,0%
Пропущенные		208	
Всего		5451	

Информация подгонки модели

Модель	-2 Log-правдоподобие	Хи-квадрат	ст.св.	Значимость
Только свободный член	12327,250			
Окончательная	8040,498	4286,753	32	,000

Функция связи: Логит.

Критерий согласия

	Хи-квадрат	ст.св.	Значимость
Пирсона	38890,174	11664	,000
Отклонение	6311,131	11664	1,000

Функция связи: Логит.

Псевдо R-квадрат

Кокса и Снелла	,559
Нэйджелкерк	,580
McFadden	,248

Функция связи: Логит.

Оценки параметров

		Оценка	Стандартная ошибка	Вальд	ст.св.	Значимость	95% доверительный интервал	
							Нижняя граница	Верхняя граница
Пороговое значение	[GR1C2 = 3]	-15,880	2,011	62,362	1	,000	-19,821	-11,938
	[GR1C2 = 4]	-12,992	1,979	43,119	1	,000	-16,870	-9,114
	[GR1C2 = 5]	-11,505	1,977	33,878	1	,000	-15,379	-7,631
	[GR1C2 = 6]	-10,326	1,976	27,310	1	,000	-14,199	-6,453
	[GR1C2 = 7]	-6,785	1,974	11,811	1	,001	-10,655	-2,916
	[GR1C2 = 8]	-5,317	1,974	7,257	1	,007	-9,186	-1,449
	[GR1C2 = 9]	-4,009	1,973	4,128	1	,042	-7,877	-,142
	[GR1C2 = 10]	2,357	1,967	1,436	1	,231	-1,498	6,211
Положение	[POLC1=1]	-,035	,053	,437	1	,508	-,140	,069
	[POLC1=2]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR3C2=1]	-6,178	2,026	9,298	1	,002	-10,150	-2,207
	[GR3C2=2]	-8,539	1,921	19,749	1	,000	-12,305	-4,773
	[GR3C2=3]	-7,187	1,863	14,876	1	,000	-10,840	-3,535
	[GR3C2=4]	-7,188	1,859	14,946	1	,000	-10,833	-3,544
	[GR3C2=5]	-6,940	1,857	13,967	1	,000	-10,580	-3,300
	[GR3C2=6]	-6,500	1,856	12,261	1	,000	-10,139	-2,862
	[GR3C2=7]	-5,721	1,855	9,516	1	,002	-9,356	-2,086
	[GR3C2=8]	-4,942	1,854	7,104	1	,008	-8,576	-1,308
	[GR3C2=9]	-3,997	1,854	4,649	1	,031	-7,631	-,364
	[GR3C2=10]	-2,834	1,854	2,337	1	,126	-6,468	,800
	[GR3C2=89]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR13C2=1]	-,769	,576	1,777	1	,182	-1,898	,361
	[GR13C2=2]	-1,420	,564	6,337	1	,012	-2,525	-,314
	[GR13C2=3]	-,409	,388	1,109	1	,292	-1,170	,352
	[GR13C2=4]	-1,017	,340	8,925	1	,003	-1,684	-,350
	[GR13C2=5]	-,770	,324	5,653	1	,017	-1,405	-,135
	[GR13C2=6]	-,790	,320	6,077	1	,014	-1,418	-,162
	[GR13C2=7]	-,193	,313	,380	1	,537	-,805	,420

	[GR13C2=8]	,079	,311	,064	1	,800	-,531	,689
	[GR13C2=9]	,349	,314	1,232	1	,267	-,267	,965
	[GR13C2=10]	,808	,315	6,583	1	,010	,191	1,425
	[GR13C2=89]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[GR25C1=1]	-,534	,256	4,367	1	,037	-1,036	-,033
	[GR25C1=2]	-,017	,185	,008	1	,929	-,379	,346
	[GR25C1=3]	,085	,184	,215	1	,643	-,276	,447
	[GR25C1=4]	,042	,197	,045	1	,832	-,344	,427
	[GR25C1=5]	,178	,205	,757	1	,384	-,223	,579
	[GR25C1=6]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR21C1_2=,00]	-,895	,346	6,704	1	,010	-1,572	-,217
	[@GR21C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR23C1_2=,00]	-,384	,057	46,256	1	,000	-,495	-,274
	[@GR23C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR46C1_2=,00]	,465	,364	1,633	1	,201	-,248	1,177
	[@GR46C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR32C1_2=,00]	-1,082	,136	63,071	1	,000	-1,349	-,815
	[@GR32C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR38C1_2=,00]	-2,219	,078	805,451	1	,000	-2,372	-2,066
	[@GR38C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.
	[@GR213C1_2=,00]	-,611	,277	4,876	1	,027	-1,153	-,069
	[@GR213C1_2=1,00]	0[a]	.	.	0	.	.	.

Функция связи: Логит.

a. Этому параметру присвоено значение ноль, так как он является избыточным.